


**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**



**ЕЛОРДА  
«БӘЙТЕРЕГІ»**

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**ЕЛОРДА**  
**«БӘЙТЕРЕГІ»**

**Қарағанды,  
2018 ж.**

**ӘОЖ 070**  
**ҚБЖ 76.01**  
**Ж 26**

**Ж 26 ЖАНЫСБАЙ С.** Елорда «Бәйтерегі». Проблемалық және аналитикалық мақалалар мен материалдар, портреттер. Қарағанды, «Tengri Ltd» ЖШС баспасы. 2018 ж. 138 бет.

**ISBN 978-601-7950-5**

Бұл жаңа жинаққа көптеген кітаптың авторы, танымал қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, публицист-жазушы Сүйіндік Жанысбайдың әр жылдары жазған проблемалық мақалалары мен материалдары, портреттік жазбалары топтастырылған. Олардағы орынды ойлар мен тәлімді талап жұртшылықтың көкейіндегі мәселелерді қозғайды.

Кітаптың тілі жатық, жалпы оқырман қауымға арналған.

**ISBN 978-601-7950-5**

**© Жанысбай С., 2018**



*Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ*



## «БӘЙТЕРЕК» немесе «ПИРАМИДА»

Қазақстанның жас астанасы өзінің болашаққа ұмтылған аса ауқымды сәулетімен таң қалдырады. «Бәйтерек», «Ақорда», «Транспорт тауэр» (оттық), Бейбітшілік және келісім сарайы (пирамида), Сулы жасыл бульвар, салынын жатқан «Хан шатыры» хайтек кешені... Осы және басқа да бірегей нысандар Астананың жаңа әкімшілік орталығы орналасқан Сол жағалаудағы ұзын желіні айқындай түседі.

Көптеген қалалардың (әсіресе астаналардың) қала салу шешімінде ортақ принциптер жиі пайдаланылады. Бұл – үлкен, ұзыннан ұзын созылған алаң, онда мұражай, ұлттық кітапхана, тарихи монументтер сияқты маңызды нысандар шоғырландырылады. Оған классикалық мысал ретінде АҚШ-тың астанасы Вашингтондағы Конгресс ғимараты және оның шеттері бойынша Авраам Линкольнның мемориалы орналасқан жаяулар жүретін үлкен Mall-ды немесе Мәскеудегі Қызыл алаңды, Пекиндегі Тяньаньмэньді алуға болады. Олар



манайындағы аймақтарымен қоса тік бұрышты құрылымымен осы қалалардағы басты көз тартарлық орындармен танысуға өте қолайлы.

Астананың әйгілі жанон Кино Қурақаваның жобасы бойынша салынған жаңа орталығы да осы принципті пайдаланады. Бейбітшілік және келісім сарайынан «Хан шатырына» дейін созылған «үш жолға» біздің бүкіл Республикамыз үшін болашаққа жол бастап тұрғандай. Осы бір сәулеттік жинақтың дәл ортасында 105 метрлік монумент «Бәйтерек» орналасқан. Ол қазір тек астананың ғана емес, бүкіл Қазақстанның графикалық символына айналды, ашық хаттарда, буклеттерде, пошта маркаларында және тіпті тенге ақша банкноттарында миллиондаған даңамен тарап кетті.

«Бәйтерек» – әлем тоғысында тұрған, ғаламшарлық Бейбітшілік өзені бойымен ағатын, тамырымен жерді ұстап, өзінің діңімен көкті тіреп тұрған мәңгі жасыл Ағаш. Еуразияның жүрегінде шыны мен металл түрінде бейнеленіп, қайта тірілген аңыз осылай дейді. Осы ағаштың ұшар басына қасиетті күс Самұрық ұя салып, жұмыртқалайды. Ол – Күн. Оны өмір ағанының етегінде өмір сүретін аңыздағы Айдаһар жұтын қояды. Бұл жаз бен қыстың, күн мен түннің алмасуып, Қайырымдылық пен Жауыздықтың күресін бейнелейді.

Монумент Конституция күні мерекеленген 2002 жылдың 30 тамызында Қазақстанның жаңа астанасының бекітілуінің символы ретінде ашылды. «Бәйтерек», «Пирамида» және Астананың басқа да баға жетпес сәулеттік жауһарларының бастамашысы және идеялық дем берушісі Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болғандығы әмбеге аян. Ал жобаның өзінің авторы әлеге әйгілі шебер сәулетші Норман Фостер еді. Бірақ осы нысандардың метрикалық өлшемдерінің және

пропорцияларының тереңдігі мен символикасына әркім бойлай бермейді.

Саңлау тілімен айтар болсақ:

«Астана-Бәйтерек» монументінің жалпы биіктігі сүйір ұштарымен қоса – 105 метр. Конструкцияның салмағы – 1000 тоннадан астам – 500 тіреуіштерге бөлінген. Әлемде бірінші рет диаметрі 22 метр. «хамелеон» текті шыныдан жасалған, салмағы 300 тонна болатын ауқымды шар 97 метрлік биіктікке көтеріледі.

Мысалға, «Бәйтеректің» негізгі конструкциясының биіктігі 97 метрді құрайды, ал сол кездегі Ақмоланы Қазақстанның жаңа астанасы ретінде Парламенттің бекітуімен байланысты тарихи оқиға 1997 жылы болған еді. Конструкцияның тік тіреу-қырларының саны да бейнелі – ол еліміздің осы кездегі әкімшілік-аумақтық құрылымының 16 өңірге бөлінетіндігін білдіреді.

Айтпақшы, «Бәйтеректің» тік құрылымы дүниенің негізгі үш деңгейін білдіреді: төменгі деңгей – жер асты (минус 4,5 метр белгіде дәмхана, аквариум және коркемсурет шағын галереясы), орта деңгейде – жер (бұл «ағаштың» діні, сол бойынша шолу лифті қозғалады), жоғарғы деңгей – аспан (панорамалық залы бар шыны шар, онда Елбасының алақанының таңбасы бар Аялы алақан, әлемнің 17 елінен келген әлем дінбасыларының батасы бар тағы бір алтарь орналасқан).

Соған қарағанда Өмір ағашы «Бәйтерек» - өзінің тарихи тамырын сақтаған, берік тіреуі бар жас, берік, өркендеп келе жатқан, сонымен қоса болашаққа ұмтылған мемлекет деп ұғу керек.

Астананың өзіне табындырған тағы бір нысаны – Бейбітшілік және Келісім сарайы. Оны да британдық сәулеткер лорд Н.Фостер жобалаған және оны түріктің



«Symbol Cultural Services» құрылыс концерні рекордтық қысқа мерзім ішінде салын шыққан. Астананың жаңа әкімшілік орталығындағы жасаңды төбенікке орналасқан 77 метрлік «пирамида» Елбасымыздың қатысуымен 2006 жылдың I қыркүйегінде салтанатты жағдайда ашылды.



National Geographic журналының номинациясы бойынша бұл бірегей Сарай «әлемнің ең ізінші галаматының» қатарына қосылған. Бүкіл Орталық Азияда дәл осындай нысан жоқ екендігі анық. Пирамиданың алғашқы үш деңгейін жартылай дөңгелеппен келген тамаша акустикасы мен жоғары

технологиялық сахнасы бар опералық зал алып жатыр. Сарайдың кара түсті гаммада орындалған жер асты бөлегінде қызмет бөлмелері, кіре беріс, сыйлық заттар дүкені орналасқан. Басналдақтар, басналдақтар... Солармен көгілдір көк аспан мен алтын шаңыраққа дейін жаяу көтерілуге де болады. Сол сияқты Швейцарияда арнайы тапсырыспен жобаланып жасалған екі бірегей лифтінің біріні найдалануға да болады. Әдеттегі көтергіштен мұның бір ерекшелігі – олар диагональ көлбеу жазық бойымен дыбыссыз жылжып барып, 8 қабатқа жеткізеді. Бұл жердегі ең жоғарғы күмбездің астында жылусүйгіш экзотикалық өсімдіктердің Қысқы бағы мен шағын «аспан асты» конференц-зал орналасқан.

Пирамиданың қызметі сан салалы. Мұндағы бастысы әлемдік діндер көшбасшыларының съезін,

басқа да халықаралық форумдар өткізуге арналған 200 орындық доңгелек зал. Сарайдың әр түрлі кабаттарында Қазақстанның ұлттық мәдениет мұражайы, Kulanshi көрме орталығы, «Өркешет университеті», әр түрлі конфессиялардың ғибадат залдары, кітапхана мен әлемдік діндердің зерттеу орталығы бар. Пирамиданың биіктігі негізгі табаңсыз 62 метр, оның негізгі табан қырларының ұзындығы да сондай. Барлық кешеннің жылы алаңы 25 мың шаршы метрден асады. Ең бастысы, әрине, пирамиданың өзінің геометриялық формасында, ол көптеген халықтарда рухани қазына, ағартушылық мәнге ие.

Пирамиданың аспан күмбезі ғимараттың үшінші қабатындағы үлкен доңгелек мәжіліс залының ортасына жолдай отырып, Табиғаттың тылсым күшін шоғырландыратын сияқты әсер береді. Пирамиданың күмбезінің астындағы шеңбердің ортасындағы тұғырға шығып тұрсаңыз аспанның рахат сезімі төгілгенін сезінесіз дегенді айтады. Оның мәлімсіз монументальдығы мен ауқымдылығын сезіну үшін «пирамида» бойынша саяхаттау өте қызықты. Айтпақшы, кіру билеті де онша қымбат емес – 650 теңге, ал экскурсия жүргізуші осы бір шынылы тағайыптың барлық элементтері туралы көрсетіп, айтып береді.

«Бәйтеректегі» сияқты Сарайда да көтерілудің, дамудың өмірлік терең принциптері жүзеге асырылған. Қара жердің астынан (жер асты деңгейі) рухтар ұшатын биіктікке (жоғарғы қатар) дейін витражды шыны қосындыларының арасымен жас астананың таза аспанын қанаттарымен көлегейлеп, 130 көгершін (Қазақстанда тұратын этностардың саны бойынша) қалықтап ұшып жүр.

Астана әлемдік ауқымдағы сәулетшілердің ең бағынышсыз жобаларын орындау үшін ресми емес «полигонға» айналған.

Қазір, ресми деректерге қарағанда, Қазақстанның жаңа астанасының тұрғындарының саны 700 мың адамнан асқан.

Астана өсіп келеді, оның болашағы алдыда.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
12 тамыз, 2010 ж.)*

## МЕТАЛЛ ТАСҚЫНЫ

Қарағанды металлургия комбинатының құрылған күнін, қазақстандық алғашқы болат алынған күнді - 1960 жылдың 3 шілдесі деп есептеп жүр. Бірақ кәсіпорынның қалыптасу мен дамуы одан әлдеқайда бұрын басталған. Қазақстанда толық металлургиялық циклді кәсіпорын салу идеясы сонау өткен ғасырдың 30-шы жылдары, Орталық Қазақ-



станда темір кені шығатын орындарды ұзақ уақыт зерттеген соң пайда болған еді. Бұл бастаманы жүзеге асырудың сәті Ұлы Отан соғысы жылдарында түсті. Қазақстанның ауыр индустриясын дамыту және Қазақстан магниткасының құрылысын салу туралы шешім 1942 жылдың сәуір айында қабылданды. 1943 жылы толық металлургиялық циклді Қарағанды зауытының құрылысын салу жөніндегі жоба жасалды. Құрылыс қарқынды жүргізіліп, 1944 жылдың 31 желтоқсаны күні қазақстандық тұңғыш металл алынды. Толық металлургиялық циклді кәсіпорынның – металлургия комбинатының құрылысын салу туралы идея бірте-бірте жүзеге аса бастады. Өзінің дүниеге келгені үшін Теміртау қаласы да комбинатқа қарыздар. Самарканд поселкесі 1945 жылдың 1 қазанында



металлургтер қаласына айналып, өзінің атауын алды, ол темірдің тауы – Теміртау атанды.

1957 жылдың желтоқсан айында алғашқы домна пешінің іргетасы салтанатты түрде қаланды. Бір жылдан соң оған Бүкілодақтық екінші комсомолдық құрылыс атағы берілді. Барлық Кеңес Одағынан, сол сияқты туысқан елдерден жас қала Теміртауға комсомолдық жолдамамен ерікті жастар ағылып келе бастады. Солардың күшімен Қазақстанның қара металлургиясының тұңғышы салынып шықты.

1960 жылдың 3 шілдесі күні қазақстандық тұңғыш шойын ағызылды. Осы күн Қазақстан Магниткасының дүниеге келген күні болып саналады. Сол салтанатты сәт Қазақстанның шойынын тұңғыш ағызуда қатысқан Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есінде мәңгі сақталып қалыпты. «Бұл жүректі тебіrentкен, біз жастар, ауылдан келген қазақ жігіттері. Қазақстанның тарихында тұңғыш шойын алдық деген мақтаныш сезімі ешқашан ұмытылмайтын сәт. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші! Менде әлі күнге

дейін сол күйіме бір жерде сақтаулы. Бірінші ретте кателік кетуі мүмкін, бірақ тұңғыш болу қашан да мақтаныш! Мен осы сезімді өз басымнан толық өткердім».

Теміртаудағы бүгінгі металлургиялық комбинат – ұлттық мақтаныш. Қазақстандағы толық металлургиялық циклді, жобалық қуаты жылына 4,5 миллион тонна прокат шығаратын аса ірі кәсіпорын. Иә, қазір 176 мың адам, жүзге жуық ұлт өкілі тұратын қала да өзінің дүниеге келгені үшін комбинатқа борышты.

Теміртау Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қаласы ретінде де танымал, өйткені ол осында еңбек және саяси шынығу жолынан өтті. Н.Ә.Назарбаев – Теміртау қаласының Құрметті азаматы. «Магнитканың тарихы, Теміртаудың тарихы және онда тұратын адамдардың тағдыры менің тағдырымнан ажырамайды». - дейді Елбасы. Биылғы жылы 50-ге толатын Қазақстан Магниткасының қалыптасуы да мемлекет басшысының тағдырынан ажырағысыз. 1958 жылы 18 сәуірде БЛКЖО-ның 13-ші съезінде Қазақстан Магниткасы Бүкілодақтық екпінді комсомолдық құрылыс деп жариялануы мұң екен, мұнда мыңдаған жастар ұмтылды. Олар мұнда тәжірибе мен білім алу үшін келгенімен, өздерімен қоса күш-қуат пен болашаққа деген ұмтылыс та ала келді. Жастар құрылысына кешегі мектеп оқушылары – ешқандай кәсіби мамандықтары жоқ, көпшілігі ауылдан шыққан 18-дердегі жасөспірімдер мен бойжеткендер ағыла бастады.

Қаскелең орта мектебін бітірген, 18 жастағы бозбала өмірінің жиырма жылға жуығын алыстағы Сарыарқамен берік байланыста өткіземін, осы жерде Қарағанды металлургия комбинатындағы домна

жанартауына бетпе-бет тұрамын деп ойламаған да шығар.



Зауытта тек бірінші домна пешіні салу жүрізіліп жатты, ал онда жұмыс істеу үшін болашақ металлургия іріктеліп қойған еді. Қазақстан Үкіметі Қазақстан Магниткасы үшін өзінің ұлттық кадрын даярлауға шешім қабылдаған. Сол кезде КСРО-да «кадриар дүкені» болып табылған. №8 техникалық училище жұмыс істеген Днепровск металлургия зауытына таулы ауылдар мен далалардан келген 68 комсомолды оқуға және тағылымдамадан отуға жіберді. Соның бірі, көшбасшы болуға сол кезден-ақ бейім Нұрсұлтан Назарбаев тек ең мықтылар мен қабілеттілерді ғана қабылдайтын домнашылар тобына тап болды.

Әлемнің көптеген университеттерінің Құрметті профессоры атанған және үлкен саясатта беделімен танылған Қазақстанның Тұңғыш Президенті №8 ТУ-дың педагогикалық ұжымына бұрынғысынша дәп риза. Пікірлер кітабына ол №8 техникалық училищенің негіздерге негіз болғанын жазады: «Осы жердегі оқуды барлық өмірім арқылы есте сақтаймын. Мен қазіргі дәрежеме жетуге осы жерден дайындала бастаған болсам керек».

Нұрсұлтан Назарбаев металлургия комбинатындағы домна пешінде горновой болып тоғыз жыл жұмыс істеді. «Егер романтикалық сәттерді алып тастаған болсақ, онда домна жанартауының алдындағы вахта –

нағыз тозақ болар еді: ауысым бойы пеш алдында үзілсеіз жұмыс, ал балқыған массаның қызуы 1500 – 2000 градусқа дейін жетеді, үздіксіз жұтатының шаңтозақ мен газ! Арнайы киімді әрбір жарты сағат сайын сығып алуға болады. Әрбір горновой бір ауысымда жарты шелекке жақын су ішеді». - деп еске алады Президент кейіннен... Нұрсұлтан Назарбаевтың жақшиярлық еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Оны партия қатарына қабылдады. Теміртау қаласының жастары өзінің өкілі ретінде Қазақстан комсомолының X съезіне, БЛКЖО-ның XXIV съезіне қатысуға жіберді. Қалалық партия комитетінің жуырда ғана сайланған бірінші хатшысы И.Г.Давыдов оған қалалық партия комитетінің өнеркәсіп және қолік бөлімінің менеджершілігін ұсынды. Бұдан соң Нұрсұлтан қала комсомолдарының жетекшісі болды. 1973 жылдан 1977 жылға дейін комбинаттың партия комитетін басқарды. Мұнда Нұрсұлтан Назарбаев ілеп-жетілген басшы және тәжірибелі ұйымдастырушы ретінде көріне білді. Ол Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Осы жылдар ішінде И.Назарбаев Қазақстан Магниткасын дамыту үшін, қалалар мен облыстың әлеуметтік саласындағы мәселелерді шешу үшін көптеген іс тындырды.

Нұрсұлтан Назарбаев Теміртауға іс жүзінде жыл сайын келеді деп айтуға болады. Металлургтармен, қала жұртшылығымен, ыстық цехта бірге еңбек еткен достарымен кездеседі.

Теміртаудың өмірінде қиын сәттер де болды, экономикалық келенсіздік жылдарында металлургия алыбы тоқтаудың аз-ақ алдында тұрды. Қаланың көптеген тұрғыны жұмыссыз қалды. Жылумен және газбен қамтамасыз ету мәселелері пайда болды.



Нұрсұлтан Әбішұлы 2005 жылдың қазанында Теміртаудың 60 жылдық мерейтойында Кеңес Одағының құлауымен бірге пайда болған қиындықтар туралы. Қарметте іс жүзінде өндіріс толық тоқтаған сәтте қалай күйзелгенін еске алады. Президенттің көмегімен 1995 жылдың қараша айында сенімді және болашағы бар инвестор – LNM тобы табылды. Өткен жылдар ішінде әлемдік атаққа ие беделді компания орасан зор жұмыстар атқарды. Тек алғашқы он жылдың ішінде ғана комбинатқа 1.5 миллиард доллар салынды. Қазір Теміртаудағы металлургия комбинаты «Арселор Миттал» тобының таңдаулы кәсіпорындарының бірі, болат өндіру жөнінен әлемде қошбасшы орын алуда. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Қарағанды облысының өнеркәсіптік әлеуетінің негізін құрайды.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ өзінің Қазақстандағы он бес жылға жуық қызметінің қорытындысында көптеген оқиғаларымен бай жолдан өткендігін дәлелдеді. 2005 жылы 18 қарашада Теміртауда компанияның онжылдық мерейтойында сөйлеген «Миттал Стиль» компаниясының төрағасы Лакшми Миттал мырза: «Осы зауытты сатып алған бетте «Уолл Стрит Джорнал» басылымы мақала жариялап, онда қазақстандық кәсіпорынды сатып алуды «Митталдың Ватерлоо кезіндегі ұрысы» деп атағандығын әлі ұмытқамын жоқ. Шындығында бәрі керісінше болып шықты. Дәлірек айтқанда Қазақстан біздің компанияның әлемдік ірі өндіруші болып қалыптасуы мен бірігіп нығайту үдерісінде негізгі және стратегиялық роль атқарды. Осындағы бұрын болмаған табыс бізге өзіміздің мүмкіндігімізді Орталық және Шығыс Еуропада пайдалануға жағдай жасады.

Өткен жылдарда, шын мәнінде, елеулі өзгерістер, оның өзінде металлургия комбинатының тағдырында

да, қаланың тағдырында да жақсы жаққа қарай өзгерістер мол болды», - деп атап өтті.

Үзілссіз құю технологиясы жөніндегі мамандардың жанқиярлық еңбегі өнім сапасы саласында түбегейлі үздік алға шығуға әкелді. 2005 жылдың маусым айындағы Қарағанды мен Теміртауға кезекті сапары кезінде Нұрсұлтан Назарбаев болатын үзілссіз құю қондырғысын мұқият қарап шығып, ризанылығын білдірді. Ол: «Өзімнің Теміртауыма келген сайын экономика мен әлеуметтік салада жаңа көз қуаңтарлық өзгерістердің куәсі боламын. Бұл жолы да теміртаулықтар сенім биігінен шықты: дайындама білеулерді үзілссіз құятын қондырғының алғашқы машинасын тапсырды. Ол құбырлар үшін де, автомобиль жасау үшін де қажет қаңылтыр табақтарын алуға мүмкіндік береді», - деді. Президенттің өтініші бойынша шетелдік инвесторлардың орындаған келесі өндірістік объектісі – сортты прокат өндірісі. Ол Қазақстанның тұтынымы ұлғайып келе жатқан құрылыс индустриясын қанағаттандыру үшін қажет. Бұл қосымша жұмыс орны, кіріс және ең аяғы әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру деген сөз. Бұл дегеніміз Қазақстан Магниткасының жарқын болашаққа ұмтылысы.

Қазақстан Магниткасының 50 жылдығы қарсаңында оның тарихына деген қызығушылық күн өткен сайын өрши түсуде. Аз болсын, көп болсын, кез келген уақыт аралығы, кез келген оқиға естеліктерге түрткі болады. Мәселен, алғашқы құрылысшылар, металлургия ардагерлері осы заманғы №4 домна пешінің символдық кілтін тапсыру сәтін ұмытпай, естеріне алады. Айтпақшы, оны металлургтер «Нұрсұлтан Назарбаев атындағы домна» деп атап кеткен. Ал жас металлургтер болса, Президентті нөмірі

бірінші металлург деп атайды. Мүмкін, біздің еліміз өзінше ерекше шығар, өйткені бүкіл әлемде мемлекет басшысы – металлург-домнашы болған ел жоқ.

Осы жылдар бойы комбинат қала тұзуші кәсіпорын болып келеді, соның арқасында қала мен өңірдің маңызды әлеуметтік мәселелері шешіледі. мәдениет, білім беру, спорт, денсаулық сақтау нысандары бой көтереді. 1963 жылы бір кезде Нұрсұлтан Назарбаев бітірген, қаладағы тұңғыш жоғары оқу орны – Завод-ВТУЗ ашылды. Қазір ол Қарағанды мемлекеттік индустриальдық университеті мәртебесіне ие болып, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін біліктілігі жоғары мамандар даярлауды жалғастырып келеді. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ игі дәстүр бойынша өзінің қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге камкорлық жасап, қала мен өңірдің маңызды мәселелерін шешуге қомақты қаржы болып отырады.

Компания Теміртауды жылумен қамтамасыз етуге 1 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлді. 2007 – 2008 жылдары «Металлург» стадионын күрделі жөндеуден өткізді. Қаланы жылумен тұрақты қамтамасыз ететін жылу магистралін салып шықты. Компания облыс мектептері мен колледждерін бітірген таңдаулы түлектердің Ресейдің, Чехияның, Қытайдың жоғары оқу орындарында оқуын да қаржыландырады. Қазақстанның құрама командасының бес мүшесін даярлауға да қаржы бөлді. 2009 жылы әлемдік дағдарысқа қарамастан облыс басшылығы мен компания арасында Меморандумға қайтадан қол қойылды. Оның ішінде Гагарин алаңындағы теміртаулық майдангерлердің Даңқ мемориалын қайта жасау маңызды тармақ болды. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс құрметіне шеру жаңарып-жанғырған алаңда өтті. Облыстың 12 балалар үйі мен интернаты компаниядан сыйлыққа автобус алды.

Трамвай паркі үшін Германиядан 12 шетелдік трамвай сатылып алынды. олар бұрынғы «карттардан» қолайлылығы, жайлылығы, Сарыарканың катал климатына оңтайлылығымен ерекшеленеді.

Биылғы жыл – қос мерейтой, сондықтан Меморандум аясындағы жобаны қаржыландыру елеулі дәрежеде – 1,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылған. Ардагерлерге жекелей көмек көрсетуге компания 25,1 млн. теңге бөлді. Мұз айдынды спорт сарайын жөндеуге «АрселорМиттал Теміртау» 200 млн. теңгеге жуық қаржы босатты. Спортшылар өздерінің қуаныштары мен сенімдерін жасырмайды: енді қалада хоккей командасын қайта жандандыру туралы сөз қозғауға болады.

Әрбір адамның көкейінде әрқашан естелікпен оралып отыратын бір арал бар. Бұл балалық, ересек және жастық шақтың жүрекке жылы шақтары болуы да мүмкін. Әлде, ол өзінің мақтанышың, шығармашылық шарықтауы мен биіктерін сыннан өткізген студенттік кезеңдері, алғашқы махаббат кездесулері өткен, жүрекке ыстық картадағы бір нүкте шығар. Бұл өзін шыңдап шығарған қажырлы еңбек орны болуы да ғажай емес. Мұндай қалалар мен поселкелер Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдырында да барлығы сөзсіз. Ол бұл туралы өзінің кітаптарында жазады, қымбатты достарымен, әріптестерімен кездесулерде айтады. Дегенмен де металлургтер қаласы Теміртау оның өмірбаянында ерекше орын алады.

Президенттің: «Теміртау – менің жастығым, менің махаббатым, менің тағдырым» деген сөздері жерлестерімен кездескен кезде әннің қайырмасындай естіледі. Самарқанд су қоймасының жағасындағы бұл қалада Президент ұдайы болады. Қызметтік борышымен де, естелік парызымен де келеді. Өйткені, міне, осы

Теміртау Н.Ә.Назарбаевтың өзінің мойындауы бойынша оның көкейінде ерекше орын алған. Жаңа бастаған металлург. домна цехының ең ыстық тегімінде жұмыс істеген горновой. жап-жас Пүреұлтан Теміртаудағы көпшілік елдің есінде. Оны индустрияның осін келе жатқан алыбы үшін, барлығы мен бәрі үшін жауап беретін комсомолдың серкесі. Қарметкомбинат парткомының хатшысы ретінде есте сақтаған. Н.Ә.Назарбаевтың: «Теміртау – менің алтын бесігім. Магнитканың тарихы. Теміртаудың тарихы, онда тұратын адамдарының тағдыры менің тағдырымнан ажырамайды...». «Металлургия – менің университеттерім. Біз металлургияға алау отты бағындырамыз. Бұл дегеніңіз ерекше тәртіпті, ерекше ерлікті, дәлдікті, білімді талап етеді. Бұл жерде көзалдауға, жолдастарды алдап-арбауға, оның достық жәрдемін жоғалтуға болмайды. Бұл – өмір мектебі». - деген сөздері жүрекке жылылық ұялатады.

Теміртау – бұл даналық пен жастық шақ.

Теміртау – бұл қажырлы еңбек. Теміртау – бұл достық пен өзара түсіністік.

Теміртау – бұл Егемен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Н.Назарбаевтың өмірге жолдама алған қаласы.

## ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Көптен күткен Тәуелсіздігіміздің тағы атып. Айымыз оңнан туган сәттен бастап еліміздің іргесін қаржы-қаражатымыздың теңгесін мықтау керек болған еді. Алламыз алқап, Тәңіріміз жарылқап, ойлағанымыздың барлығы да өз ретімен, кезекті сәтімен жүзеге асып жатты. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мұны өзінің жыл сапынеғы халыққа Жолдауында жұртшылыққа жария етіп келеді.



Бүгінгі күші Тәуелсіздік тұғырына ту тіккенен бергі өткен 20 жылға асқаралы биіктен қарайтын болсақ, дұрыс жүргізіліп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық саясаттың арқасында талай табыстарға қол жеткізгенімізді байқаймыз. Байқаймыз да соған тәубе дейміз. Әрине, қол жеткенге місе тұтып, бүгінгі биікпен тоқырап қалуга болмайтыны өзінен-өзі түсінікті жағдай.

Біздің кең байтақ Республикамыз бүгінде алып құрылыс алаңы сияқты. Еліміздің қай қаласында болмасын зәулім-зәулім үйлер бой көтеріп, талай жаңа кәсіпорындар салынды, ең қуаныштысы – тағы да

салынып жатыр. Ауылдың экономикасы мен мәдениеті де өркендей түсуде.

Ал, Президентіміз «Қазақстанның индустриальдық орталығы» деп атаған Қарағанды бұл күнде бұрынғысынан да жаңарып келеді. «Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт» деп Бейімбет ағамыз айтқандай, кейінгі жылдары Қарағанды облысында салынған әлеуметтік-тұрмыстық, рухани-мәдени нысандардан басқа, елдігіміздің белгісіндей болып бой көтерген еңселі ескерткіштердің өзін жеке-жеке әңгімелеуге тұрарлықтай.

Соның ең бастысы – Қаздауысты Қазыбек бабамыздың Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ селосында тұрғызылған (1995 ж.) ескерткішін ауыз толтырып айтуға болады. Қолына камшысын бүктей ұстап, бір тізерлей отырған бидің әділ билік айтуға оқталған сәтін бейнелейді. Несі бар, өте ұтымды шыққан шешім.

Бір айта кететін мәселе – бір кезде осы ескерткішті облыс орталығына көшіру туралы да сөз қозғалған еді. Оның рас-өтірігін бұл күнде тап басып айту өте қиын. Бірақ «Бабамыздың ескерткішін бермейміз» деп Егіндібұлақтың тұрғындары оны бірнеше апта бойы кезекпен тұрып, күндіз-түні күзеткені шындық. Сонда дейміз-ау, облыс орталығына басқа ескерткіш қоюға қаржы-қаражат жетпей жатқан жоқ еді ғой. Бұл туралы кезінде баспасөз бетінде талай әңгіме болған. Ақыры елдің уәжі билік басындағылардың құлағына жеткен болуы керек. Биыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында облыс әкімі Серік Ахметовтың қолдауымен Қарағандының басты көшелерінің бірі Бейбітшілік бульварының бойына Қаздауысты Қазыбек бабамызға биліктігі үш қабатты үймен теңесетін еңселі ескерткіш тұрғызылды. Бұл өнер

туындысының бой көтеруі Қарағанды халқы үшін үлкен оқиға болды.

Жалпы алғанда биылғы жыл Қарағанды халқы үшін «ескерткіш жауған жыл» болды. Бір жылда үш ұлы тұлғаға айтулы мүсін қойылды. Осының алдында ғана екі айдан астам уақыт бұрын қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловқа 100 толуыша орай С.Сейфуллин көшесінің Кривогуз көшесіне келіп тірелетін жерінде биік тұғырға Қасымның қола бейнесі берік орнатылған болса, енді тағы бір тұлға – қазақтың ғұламаларының бірі Қаныш Сәтбаев та темір жол вокзалының алдында қасқайып қарап тұратын болды.



Бұл тұлғалардың барлығына да бұрын Қарағандының көшесінде жұртшылық назарында тұру бұйырмай келген еді. Соның сәті биыл түсті. Айтпақшы, Қаныш ағамыздың ескерткіші бар. Ол өзінің атындағы көшенің Орталық стадионнан (Бұқар жырау даңғылының басы) басталатын жерінде қойылған еді. Құлағы қалқиган, екі иығы

кушиған, оның есесіне екі езуі екі құлағында, Қаныш ағамыздың бюсті деп айтуға ауыз бармайтындай бұл дүние «белгісіз бір студенттің дипломдық жұмысы екен» деген де сыбыс шығып жүретін. Не десе де қолына Қазақстанның картасын ұстал, алға қарай басып келе жатқан бейнедегі жаңа туынды жұртшылықтың көңілінен шықты деуге болады.

Осы жерде тағы бір айта кететін мәселе – осы Қаныш ағамыздың орнында бұрын Бұқар бабамыздың





гине мүсіні бірнеше жыл тұрын, әбден мүжіліп қалған сон ғана орнынан тайдырылған болатын. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары зордың күшімен тұрғызылған бұл «туынды» басында айыр қалпағы бар, қысқа жеңіл шанап киген ұзын бойлы, ұзын мойынды еида

адамның бейнесі көз алдына Дон Кихотты елестететін. Тәуелсіздікті тәу еткен сонау жылдары бұрынғы Совет даңғылын Бұқар жырау бабамыздың ағына ауыстырған сон орнатылған бұл дүние де келмеске кетті. Бұқар бабамыздың жаңартылған, қарасаң көз таятын, биік тұғырдағы бейнесі өзінің атындағы даңғылдың бойына орналасқан Қарағанды қаласы әкімдігінің алдында, бұрын басы жалтырап, қолын алға созып тұратын «пролетариат көсемінің» орнында, бір қолында домбырасы, бір қолында тәспигы, маңғаз кейіпінде қарап тұр. Көмекей әулиенің осы тұрысының өзі халықты бірлікке, татулыққа, байыптылыққа шықырып тұрғандай.

Тәуелсіздік жылдарының тағы бір жемісі – Абай ескерткіші. Бұрын Абайдың бейнесі өндірісті қалада өмірі болып көрмеген еді. Қазір поэзия пайғамбары атанған ақын атамыз Ленин көшесінің бойындағы «Шалқыма» концерт залына қарап тұр. Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары мұнда Орджоникидзе ескерткіші тұратын, бақжолы да Орджоникидзенің

атымен аталатын. Сонау студент кезімде осы ескерткішке қарап тұрғанымда жаныма бір ақсақал



келді. «Бұл кімнің ескерткіші екенін білесің бе?» деп сұрады. «Серго Орджоникидзе» деп жазып қойыпты, бұл сол кісінің гой» дедім. «Жоқ, карағым» деді ол кісі маған қарап тұрып. «Бұл – Сталин». Мен не дерімді білмей қалдым. «Бұл ескерткішті кезінде Сталинге орнатқан. Кейін оны Кремльден шығарған соң, қолындағы

көркөрініп алып тастады да «Орджоникидзе» деп жаза салды» деді. Енді анықтап қарасам – күн көсемнің нағыз өзі екен. Содан бастап осы жерден өткенде осы әңгіме ойыма оралатын. Енді, міне, заманға лайық безендірілген. сәулеткерлікпен салынған тамаша тұғырға Абай атамыз орныққан. Жылда ақынның туған күні құрметіне осы ескерткіш жанында ақындар жиналып, әңгіме өткізуді, жас ақындардың өлеңдерін тыңдауды әдетке айналдырып келеді.

Сөйтіп, кешегі «үйімізде, төрімізде портретте тұрған» пролетариат көсемі Лениннің орнын – Бұқар жырау бабамыз, «күнсіздерге күн болған» күн көсем Сталиннің орнын – данышпан Абай атамыз басты.

Тәуелсіздіктің тағы бір туындысы – Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының ғимараты. Осы заманғы үлгімен салынған, екі залы бар тамаша театрды өндірісті қала тұрғындары көптен күткен болатын. Бұл әсем театрдың жайы бөлек әңгіме.

Мен театр алдына орнатылған адамзат сұлулығының символы Сәкен ескерткіші туралы айтып кеткім.

Сәкен театр алдында-ғы биік баспалдақтардың орта тұсында, оң қапталға қарай орнатылған гранит креслоға өзіне ғана тән маңғаздықпен жайғасқан. Сол жерден театрға кіріп-шыққан адамдарды байып-пен бажайлап отырған сияқты. Бірақ әдейілеп қарамасаң – бұл жерде ескерткіш бар екендігін байқамай да қаласың. Басында ескерткішке тәнті болып, ризашылықпен қарап жүрдім. Бірақ...



Бұрын С.Сейфуллин атындағы казак және К.Станиславский атындағы орыс театрлары бір ғимаратта болатын. Енді Сәкенге жеке ғимарат салып беріп, көшіп кеткен соң Станиславский атындағы театр ғимаратына жөнделу жүргізіліп, алдына ұлы режиссердің бейнесі қойылды. Бірде осы ескерткішті көруге әдейі бардым. Қоз алмай қарап қалыптым. Үлкен

ізденісті шешім. Ол да отыр. Бірақ, мына туындыдан соң ... Сәкен ескерткішіне көңілім аздап толмай қалды.

Тек Қарағанды қаласында ғана емес, облысымыздың басқа да аудандары мен қалаларында да скульптуралық бейнелер жасау және орнату жүзеге асырылуда. Солардың ішінде Алаштың үш арысына – Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жұмыртқабек Ақтоғай ауданының орталығында ашылған ескерткішті

Тәуелсіздік алған жылдардағы алғашқы қарлығаш ретінде атап айтуға тұрарлық. Қатар тұрған үш арыс Тәуелсіздіктің есінен кіріп келе жатқан сияқты.

Халықтың аузында көпке дейін айтылып жүрген, жұрт көңілінен шыққан тағы бір ескерткіш Балқаш қаласында Ағыбай батырға қойылды. Ат үстінде сомдалған Ақжолтай батырдың бейнесі Санкт-Петербургтегі Бірінші Петрдің ескерткішінен бір де кем емес. Тек скульптуралық бейне ғана емес, оның маңындағы жалпы сәулеткерлік шешімнің өзі ойдағыдай жүзеге асырылған. Қазақтың бостандығы үшін күрескен ұлт азаттық қозғалысының бас баһадүрі Ақжолтай Ағыбай батырға ескерткіш қоймақ түгілі кешегі келмеске кеткен кеңес дәуірінде оның басшысы Кенесарының өзінің атын атауға тыйым салынған еді.

Жалпы алғанда Қарағанды облысында кейінгі кездері қазақ халқының аты аңызға айналған ардақтыларын мәңгі есте қалдыру мақсатында жасалып жатқан шаралардың ішінде ескерткіштер қоюды баса айтуға болады. Негізінен ескерткіштер тек әсемдік үшін, қаланы безендіру үшін ғана емес (ескерткіші көп Еуропа қалаларының әсем көрінетіндігі рас), елдігімізді айғақтау үшін де қажет. Ол халқымыздың біртуар ұлдарын жалпы жұртқа таныстыруда басты роль атқарып, ел игілігіне айналады деп ойлаймыз. Ескерткіштер өнер туындысы. Сондықтан да ол жан-жақты ойластырылып, ұлттық нақышта, әсем және көз тартарлық көрікті болуы қажет.

Тағы бір айта кетерлік жай – біздің Қарағанды қаласында әлі күнге дейін поэзия пайғамбары Абай атында, дала демократиясының дарабозы Қаздауысты Қазыбек би атында көше жоқ. Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов атында ел білмейтін, ешкім жүрмейтін жерде бір кішкене ғана мүйіз бар. Сондықтан да бүгінгі

күні бүкіл жұртшылық осы ардақтыларымыздың ескерткіш бейнелері орнатылған көшелерге – Ленин көшесін Абай атына. Кривогуз көшесін Қасым атына. Бейбітшілік бульварын Қаздауысты Қазбек атына берсе деген тілегі бар. Бұл тілектер ескерусіз қалмайды деген ойдамыз.

Бір сөзбен айтқанда осындай тамаша табыстарға қол жеткізген Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, бірлігіміз арта берсе екен дейміз.

*(«Қазақ әдебиеті» газеті,  
2013 жыл.)*

## Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына – 20 жыл

### ТАЖАЛ ҚАЛАЙ ТҰНШЫҚТЫ?

Атом бомбасының алғашқы жарылысы 1949 жылғы 29 тамыз күні болды. Лаврентий Берия мұны өз көзімен корді. Мұнда әуелі экспериментальдық зертхана, өндірістік база, тәжірибе аландары салынды.

Алғашқы атом сынағы үшін 300 шаршы километр тәжірибе алаңы әзірленді. Оның эпицентрінде 30 метрлік металл мұнараға («Гусак») КСРО-ның қуаты 20 килотонна алғашқы атом бомбасы (плутония) орнатылды. Мұнараның айналасына секторлар бойынша жарылыстың барлық залалды әсерлерін зерттеу үшін нысандар орналастырылды. Бір секторда – эпицентрден әр түрлі қашықтықта әскери техника, артиллериялық қарулар, танкілер, ұшақтар, автомобильдер, бронемашиналар қойылды. Келесі секторда – әр түрлі өлшемдер (желдің бағыты, радиометриялық және т.б.) үшін жабдықтар қойылған бетон құрылғы. Сол сияқты ит, егеуқұйрық, қойлар, шошқалар сияқты тәжірибелік жануарлар (бұлар қазір мұражайда) орналастырылған сектор да болады. Далаға азық-түлігі бар жәшіктер қойылып, әскери «киімдегі» қаракшылар орнатылады.



Бұлардан біршама алысырақ 3 қабақты үйлері бар қала, жер асты метросы, жанармай шестерналары қойылған авто және темір жол көпірлері салынады.

Сол күні аталған мұнарадан тасталған бомба жарылды. Сондағы сынақтың бұздыру күшінің қаншалықты болғандығын бүгінгі жұртшылық айтпаса да түсінеді. Бұл жердегі металл ғана емес, бетон да балқыған, жер жанған...

Бұл жарылыс туралы Мәскеуден шығатын «Медицинская газета» 1992 жылы: «Атом бомбасының алғашқы сынағы 1949 жылдың 29 тамызы күні таңғы сағат 7.00-де болды. Сағат онға қарай радиоактивті бұлт Семей облысының Бесқарағай ауданына қарасты Черемушки (эпицентрден 78 км), Мостик (90 км), Долонь (118 км) елді мекендеріне жетті. Тұрғындар үшін бұл нағыз зор апат еді. Оларды қауіпсіз аймаққа көшіру былай тұрсын, болатын сынақ туралы ескертілген де жоқ», - деп жазды.

Алғашқы табыс ядрошыларды мүлде жігерлендіріп жіберді. КСРО Әскери-өнеркәсіптік кешеніне (ӘӨК) жағыну мақсатында олар атом қаруын жетілдіре түсу жөніндегі жұмыстарды бұрынғыдан да белсенді жүргізе бастады. 1953 жылдың 12 тамызында термоядролық қондырғыны сынау жүргізілді. Ал, 1955 жылдың 22 қарашасы күні академик А.Сахаров жасаған аса қуатты сутегі бомбасы сыналды. Бұл Семей ядролық сынақ полигонындағы жоспарлы сынақ жұмыстарына бастау болған, Қазақстан тұрғындары үшін 40 жылға созылған қасіреттің алғашқы жарылысы еді. Осы зарядты сынаған соң полигонға және оның маңайына, оның ішінде Семей қаласына радиоактивті тұнба қарша жауды. Мәселен, Қарауыл ауылында дозаның қуаты – 250, Дегелеңде – 200, Қайнар мен Сарыжалда – 150 рентген-сағат болды.

Бұрынғы Кеңес Одағында 1949 жылдан 1990 жылға дейінгі кезеңде ядролық сынақ пен өнеркәсіптік мақсаттағы 715 жарылыс жүзеге асырылған. РФ-ның Атом-энерго министрінің дерегі бойынша осы полигонда жер бетінде, атмосферада және биіктікте 116 жарылыс жасалған. Осы жерде уран, сутегі және термоядролық бомбалар тұңғыш рет сынақтан өткен.



КСРО 1962 жылы атмосферада ядролық сынақтың ең жоғары шегіне жеткен деуге болады. Бұл жылы 79 сынақ жүзеге асырылса, оның ішінде Семей полигонында қуаты 0.001 к/т-дан бірнеше ондаған к/т-ға дейін жететін 41 сынақ жасалған.

1956 жылдың 10 қыркүйегі күні полигонда қуаты 40 к/т ТНТ атом бомбасын қолдана отырып, әскери жаттығу өткізілген.

Ол 8 км биіктіктен тасталып, 300 м биіктіктегі жарылысқа есептелген. Жаттығуға 1,5 мың әскери қызметкер қатысады. Жарылыстың эпицентріне 500 метр қалғанда 272 десант түсіріледі. Осы жаттығуға қатысқандардың барлығы сәулеге ұрынады. Жаттығуға қатысқандардың тірі қалған ардагерлері өздерінің құқықтарын қорғау үшін 1980 жылдың соңында «Ерекше тәуекел бөлімшесі» комитетін құрады.

1988 жылы қыркүйек айында «КСРО – АҚШ: алғашқы сенім қадамдары» деген тақырыпта совет-американ эксперименті өткізілді. Оған шетелдерден көптеген делегаттар келіп қатысты. Атап айтқанда:



Женевадағы КСРО делегациясының басшысы И.М.Паленых, АҚШ-тан Пол Робинсон, Женевадағы АҚШ делегациясының хатшысы Николас Дж.Каррера, АҚШ қорғаныс министрінің орынбасары Джозеф Сальгадо, қорғаныс істері жөніндегі энергетика министрінің орынбасары міндетін атқарушы Грой Уэйд, КСРО-дағы АҚШ елшісінің көмекшісі Рай Смит, қарулану мен қарусыздануды бақылау жөніндегі агенттік директорының орынбасары Джордж Ф.Мэрри, мемлекеттік департамент оқылдары Лоуренс С.Трибул мен Э.Томас Даулинг, сол сияқты АҚШ қорғаныс министрлігінің, АҚШ энергетика министрінің, қарулану мен қарусыздануды бақылау жөніндегі агенттіктің штаб бастықтары, комитет қызмекерлері, КСРО СІМ Ақпарат басқармасының аға референті Г.Шекочихин және басқа да ресми адамдар болды.

Бірлескен экспериментті жария ету үшін Мәскеуде орналасқан «Эй-би-си» (АҚШ), «Нью-Йорк тайме» (АҚШ), «Би-би-си» (Ұлыбритания), «Франс-пресс агенттігі» (Франция), «Синьхуа» (ҚХР), «Чеснью» (СФЮР), ГДР мен ЧССР радиолары сияқты ірі телеграф агенттігінің тілшілері қатысты.

Қонақтардың ішінде «Правда», «Известия» газеттерінің, «Новости» баспасөз агенттігінің, «Советская Россия» газетінің, ГАСС-тың, «Время» бағдарламасының тілшілері де болды.

Қонақтар ядролық заряд үлгісіндегі атом жарылысының қуатын бақылау жөніндегі диагностикалық апараттарды сынауға қатысты. Совет және шетел журналистеріне баспасөз мәслихаты өткізілді.

Бұдан бір жыл бұрын Шар ауданында АҚШ-тың сейсмикалық станциясы орнатылып, жабдықталған болатын. Журналистер оны да барын көреді.

Бұл жерде айта кететін басты мәселе – сынақты жүргізушілер де, оған қатысушылар да, сырттай қараушылар да полигон маңында тұратын адамдардың денсаулығы мен өміріне зиянды жақтарын ауызға алмай, бұл тақырыпты шама келгенше айналып отуге тырысады. Барлық назар атомның жарылыс қуатына және оның бүлдіру әрекетінің ауқымдылығына, сол сияқты совет-американ ядролық ашықтыққа жол салынғанына ғана аударылады.

Бұл кезде полигон аймағы тұрғындарының көпшілігі науқасқа ұшырап, ел арасында алаңдаушылық пайда бола бастаған еді. Бірақ жария айтуға шама жоқ. Өйткені, халық әлі де болса ойындағысын ашық айтуға жасқанағын. Дәл осы кезде М.Горбачевтің өзгеріс, жариялық және пікір плюрализмінің жылылық желі біздің өмірімізге үлкен жаңалық әкелді. Бұған дейін шыдап келген полигон аймағының тұрғындары кенес-партия органдарына хатты қарша боратты. Баспасөз беттерінде жазылып, радио мен теледидардан осы туралы айтыла бастады. Кез келген жиналыста полигонның басты мәселе болып көтерілуі әдетке айналды.

Осы кезде бұрынғы Семей облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына курсқа келген 60 адам қол қойып, облыстық партия комитетіне полигонның зардабын зерттеу туралы хат жолдайды. Мұндай хаттар жеке адамдардан да талай рет түскен екен. Полигонға қатысты мәселе мүлде ұшығып бара жатқан соң облыстық партия комитетінің бюросы Семей облыстық партия комитеті мен облыстық Кеңес атқару комитетінің, Курчатov қалалық партия комитетінің, Семей полигонының командованиесі мен саяси бөлімінің бірлескен жұмыс жоспарын жасап бекітті.

Партия комитеттері тұрғындар арасында үлкен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бірақ жұртшылық адамдардың неге жиі ауыратындығын, жердің сілкіндірудің қашан тоқталатындығын және тағы басқа да мәселелерді түсіндіруді талап етеді.

Сол кезде, яғни, 1989 жылдың 12 ақпаны күні Орталық телевизияның «Время» бағдарламасындағы арнайы ақпараттық хабарда «Бүгін Семей сынақ полигонында кезекті жер асты ядролық сынағы жасалды. Сынақ ауданында және полигоннан тысқары жерлерде радиациялық ахуал қалыпты жағдайда» деген хабар айтылады.

Бірақ бұл жарылыс әдеттегі штаттық режім бойынша жасалған және онда радиациялық болжам бойынша атмосфераға радиоактивті инертті газдың тарайтындығы белгілі еді. Сондай газдың тасқыны Шаған поселкесінің үстінен өтеді. Сол кезде мұнда стратегиялық авиацияның бір дивизиясы тоқтаған болатын. Дивизияның дозиметриялық қызметі радиациялық реннің 3000 мкР/сағат болғанын тіркейді. (Дозиметриялық аппарат бұл кезде басқа ешкімде болмаған ғой). Бұл туралы дивизия командирі, генерал-майор Павел Бредихин облыстың бірінші басшысы Кешірім Бозтаевқа хабарлама жасайды.

Мұндай хабарламаны естіген полигон бастығы және көптеген адамдар естерінен танып қала жаздайды. Өйткені, бұл хабар олардың «мүлде қауіпсіз» жер асты сынағы туралы сенімін күл-талқан еткен еді. Бұдан 5 күн өткен соң жасалған келесі жарылыс тұрғындардың қобалжуын бұрынғыдан да арттыра түсті. Жұртшылық полигондағы жағдайды жария түрде зерттеуді талап етті.

Осыдан соң Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев барлық

жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевпен ақылдасқан. СОКП ОК-нің Бас хатшысы



М.Горбачевке өте құпия түрде (Г.В.Колбинге сездірмей) жеделхат жолдайды. Ол жеделхатта Семей сынақ полигонының 340 мыңнан астам халық тұратын Семей қаласына жақын орналасқанын, бұл күнде халық санының көбейгенін, полигонның халық жиі қоныстанған аймақтың ортасында тұрғанын, бірақ мұны полигонның жұмысында есепке алмай отырғандығын жазады. Жыл сайын 14-18 жарылыс жасалады, олар ғимараттар мен инженерлік құрылғыларға сейсмикалық тұрғыдан әсер етеді, тұрғын поселкелер мен мал шаруашылығын сумен қамтамасыз етіп отырған жүздеген құдықтарды істен шығарды. Қала сейсмикалық тұрғыдан есепке алынбай салынған. Бұған қоса, 25 жыл бойы жүргізілген жер асты жарылысының салдарынан жер қыртысы бүлінген, әрбір үшінші жағдайда радиоактивті газдар жер бетіне шығып кетеді, оны тоқтату мүмкін емес. 1987 жылы Семей арқылы радиоактивтілігі 350-400 мкР/сағат толқын өткенін, ал 12 ақпанда полигоннан тысқары жерлерде 3000

мкР/сағат деңгейі тіркелгенін, бірақ желдің бағытының өзгеруі аркасында ғана облыс орталығына жетпей қалғандығын ашық жазады.

Ядролық сынақ туралы жұртшылық әр түрлі пікір айтуда, тұрғындар арасында моральдық-психологиялық ахуалды қиындатып отыр дей келе, халық арасындағы әр түрлі аурулардың асқынуына полигонның зардан тигізіп отырғандығы туралы пікірдің негізсіз еместігіне тоқталады.

Жеделхаттың соңына СӨКП ОК-нен тиісті министрліктер мен ведомстволарға сынақты уақытша тоқтата тұруын немесе жарылыстың жиілігі мен қуатын күрт азайтуды тапсырып, бұдан әрі ядролық сынақты басқа, қолайлырақ орынға көшіруді сұрай келе, «Қазақстан Компартиясы Семей облыстық комитетінің бірінші хатшысы К.Бозтаев, 20 ақпан, 1989 жыл» деп қол қояды.

Бұл ядролық сынақты тоқтату туралы Кеңес Одағы кезіндегі ең алғашқы ресми құжат болатын.

Осы жеделхатпен СӨКП ОК-нің Саяси бюросының мүшелері, Әскери-өнеркәсіптік кешенде (ӘӨК) тапыстырылғанда, ашық күнде аспаннан жай түскендей болады.

Г.Колбин К.Бозтаевқа телефон соғып: «Бас хатшы М.Горбачев қорғаныс министрі Д.Язевті шақырын алып сөйлесіпті. Ол: «Бұл – жағдайды қасақана ушықтыру, полигон таза, алаңдауға ешқандай негіз жоқ» дегенді айтыпты», - деп хабарлайды. Бірақ осыдан бастап К.Бозтаевқа қарсы ӘӨК тарапынан астыртын қудалау басталып, тек полигон жабылған соң ғана тоқтатылады.

Осы жеделхатқа байланысты М.Горбачевтің тапсырмасы бойынша КСРО Министрлер кеңесі жанындағы ӘӨК төрағасының орынбасары А.Букатов басқарған, құрамында өнеркәсіптік атом энергетикасы

министрінің орынбасары В.Михайлов, КСРО Қорғаныс министрі 12-ші мемлекеттік басқармасының бастығы, генерал-полковник В.Герасимов, КСРО Мемлекеттік табиғат комитеті төрағасының орынбасары А.Дадаян, СОКП ОК қорғаныс өнеркәсібі бөлімінің жауапты қызметкері В.Стрехнин, КСРО Денсаулық сақтау министрлігі 3-ші мемлекеттік басқармасының бастығы Е.Шульженко, КСРО медицина ғылымдарының академігі Л.Булдаков бар үкіметтік комиссия 1989 жылдың 28 ақпаны күні Курчатов қаласына келіп түседі.

Дәл сол күні Олжас Сүлейменов Алматыда өткен митингіде жиналғандар алдында, ал одан екі күн бұрын қазақ телевизиясы арқылы Қазақстан халқына ядролық сынақты тоқтату туралы үндеу тастаған болатын. Бұл күн «Семей – Невада» атанған Халықаралық анти-ядролық қозғалыстың Қазақстанда туындаған күні еді.

Қозғалысты әуелі Семей облысының тұрғындары, кеңес-партия органдары, артынан жапсарлас жатқан Қарағанды, Павлодар, Талдықорған облыстары мен бүкіл Қазақстан, одан соң дүние жүзі болып қолдады.

Сонымен, екі жарым жылға созылған қарсылық осылай басталған еді. Өткеннің қылмыстық мұрасы мен салалық тоңмойындықтың арасындағы қарсылық бір жағынан, жарылысты тоқтату туралы халықтың әділетгі және заңды талабы екінші жағынан тартысқа түсіп, ақыры соңғысы жеңіске жеткен еді.



Сөйтіп, 1991 жылдың 29 тамызы күні Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Әлемдік қауымдастық біздің елдің еңбегін мойындады. Қазақстан бірінші болып ядролық қарудан бас тартты. Сол жылдың желтоқсан айында ядролық қарудан бас тарту туралы заң ратификацияланды. Ал, 2009 жылдың желтоқсан айында Бас Ассамблея Семей полигонынның жабылған күші – 29 тамызды Ядролық қарудан бас тартудың Халықаралық күші деп жариялады.

Айналаға ажал шашқан, мыңдаған адамның өмірін жалмап, талай жанды жазылмас дертке душар еткен, халықты қайғы мен қасіретке ұрындырған, ашық аспан астында бұлт үйіріп, бүкіл елді алаңдатқан тажал осылай тұншыққан еді.

Рас, тажал тұншыққанымен, оның зардабы әлі жойылған жоқ. Оны жоюға талай жылдар, талай күш-қуат керек екені белгілі.

Иә, бұл – бөлек әңгіменің тақырыбы.

### **Атомның туу тарихы**

\*1896 жылы француз химигі Антуан Анри Беккерель уранның радиоактивтілігін анықтады.

\* \* \*

\*1899 жылы Эрнст Резерфорд альфа және бета сәулелерін табады. 1900 жылы гамма-сәулесі ашылады. Сол жылдары химиялық элементтердің көптеген радиоактивті изотоптары анықталады.

\* \* \*

\*1903 жылы Резерфорд және Фредерик Содди радиоактивті ыдыраудың заңын жария етеді.

\* \* \*

\*1921 жылы Отто Хан ядролық изомерияны іс жүзінде ашқан.

\* \* \*

\*1932 жылы Джеймс Чедвик – нейтронды, ал Карл Д.Андерсон позитронды ашқан. Сол жылы АҚШ-та Эрнест Лоуренс бірінші циклотронды іске қосады, ал



Англияда Эрнест Уолтон мен Джон Кокрофт бірінші рет атом ядросын үгіткен: олар жылдамдатқышта протонмен атқылап, литий ядросын бұзады. Сол мезетте мұндай эксперимент КСРО-да да жүргізіліп жатыпты.

\* \* \*

\*1934 жылы Фредерик Жолио-Кюри жасанды радиоактивтілікті, ал Энрико Ферми нейтрондарды баяулатудың әдістемесін жасап шығарады. 1936 жылы олар нейтрондардың селективті сіңірілуін ашады.

\* \* \*

\*1938 жылы Отто Хан, Фриш Штрассман және Лиза Мейтнер нейтрондардың сіңірілуі кезіндегі уран ядросының үгітілуін ашады. Осыдан кейін ядролық қару жасау бастау алады.

\* \* \*



\*1940 жылы Г.И.Флеров пен К.А.Петржак жұмыс үстінде уран ядросының бөлінуін кездейсоқ ашты.

\* \* \*

\*1941 жылдың көктемінде Ферми тізбекті ядролық реакцияның теориясын жасауды аяқтайды.

\* \* \*

\*1942 жылдың маусымында Ферми мен Г.Андерсон тәжірибе барысында нейтрондарды көптеген бірліктерге көбейтудің коэффициентін алды. бұл ядролық реактордың жасалуына жол ашты.

\* \* \*

\*1942 жылдың 2 желтоқсанында АҚШ-та әлемде бірінші болып ядролық реактор іске қосылды, алғаш рет өзін-өзі қолдайтын тізбекті ядролық реакция жүзеге асырылды.

\* \* \*

\*1943 жылдың 17 қыркүйегі күні «Манхеттен жобасы» жолға шықты.

\* \* \*

\*1945 жылдың 16 шілдесі күні АҚШ-тағы Аламогордо түбінде (Нью-Мексико штаты) алғашқы «Gadget» жарылыс қондырғысы (бір сатылы, плутония негізінде) сынақтан өткізіледі.

\* \* \*

\*1945 жылдың тамыз айында америкалықтар «Мальш» (6 тамыз, Хиросима) және «Толстяк» (9 тамыз, Нагасаки) алғашқы атом бомбаларын Жапония қалаларына тастады.

\* \* \*

\*1949 жылдың 29 тамызында КСРО АҚШ-тың ядролық монополиясын бұзып, өзінің РДС-1 атом бомбасын сынақтан өткізді.

## Атом апаттары

\*Үлыбританиядағы Селлафилд – АЭС-тағы ең бірінші ірі апат орны. 1957 жылы атом реакторындағы орт саядарынан 33 адам қаза тапқан. Мацайы әлі де залалды күйінде қалған.

\* \* \*

\*Вашингтон штатындағы Хэнфорд (АҚШ) – радиоактивті залал плутонийдің қайта өзгеруі орталығынан шамамен 650 шаршы километр алқапты қамтиды. Қазіргі кезде онда радиоактивті материалдар қоймасы орналасқан.

\* \* \*

\*Испанияда Альмерия провинциясы – 1966 жылы бортында ядролық қаруы бар американдық Б-52 бомбардировшигі құлап түсіп, қираған. Ондағы радиоактивті залал әлі күнге дейін сақталған. Сарапшылар апат орнында жарты килограмдай плутоний қалған деп пайымдайды.

\* \* \*

\*Қазақстандағы Семей сынақ полигоны. 1949 жылдан 1989 жылға дейін бұл полигонда 468 ядролық сынақ жасалып, кем дегенде 616 ядролық және термоядролық қондырғы жарылған.

\* \* \*

\*Нью-Мексико штатындағы Уайт Сэндз – американдық полигон. Мұнда алғашқы атом бомбалары сынақтан өткізілген.

\* \* \*

\*Үндістандағы Тар шөлі. Мұнда 1974 жылдан атом полигоны сақталған.

\* \* \*

\*Невада штаты (АҚШ) – Лас-Вегастан алыс емес полигон. Бұл жерде атом артиллериялық снарядтары сынақтан өткізілген.

\* \* \*

\*Алжирдегі Регган қаласы. Оның жанында 1962 жылға дейін пайдаланылып келген француздардың алғашқы атом полигоны бар. Ол жерде жоғары радиациялық деңгей әлі күнге дейін байқалады.

\* \* \*

\*Морелебен – немістердің радиоактивті қалдықтарды сақтайтын орны.

\* \* \*

\*Челябинск облысындағы Кыштым (Ресей). 1958 жылы уран шахтасындағы радиоактивті заттардың жырылысы салдарынан 150 шаршы километр аймақ залалданған. Сол кезде 25 мың адам қаладан көшірілген, ал апат фактісі жасырылған.

**Аталған полигондарға мыналарды көсуға болады:**

\*Орынбор губернде (Ресей)

\*Жана Жерде (Ресей)

\*Батыс Австралия мен Квинсленд штаттарында (Австралия)

\* Бикини, Эниветок, Эугелаб (Маршалл аралдары) атолдарында, сынақты АҚШ өткізген

\*Джонсон Айленд (АҚШ)

\*Муррора атолы (Француз Полинезиясы)

\*Амчатка аралы, Алеут аралдарының бірі (АҚШ)

\*Қытайдың Синьцзян-ұйғыр автономиялық ауданындағы полигон. Лобпөр көлінің маңында

\*Якутиядағы тайга телімі. Мұнда өткен XX ғасырдың 60-70 жылдары атом зарядтары сынақтап өткізілген.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
24 желтоқсан, 2011 ж.)*

## СОҒЫС ӨРТІ ШАЛМАСЫН

**Бейбіт сүйіш халқымыз қашан да «соғыс» атты сұм атауды барынша жек көріп, оған лағнет айтқан.**

Откен ғасырдың сонау 1941 жылғы 22 маусымында неміс-фашистернің бейбіт жатқан елімізге опасыздықпен басын кіруі бүкіл еліміздің оның ішінде Қарағанды облысының халқының да жүрегіне жазылмас жара салды. Осы Ұлы Отан соғысы жылдарында бір мүшесі майданға аттанбаған, соғыстың зардабын тартпаған отбасы қалмады десек артық емес. Соғыс шаруашылықтың қай саласына болмасын зор кесел келтірді. Сондықтан да біздің облыстың тұрғындары бір жағынан зымиян жаумен шайқасуға аттанып жатса, екінші жағынан тылдағы қызу еңбекке қолдан келгендерінше атсалысты. Еңбектеген баладан еңкейген қарттарға дейін қызу еңбектің ортасында жүрді.

Соғыс кезінде облыс еңбекшілері «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Бұл уақытта Донбасс басқыншылардың қолында қалғандықтан, Қарағанды еліміздің басты үш көмір ойнағының біріне айналды. Осы кезде



Қарағандыға Донбастан он мыңнан астам білікті жұмысшы мен маман келген екен. Стахановшылар қозғалысының бастаушысы Алексей Стаханов №31 шахтаның бастығы болды. 1942 жылы Жаңа-Қарағанды кен-шахта жабдықтарын жасау зауыты мен машина жасау зауыттарын салу басталды. 1941 жылы Пархоменко атындағы Ворошиловград көмір машиналарын жасау зауыты көшіріліп әкелінді.

Қарағандыда майданға көмектесу үшін көптеген колонналар мен бригадалар жасакталды. Соның бірі «Қарағанды колхозшысы» танк колоннасы. Ол облыс еңбекшілерінің жинаған қаржысына жасакталды. 1942 жылы осы колоннаны жасактауға облыс еңбекшілері 11 млн. 558 мың сом ақша өткізген екен. «Қарағанды комсомолы» танк колоннасы да сондай қаржы есебінен құрылған. Осы колоннаны жасактау үшін №18-бис шахтасының жас кеншілері бастама көтерді. Мұны №44-45, №33-34 және басқа шахталардың комсомол бригадалары мен сменалары қолдады. Олар бос уақыттағы жұмыс істеу есебінен 96 мың тонна көмір өндіріп, 680 мың сомды танк колоннасын жасактауға жөнелтеді. Сол сияқты теміржолшылар мен көлік қызметкерлерінің қаржысына жиналған ақшаға жасакталған танк колоннасы «Қарағанды теміржолшысы» деп аталды. Көмір бассейні кеншілердің қаражаты есебінен құрылған танк колоннасы «Қарағанды шахтері» деп аталды. Ол №12, 18, 30, Калинин атындағы шахталардың және Киров ауданының үй шаруасындағы әйелдердің бастамалары бойынша жүзеге асқан.

Колонналар туралы айтқан кезде «Қарағанды қаласының әйелдері» атты санитарлық ұшқыштар звеносын ұмытуға болмайды. Қаржы жинаудың бастамашылары шахталардағы әйелдер келесі болды.

Олар жұмыстан бос уақыттарында көмір тиен. тапқан ақшаларын ұшақ жасауға аудару жөнінде үндеу тастайды. Әйелдердің патриоттық бастамасын қалалық партия комитеті қызу қолдайды. Сөйтіп, әйелдер кеңесі құрған көмір бригадалары аянбай еңбек етіп, жиналған 185 мың сом қаржыны 3 санитарлық ұшақ жасауға жібереді. Бұған қоса біздің облыстың жастары республика комсомол ұйымдарымен біріге отырып, «Қазақстан комсомолеці» атты сүңгуір қайық жасауға да үлес қосты. Олар 230 мың сом қаржы аударды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Орталық Қазақстанда ұйымдастырылған әскери құрамалар да көп болды. Солардың бірі Қызыл Тулы 72-ші гвардиялық Красноград атқыштар дивизиясы 29-шы атқыштар дивизиясы ретінде 1941 жылдың аяғында, 1942 жылдың басында Ақмола облысының әскер қатарына шақырылған тұрғындарынан құрылды. Осы және басқа құрамалар туралы "Қарағанды. Қарағанды облысы» атты энциклопедияда (Алматы, «Атамұра» баспасы, 2006 ж. 524 бет) былай деп жазады: «64-армия құрамында Сталинградтың оңт.-бат. және оңт. жағында болған қорғаныс ұрыстарына, неміс фашистері 6-армиясын (қолбасшысы ген.-фельдмаршал Ф.Паулюс) қоршап, талқандауға қатысты. 1943 ж. наурызда гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Курск шайқасы кезінде Белгородтың оңт. жағасындағы сол. Донец өз. бойында қорғаныста тұрды, одан кейін Харьковтың оңт.-шығыс аударын жаудан азат етті. Кировградты азат етуге қатысқаны үшін 1944 ж. қаңтарда Қызыл Ту орденімен марапатталды. Бұдан кейін Оңтүстік Буг өз-н кесіп өтуге. Молдавияның солт. аударын, сондай-ақ Румынияны, Венгрияны және Австрияны азат етуге қатысты. Праганың оңт. жағасында соғысты аяқтады.

387-Перекоп атқыштар дивизиясы. 1941 ж. тамыз-қырк-те Қарағанды, Ақмола обл-ның әскер қатарына шықырылған тұрғындарынан құрылды. резерві 61-армия құрамына енді. 1941 ж. желт. Брянск майданында. Тула к-ның оңт.-бат. жағында ұрысқа кірісті... Сталинград шайқасына Дон майданының құрамында қатысты. Тормосин ау-да фельдмаршал Манштейн басқарған әскери тобының қарсы шабуылына тойғарыс берді. Шабуылдай отырып. Азов бойымен Қырым мойнағына дейін жетті. Перекоп бекініс ау-на шешуші шабуыл жасауға қатысты. Севастопольді азат етуге. Бухаресті алуға қатысты.

Ленин орденді Қызыл Тулы 310-Новгород атқыштар дивизиясы. 1941 ж. жазында Қарағанды. Ақмола, Костанай обл-ның әскер қатарына шықырылған тұрғындарынан құрылды. 1941 ж. 10 қыркүйекте Ленинград қоршауып бұзу мақсатымен Анракен қалашығы жанында ұрысқа кірді. Қазан айында Волхов к-ның түбінде қорғаныста тұрды, одан соң Ленинград обл. Шығ. аудандарын азат етті. 1945 ж. наурызда дивизия Қызыл Ту орденімен, ал Дивенков, Свирке бұғаздарын соғыспен кесіп өтуге және Свинемюнде к-н алуға қатысканы үшін 1945 ж. мамырда Ленин орденімен марапатталды».

Қызыл Әскер қатарына алынған карағандылықтар барлық майдандарда ұрысқа қатысып, қан кешіп жүріп Мәскеуді, Ленинградты, Сталинградты қорғады. Курск шайқасына қатысты. Украинаны, Молдавияны, Румынияны, Венгрияны азат етті, Берлинге дейін барды. Совет Одағының Батырлары – Гастеллоның ерлігін қайталаған Нұркен Әбдіровтің, Мартбек Мамыраевтың, Петр Теряевтің, Қазыбек Нұржановтың және басқа да жерлестеріміздің жауынгерлік жолы кейінгілерге зор мақтанш.

Қазір біздің облысымыз Ұлы Жеңістің 65 жылдығын лайықты қарсы алуға дайындықты бастап кетті. Бұл күнде Қарағанды қаласында Ұлы Отан соғысына қатысқан біраз ардагер тұрады. Олардың саны жыл сайын сиреп барады, біразының денсаулығы сыр беріп қалған. Сондықтан да оларға мемлекет тарапынан бірталай жеңілдіктер қарастырылған. Соның бір мысалы – Жеңіс мерекесі қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне пәтер кілтін табыс ету дәстүрге айналған. Алдағы мереке қарсаңында да осы дәстүр жалғасын табатын болады.

«Неменеге жегістің бала батыр.

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің кемесіне.

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр». - деп Мұқағали жырлағандай, асыл қазынамыз – қарияларымызды құрмет тұтып, оларға қолдан келгенше қамқорлық жасауымыз қажет. Ел басына күн туған шақта етігімен су кешкен ардагерлерімізге қандай жақсылық жасасақ та артық емес. Мұны біздің Елбасымыз да үнемі айтып жүр. Енді мұндай лағнеттен аулақ болайық, жерімізді соғыс өрті шалмасын.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
31 желтоқсан, 2009 жыл).*



## НҰРЛЫ НҰРАНЫҢ ТАУСЫЛМАС «ЖЫРЫ»

### Өзен табанындағы зиянды шөгінді



Мәскеу минералдық геология институтының зерттеуіне қарағанда Нұра өзенінің түбінде сынаннен ластанған үш миллион текше метр топырақ бар. Біздің облыс су ташы аймақтың бірі екендігі белгілі. Орта есеппен сумен қамтамасыз ету деңгейі жылына 53 пайызды ғана құрайды. Облыстың жер бетіндегі жалғыз сумен қамтамасыз ету көзі Нұра

өзені болып табылады. Ал оның өзі қазіргі кезде ластану деңгейі ең жоғары дәрежелі су көзі ретінде тіркеуге алынған.

Нұраның ұзындығы 910 км, су айдынының аумағы 50 мың шаршы км болып табылатын, екі облыстың – Қарағанды мен Ақмола облысының жерін басып өтетін. Орталық Қазақстандағы ең үлкен өзен болып саналады. Ол сонымен қоса Теңіз көлін толықтырып отыратын бірден-бір көз.

Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесі әрқашан көтеріліп келеді. Енді Астананы сумен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Нұраның

суын Ертістің суымен қосу мәселесі көтерілген шақта тіпті маңызды бола түсті.

Нұраның жағалауын өрлей бір жарым миллион адам қоныстанған, онда екі үлкен қала – Қарағанды мен Теміртау орналасқан. Астананы қазір Есіл өзеніндегі Вячеслав қоймасы сумен қамтамасыз етіп отыр. Бірақ жақын жылдарда Елорданың тұрғындары 500 мыннан асады деген болажамға қарағанда бұл су қоймасының суы жеткіліксіз болары сөзсіз. Оған баламалы су көзі ретінде билік басындағылар Нұра өзенін таңдан отыр. Бір кезде болашақ астанаға жақын жердегі Нұра-Есіл каналы іске қосылған еді. Бірақ оның суынан сынап табылуына байланысты жарты жылдан соң жабылып қалған болатын.

«Нұраның суын қанша пайдаланса, соншама уландырады. Оған үш өндіріс өзінің ағын суын жібереді. Тағы бес кәсіпорын оның Шерубай-Нұра мен Соқыр сағаларын ластандыруда. Қоршаған ортаға күл-шлак жинақтауыштары мен төкпелері де зиян келтіруде, ондайлардың жетеуі Теміртаудың маңында, енді алтауы Қарағандының жанында орналасқан. Өзеннің жағалауының бойымен судың ластануынан және былғануынан қорғайтын аймақтар мен жолақтар болуы қажет. Бірақ прокурорлық тексеріс ондайлардың жоқтығын анықтады. Ботақар поселкесінің жанындағы дамбада отыз тоннаға жуық тұрмыстық қалдық табылды» дейді өзінің алқа мәжілісінде жасаған баяндамасында облыс прокуратурасының мемлекеттік органдардың қызметінің заңдылығын қадағалау басқармасының бастығы Жанна Штергер.

Нұра өзенінің экологиясы мен санитарлық жағдайын мемлекеттік қызметтің тұтас бір отряды қарап отырады. Солардың ішінде Нұра-Сарысу экологиялық басқармасы (бұрынғы облыстық қоршаған ортаны

корғау аумақтық басқармасы мен Нұра-Сарысу бассейндік су шаруашылығы басқармасы), санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, «Казнедра» басқармасы, жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет және «Казгидромет» облыстық филиалы. Бірақ прокурорлардың ішкіріше қарағанда шенеуніктер өздерінің әрекетсіздігімен тәртіп бұзушыларға барлық қолайлы жағдай жасауда.

Қазіргі кезде Нұра мен оның сағаларында мұнай өнімдерінің, фенолдардың, аммоний азотының, нитраттардың және органикалық негізді заттардың құрамы өте жоғары. Ал, Нұра өзенін сынантан тазарту мәселесін осыдан 20 жыл бұрын қолға алу қажет еді, бірақ ол тек астананы Ақмола қаласына көшірін. Астана аты берілген соң ғана қолға алына бастады. Ал, Мәскеу минеральдық геология институтының дерекіне қарағанда өзен табанында кем дегенде 150 тонна сынан шөгіп жатыр.

Нұраны әлемдік тәжірибеге сүйене отырып тазалау қажет. Мәселен, Жапонияда өткен ғасырдың 60-шы жылдары Минамата қаласында синтетикалық каучук зауыты қала жапындағы шығанақты ластандыра бастаған. Балық өнімдерін пайдаланатын адамдар кейін орталық жүйке жүйесінің уыттану науқасымен ауыра бастайды. Соған орай 1973 жылы Қоршаған орта жөніндегі жапондық агенттік сынаптың өзен табанына жиналуынан ластанудың алдын ала нормативін жасап, оны тазарту үшін кем дегенде 1,5 млн. текше метр топырақ аудару қажет деп тапқан. Ақыры сынаптан тазарту жұмысы 1987 жылы аяқталған. Ал 1988 жылы алынған үлгіге жүргізілген зерттеудің нәтижесі жобаның мақсатқа жеткендігін дәлелдеген. Қазіргі кезде Минамата шығанағы экологиялық таза аймақтардың біріне саналады. Сынанпен ластануды одав әрі зерттеу

және оның технологиясын жетілдіре беру үшін бүкіл әлем таныған Мишамата Ұлттық институты құрылған.

### Сынап қайдан келді?

Нұрадағы алғашқы сынап осыдан елу жылдан астам уақыт бұрын, Теміртауда синтетикалық каучук зауыты (кейін «Карбид» ӨБ) жұмыс істей бастаған сәттен бастап пайда болған екен. Өйткені, зауытты тазарту құрылысының салған. Зауыттың ағын суы және онымен қоса ауыр металдар магистральдық коллектор арқылы Нұраға тікелей құйылған.

- Әр түрлі бағалаулар бойынша суға ондаған, тіпті жүздеген тонна сынап құйылған, - дейді «ЭкоМұражай» ҚБ-нің директоры Дмитрий Калмыков. - Қазір оған төрелік айту қиын. Ол жылдары дәл құжаттамаиы ешкім жүргізбеген. Зиянды ацетальдегид өндірісі 1996 жылы жабылды. - Сынап өзен түбіне және оның жайылмасының топырағына шөккен, - деп жалғастырды Д.Калмыков. - Көктемгі тасқын кезінде лай-топырақпен қоса шөгінді сынап су бетіне көтеріліп, манайдағы жайылым мен шабындыққа тарайды. Су қайтқан кезде лай қалып қояды. Мал ол жерден шөппен қоса сынапты да жейді. Бұл үрдісті ешкім бақылап отырған жоқ.

Сынап тұнбасын жинақтайтын жерлер тек жетпісінші жылдардың ішінде ғана салына бастаған. Өндірістік қалдықтар тазарту резервуарларына жөнелтіледі, онда хлорланады және биосүзгілердің көмегімен лайға айналдырылады. Тазарту резервуарларында жинақталып қалған тұнба-лай арнайы аумақта сақталған, одан соң Теміртау қаласының жанындағы Жауыр батпағы атты ойпатқа апарып төгіліп отырған. Ол жерден осы күнге дейін батпақ құнарлы топыраққа өтіп, араласып жатыр.

«Карбид» ОБ аумағында 1969 жылы жаңа сүзгі алаңын орнатқан болатын. Сынабы бар лай «Карі Р'Ж-1»-дің Нұра өзенінің жағасындағы ескі күтпөкнесіне жинақталған. Онда лай кеуіп, буланып жатыр. Нұраны басты ластандырушы көз бұрынғы «Карбид» ОБ-дегі ацетальдегид өндірісінің Д-19 цехы болып табылады. «Карбид» өндірістік бірлестігі банкрот болып, 1996 жылы тоқтаған соң аса қауіпті өндірістер бойынша цехты консервациялауға және қалдықтар отелдеуге мүмкіндігі болмаған. Соның салдарынан 2004 жылы ІЖ қызметкерлері бұрынғы өндіріс орнының аумағынан 1250 кг сынап жинап алды.

Сынап Нұраның Самарканд су қоймасынан бастап Ростовка елді мекеніне дейін көпшілік бөлетін ластандырған. Көбірек ластанған бөлеті деп өзеннің Чкалов селосынан Гагарин селосына дейінгі учаскесін атауға болады. Мұнда мамандардың есептеуіне қарағанда лайдың арасында 90 тоннаға жуық сынап жатыр. Бұл селолардың тұрғындары 56 жылдан бері сынабы бар су ішіп, уланған балық жең келеді.

### **«Апан» туралы айтар болсақ...**

Осыларды ойластыра келіп, Нұра өзенін сынаптан тазарту, оның тұнба лайын «Апан» шатқалына апарып көму туралы жоба іске асырылмақшы. Осыған орай қоғамдық ұйымдар көтерген мәселеге ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің орынбасары Ж.Бекжанов жан-жақты жауап берді.

«Қалдықтарды көму полигоны және жақын орналасқан ластанған маңайымен қоса «Карбид» зауытының аумағын тазарту жөніндегі жұмыстар» атты жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік

жоспарына енгізілген. Бұл жоба «Қалдықтарды көму полигоны және «Карбид» зауытының аумағын тазарту жөніндегі жұмыстар» (жобаны жасаушы Данияның COWI A/S фирмасы) және «Қоршаған ортаға ықпалын бағалау» (жобаны жасаушы Астана қаласындағы «Экопроект» ЖШС) деп екіге бөлінеді. Бұларға мемлекеттік экологиялық сараптама он тұжырымдама берген.

Жобаның мақсаты бұрынғы «Карбид» ОБ-нің ғимараты мен құрылғыларын (өндірістік ңехтары, «КарГрэс-1»-дің күлтөкнесі, Жауыр батпағы) сынаппен ластындыру көзіп жою арқылы Нұра өзенінің бойында тұратын халықтың әл-ауқат жағдайы мен денсаулығын жақсарту болып табылады.

Жобаның алғашқы кезеңі құрамында сынабы бар қалдықтарды көму үшін полигон салуды жобалау және «Карбид» зауытының аумағы мен жақын маңайын тазалау жұмыстарын камтиды.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру жобалау аймағындағы құрамында сынап 10 мг/кг жоғары барлық топырақты алып, оларды аралық станция арқылы көму орнына жеткізу болып табылады.

Нұра өзенін ластанған сынаптан тазарту жобасын қаржыландыру үшін 2003 жылдың 17 желтоқсаны күні банктің қарызы туралы (Нұра өзенін тазарту жобасы) келісімге заңнамада көзделген барлық келісімдерден откеп соң қол қойылған болатын. Бұдан соң ҚР Президенті Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму банкі арасындағы осы келісімді жүзеге асыру жөніндегі заңға қол қойды. Ластандырушы сынабы бар қалдықтарды көмуге арналған «Апан» телімін таңдаудың өзі бірнеше кезеңнен тұрған.



Тасымалдаудың көліктік сызбасын қоса отырып полигонды орналастыру жөнінде 8 баламалы вариант қарастырылған. Олардың барлығы да техника-экономикалық негіздемелер (келесілік фирма ВСЕОМ, Франция, 2002 ж.), жергілікті жердегі комиссиялық алдын ала зерттеулердің, ішінара іріктеліп алынған инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық зерттеулердің материалдары негізінде ұсынылады.

Оларға бағаны ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті мен Дүниежүзілік Банк тартқан күзінетті ұйымдар береді. Зерттеулер мен санитарлық норма мен ережелер (СНИП) талаптарына сәйкес полигонды орналастыру үшін 4 алаң бөлінді. Соның ішінен жүргізілген жұмыстар мен зерттеулердің нәтижесінде полигон орналастыру үшін «Апан» шатқалы таңдалып алынды.

Полигон таңдалып алынған соң 2005 жылдың мамыр айында «Апан» шатқалында полигон жобалау жөнінде қоғамдық тыңдау өткізіліп, онда «Ақбұлақ» бұлағының ластануы мүмкін екендігі туралы ескертулер айтылды. Осыған ұқсас полигондар таңдауда және

бағалауда үлкен халықаралық тәжірибесі бар COWI фирмасы даналық жұмыстарды қоса отырып, полигон алаңының гидрогеологиялық жағдайын нақтылау және оның жер асты суларына ықпал ету мүмкіндігін нақтылауға арналған қосымша зерттеу жүргізді. Жүргізілген барлық жұмыстың нәтижесі полигон ұйымдастыру үшін «Апан» шатқалының жарамды екендігін дәлелдеп берді.

Қоршалған ортаны қорғау министрлігінде Теміртау қаласының тұрғындарынан түскен «Апан» шатқалына қатысты мәселе қаралды. Онда көму орнының тұрғын аймақтан алыстығы, жобаланған полигонның қуаты, тасымалдаудың ара қашықтығы, орналастырудың басқа да баламалы орындарының болуы, гидрогеологиялық орналасуы, «Миттал Стіл Теміртау» АҚ күлтөкпесінің топырақты жаппуы, «Ақбұлақ» бұлағының ластануы, тұрғын үй құрылыстарының «Апан» шатқалына қарай созыла салынуы, Нұра өзені арнасы бойынша техникалық шешімнің және ұсынылған жобаны сапалы орындауға қабілетті жергілікті мердігердің жоқтығы сияқты мәселелер ұсынылған. Бұл мәселелердің барлығына тиісінше жауап қайтарылған. Теміртау қаласындағы бастамашылық бір топ тұрғынның ұйымдастыруымен «Сынанты заттарды «Апан» шатқалына көму» тақырыбында «Дөңгелек стол» басындағы әңгіме өткізілген. Онда жобаның тек Теміртау қаласы ғана емес, бүкіл Республика үшін маңызды екендігі, аймақтағы экологиялық жағдайдың қиындауының алдын алу мақсатында оны тезірек жүзеге асыру, тандалып алынған орынның тиімділігі, тек барлық санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау қажеттігі айтылған. Үйлестірушілердің тапсырған материалдарының арқасында дөңгелек столға



қатысушылар жобаны жедел түрде жүзеге асыру қажет деген ортақ пікірге келген.

Бұдан соң, 2006 жылдың ақпан айында да «Дөңгелек стол» басында әңгіме өткен. Онда да жобаны қолдай келіп, көптеген пікірлер айтылған. Полигонның санитарлық нормалар мен ережеге сәйкестігі хаттамада көрсетілген. Бұл технология топырақтың жел мен жаңбырдың әсерінен екінші қапталға ластануын болдырмауға бағытталған. Бұл полигон қалдықтарды ұзақ мерзімдік сақтауға емес, секциялық құрылыс жүргізу кезінде және үш құрылыстық маусымда толтыруға арналған. Әрбір секция қалдыққа толған соң жел мен судың эрозиясынан сақтау үшін беті жабылып тасталады.

Полигонды салуға және ластанған аумақты тазартуға мердігерлерді іріктен алу, сол сияқты құрылыс жұмысын қадағалау займ туралы Келісіммен анықталған Халықаралық конкурстық сауда бойынша жүргізіледі. Іріктен алу кезінде жұмыстың күрделілігі мен көлемі осыған үкесіз жобаны жүзеге асыруда тәжірибесі негіз болады.

Қалдықты көмудің бірнеше баламалы варнанттары (Астаховка поселкесінің маңы, Ақтау карьерінің маңы, Андронников поселкесінің маңы, Самарқанд поселкесінің маңы, Жауыр батпағы, «Карл П'ОС-1» күлтөкпесі, Кіріш зауытының маңы, тұрмыстық қатты қалдықтар төкпесінің маңындағы екі телім, Алаш шаткалы) техника-экономикалық негіздемені, телімді сол орнында тексеруді, инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулерді даярлау кезінде алынған материалдар негізінде ұсынылған. Варианттарды бағалау көрсеткіштердің 8 түрі бойынша жүргізілген. Техника-экономикалық негіздемені жасау жөніндегі жұмыстың басында ластандырушы нағыз көз

болып табылатын бұрынғы «Карбид» зауытының ғимараттары мен құрылғыларының аса апатты жағдайда екендігі анықталды. Қазіргі кезде оның ғимараттары бұзылып алынды. ҚР АШМ Су шаруашылығы комитеті Халықаралық Қайта құру және Даму банкімен (МБРР) бірлесіп отырып жоба бойынша сынап әсер еткен адамдардың науқасын анықтау және емдеу мәселелерімен айналысатын медициналық ұйымдарды, оның ішінде Минамата институтын (Жапония) тартуды көздеп отыр.

Бұған қоса тағы бір атап өтердігі – полигон 50-100 жылға жоспарланған жоқ, өйткені ол аталған мерзім туралы сөз қылатын «қойма» емес, ол қауіпті қалдықтарды көметін орын. Соған орай полигон жердің табиғи бедеріне орай жобаланған. Одан кейін оған ең соңғы рекультивациялық қабат жасалуы қажет.

Сөйтіп, қазіргі кезде қоғамдық ұйымдар көтерген қауіпті қалдықтарды көметін «Апан» шатқалы жайлы мәселе мемлекеттің тұрақты бақылауында. Ендігі бір айта кететін нәрсе – бұл жобаның дайын болғанына екі жылдан асып кетті. Бірақ әлі күнге дейін оның тек бірінші кезеңі ғана жүзеге асырылды. Өзен табанына әлі күрек тиген жоқ. Бұл жұмысты енді соза беруге болмас. Дана халқымыз «Темірді қызған кезде соқ» деп тегін айтпаған болар.

*(«Взгляд на СОБЫТИЯ» газеті,  
2013 жыл).*

## АРМАНЫМЫЗ АЛЫСТАП БАРА ЖАТҚАНДАЙ

Егемендімізді алып, Тәуелсіздікке қолымыз жеткен соң тілімізге еркіндік тиеді бәрімізді аспаға атқан едік. Бірақ күткеніміздей болмады. Туған тіліміз өз жерінде, өз еліңде өтегілікке ұшырап келеді.

### Шегілдік дүниелер дәрумен бе?



Иә, егемендімізді алып, тәуелсіздігімізге не болған соң өз тіліміздің мерейі үстемдікке жетеді деп ойлағанбыз. Ол арманымыз бұл күнде алысқа кетіп, қол жетпейтін сағымға айналғандай. Телеарналардың қазақ, орыс тілдеріндегі хабарларының санын теңестіреміз дегені қашан. Олар сол баяғыша түп ортасынан бастап «Бауыржан шоуды» көрсетуді тоқтатқан жоқ. Ол түгілі кейбіреулерінде әлі күнге дейін өздерінің төл хабарлары да жоқ. Ресейдің арналарындағы хабарларды трансляция жасап келе жатыр. Сонымен ақша тауып отыр. Одан біздің халқымызға қаншалықты пайда бар?

Ал газет-журнал сататын дүңгіршектерге барыңыз – онда да көңіл құлазығатын көріністер. Толып тұрған

Ресейдің баспасөзі. Жалаңаш-жалпы әйелдердің суреттері бар, әлем-жәлем басылымдар. Болмаса Шымкенттен шығатын арзанкол дүниелер. Мұндай баслымдар біздің болашақ ұрпағымызға қандай тәлім-тәрбие бермек.

Тәрбиенің тағы бір көзі кино болып саналады. Қазір қаламызда бұрынғыдай емес, үш-ақ кинотеатр қалды. Солардың өзі отандық емес, сонау мұхиттың арғы жағынан келген, батыстың дүңшелерін экрандарына шығаруға әуес. Иә, бір кезде батысқа еліктегеніміз рас. Солай қарай аңсарымыз ауып тұратын. Ол күндер кетті емес пе, енді өзіміздің төл өнеріміз бен төл мәдениетімізді насихаттайтын, өз күндіздіктерімізбен марқаятын шақ туды ғой. Сондықтан да шетелдік (ішінде арзанкол дүниелер аз емес) кинолардан бас тартып, отандық экран дүниелеріне оралайық. Батыстың атыс-шабысын, төсек ләззатын насихаттайтын, біздің дінімізге де, ділімізге де сәйкес келмейтін дүниесымақтары қашанға дәрумен бола береді?

### **Тегімізді қашан дұрыс жазамыз?**

Бұл да сан мәрте айтылған, сан мәрте жазылған жай. «Айғактай-айғактай қасқырдан ұят болды» депті ғой, баяғыда бір бейбақ. Сол айтқандай, айтудан кенде шаруа емес. Басқасын былай қойғанда бұл мәселенің дұрыс қойылмауы мектептерден басталады. Бал мектепке келген бірінші сыныпта оның тегін (фамилиясын) қалай жазса, сол оның өмір бойы есінде қалады. Әрине, кейін қыз бала тұрмысқа шыққанда тегін өзгертіп жатады. Бұл басқа мәселе.

Сонымен, кез келген мектептегі кез келген сыныптың журанылын ашыпжіберіңіз. Алдыңыздағы

фамилиялардың барлығының орысша жазылғанын көресіз. Мен бәрін түсініп отырмын. «Тууы туралы куәлікте тегі қалай жазылса, солай толтырылуы керек» деген қаулыны да білемін. Бірақ осының дұрыс емес екендігін неге дәлелдемеске? Мәселен, орыс тілі пәні болса бір жөн, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндеріне арналған бетте баланың аты-жөні, тегі неге қазақша толтырылмайды? Содан барады да Жұмағұлов – «Жұмағұлов», Әділбеков – «Адилбеков», Сағинаев – «Сагинаев» болып, Молдір деген әсем ат – «Молдир», Қарлығаш – «Карлыган», Жәмил – «Жамиль» т.б. болып жазылып кетіп жатыр. Тегін сұрасаңыз баланың өзі де

«Жұмағұлов» деп, атын «Молдир» деп жауап береді. Мұнымен қалай қазақ боламыз? «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыңты» деп осындайdan айтсақ керек. Сонау келмеске кеткен Кеңес Одағының кезінде аты-жөніміз екі тілде жазылуы еді. Енді сол күніміздің өзіне зар – болмасак неғыласың?

Тегінде бұлай тегімізді орысша жазып әуре болғанша неге бір-ақ тілде құжат алмасқа деген ой келеді. Соған орай әділет органдарында, оның ішінде АХАЖ бөлімі қазақ балаларына тууы туралы куәлікті қазақ тілінде толтырса, мұндай әңгіме тумас еді.

Осындайда менің ойыма жетпісінің жылдарда телевидениеде істеп жүрген кезімдегі бір жай оралады. Сол кезде ескі қалада жұмсақ жиһаз шығаратын цех бөлді. Осы цех туралы «Жаналықтар» үшін киносюжет



түсіруге барғанымызда «қазақша жақсы сөйлейді» деп. Ажар Кутлюб деген қызды ертіп келді. Қазақшасы онша емес екен. Фамилиясының неге бұлай жазғанын сұрағанымызда әкесінің Ресейдің Қорған облысында туғанын, сол жаққа осылай жазып жібергенін айтты. Оның шын фамилиясы «Кутлеуов» шығар деп ойлады. Жарайды, бұл сонау Кеңестік дәуір және құжаты Ресейде толтырылған екен. Ал біздің өз Отанымызда өзіміздің аты-жөнімізді өзіміз дұрыс жаза алмай отырғанымыз қандай өкінішті?!

Жуырда Қазақ радиосы осы аты-жөнін, тегін дұрыс жазу туралы бір тамаша хабар берді. Онда да осы жайларды айта келіп, Алматы қаласында бір балабақша мен бір мектептің жақсы бастамасын жеткізді. Олар қазақ балаларының аты-жөндерін ата-аналарымен келісіп, гөпқұжаттарын қазақшалатып жатыр екен. Бұл жайды көпшілік ата-ана қуана құп алышты. Енді осы жайларды біздің Қарағандыда да қолға алғаны жөн деп білеміз.

### Салт-дәстүрге неге салақпыз?

Бұл жерде біреулердің «Салт-дәстүрдің тілге қандай қатысы бар?» деуі де мүмкін. Мен «Тікелей қатысы бар» дер едім. Өйткені салт-дәстүріміз бен ана тіліміз бір-бірімен тығыз байланысты. Салт-дәстүрді білген адам қазақ тілін де жақсы меңгереді. Әрине, салт-дәстүрдің де озығы мен тозығы бар.

Мәселен, сәлемдесудің де өзіндік дәстүрі бар екендігін білеміз. Студент кезім, Ауылға барғанда бір ақсақалға: «Сәлеметсіз бе, ата!» - деп амандасқан едім, әлгі кісі мені тыңдамағандай сыңай танытты. Мен қайта амандастым. Бірақ ана кісі қолымды зорға алып, төмен қарап отырып қалды да: «Осы сендерге не оқытады?» - деп сұрады. «Оқу оқытады», - дедім басқа айтар ештеңе таппай. «Сонда қалай, амандасуды оқытпай ма?». Мен кірерге тесік таппай қалдым. Содан бастан ақсақалды ата көрсем, тіпті өзімнен үлкендердің барлығына «Ассалаумағалейкум» деп амандасатын болдым. Халқымыздың дәстүрлі амандасуына салқынын түтүзген кешегі коммунистік қасан қағида екендігі белгілі. Үлкен кісіге «Ассалаумағалейкум» деп сәлем беру ескіліктің сарқыншағы деген де ұғым пайда болды ғой. Тіпті бұлай амандасу діни ғұрып болып та саналғаны сөзсіз. Бір «қызығы» осылай берген сәлеміне қаратаяқ коммунист болған, бүгінде жетпістің ар жақ-бер жағындағы ақсақалдарымыздың «Уа-ағалейкум-ассалам» деп сәлем алғанның орнына, «Аманбысың» немесе «Сәлеметсің бе» дей салатыны өкінішті.

Қазір біздің халықта бұлай тек ер адамдар ғана амандасады. Ал Орта Азия халықтарының көпшілігінде «Ассалаумағалейкум» деп амандасу әйелдер арасында да бар. Мәселен, Қазақ радиосынан берілетін ұйғыр тіліндегі хабарды диктор қыздың «Ассалаумағалейкум, әзиз достар!» деп бастайтындығын сап мәрте естіп жүрміз.

Тағы бір мәселені айтпай кетуге болмайды. Мәселен, бір шенеуніктің кеңсесіне келіп кірсеңіз «Заходите», «Проходите» деп немесе «Кіріңіз», «Келіңіз» деп қарсы алады. Бұл да дұрыс шығар. Дегенмен де, халқымыз есіктен кірген адамды «Жоғары шығыңыз», «Төрлетіңіз» деп қарсы алмауны ма еді?

Бұл ертеден келе жатқан дәстүрімізді ұмытудың салдары. Орине, салт-дәстүрге қатысты көптеген жайларды айта беруге болар еді, бірақ шағын мақаланың көлемі көтермейді.

### **Шалағай аударма қайдан шығады?**

Қазір аудармашылардың көбейгендігі соншалық, кез келген сөзді мазмұнына қарамай «аударма салатынды» шығарып алдық. Солардың көпшілігі «Балық басынан шіриді» дегендей, жоғары жақтан келіп жатыр. Мәселен, қоршаған ортаны қорғау деген тіркес бар және сондай министрлік бар. Осының мазмұнына сана жүгіртіп қарасаңыз білгілі бір жерді қоршаған, енді сол ортаны ғана қорғап жатқан сияқты. Оның дұрысы бір кездері аталған «Айналадағы ортаны қорғау» еді ғой. Біздің халқымыз маңайды, айналаны қашаннан қоршаған орта деп айтып еді? «Окружающая среда» деген сөзді мағынасына бойламай біреу осылай аударма салған. Оны түзетін жатқан ешкім жоқ, сол бойы қолданылып жүр. Сол сияқты «участковый инспектор полиции» дегенді «учаскелік полицияның инспекторы» деп «аударып» алдық. Оның дұрысы «полицияның участкелік инспекторы» болуы керек, өйткені участкелік полиция болмайды. Осы тіркес ішкі істер органдарының барлық құжаттарында сол қате күйінде жазылуда.

Аудармада салыстырмалы грамматикаға назар аударған жөн. Орыс тілінде «творительный падеж» арқылы берілген тіркестің бәрі қазақ тілінде көмектес септікпен берілмейді. Мысалы, «преступление раскрыто оперуполномоченным» деген тіркес «қылмыс оперативтік өкілмен ашылды» болып, «прокурором возбуждено дело» деген тіркес «прокурормен іс қозғалды» деп аударылуда. Бұл жерде «есік кілтпен



ашылды». «жер күрекінен казылды» дегендей болып тұр. Дұрысында «кымысты оперативтік оқид ашты», «прокурор іс қозғады» болуы керек. Осы мысалдарда келтірілген тіркестер бүкіл іс қағаздарында қаулап кетті. Бұл мысалдар аудармаға қалай болса солай, немқұрайды қараудың және сөздің мағынасына бармай, үстірт аудару салудың салдары екендігі даусыз.

Тағы бір айта кететін мәселе – бүгінде теледидардан берілетін жарнама аудармаларының сауатсыздығы. Мәселен, «НТВ», «РТР», «Рен-ТВ» арналарының берілетін «Регион Медиа» жарнамалары жаппай қатерге толы. Мұндағы аударманы қазақша сөздің мағынасын мүлде түсінебейді. Мысалы: **поеуда** дегенді **ыдыс** деп аударды. Дұрысы – **ыдыс-аяқ** болуы керек. «Қара күзен тон сатылады». Орысшасын қарап отырсақ бұл **порка**, яғни **құндыз** екен. Күзен дегеніміз **хорек** қой. «Танал тіреу және жазу етодары сатылады» дегенді түсіне алмай біраз отырдым. Сөйтсем бұл **тумбочка** екен. Оның қалай танал тіреу болатынын әлі күнге дейін білмей отырмын. «Разнорабочий» дегенді «әр түрлі жұмысшы» деп аударды. Дұрысында «әр түрлі жұмыс атқарушы», бір сөзбен айтқанда қазақша оны «**қара жұмыс атқарушы**» дейді. Осы жарнаманың аударманысы үндестік заңы дегенді де білмейді екен. Оған «**Үрімшіға шоп тур**», «**Сән колледжіна қарсы**» дегендерді мысалға келтіруге болады. «**Жіһаз орталығы**» деген сөз де жүр. Сол сияқты РБК телеарнасы туралы жарнаманың мәтіні де әр сөздің өз орнын таппағандықтан, түсініксіз сөздер жиынтығы болып шыққан. Мәселен, «**арнаулысыз қауымға ақша төлемей...**», «**оте қымбат тұратын және көпшілік фирмаларға нысаналысыз болып табылады**» деген тіркестер мүлде түсініксіз. «Сауда бөлмелер жалға беріледі». «Жер асты гараждар жалға

беріледі», «Дәріхананың анықтамасы» деген тіркестер де бар. Тере берсек, бұдан басқа да қателер табылар еді. Осымен шектелгенді жөн қордім.

Бұлардың барлығын айтып отырған есебебім – телеарна қазір көпшіліктің игілігіне айналған нәрсе. Оны елдің барлығы көреді. Корген елдің барлығы оны дұрыс деп ойлайды. Бұл сонда елді сауатсыздыққа тәрбиелеу болып шығады.

Қазіргі кезде аудармашы деген көбейін кетті. Әрбір мекеме мен ұйымда өзінің аудармашысы бар. Бірақ солар қалай аударып жатқандығы мәлімсіз. Әркім өзінше аударады. Солардың көпшілігі сөздің түпкі мағынасына, терминдер-ге, тұрақты сөз тіркес-теріне мән беріп жатпайды. Сөздіктен қарап алады да, өз бетінше аударып береді. Сондықтан да «Әркім өз бетінше қой айдап кетпес үшін» облысымызда аударма орталығын құрса деген ойымыз бар. Ол мүмкін облыстық тілдерді дамыту басқармасында бола ма, әлде облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің жанында бола ма, өл жағын алдағы уақытта ойластырған дұрыс.

Сайып келгенде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – тілімізді шұбарламай, дұрыс жазайық, ағайын. Тіліміздің мәртебесін жоғарылатамыз деп жүріп барымыздан айырылып қалмайық. Салт-дәстүрімізді сақтай білейік. Бүгінгі біздер келешек ұрпақ алдында жауапты екендігімізді ұмытпағанымыз жөн.

*Мемлекеттік тіл-  
қазақ тілі!*



*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
22 қараша, 2008 ж.)*

## АПАТТЫ АУЫЗДЫҚТАУ МҮМКІН БЕ?

Елбасының Қауіпсіздік кеңесінің мәжілісінде сөйлеген сөзінде ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа көп жол беретін бұрын жол полициясы екендігі сынға алынуына байланысты оның жұмысына елеулі өзгерістер енгізілді.



Көпте қиындықтарында инспекторлар тұрмайтын болып еді, қала көшелері мен жол бойында көптеген апаттар болып, талай адамның өмірі қиылды.

Осыған орай жол полициясы басқармасында БАҚ өкілдерімен кездесулер өткізіліп, жол полициясының жұмысындағы және басқа да өзгерістер туралы кеңінен сөз болды. Соның ішіндегі ең бастысы қазіргі заңнаманың жетілмегендігінен сыбайлас жемқорлыққа жол беріліп келетіндігі ерекше ауызға алынды.

ҚР ІІМ Жол полициясы департаментінің бастығы Өмірзақ Түсімовтің айтуына қарағанда параны алушыны да, оны берушіні де жазалау қажет.

- Мәселен, Сингапур мен Малайзиядағы пара алған мемлекеттік қызметкер бес жылға түрмеге жабылады, оған 10 мың доллар айып төлеттіріп, бұдан

соң мемлекеттік органдарда қызмет атқаруға тыйым салынады. Бізде паракорлық үшін жазаланады деген құр аты ғана. Өткен жылы республика бойынша паракор пинцетке қатысты 53 іс қозғалды, бірақ оның ішінде 32 адам ғана жазаға тартылды. Оның өзінде жалпы сомасы 20 мың теңге көлемінде әкімшілік айып төлеумен құтылды. - дейді департамент бастығы.

Жол бойындағы сыбайлас жемқорлықты, пара алуды болдырмау мақсатында көптеген жұмыс жүргізіліп, шаралар қолданылып жатыр. Солардың ішіндегі ең бастысы жол полициясы қызметкерлерінің кейбір өкілеттігін шектеу болып табылады. Мұндай жаңалық жүргізушілік арасында алуан пікірлер туғызды. Әсіресе, жүргізушілер бұл жаңалықты әрқайсысы әр түрлі түсініп, әркім өзінің қалауына қарай пайдалануға тырысты.

Сондай шектеулердің салдарынан көше ортасында болсын, қала сыртындағы жол бойында болсын автомобиль апаттары күрт көбейіп кетті. Өйткені, қалай жүріп-тұру жүргізушілердің өз еріктеріне берілген еді. Олардың тек санасы барлары ғана болмаса, бұл еркіндікті көпшілігінің барынша пайдаланғысы келді. Шектен асырып, көше ортасында көз ілеспес жылдамдықпен жүретінді шығарды. Жол ережесі өрескел бұзылды, бағдаршамға бағдарлау далада қалды.

Ал, МАИ қызметкерлерінің автомашинаны себепсіз тоқтату, әдетте қалыптасқан тасадан шыға келу, радармен жылдамдықты бақылап отыру сияқты әрекеттеріне тыйым салынған. Бұл жүргізушілерге әкімшілік жауапкершілік туралы хаттама толтыратын жағдайлар тізімінің бірталай қысқарып қалғандығын көрсетеді.

Хаттама толтыратын әрекеттерге жылдамдықты шектен асыру, бағдаршамның қызыл жарығы кезінде

өтіп кету, қарсы жолға шығып кету, көлік құралдарын мас күйінде басқару, апаттық жағдай туғызу, жол полициясы қызметкерінің тоқтау туралы талабын орындамау жатады. Бұрынғы ескі радарларды қолдануға болмайды. Онымен жылдамдықтың шектен асуын дәлелдей алмайсың. Онда дәл сол сәтті уақытын көрсетіп тұрып жазын алатын немесе түсірін алатын қосымша құрылғы жоқ.

Айналасы бір айға толмайтын уақыт ішінде еркіне кеткен жүргізушілер бірнеше апаттан аяқ алап жасап үлгерді. Соның салдарынан ондаған адамның қаза тапқан оқиғалары кездесті. Қарағанды қаласының көшесінде апат болмаған күн жоқ десек, артық айтқандық емес. Ол әлі де жалғасып келеді.

Осыған қарап отырып көше кишілесінде аяқ таяқ ұстаған жол полициясы қызметкерінің тұруы міндетті сияқты болып көрінеді. Егер ол көрінбесе міндетті түрде ережені бұзу қажет сияқты. «Сонда ол не үшін тұр?» деген сұрақ еріксіз туындайды. Ойлап қарасаңыз – ол жолда жүріп-тұру қауіпсіздігін сақтау үшін тұрған болатын. Яғни, ол жол қозғалысына қатысушылардың (жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің) қауіпсіздігін қадағалаған болатын. Егер тереңірек ой жүгіртсек – көше кишілесінде жол полициясының қызметкері жол апаты болған жағдайда (машиналар соғысып қалса, біреуді қағып кетсе) немесе бағдаршам істемей қалса ғана келін, оқиғаны талдауға, қозғалысты реттеуге қолғабыс жасауы тиіс. Енді солай істейтін болады да. Осыдан біраз жыл бұрын ондай оқиға болмаса да автоинспектордың тұруы міндетті еді. Ол келе жатқан машиналардың ішінен өз қалауына біреуін тоқтатып алып, жолдамасының бар-жоғын (жүк машинасы болса), тежегішінің қалай жұмыс істейтіндігін, түтініндегі зиянды қоспаның құрамын және басқаларды тексеретін.

Егер осылардың біреуі дұрыс болмаса – ол дереу хататама толтыра бастайды. Сол кезде жаны қысылған жүргізуші инспектордың қолына бір-екі «сарышолақты» қыстыра салып, жайына кететін.



Жол полициясы қызметкерлеріне пара беретін осы сияқты тек жүрмей, жол ережесін бұзатындар екені сөзсіз. Бұған қоса, біздің заңнамамыздағы кейбір орашолақ ойластырылған тұстар да пара беруге еріксіз итермелейді екен. Мәселен, жылдамдықты шектен асырғаны үшін жүргізуші 2-ден 5-ке дейін АБК (бұл 2060 теңгеден 5150 теңгеге дейін) мөлшерінде айып төлейді. Бұл үшін оған хаттама толтырып, қаулы шығарған соң, ол банкіге барып, айып төлейді де, жүргізушілік куәлігін қайтадан алу үшін жол полициясындағы кезекке тұрады. Осылардың барлығы уақытты алады, қаншама жүйкені жұқартады. Сондықтан да бұл процесті бір ретбасынан өткерген жүргізуші екінші жолы мәселені сол жерде шешуге тырысады. Бұл – пара беру деген сөз. Тағы бір маңызды

мәселе – жол қозғалысы оқиғасына ұрысшаныңдардың көпшілігі жүргізушінің куәлігін алғандарына екі жыл тлмағандар болатындығы. Яғни, бұл жолда жүру тәжірибесіне де көп байланысты екендігін көрсетеді. Сондықтан да жүргізушілерді даярлауға да баса назар аудару қажет.

Кейінгі кездері жүргізушілер кадрын даярлау ісі күрт нашарлап кеткен. Бұрын МАИ-дегі теориялық емтихан тапсыру көрсеткіші кем дегенде 70 пайыз болса, бұл күнде ол 50 пайызға дейін төмендеген. Қазіргі кезде облыс бойынша 50-ге жуық ұйым жүргізушілер даярлайтын болса, оның ішінде 15 күнде оқытып шығаратындары да бар екен. Ал әлемдік тәжірибе бойынша курсанттын кем дегенде 70 сағаттық практикалық тәжірибесі болуы қажет. «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» Заңға енгізілген жуырдағы өзгеріс бойынша жүргізушілерді даярлау ісі ҚР Ішкі істер министрлігінің қарамағына өтетін болды. Осыған байланысты жүргізушілерді даярлау мерзімі 6 айға дейін ұзартылмақ. Ал Жол қозғалысы ережесі мектептер мен колледждерде, ЖОО-да міндетті түрде оқытылып, тиісті куәліктер берілмек.

Тағы бір жаңалық – полиция қызметкері әмбебап болуға тиіс. АҚШ-тың кейбір штаттарында полиция қызметкерлерінің өз учаскесі бар. Онда тек жол бойындағы тәртіпті ғана емес, жалпы тәртіпті, қылмысты, ұсақ тәртіп бұзушылықты, бір сөзбен айтқанда, полиция қызметкеріне тән барлық қызметті бір өзі атқарады. Біздегі полиция қызметкерлері де сондай болуы қажет. Ол үшін білімі мен тәжірибесі, бойының ұзындығы мен салмағы сәйкес келуі керек. Бұлай болмаған жағдайда басқа қызмет іздестіруге тура келеді.

Келесі кезең – техникалық жарактану. Бұл дегеніңіз онда қазіргі кездегі әлемдік стандартқа сай техникалық жарактың барлығының болуы. Бірінші шілдеден бастап біздің облыста жаңа эксперимент басталды. Ол тоғыз айға созылуы тиіс. Енді біздің жол полициясының қызметкері жол бойында бәрін атқара білуі керек. Ол дегеніңіз егер бағдаршам істемей қалса немесе «кештеліс» пайда болса – реттеуші (регулятор), жол апаты болса – апаттың сызбасын жасай білу, керек жағдайда машинаның кейбір жеңіл ақауларын жөндесуге көмектесу, «жедел жәрдем» кешіккен жағдайда дәрігердің міндетін атқару сияқтылар.

Тағы бір жаңалық – авто-мото көліктерін техникалық байқаудан өткізуге қатысты. Қазіргі кезде көлік құралдарына диагностика жасап, техникалық байқаудан өткізетін кәсіпорындар мен ұйымдар жауыннан соңғы көктей қаулаған. Бір жолғы техникалық байқау бір көлік құралына екі мың теңгеден айналады. Ал осыған тағы екі мың теңге үстінен қосып төлесеніз, әлгілер сіздің көлігіңізді көрмей-ақ техникалық байқаудан өткізіп береді. Сөйтіп, облысымыздағы барлық автомобильдердің 90 пайыздан астамында қанағаттанарлық техникалық жағдай бар екен. Егер байқап қарасаңыз, облысымыздағы автомашиналардың орта жасы 10 жылдан асып түседі екен. Техника үшін бұл әжептәуір «кәрілікке» жатады.

Ең бір қызығы, осы машиналарды диагностикадан, техникалық байқаудан өткізгендер кейін бір ақау табылған жағдайда жауап бермейтін болып шықты. Ешкім ештеңеге жауап бермейтін болса, онда мұндай диагностика мен техникалық байқаудың қанша қажеті бар деген сұрақ еріксіз туындайды. Сондықтан да ҚР



Ішкі істер министрлігінде техникалық байқаудан өтуі міндетті емес деген де ой айтады. Машинасының ақаулығын білген немесе күдіктенген адам автосервисте өзі барын көрсетуі қажет. Өркім машинасынан ақаусыз болуына өзі мүдделі болуға тиіс.

Еске сала кететін тағы бір мәселе – жаңа автомобиль техбайқаудан алғашқы үш жылда бір рет, үш жылдан жеті жылға дейін екі жылда бір рет, ал жеті жылдан бастап жыл сайын өтіп отыратын болады. Ал жолаушы тасымалымен айналысатын автокөліктер бұрынғысынан жарты жылда бір рет өтеді.

Автокөлікке мемлекеттік номер алу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Бұл да жол полициясы қызметкерлерінің пайда табу көзіне айналған мәселе еді. Кейбір «благнойлар» тиісті сыйақыға өзіне ұнаған номерді тағып алатын. Енді номердің барлығы қатаң түрде кезекпен берілетін болды. Номер бланкілері де қатаң есепке алынады. Қалай істесе де «көрнекті» номерлер бәрібір «бармақ басты, көз қыстымен» кетеді дейтіндер бар. Онда мұны неге заңды түрде саудаға салмасқа. Тіпті мұнда номерлерге аукцион жариялауды ұсынғандар да бар.

Бұлардың барлығы да жол полициясына қатысты жайлар. Бұнымен қоса біздің өзімізге, яғни жүргізушілерге қатысты жайлар да аз емес. Ол көше тәртібін, жол қозғалысы ережесін орескел түрде бұзу. Ал қазіргі кезде көше ортасында келе жатқан қауіп сияқты көрініп тұрады. Біздің редакцияның жанында жаяулар өтетін екі жер бар. Оның біреуі автоматты бағдаршаммен, ал екіншісі («Аймаң» дүкенінің алдында) қолмен басқарылады. Осылардың екеуінен де абайлап өтпесең, аса қауіпті – бағдаршамның қызыл жарығы жанып тұрғанына қарамастан иномаркалар

алдыңнан зулап өте шығады. Желімен ұшып кетпесін деп саясатшынан қалпағыңды баса қаласың.

Жолда абапдан жүруге, ережені бұзбауға болмас па екен!? Жол қозғалысы ережесін бұзып жүруді, жылдамдықты шектен асыруды, ішіп алып машина руліне отыруды бағырлық сияқты көріп, онысына өзі мақтанатын жүргізушілер де бар. Кошеде екі машинаның соғылысына қалуына жол полициясын кінәлайтындар да көп. «Егер ол осы жерде тұрса – ана машиналар соғылыспайтын еді» дейтіндер бар. Сонда машиналарды соғыстырған полиция қызметкері емес қой. Бұл дұрыс жүрмеудің салдары екендігі сөзсіз. Соның бірі қайтсе жол қозғалысы ережесін сақтамады, әйтпесе бір-біріне жол бермеуге тырысты. Әрбір көше мен жол қиылысында ала таяқ ұстаған қызметкер тұруы міндетті емес. Ал жол қозғалысы ережесін дұрыс орындау – біздің әрқайсымыздың, әрбір жүргізушінің (жаяу жүргіншінің де) міндеті. Ол өзіміздің, сонымен қоса маңайымыздағылардың қауіпсіздігі үшін керек. Сондықтан да апаттан аулақ болу үшін, бәріміздің амандығымыз үшін әркімнің өзіне тиісті міндетін саналылықпен, дұрыс орындауы қажет.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
1 тамыз, 2006 ж.)*

## САҒЫНДЫМ САРЫ ДАЛАМДЫ, САРЫАРҚАМДЫ

Қазак даласында ұлы дубір болған тың көтеруге биыл 50 жыл толғалы отыр. Осыған орай соғыс және еңбек ардагері, тың көтеруге белсене атсалысқан, қазір қаламызда тұратын зейнеткер Ақторғай АЗБАНБАЕВ ақсақалдың естелігін жазып алған едім.

### Тағдырдың жазуы



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тың және тыңайған жерлерді көтерудің 50 жылдығына орай алғашқы тың игерушілерді Астанаға шақырып, еліміздегі ел танымас өзгерістерді өз көздерімен көрсін деген ұсынысын естігенде Президентіміздің көретендіше тағы бір таң қалдым.

Бүкіл Еуразия аумағында жүрген алғашқы тың игерушілердің көңіліндегі арман-тілекті қалай дөп басқан! Талай сары бала осы кездесуді арман етін, жүргені бір Құдайға аян. Міне, енді олар өздерінің

көңілдеріндегі арманына жетпек. Олардың мұндай ішкі жан-дүниесін түсіну үшін жусаны мен жуасы бұрқыраған, әлі түрен түспеген сары даланы көзге елестету керек. Олар Қазақстанға алғаш келгенде не көрді? Қазақтың көңіліндей кең, дархан, көз жетпес гажайып сары даланы көрді. Трактор мен комбайнға отырар алдында Сарыарканың саумал дәмді саф ауасымен тыныстады. Олар керемет кеңістікпен танысты, кең жерге дән егіп терлеген қазақпен, басқа да ұлт өкілдерімен танысты, достасты. Сол сары орыс баласы мен басқа да ұлт өкілдерінің балаларын трактор мен комбайнның қыр-сырына үйреткен қазақ балсының бірі мен едім.



Тағдыр маған, менің өміріме осындай үлес жазыпты. Құдайдың жазуы солай болды, мен көндім, бәрін көрдім. Бұл жерде мен тың көтеруге қатысқанымды емес, жалпы тағдырымның, өмір жолымның ауыр болғанын айтайын деп отырмын.

Мен 1924 жылы Семей облысының Абыралы ауданында дүниеге келіппін. Аmandық болса, биыл 80 жасқа толамын. Үш жасымда шешемнен қалдым. Бірақ туган-туыстың, әкемнің арқасында жетімдік көрмей өстім. Туганда есімімді Мұқаметқали деп қойған екен.

Бірақ кейін торғайдай таңа кінкентай нығма қарай «Акторғай», «Ақжан» деп атаушы еді. Сол қосымша атым кейін ресми атым болып, тууы туралы құжатіме ауысты, содан бүкіл тағдырымның серігі болды. Қазақта бозторғай мен қараторғай белгілі болғанымен, акторғай деген құсты естіген емесін. Жаным мен көңілімнің ақтығы үшін осы есімді маған тегіп, әке-шешем үміт артқан маған тағдыр бозбала шағымнан боздағын, дозаққа салды.

### Соғыс өрті шарпылды

Он сегіз жасқа да толмастан (1942 жылы) соғысқа алып кетті. Мен ол кезде баламын. Соғысқа дайын емес едім. Винтовкам өзімнің бойымнан биік болатын. Шинелімнің етегіне шағынын құлаймын. Танкіде ортке оранған кезден де аман қалдым. Сонда бұл әлі көресіні көріп біткен жоқ, жүре тұрсын деген болар тағдырым.

Бүгінгі күні соғыстың тәнімізге де, жанымызға да салған жарақатын еске алу оңай нәрсе емес. Майдап даласында талай қиындықтарды бастап өткердік қой. Ауылдан бірге аттанған үшеу едік. Бір жолғы қырғыннан соң Қаңтарбай «Жарақаттандым» деп айқай салды да, санбатқа қарай еңбектен кеткен. Сол кеткеннен орамады, хабар-оңар жоқ. Ал Темірхан деген жолдасымыз орта жолда қаза тапты.

Есімнен кетпейтін оқиға Украина жерінде болды. Біз бір тобенің басында болдық, немістер төменгі жақта. Күні бойы жатып, әбден шошудық. Бір үйдің бақшасы бар екен. Оның арғы жағында бомба түскен орында пайда болған терең апан жағыр, түбінде ештеп су жылтырайды. Жанымдағы кісілер су әкелуге мені жұмсады. Барсам – малдың да ішуіне жарамсыз, жиіркеніп ішпейтін сарысу. Ойланым тұруға уақыт жоқ. Өзім әлгі суды ішіп алдым да, құтымен алып келдім.

Басқалар да еріксіз ішін алды. Кешке қарай соғыса отырып, орман ішіне кірдік. Бір кезде артымыздан көмек келіп құтқарды.

Басында миномет взводында, кейіннен танкист болдым. Бомбадан контузия алдым. Оң құлағым жөнді естімейді. Сол жақ желке тұсымда бірнеше жарықшак қалып қойды. Алғызып тастамақ болып едім, кейбіреулер «соны қозғамаған дұрыс» деп кеңес берді. Содан әлі күнге дейін менімен жолдас болып жүр. Сірә, өзіммен бірге кететін шығар.

Жараланған кезімде Саратов қаласындағы госпитальға әкеліп емдеді. Құдайдың жазуы, сол кезде ағам Ораз да сонда емделіп жатыпты. Біз бір-бірімізге кездесе алған жоқпыз. Оны кейін білдік. Қайдан кездесеміз, қаптаған халық, ығы-жығы, біреуді-біреу біліп болмайды. Жазылып шыққан соң соғысқа қайтадан жіберді. Украинада, Румынияда, Югославияда болып, 1945 жылы Берлинге барып бір-ақ тұрақтадық қой. Екі жыл генерал Пауэрстің әскери гарнизонында тұрдық.

### **Халық жауы бола жаздадым**

Абыралыдағы ауылыма, Еңбектасқа 1947 жылдың жазында оралдым. Үлкен ағам Оразбен қатар соғысқа кіріп, қан кешіп жүргенімізде өзімнің туған ауылымның белсенділері әкем Азбанбайды «халық жауы» деп көрсетіп, соттаттырып жібереді. Ату жазасына кесілген жерінен он жылға бас бостандығынан айырумен алмастырып, Семейден Шымкент арқылы Кемероваға жер аударады. Сол жақта бір жылдан соң қайтыс болыпты. Мен оны білген жоқпын. Әкем тірі, ауылда өзінің екі баласының жанында ғой деген оймен жүрдім.

Әкемнің сотталып кеткенін, сол жақта қаза тапқанын келгенде бірақ естідім. Ағам Ораз 1945 жылы

оралыпты. Соғыста алған жаракаттың зардабынан ауырып, күзге қарай ол қайтыс болды.

Менің соңғы камалым, қорғаным құлады, тірегімнен айырылдым. Оның қырқынан соң өз Отанымдағы шайқасым басталды. Колхоздың қара жұмысында жүрген жерімнен бір күні 300 шақырым жердегі аудан орталыны Қайнарға арбамен алып жөнелді. Арбамен деген аты ғана. Жол бойы салмақтап, шаң жұтып, арбаның артында жаюу бесін қана отырдым. Сөйтіп келе жатып шолақ белсенділердің бұз ісі менің саанам бойламайды. Орталау ғана білімім бар, өмірім жетімдікпен келе жатқан, ағамның өлімі ішкі дүниемді қаусатып, күйзелткен маған неліктен қан жұтқызуға апара жатқанын білмедім. Аудан орталына жеткен соң мені бірден апарып түрмеге жауып тасталды. Неше күн өткенін де ұмытып қалдым, бірінесе күннен соң екі милиция аудандық партия комитетіне алып барды. Жеңіспен оралған жауынгерге өз Отанында осыншама қорлық көрсетеді деген үш ұйықтасам ойыма оралған нәрсе емес. Аудандық партия комитетінде бір бөлмеге енгізіп, біреулер әлдене сұрады. Не сұрағаны да қазір есімде жоқ. Неліктен екенін білмеймін, әлде партия қатарынан шығаруға себеп таппады ма (соғыста жүргенде өткен болатышмын), әлде біреу араша түсті ме, болмаса әзірше жүре тұрсын деп ұйғарды ма, ол арасын білмеймін, әйтеуір біраз күннен соң ауылға оралдым.

Енді ауылдағы жақындарым мен ағайын-туыстар мені құтқару керек екенін түсініп, Семейдегі педагогикалық училищенен шақыру қағазын алдыртты. Соны сылтауратып Семейге кеттім. Шынын айтқанда өзімнің туған ауылымнан өзім қаштым. Енді бөгелсем әкем сияқты «халық жауы» болып, сотталып кететін едім.

Қалаға келген соң педучилищеге барсам, ондағылардың барлығы ұсақ балалар екен. Солардың ортасында қалай жүрем деген оймен басқа оқу орнын іздеп бастадым. Сол кезде Семейде жнырмаға жуық оқу орны бар екен. Солардың біразын аралай келіп, ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына кезіктім. Мен қышып-нысып әрі оқу орнын тандап жүргенімде 1948-1949 оқу жылының 15 күні өтіп те кетіпті.

Техникумның директоры орыс екен (қазір аты-жөнін ұмытып қалдым). Бет-ауызы күйген, түсі суық, үлкен кісі. Ол менің әскери құжаттарымды ақтарып отырды да, бір кезде:

- Жолдае танкист, студент болуыңызбен құттықтаймын. Енді сіздің темір тұлпарыңыз трактор болады. - деп техникумға қабылдау туралы бұйрықты бүрк еткізді. Кейіннен білсем – директорымыздың өзі де танкист болған, соғыс кезінде ортенген танк ішінде жараланған адам екен.

Сөйтіп, мен ешқандай емтихансыз, бір сәтте студент болып шыға келдім. Мұндағы ұстаздардың да, оқытындардың да көпшілігі майданнан оралған жауынгерлер болып шықты. Оқу бағдарламасы қиын, бірақ өте сауатты құрылған еді. Біз онда тіпті темір теориясы деген нәнді де оқыдық. Оқу деген жақсы ғой, бірақ бұл кезде тағы бір қиындық туындады. Артымнан келетін адамым жоқ. Бұл дегеніңіз қаражат жоқ деген сөз. Сондықтан да аш-жалаңаш жүріп оқуға тура келді. Тіпті бірнеше күн тамақ ішпеген уақытым да болатын. Ақыры сондай қиындықтарға шыдап, төрт жыл оқуымды тәмамдап шықтым.

Бейбіт өмірдегі еңбек жолымды 1952 жылы Павлодар облысының Ертіс қаласындағы №39 ауыл



шаруашылығын механикаландыру училищесінде оқытушы болып бастадым.

### Тыңмен бірге түледік

Техникумда оқып жүрген кезімде ауылда сегізінші класта бірге оқыған Рахима Төленқызымен отау құрған болатынмын. Бұл кезде ол Семей педагогикалық институтында оқиды екен. Енді біз Ертіс қаласына келдік. Мұнда жас маман Николай Татаринцев екеуімізді жіберген еді. Училищенің сол кездегі директоры Александр Григорьевич Кирьянов және бүкіл ұстаздар мен мастерлер бізді жақсы қабылдады. Тіпті бізді бір академия бітіріп келгендей қарсы алды. Өйткені, ол кезде техника жағынан сауатты ауыл шаруашылығының мамандары Қазақстанда тапшы еді ғой. Бұған қоса алда тың көтеру мәселесі тұрыпты. Ол кезде мұны біз әлі білмейміз, бәрі де алдын ала ойластырылып қойған ғой. Кейіннен Н.Хрущевтің Столыпин мен Сталин жүзеге асыра алмаған ұлы көшті біз орындадық деп мақтанатыны бар ғой.

Екі жылдан соң тың игерушілердің алғашқы легі келе бастады. Шын мәнінде тың және тыңайған жерлерді игеру бүкілхалықтық еңбек еді. «Дән етп терлеген қазағым мықты ғой», - деп атақты ақынымыз Жүмекен жырлағандай, темірден де мықты қазақ халқы қасіретті де көтере білді, бүкіл Кеңес Одағына азық болған тыңды да көтерді.

Негізінде тың көтеру жылдарындағы халықтың әсіресе, қазақ халқының еңбегі орасан зор ғой. Жан-жақтан келген жұртты қабылдау, орналастыру, оларға жағдай жасау сияқты жұмыстардың барлығы қазақ халқының, Қазақстан халқының тікелей қатысуымен болғанын өз көзімізбен көрдік. Соғыс кезінде босқын

болған. жер аударылған халықты қалай паналатсақ, нан табу үшін келгендерді де дәл солай қарсы алдық.

Тыңның арқасында трактор, комбайн және басқа да ауыл шаруашылығы техникасының қыр-сырын өз мәнінде игеруге жаңдай туды. Тыңға келгендерді оқыта жүріп өзім де білімім мен біліктілігімді арттырдым. Училищеде өте жақсы болды. Ересек оқытушылар мен мастерлер маған көп көмектесті. Олардың арасында американдық «Форд» деген тракторды жүргізгендер де бар екен. Солардың көмегінің арқасында кейіннен маған училищенің өндірістік оқыту бөлімін сеніп тапсырды.

Ауыл шаруашылығының өзіндік ерекшелігіне байланысты курсанттарды көктемде де, күзде де, қыста да егіс даласына алып шығып үйрететінбіз. Қандай суыққа, ақ қар, көк мұзға, желге, жаңбырға қарамастан жұмыс істейтінбіз. Ол кезде партия бізден солай талап етті. Менің өзім де бірнеше рет комбайнның шурвалына отырып күзде астық оруға қатыстым.

Біздің №39 училищенің ұжымының өнерге, білімге, еңбекке деген құштарлығы ерекше болды. 1956 жылы Павлодар облысының атынан Мәскеуге барып, өнер көрсетіп қайтуы соның бір дәлелі болса керек. Оны Богачев деген оқытушының басқарып барғаны әлі есімде.

Менің ойымша алға қойған мақсат пен нәтижеге тек жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылықтың арқасында ғана жетуге болады. Қазір ауылды көтеріміз деп жатырмыз. Оған бүкіл халық болып қатысуымыз керек. Тек әкімдерге ғана қарап қалуға болмайды. Ауыл біздің әл-ауқатымыз. Алдымыздағы астың бәрі дикан мен малшының еңбегімен келеді.

Сол тың көтеру жылдары мен Павлодар облысының Ертіс, Лебяжье аудандарында, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында, Абайдың

туған ауылы Қарауыл селосында ауыл шаруашылығы училищелерінде еңбек еттім. Ол кезде механизатор көп керек болғандықтан, барлық жерлерде училище ашты ғой. Мен оларда директор, директордың оқу-өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары, саяси жетекші, ұйымдастырушы болып қызметтер атқардым.

Сол жылдары алыс-алыс жерлерден, үлкен-үлкен қалалардан келген пенсеме ұлттың бапасы қазақтың даласының көрінісіне таңданып, көркемдігіне таңдайларын қағысатын. Тың көтеруге Ресейдің Мәскеу мен Ленинград қалаларынан да кісілер келді. Олардың арасында институт бітірген зиялы адамдар да, қауіпсіздік комитеті мен милицияның бақылауындағы неше түрлі бауқеспе, сейфті қолмен ашағын ұрылар да болды. Тың бір жағынан өзге халықтарды қазақ халқымен, қазақтың дархан даласымен, мәдениеті мен сұлу да көркем табиғатымен таныстырды.

Механизатор жастар қазақ халқына, оның даласына ғашық болды десем артық айтып отыр деменіздер. Шын мәнінде Сарыарқаның сары даласына ғашық болмау мүмкін емес еді.

Ресей халқы Ұлы Отан соғысынан қалжырап шыққан болатын. Әлеуметтік жағдайлары оңна жақсы емес еді. Олардың көптеген азаматтарының тың көтеруге қатысып, табыс табуы, жағдайларын жақсартуы керек болды. Сондықтан да тың көтерушілер арасында жоғары білімдері барлар мен педагогикалық институттың студенттері де кездесті. Олар механизаторлық мамандық алу үшін училищеге оқуға келген еді. Біз оларға техника тілін меңгеруді үйреттік.

Тың көтеру қалай дегенмен де үлкен өмір болды. Халықтың әл-ауқат жағдайын жақсартуда ерекше орын алды. Елбасымыз тыңгерлерді тегіннен-тегін шақырған жоқ. Өзі домнада ивойын балқытқан адам, темір тұлпар

мінген механизаторлардың сайын далада сайрандаған, тың көтерген жастық шағын еске алсын. Біздің қазақ халқы қалай гүлденіп, жайнағанын өз көздерімен көрсін деді.

### Сызат салған жылдар

Ол жылдары Сталин өлгенімен Сталинизмнің әлі өлмеген тұсы болатын. Біз болсақ партия жолының дұрыстығына сендік. Сенім болған соң жан қала ма, жұмысты оңпен-пріпенімізге қарамай істедік. Партия атынан айтылған тапсырмадан ешкім бас тарта алмайтын еді. Ондайлар болса, «тескен таудан» бірақ шығатын.

Училищеде гап-тамаша жұмыс істеп жүрген кезімде бір күні аудандық партия комитетіне шақырды да. Семей облысының Шұбартау ауданына баратынымды мәлім етті. Одан бас тартуға менде шама жоқ еріксіз келістім. Сонда жаңа училище ашылыпты, соған баруым керек екен. Қыстың ортасы, ақпанның сақылдаған сары аязына қарамастан отбасымызды, шамалы оны-мұнымызды ұшақпен жіберді. Ауа райын сылтау етіп, уақытында бармай қалып қояр деп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарының өзі жанымда тұрып мінгізді. Одан Семейдің Шұбартау және Абай аудандарында қызмет істедім. МТС-тің жабдықтаушы механигі, Абай ауданындағы №156 училищеде директордың өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары болдым. Одан Павлодар облысының Лебяжье ауданындағы №193 училищеге аттандырды. Сонда бір жылдай істеген соң, қазақша айтқанда «Есің барда елің тап» дегендей, елге оралуды ойладым. Қашанғы көше беремін? Бір жерге тұрақтауды ойлап, Қарағанды облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасына келдім. Бастығы П.Хлебов деген кісі

жаксы адам екен. Мені өте жылы қабылдады. Барлық өмірбаянымды толық тыңдап алған соң Еңіндібулақтағы №182 училищеге жіберді. Мұнда екі жыл істеген соң аудандық «Казсельхозтехникаға» жаңа техника жөніндегі инженер етіп жіберді. Одан Қарқаралы қаласындағы №72 селолық кәсіптік-техникалық училищеге ауыстырды.

Жастай соғысқа қатысып, онда жараланған, ел деп жер деп, аш-жалаңаш жүріп, денсаулығымды бүлдіріп алағымды кейіннен білдім. Денсаулық болмаған соң оқытушылық жұмыстан кеттім. Училище ұжымы қаржы жинап, емдеуге жіберді. Бар өмірім көшіп-конумен өткен, шартарапқа шапқылаған менде қандай қаражат болсын. Біраз емделіп, қайта оралған соң қонайы жұмыс табылмай қиын болды. Жұмыс іздеп көп жүрдім. Ешкімнен көмек болмады. Содан бір күні аудандық партия комитетіне шақырды. Сойтсем, аудандық партия комитетінде істейтін, Қарқаралы азаматы Әділхан Аймаков пен Тайлақбай Жөкебаевтар (кейін екеуі де марқұм болды, аруақтары бір аунан жатсын) мені сырттай таниды екен. Солар менің жағдайымды біліп, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил Шаскинге барып, өзі коммунист, майдангер, дімкәс адамды жұмыссыз қалғытып қойғанымыз дұрыс болмас дегенді айтады. Содан аудандық «Казсельхозтехника» мекемесіне жұмысқа тұрдым.

Мұндай азаматтыққа қалай риза болмасын. Мен оларды жөнді танымаймын да, жұмыс тауып беріндер деп сұраған да емеспін. Олар нағыз адамгершілік танытты, жақсылықтарын жар салмай-ақ жасады. Кейде біз қатып қалған қағидамен өткендегі тарихи қателіктерді заманы солай болды деп ақтауға тырысамыз. Ал соя тарихты жасайтын адамдардың өздері екендігің ұмытамыз. Мені сонау 1947 жылы екі

қазақ халық жауының баласы ретінде көзімді құртып жібермек болса. 1964 жылы екі қазақ қолтығымнан демеп, жұмыс тауып берді. өмірімді сақтап қалды.

Иә, менің өмірім соғыс өртіне шарпылды. одан соң тын және тыңайған жерлерді көтерумен байланысты болды. Халық тынды көтерді, тың халықты көтерді. Басқа да халықтармен бірге фашизмді жеңген, басқа да халықтармен бірге тың көтерген халқымыз бүгінде тәуелсіздікке қол жеткізді. Қазақ халқы тәуелсіздік үшін күресті ешқашан тоқтатқан емес. Тың көтеру жылдарындағы жанқиярық еңбек соның бір дәлелі. Енді осы қол жеткен Тәуелсіздігімізді нығайта беру үшін, егемендігімізді берік сақтап қалу үшін еңбек көрігін ешқашан баяулатпауымыз керек. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп дана халқымыз тегін айтқан жоқ...

\*\*\*

Осылай деп естелігін аяқтаған ақсақал алыстағы бір нүктеге тесіле қарап отырып қалды. Сірә, өмір белестерінің тағы бірі көз алдына келген болар. Бірақ ол кісі өткенге ешқашан өкінбейді. Өйткені, әркімнің өмірде өз жолы бар екенін жақсы түсінеді. Соғыста шыңдалған, тыңда жүріп түлеген, тыңгерлер даярлау үшін тер төккен қария ешқашан байлық жинамапты. Естен кетпес естеліктерін, еткен еңбегін, сол жолда кездескен асыл бейнелерді, артында келе жатқан балалары мен олардан көрген немерелерін, ел-жұртын басты байлығым деп есептейді. Шынында да бұдан артық байлық бола ма?!

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
12-17 ақпан, 2004 ж.)*

**ЖҰЛДЫЗЫ ЖОҒАРЫ ЖАН**  
және оның жақсылығын жалғастырғандар

*Қартқожа*



«Бір жетпіс ес білген сайын Қартқожа өмірде талай әділетсіздікті көре берді» деп басталады зұлмат жылдардағы жазаксыз жалаға ілігіп, жапа шеккен майталман жазушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының бір тарауы.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы сіресеін жатқан тон жібіп, демократия мен жариялылықтың жылы лебі сезіле бастасымен қазақтың мандайалды арыстары ақталып шыға келді. Сол кезде біздің «Орталық Қазақстан» газеті (17 ақпан 1989 жыл) Жүсекеннің «Қартқожасын» алғашқылардың бірі болып жариялап, оған данагөй жазушымыз, жуырда ғана дүниеден кайтқан шежіре карт Жайық Бектұров марқұм көлемді алғысөз жазған болатын. Сонда Жәкен: «... шығарманың басты кейіпкері Жүсіпбектің өзімен жерлес, өмірде нақты болған, қалай оқып, өсіп-жетілуін өзі жақсы білген адамның атымен аталған...» - дей келіп, Қартқожаның қызы Шолпан Тоғанбаеваның осы Қарағандыда тұратынын жазады.

Бұл жаңалық мені елең еткізбей қалған жоқ. Өйткені, Жәкен жазып отырған Шолпан апайды көптен бері білуші едім.

Қазіргі құрметті демалыстағы дербес зейнеткер Шолпан Қартқожа қызы былай деп әңгімелейді:

- Әкеміз Ақкелін болысында туған. Өзі орта дәрежелі шаруа отбасынан шыққан болуы керек. 1916 жылы патша жарлығымен майданға қара жұмысқа алынып, темір жол салуда еңбек етіпті. Сонда жүрген шағында патшаға қарсы ереуілдерге қатысқан сияқты. Білім алудың, оқудың қажет екендігін сонда түсінген болуы керек. Елге оралысымен Павлодарда, Баянауылда әртүрлі курстарда оқиды. Жүсіпбек Аймауытовтан дәріс алады. Семейде оқыпты. Одан Омбы жұмысшы факультетін бітірген соң Том технология институтына түседі. Оны бітірген соң станок жасаушы инженер мамандығымен шамалы уақыт Ленинградта (бұрынғы Путилов зауытында) жұмыс істейді де, Қазақстан Орталық атқару комитетінің шақыруымен келіп, Алматыдағы ауыл шаруашылық КомВУЗ-да сабақ береді, кейіннен кафедра басқарады.

«Ұлық болсаң – кішік бол» деген сөз тура біздің әкемізге қарап айтылған сияқты. Ол кісі ұлық бола қоймағанымен, өзі мұқтаждықта оқып жүргеніне қарамастан, маңайындағы ағайын-туысқа, жалпы оқуға құштар қазақ баласына қамқор бола білген. Қол ұшын беріп, жақсылық жасаған адам.

Мен 1937 жылдың жазында Алматыда тұрып жатқан кезімізде әкемнің қарындасының үйіне қыдырып кеткенмін. Қайтып келсем – әкемді ұстап әкетіпті. «Халық жауы» дегенді ғана білеміз. Басқа ештеңе естіген емеспіз.





Мынау әкеміздің көзіндеі көретіп, ақтағандығы туралы қағаз, - деп Шөлпан апай сарғын тартқан бір парак қағазды ұсынды.

Онда былай деп жазылынды:

*«КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы,  
1959 жыл, 15 наурыз.*

*1937 жылдың 22 октябріне дейін тұтқындалған Алматы қаласындағы Қазақтың марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтының редакторы Тоғанбаев Қартқожа Жананұлын айыптау жосіндегі істі КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы 1958 жылғы 25 февральда қайта қарады.*

*Әскери коллегияның Қ.Ж.Тоғанбаевқа байланысты 1938 жылғы 28 февральдағы үкімі өзертілді және қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс тоқтатылды.*

*Тоғанбаев Қ.Ж. қаза тапқаннан кейін ақталды.*

*КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы сот құрамының председатели, юстиция полковнигі Цырлинский».*

Әділет хабарысындай болып, қарлығантай қалықтап жеткен осы хабардан соң Шөлпан апай әр жерге құлак түріп, баспа бетін көрген материалдарға

үнділіп жүреді. Сонда әкесінің аты аталған әртүрлі басылымдарды жинай берінгі. Солардың ішінде Дикан Әбішевтің «Сұлтанмахмұт» роман-трилогиясының «Баянауыл баурайында» атты (Алматы, 1980 ж., «Жазшы» баспасы, 396-бет) үшінші кітабын, Зейтін Ақышевтің «Бәрі де есте» атты (Алматы, 1982 ж., «Жазын» баспасы, 35-бет) повестер мен әңгімелер кітабын атауға болады. «Білім және еңбек» журналының 1969 жылы №1 санындағы Әбікен Бектұровтың естелі ішінде де Қартқожаның есімі ілтипатпен аталады.

- Өткен жазда, - деп еске алады Шолпан апай. - Қазақ радиосынан беріліп жатқан бір хабарды тындап отырсам, Күдерина-Насонова деген орыс әйелі сөйлеп тұр. Құлағым елең ете қалды. Ол Ташкентте институт бітірген Жумахан Күдерин деген қазақ ғалымының әйелі екен. Күйеуі 1937 жылы ұсталып кетіпті, артында екі баласы қалған. Сол Күдерина «Недалекое прошлое» деген естелік кітап жазыпты. Сол кітапта менің әкем туралы айтылатындықтан, іздетіп тауып алдым. Сонда былай депті: *«Сразу по приезду в Казахстан он начал переводить на казахский язык сельскохозяйственные машины профессора Криля. А теперь перевод был уже готов. Карткожа Тоғанбаев на него писал рецензию.*

*- А приходило к нам немало. Алимхан, Кабжан, Закария, Карткожа приводили своих жен. Знакомится как я хозяйничаяю. Немало людей приезжало из района. Не обходились и без казусов.*

*В это время были арестованы многое родственники в Аягузе, в Алма-ате. Среди них родственник Рамазан Мухамеджанов, Сапарғали Атамбаев, арестовали нашего друга Карткожу Тоғанбаева. Карткожа преподавал КазПИ (ол КомВУЗ-да сабақ берген. - Ш.Т.).*

1933 году во время страшного голода к нему из района приехали все его сородичи. Мужчины, женщины, дети – всего 250 человек. (Бұл кішкене көптеу шығар. – Ш.Т.). Не имея возможность всех поместить в своей городской квартире Карткожа купил горбылей, рядом со своей квартиры построил барак, поставил около него большой казан. Всех работоспособных мужчин устроил на работу. Привлек на помощь некоторых студентов. Объединил все продовольственные карточки, все заработки и в первый очередь, конечно, свой. И организовал таким образом коммуны. Ни один человек из коммуны не умер. Хотя кругом смерть косила людей. Эти события легли на основу романа «Карткожа» Султанмахмута Торайғырова». - деп жазады. Бұл жерде кателік бар. Бұл Аймауытовтың романы және ашаршылық 1931-32 жылдары болды. Аймауытов 1927 жылы ұсталып, 1930 жылы атылды.

Осындай шамалы кателіктерге карамастан, менің әскемнің сол кездегі мінез-кұжың, жүріс тұрысын, адамға деген соншалықты ілтиматын жоғары бағалапты.

Әкеміздің аңыз болып кеткен істері көп. Оның бәрін қазір біз біле бермейміз. Мұндай материалдар көп болуы мүмкін. Бірақ олардың бәрі біздің қолымызға түсе бермейді. Өткен жылы Мақани Тәгімовтың «Қазақ әлемі» деген кітабы шығыпты. Оны автор қолтаңбамен Алматыда тұратын інім Төлешке сыйлаған екен. Сол кітапта күніне 40-50 адамнан атылып отырғаны, менің әкем мен Мақаниның ағасының бір күнде 1938 жылдың 28 ақпанында көздерінің жойылғаны жазылған. Әкемнің қай күні атылғаны «Зерде кітабында» да бар.

Өзі ғана оқымай, басқаны да оқытқан, елдің бәріне жақсылық жасаған, ашаршылық жылдары көптеген адамды аштықтан аман алып қалған әкеміз туралы айта берсек толып жатыр. «Жұмысқа тұрғаннан кейін,

енбекақыны қаппамызға салып аламыз да, сол кісінің үйінен тамақ ішетінбіз. Енді соны ойлап отырсам, тіпті өрескел екен ғой», - деп еске алады әкеміздің немере інісі Едубай деген ағамыз...

Бұдан соң кішкене дем алған Шолпан апай:

- Окем ешкімді сатқан жоқ. ешкімге сатылған жоқ. ешкімді сатып алған жоқ... - деп сөзін аяқтар-аяқтамастан тамағына өксік тығылып, көзіне жас іркілді.

Қарткожа Тоғанбаевтың артында үш бала қалыпты. Олардың үлкені Майқы қайтыс болған. Кезінде Ленинград университетін бітіреді. Байланыс саласының инженері болады. Оның екі баласы қазір Тараз қаласында тұрады. Кішілері Төлеш әкесі қызмет атқарған Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, сонда доцент болып істейді, ғылым кандидаты атағы бар. Төленің үш ұлының үлкен екеуі осы оқу орнының түлегі. Тұңғыштары ғылым кандидаты. Ол да осында қызмет істейді.

### *Мәден ақсақалдың естелігі*

Қартекеңнің көзін көрген, тәрбиесін алған адамдар көп. Соның бірі бұрынғы ұстаз, қазіргі құрметті демалыстағы Мәден Обақұлы Тоғанбаев ақсақал. Бұл кісі Бұқар жырау ауданының Ақжар ауылында елу үш жыл ұстаздық еткен халық ағарту ісінің ардагері. Сол Мәкең былай деп еске алады:

- Біз Қартекеңмен немере-шөбере болып келеміз. Біздің ауыл Шөладыр деген жерде жайлауда еді. «Қызылтаудың бауырынан артель саламыз» деп ауылдан бірнеше үй көшіп, кірпіш құятын жерге келдік. Бұл жер ауылдан 5-6 шақырымдай болады.

Бір күні Омбыдан демалысқа Қартекең келді. Бұл 1925 жылдың жазы еді. Мен ол кезде 9-10 жастағы жүгіріп жүрген баламын. Мені көріп:

- Мен сені оқуға алып кетемін, - деді.

Мен балалықпен бұл сөзді елеген жоқпын. Күзге салым Қартекеңнің оқуға жүретін мезгілі болды. Әкем:

- Қай күні жүретінін біліп кел, - деп көкшолақ байталға мінгізіп жіберді.

Бозшыкөлдін басында отырған ауылға келіп, әкемнің сәлемін айтып едім:

- Ертең ауыл жұрт жаңартып қонады. Біз бүреігүні жолға шығамыз. Уәдені ұмытпа. Бір-екі тақнақ үйреніп кел, - деп қайтарды.

Ауылда екі әкеміз бар еді. Солардан тақнақ сұрадым. Біреуі:

- Буырыл атта бұғау бар,

Оны кесер егеу бар,

Сом темірге балға бар,

Сомсынғанға айла бар, - десе,

екіншісі:

- Аққу көрсең – атып ал,

Бұлбұл көрсең – сатып ал,

Жаманнан ақыл сұрағанша,

Жақсыда ақыл ұғып ал, - деп екеуі екі тақнақ үйретті.

Оларды Қартекеңе келіп айтып беріп едім:

- Менен қалма, - деді.

Ауылға қайттым. Ертеңіне әкем ол кісіге жолығып қалуға атына міне бастағанда мен де жармастым. Мен жалғыз баламын. Бетімді қайтарған жоқ. Артыша мінгестіріп алды.

Ауыл бір шақырымдай жерге қоныс аударған екен. Кешке қарай әкем ауылға қайтуға ыңғайланғанда:

- Ей, Мәден, уәде қайда? – деді Қартекең.

Мен топты баланың ішіне кірдім де кеттім. Олар оқуға әкетіп бара жатқан оншақты жетім бала. Әкем олай сұрады, былай сұрады. Қартекен мені бермеді.

Ертеңіне күн шығар-шыкпастан көк байталға мініп шешем келді. Ол кісі де қанша жалынғанымен Қартекен көнбеді. Содан керуен қозғала бастағанда салт атқа мінген Қартекен мені алдына мінгізіп алды. Шешем ол кісінің үзенгісінен ұстап отырып жалынып, қозы көш жерге дейін жаяу барды. Ақыры бермейтін болған соң шешемді бір-екі жігіт кейін қарай алып кетті.

Мен сол кеткеннен мол кеттім. Кейін үлкендер айтады, біз сол сапарда Омбыға дейін он жеті күн жүріптіз. Жол бойы қой сойылады, тамақ ішледі. Қартекеннің бір қаснегі – сонда біздің жанымыздан бір елі қалған жоқ, балалармен бірге тамақ ішіп, бірге жатып жүрді.

Бір күні қарлы жаңбыр жауды. Бұл қазан айының басы болса керек. Өзеннің аргы бетіне қайықпен өтіп, Омбыға келдік. Мұндағы губерниялық оқу бөлімінің бастығы Гайна Гаев деген татар жігіті екен. Ол:

- Орын жоқ, алмаймын, - деп бізден бас тартты.

- Алмасаң – өзің біл, - деп Қартекен бізді оның кабинетінде қалдырып, кетіп қалды.

Ол шыдан отыра алған жоқ, өзі ертіп барып, бәрімізді балалар үйіне орналастырды.

Шіркіп-ай, қазір барсам да сол жерлерді тап басып, таныр едім. «Красный Восток» деп аталатын балалар үйі Красный Орлов пен Съездовская көшелерінің түйіскен жерінде болатын. Әуелде киім-кешек берген жоқ. Омбының сақылдаған сары аязы 40 градусқа дейін барады. Соған карамастан оқудан қалмай барып жүрдік.

Ол кезде комсомолға 14 жастан алады. Байқамай «дядяма бар» деп комсомолға өтерде айтып қойыппын.

Таза жетім болмаса балалар үйінде ұстамайды. Содан Қартекең келіп сөйлесіп еді. маған тиіскен жоқ.

Жасымыз он алтыға толған соң бір жерге өз мүмкіндігінше жұмысқа орналастырады. Мен суретті жақсы салушы едім, қабырға газетін жақсы безендіретінмін. Новосибирскіде татар тілінде шығатын «Азат сібір» газетіне суретімді бастырып, артынша суретшілер техникумына жіберді. Бірақ онда 7 кластық біліммен алады екен. Менің оқығаным бес-ақ класс. Содан маған курстан өтуге тура келді. Ол ұзаққа созылатын болды. Сөйтіп жүргенде Әбікен Сәтбаев деген кісі кездесіп, мені рабфакка түсіріп жіберді.

Бұл 1931 жыл болатын. Бір күні Қартекең:

- Енді бір жылға оқуды тастаңдар. Елді аштық жайлады. Елге барып, жұмыс істеп күн көрмесеңдер аштан өлесіңдер, - деген ақыл айқты.

Елге келдім. Қарағандының маңы қырылған халық. Мен қалаға келіп, бір кірпіш құятын артельге бастық болдым. Елден ағайын-туыстарды алғызып, артельге жұмысқа орналастырып, нан, тамақ алып беріп, аштықтан сақтап қалдым. Менің келгенімнің пайдасы осы болды.

Кірпіш құятын балшықты жалаңаяқ басатынбыз. Сол кезде Қартекең бізге Оразбек деген жігітті жіберіп, Омбыға алғызды. Сонда аман-есен күн көріп кеттік. Раабфакты 1934 жылы бітірдім. Бұл кезде шешем қайтыс болған. Қартекең Алматыда тұратын. Әкемді сонда алып кетіп деп едім, ол кісі:

- Ел жамаң емес көрінеді. Астық, мал беріп жатыр екен. Сол жаққа барайық, - деді.

Сол сөзбен мен де елге келдім. Аудандық оқу бөлімінің бастығы Ақышев деген екен. Сол кездегі Ворошилов ауданындағы өзіміздің ауылға мұғалім етіп жіберді. Содан мұғалім, мектеп директоры болып.

физиока-математикадан сабақ беріп. 53 жыл еңбек еттім.

Сондағы айтайын дегенім – осылардың барлығы Қартқожаның арқасы. Қазір оның атын дұғамнан, бес уақыт намазымнан қадырмаймын. Өйткені, менің туған әкем де ол кісідей жақсылық жасай алған жоқ. Сол күндерді есіме алсам, әлі күнге дейін көзіме жас толады...

### *Ақшма*

Қартқожа Тоғанбаев шын мәнінде халқын сүйген, қазақ баласына шама-шарқы келгенше көлеңкесімен қорған болып, қамқорлық жасауға тырысқан Алаштын айтулы азаматтарының бірі екендігіне көзіміз енді жетіп отыр. Ол кісінің үлкен жүректі, кең пейілді адам екендігіне мына бір оқиға куә боларлықтай.

Қартқожа ауылға келіп-қайтқан сайын оншақты баланы алып кетіп, оқуға (балалар үйіне) орналастырады екен. Бір жолы қайтын бара жатқанда бір ауылда жылаған баланың дауысын естиді.

Барса – бір қызды бір жас келіншек төмпештеп жатыр екен. Баланы айырып алып, сөйлесіп көрсе – оның шешесі қайтыс болған, мынау оғей шеше екен. Баланың ақылы кемістеу екен. Соған қарамастан қыз баланы арбасына мінгізіп алып, Омбыдағы балалар үйіне орналастырады. Аты Кішкентай екен. Кешіннен немере





қарындасы Ақлима екеуін ауылға әкеліп жүріпті. Кішкентай бойжеткен соң тұрмысқа берінгі.

Ақлима қарындасы оқуға зерек болыпты. Балалар үйінен үш қызды Мәскеуге оқуға жібермек болғанда, соның бірі болып Ақлима ілігеді.

Шолпан апай қазір Алматыда тұратып Ақлима тәтесін ерекше құрмет тұтып, есімін ілтипатпен еске алып отырады. Оның себебі де жоқ емес. Өйткені ол кісінің кішкентай Шолпанға тигізеіп шапағаты өте үлкен.

Қартқожаның Мәлпуза деген апасы. Ұрқия атты қарындасы болады. Әкесі Алматыда ұсталып кеткенде Шолпан сол Ұрқия апасының үйінде тұрып жүреді той. Өзінің туған шешесі қайтыс болған. Қарткен екінші әйелі Шайдамен тұрып жатқан кез.

Бұдан арғы әңгімені Шолпан апайдың өзі былай айтады:

- Мен ол кезде алты жастамын. Үйге келсем – әкем ұсталған. Үйдің ішіндегілерді түгел подвалға көшірген. Еріксіз елге қайтуға тура келді. Әкемнің қарындасы күйеуімен бірге бәріміз осы Қарағанды жаққа тарттық. Шешіміз өзінен туған Толешті алып, Омбы жаққа кетті. Өйткені, сол кезде «халық жауынын» әйселдерін де ұстай бастаған. Бұл жерде көп жай маған түсініксіз, алты жастағы бала не біледі?! Содан осы Қарағандыда қалып қойдық.

1941 жыл. Соғыстың алды. Бір күні үйге Ақлима тәтем келді. Ол кісіні әкемнің жақын тартып, оқытқанын, кейіннен Мәскеуге оқуға жіберткенін білегімнің. Сол Ақлима тәтем Алматыдағы фельдшерлік-акушерлік мектептің директоры екен. Петропавл қалсынан іссапардан оралып келе жатқанда бізге әдейі соғыпты. Ойы – мені алып кету.

- Өздерің жаңа үй болып жатырсындар. Қиын болады ғой. - деп әкемнің қарындасы мені бөргісі келімен еді:

- Ендеше, жаздай демалып қайтсын, оқуы басталған соң әкелің тастаймын, - деді. Одан соң – Алматыда жеміс-жидек бар, - деген сияқты сөздерді қосты.

Осы сөзге тоқталып, тәтем мені алып кетті. Көп ұзамай соғыс басталды да, мен тәтемпің қолында қалып қойдым...

Айта кету керек, Ақлима Бейсенова бірнеше ордендер мен медальдарға ие болған. «Денсаулық сақтау ісінің озаты», «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атақтарын алған, қазақ медицинасының бір саласы – ана мен бала өмірін қорғау, денсаулығын сақтау саласына ерекше үлес қосқан адам.

«Апалардың анасы» атанған Ақлима апайдың жасы қазір 80-нен асқанымен әлі тын. Алматы қаласында тұрады. Ақан апайдың өмір дерегі де өте қызық, әрқашан қызу еңбекке толы екен. 1932 жылы мәскеу медициналық-акушерлік техникумын бітірген соң Алматыдағы «Қызыл Крест» ауруханасының әйелдер босанатын бөлімінде еңбек жолын бастайды. Осында жүріп медицина институтының кешкі бөлімін бітіріп алады. Одан соң Жамбыл облысының Талас ауданындағы Ақкөл селосындағы ауруханада қызмет істеп, халықтың құрметіне бөленеді. Ауылдағы бүкіл ананың қамқоршысы, бүкіл баланың кіндік шешесі атанады.

Ұлы Отан соғысы басталар алдында Ақлима апай республикалық фельдшерлік-акушерлік мектептің директоры болып тағайындалады. 1943 жылы республика Денсаулық сақтау халық комиссарының (министрдің) орынбасары болады. Бұл кезде

Қазақстанға қоныс аударған балалар мен аналарды орналастыру, олардың денсаулығын сақтау, дәрігерлік көмек қорсету сияқты жұмыстарға ұйытқы болады. Соғыстан соң тың көтеру жылдарында да кең байтақ республикамыздың күс қанаты талатын алыс аймақтарына баруына тура келеді.

1959-1980 жылдарда бала және ана өмірін қорғау институтын басқарады. Бұл оқу орны кейіннен Денсаулық сақтау министрлігінің педиатрия ғылыми-зерттеу институты болып құрылды. Ол кісінің ұсынысы бойынша институт клиникасында тұңғыш рет шала туған нәрестелерді жетілдіру бөлімінесі ашылып, ол республикадағы ғылыми-әдістемелік орталыққа айналады. Сөйтіп, педиатрияның жаңа саласы – неонтологияның негізі қаланады. Соның нәтижесінде мыңдаған шала туған баланың өмірін аман сақтап қалады.

Ақлима Бейсенқызының тағы бір ерекшелігі – ол медицина мамандарын даярлауға ерекше үлес қосқан адам. Сол кісінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде жүзге жуық адам кандидаттық диссертация қорғаса, оннан астам адам ғылым докторы атанған. Бұл кісінің өзі де тоқсанға жуық ғылыми жұмыс жариялап, «Қазақстандағы балалар мен аналарды қорғаудың даму очерктері» деген монография бастырған. Көптеген елдерге барып, халықаралық алқалы жиындарда биік мінберлерден баяндама жасап, сөз сөйлеген.

- Ақлима тәтемнің жолдасы Ахметжан Шәріпхановты соғысқа алып кетіп, үйде екеуміз-ақ қалдық. Бұдан соң тәтемнің іссапары көбейді де, мен үйде жалғыз қалатын болған соң акушерлік мектепте оқып жүрген Зоя Қуанышбаева деген бір қызды үйіне алып, екеумізді бірдей бақты. Елге барып, Майқыны әкелмек болса, ол ауырып қалыпты да, әкете аямаған

екен. Енді біраздан соң Майқының өзі келді. Оны байланыс техникумына түсірді. Майқы бұл оқуды үздік бітірді. Сол кезде үздік бітірушілердің бес пайызын Мәскеуге оқуға жіберетін дәстүр бар болатын. Соның бірі болып Майқыға да жолдама тиді. Ол Мәскеу байланыс институтына түсіп, оны да үздік бітірген соң инженер болып шықты. Шымкентте, Қарағандыда әртүрлі қызметтерде болды. Кейіннен ауырып дүниеден қайтты.

- Менің айтайын дегенім – осы Ақлима тәтем бізге көп еңбек сіңірді. Төлешті боса да шешеміздің өзі бақты ғой. Ал Майқы екеумізді адам еткен осы кісі. Майқы Мәскеуде оқын жүргенде Ақлима тәтем жиі барып, жолығып, киім-кешек әперіп, көп ақша беріп кетеді. Ай сайын белгілі бір уақытта ақша салып тұратынын білемін.

Ол кезде «халық жауының» баласын ұстау өте қауіпті болғаны белгілі. Соған қарамастан ол кісі ерен ерлік жасады. Әкем талай баланы оқытқан екен, соның ішінде әкемнің еңбегін ақтаған осы кісі болды.

Ақлима тәтемнің жолдасы Ахметжан Шәріпханов ағамыз (жездеміз) соғыстан аман-есен оралды. Ол кісі де белгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Ол кісі де көптеген ғалымдарға жол көрсеткен, ұстаз болған. Мәселен, белгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор Арыстан Мәуленұлы Ғазалиев сол кісінің шәкірті. Басқа да шәкірттері көп, әрине...

### *Шолпан*

Облыстық теле-радио-комитетіндегі балалар мен жастар хабарларын дайындайтын редакцияда істеп жүрген кезім. Журналистік жол түсіп, телеоператор



Әскер Сексенбеов екеуміз «Орленок» пионер лагеріне барғанбыз. Қазіргі Доскей ауылының сыртындағы Көкнекті өзенінің бойында орналасқан пионер лагерінен жарты сағаттық телехабар дайындап қайтқан болатынбыз. Сол сапарымызда осы лагердің бастығы Шолпан Қарғожақызы Тоғанбаевамен танысқан едік.

Шолпан анай өте елгезек, балалардың жанын жақсы түсінетін, ұйымдастыру жұмыстарына ыңғайлы адам екендігін көрсетті. Лагерде балалардың жарысын ұйымдастырып, жүгіртіп, секіртіп, бассейнде суға жүздіріп, немене түрлі ойын ұйымдастырып жүрді.

Әкесі сталиндік жазықсыз жазаға іліккен Шолпанның тағдыры оңай бола қоймайды. Ақшима апайының қолында тұрып, Алматы қаласындағы №8 және одан соң №40 орта мектептерде оқып, күміс медальмен бітіріп шығады. Одан соң әке арманын, соның көрмеген қызығын жалғастырмақ оймен Қазақ ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетіне түседі. Оның үшінші курсында оқып жүрген кезінде заман ағымымен тағы да осы Қарағандыға келіп, осындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетінің екінші курсына ауысады.

Институтты бітірген жылы Абзал Мұқанов деген азаматқа тұрмысқа шығады. Содан бергі бар өмірі мектептен, жаз бойы пионер лагерлерімен байланысты

болған. Алғашқы еңбек жолын №32 орта мектепте мұғалім болып бастайды. Одан соң сонда оқу ісінің меңгерушісі болады. Кейіннен №94 орта мектепке директор болып ауысады. Бұл мектеп біраз жылдан соң Киров аудандық көмекші мектеп-интернатына айналады.

Шолпан апай осы мектеп-интернатта директор болып жүргенде де сан рет хабарласып, мектебіне барып тұруға тура келді. Ол кісінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мұнда тек ақыл-есі кемшін, баяу жетілеп балалардың оқитындығына қарамастан, мектеп-интернат сан рет облыстық және республикалық байқауларда жарыс жеңімпазы атанып жүрді. Мектеп-интернаты ұжымының күшімен неше алуан қызықты шаралар ұйымдастырылғанына сан рет куә болдық. Алғаш рет мектептің жеке мұражайын ашты. Сол кезде оқытушылар арасында ұйытқы болып Шолпан апайдың өзі жүретін. Ол кісінің еңбегінің бағасы ретінде сол жылдары «Құрмет белгісі» орденін омырауына жарқырата қадады. Бұрын Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі болса, енді КСРО халық ағарту ісінің үздігі атанды. Сөйтіп, білім беру саласында отыз бес жылдан астам мүлтіксіз еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты.

Жолдасы Абзал ағай да ақжарқын адам еді. Мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып, барлығы 37 жылдан астам еңбек етіп, зейнеткерлікке шығыпты. Ол кісі де халық ағарту ісінің үздігі.

Абзекен мен Шолпан апайдың отбасынан шыққан үш баласы да қазір лауазымды қызметтер атқарады. Қос педагогтың тәрбиесіне лайық болған жандар. Үлкендері Роза Жезқазған қаласында №1 ауруханада бас дәрігер, Әміржан ҚарМУ-дың доценті, ғылым кандидаты. Ал, ең

кішілері Ғалымжан болса. «Корнеевка астық қабылдау пункті» АҚ-ның президенті.

Қазір қос зейнеткер құрметті демалыста. Қарағанды қаласында тұрып жатыр. «Олі риза болмай, тірі байымайды» деген ұлағатты сөзді берік ұстап, жазықсыз жазаға ұшыраған әкелері Қартекеннің аруағына бағыштап дұға оқытуды әдетке айналдырған. Биыл ақпан айының 28-і күні ішінде Қартқожа Тоганбаев та бар бірталай боздақтың көз жұмғанына 60 жыл болған екен. Соған орай бұл кісілер де Алматыға арнайы барып, әкелері жерленді деген Бұрындай қорымына тағзым етіп, көп адамның басын қосып, ас беріп қайтты.

Сөз соңында Жүсіпбек Аймауытов сияқты қазақтың маңдайына симай кеткен қара сөздің хас шеберінің романына бас кейіпкер болған Қартқожа Жананұлының жұлдызын жоғары ұстап, оның жарқыраған жақсылығын жалғастырған осындай жандарға алғыс пен жақсылықтан басқа айтарымыз жоқ.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
16-18 сәуір, 1998 ж.)*

## ЕСКІРМЕГЕН ЕСТЕЛІК

*Қарқаралы оңірінде атағы ауызға ілінген талай марқасқа адамдар өмір сүргені белгілі. Солардың бірі – Қарқаралыдағы атақты қырғынды көзімен көрген, ұзақ жыл азарту саласында еңбек еткен, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Әбдуақас ТҰРҒАМБАЕВ еді. Әке жолын қуған тарихшы, кезінде Саран педагогика-лық училищесінде көп жыл еңбек етіп, құрметті демалысқа шыққан, ҚР халық азарту ісінің үздігі Шайзада Тұрғамбаева әкесінің өз қолымен жазып кеткен естелігін әкеліп тапсырды.*

Мен 1900 жылы Қарқаралы уезіне қарасты Темірші болысындағы төртінші ауылда туған екем. Үлкен әкеміз Тұрғанбай да және ол кісінің інісі Смағұл да молда, діндар адамдар болған дейді. Мен әкемнің он үшінші, кенже баласы болыппын. Әкем мені Қарқаралыдағы Оспан деген бір туысының үйіне оқытуға беріпті. Молдаға оқуға беріп еді, онда көп оқи алмадым.



Содан еңбекке ерте араластым. Он үш-он төрт жасымнан бастап саудагерлер мен байлардың тастан салатын үйін қалауға қатыстым. Сөйтін жүргенде Әбу және Мұқатай деген жолдастарым өздерінің Плотников



деген байдың қолбаласы болып жүргендерін айтты. Жұмыстары жеңіл екен. Мені де шықырды. «Үй шаруасымен ғана айналысамыз. Екі болмелі мектебі бар, мүмкін бізді де оқытатын шығар» дегенді айтты. Мен келістім. Содан байдың үш баласын бағып, үй шаруасымен айналыстым.

Сол Федор Степанович Плотниковтың үйінде 1916 жылдан 1919 жылға дейін үш жыл болдым. Одан соң бір жыл орман-тоғай мекемесінде істедім. Келесі жылы Бернадский деген орыстың үйінде күтуші болдым. Патша өкіметінің 1916 жылғы казак жігіттерін оқоп қазу үшін кара жұмысқа лаулайтыны туралы жарлығына қарсы күшті толқулар болды. Қу, Балқаш болыстарынан М.Жүзбаев, Х.Алшынбаев деген ожет жігіттер шығып, жазалаушы отрядтарға қарсы қарулы көтерілістер ұйымдастырғанын білеміз.

1918 жылы Герман соғысынан демалысқа келген Қарқаралы орысы В.Денисов өзі сияқты соғыстан қайтқан А.Спирин, И.Сметанин, П.Чернышев, М.Бекметов сияқты жүз шақты солдатты жинап, отряд құрып, земетвонын жүзге жуық солдатын түгел қарусыздандырып, өз қолдарына алып, тұңғыш рет қызыл ту тікті. Содан бастап бірінші уездік Совдеп құрылды. Олардың құрамында П.Бабин, С.Баранников, И.Сметанин, казактардан дәрігер Шаңгізов, педагог Н.Нұрмаков болды. В.Денисовтың өзі соғыс комиссары болды.

Бұл Совдеп небәрі төрт ай ғана өмір сүрді. Казак-орыстар опасыздық жасап, контрреволюционерлермен бірлесіп, казарманы басып алып, Совдеп мүшелерін тұтқындады. Денисовты ұстамақ болып, іздеп жүргенде қала тұрғыны Хасен Кешубаев үстіндегі шапанын, басындағы тымағын шешіп беріп, Комиссаровқа жақтағы тауға қашырып, жасырады. Қарулы отряд

бәрібір оны ұстап алып, Семейдің абақтысына жібереді. Кейін Қызыл әскер келіп, Семейді азат еткенде ғана ол босап шығады.



Қарқаралыда Кеңес өкіметінің орнағанын өз көзімізбен көрдік. Бұл 1920 жыл болатын. Қала өміріне әбден үйреніп, оң-солымызды таныған кез. Бір күні қожамыз Бернадский дала жұмысындағы Айтбай екеумізді шақырып алып, қалаға «қызылдар» келетіндігін, өздерінің Комиссаровка жақтағы орман күзетшісінің үйіне барып жасырынатынын айтты. Айтбай оларды апарып салатын болды. Ал мені үй күзетшісі етіп қалдырды.

Бір аптадай жалғыз тұрдым. Қалада әртүрлі сыбыс естіле бастады. Қашып келе жатқан ақтың көп әскері сергелдеңге түсіп, ақыры Сергиопольге (Аягөз) қарай кетіп жатты.

Содан, желтоқсанның 12-сі күні еді, таңға жақын көше ортасында соғыс болып, у да шу болды да кетті. Зәрем қалған жоқ. Біреулер келіп есікті қағып жатыр. Қорқып, ашпадым. Содан таң атты. Ашпасыма болмады. Үстерінде ақ, сары шолоқ тондары бар, бас киімдеріне қызыл мата тағылған, кейбіреулерінде қызыл

жұлдыз бар адамдар кіріп келді. Менен бұл үйде кімнің тұрағандығын сұрады, мені ала ұстап болмелерді, жертөлени түгел қарап шықты. Мен болсам қожам жөнінде, өзім жөнінде түгел айтып бердім. Жасымды сұрады. Он тоғыздан асқанымды айттым. Менің қорқып тұрғанымды біліп: «Сен қорықпа, біз саған тимейміз. Солдаттарды сыйғанынша енгіземіз, соларды күтесің», - деген соң қорқынышым сөйле бастады. Өздері жылы жүзді адамдар екен, бір-бірін сыйлайды, сыйайы сөйлейді. Қожайынымнан естігендей мінез-құлық байқалмайды.

Көшелерде, үйлердің маңдайшаларында қызыл жалаушылар іліне қалыпты. Желбіреп тұр. Ақтың қолға түскен офицерлері мен солдаттары қаруларын тастырып жатыр.

Сөйтіп, Қарқаралыда екінші рет Кеңес өкіметі осылай құралған еді. Мен үйге орналасқан Қызыл әскерлерге үйреніп қалдым. Олар ақтың қашқан әскерлерінің соңына түсіп, мүлде талқандамақ болған кезде менің де олармен қоса кеткім келді. Бұл туралы бөлімше басшысына айтып едім, ол кісі келісіп, арбаға орнатылған кухняға ас пісіруші етіп қабылдады. Кент-Бакты бағытына қарай қашқан ақтардың соңына түсіп келеміз. Біздің бөлімше Семейден шыққан Қызыл әскерлермен кездесіп, ақтың қашқан әскерлерінің қобил Абыралы жерінде талқандап, біразын тұтқынға алды. Жергілікті ауыл кедейлері әскерлерге көмектесті, тамақ берді. Төрт айдан кейін өзімді қайтарды.

Қалаға келсем, Кеңес өкіметі нығайып, шаруашылық қайтадан құрылып, мәдениетке, оқуға көңіл бөлініп жатыр екен. Жалпыға бірдей міндетті оқуға біз сияқты жастарды алып, оқытып, ойнатып жатыр. Соған мен де кірдім. Біз жүзге жуық адам болдық, ылғи жігіттер.

Олі есімде, 1921 жылғы көкек айының бас кезі еді. Кешке жақын берген наетін (кара бидай наны) алып жеп отырған сәтімде атты әскерлер қаптап кетті. Мылтық атылып жатыр. Біздің қолымызда ешқандай қару жоқ. оларға қарсы не істейміз?

Байқан қарасак, ылғи бір қарғи адамдар. Сөйтсек, олар генерал Қолмақтың атаманы Беловтың бастауымен Кеңес өкіметіне қарсы бас көтерген бай казактар екен. Бұл банда Қызылжар, Атбасар, Ақмола түбінде қызыл әскерден соккы көріп, берекелері қашып, Қытайға қашу үшін бет алынды. Жолшыбай олар Осакаров, Ботақара, Шешенқара ауылдарын басып өтіп, бейбіт тұрғындарды тонаған, қарсы келгендерді аямай қырып отырған.

Ботақарада 33 коммунисті, партияда жоқ бірнеше адамды өлтірген. Қарқаралыдағы орыс байларымен астырғын байланыс жасап, бейқам отырған қалаға кіріп, активгер жиналысы өтіп жатқан үйді қоршап алады. Жиналыста отырған коммунистер оңайлықпен берілмейді. Соған қарамастан оларды түгел қырып-жояды.

Қазір Қарқаралының ортасында соларға қойылған әсем ескерткіш тұр. Келген қонақтар Туысқандар зиратына барып, рухына бас имей кетпейді. Ол зиратта 78 адам күнактасып, мәңгі ұйқыда бірге жатыр. Олардың арасында қазақ, орыс, украин, беларусь, латыш азаматтары бар. Бүгінгі бақытты ұрпақ әкелеріміздің есімін аспанға қастерлей көтеріп, ғасырдан-ғасырға жеткізе бермек.

... Бір жеті бойы қалада ойран салып, қанға бояп, бандалар шығысқа қарай бет алды (бұл 1921 жылдың 12 сәуірі болатын). Бұдан екі күннен кейін Ақмоладан шыққан дала бригадасының бөлімшесі және Қостанайдан шыққан атты әскер полкі бандаларды

шекарадан өткізбей, қуа отырып. Ертіс бойында талқандағанын кейін естідік.

Бандалар Қарқаралыдан кетерден екі-үш күн бұрын, ымырт жабыла. Осекен ағайдың үйінде, жеңгейдің әкесі Иманбаймен әңгімелесі отыр едім, екі солдат кіріп келді де, құда екеумізді далаға алып шықты. Далада тағы бір солдат тұр екен. Базардың сырт жағымен қызыл кірпіш үйге алып келеде де, Абыралының жолын сұрады. Бір кісіге жол көрсету керек екен. Біз жолды білмейтімізді айттық. Оған болмады. Төрт солдат өзеннің арғы бетіне алып барды. Өлтіретінін білдік. Иманбайды байламақ болып жүргенде ол маған: «Тез кет. Үйге сәлем айты», - деді. Солдаттар біраздан соң маған келіп: «Сен анарасың!» - деп айқайлады. Мен еріксіз көндім. Басқа лаж қалмаған еді. Өйткені, Иманбайды өлтіріп келгені белгілі еді. Штабтарына әкеліп, бастықтары болуы керек, бір адамдарға көрсетті. «Жарайды, таңертең кел», - деп қоя берді.

Үйден кету керек болды. Ол кісілер басқа жаққа бой тасалады. Мен бұрынғы қожайыным Плотниковтың екі бөлмелі мектебіне келіп түнеп, таңға жақын қарағай ішіне кеттім. Ағаш арасында 4-5 күн жүрген соң бандалардың кеткендерін естідім. Олар өздерімен бірге жол көрсетуге орысша білетін Сапарғали Егізбаев пен Ғабдолла Тілегенов деген жігіттерді алып кетіпті. Кейін олар қашып келді...

Міне, Қарқаралыда Кеңес өкіметінің қалай орнағанын сөйтіп өз көзіммен көрдім. Бірақ мұнымен тыныштала қойған жоқ. Ел ішіндегі бай-қулақтар Кеңес өкіметінің нығайына көптеген кедергілер келтіріп жатты. Қу аудандық ауыл кеңесінің төрағасы Ғаббас Айтбаевты у беріп өлтірді, тағы да басқа көптеген қастандық жасалды. Мені де өлтірмек болған екен.

Арнайы санармен Семейде жүрген менің жолымды тосынты. Мен белгіленген күні шыға алмай қалдым да, жолдасым Кәрібай Молдабаев пар атпен қайтқан болатын. Оны мен екен деп атып, ауыр жаралапты. Бұл хабарды мен Семейде жатқанда естін. Егіндібұлаққа Бекет жолымен жүрмей, Абыралы арқылы оралдым...

Қарқаралы уезінде байлар мен би-болыстар өз балаларын оқытуды көзден, өз қаражаттарымен ағаштан үй салып, екіжылдық орыс-қыргыз реальдық училищесін ашты. Актірек осы училищенің шаруашылық базасы болды. Осы училищеге ағартушы-ғалым, педагог Әлімхан Ермеков дәріс берді, жоғары оқу орындарын бітірген басқа да маман оқытушылар жіберілді. Олардың арасында жергілікті оқыған жігіттер Тоқтаров, Жайсаңов, Ахметов, Тарабаев және басқалары болды.

Орта буын мамандар даярлау мақсатында 1922 жылы недтехникум ұйымдастырылды. Бұл оқу орны реальдық училищенің астыңғы қабатында орналасты. Оған алғаш рет 12 жігіт түстік. Біздің арамызда Әбу Баймақанов, Ақпар Сапанов, Есберген Мақашев, Хасен Ермеков, тағы да басқа жігіттер бар еді.

Бізді жаппай сауатсыздыққа қарсы күреске, ауылда таралып кеткен шешек ауруына қарсы күреске, егіндік-шабындық жерлерді бөлу науқанына, тағы да басқа жұмыстарға пайдаланды. Біздер комсомол, кәсіподақ ұйымдарын құрып, ел арасында, жастар арасында көптеген жұмыстар жүргіздік. Осындай жұмыстарды атқаруға комсомол мүшелері Шафик Шокин, Қабыкен Машрапов, Әбу Баймаханов, Смағұл Қосыбаев белсене қатысты.

Қоғамда көптеген жұмыстар атқарылды. Менің өзім 1924 жылдан 1929 жылға дейін 700-дей адамға хат танытқан екенмін. Ойын-сауық клубын ұйымдастыр-

дық. 1924 жылы «Еңлік-Кебек», одан соң «Қызыл сұңқар» спектаклін сахнаға шығардық. Қыз балаларды рольдерде ойнауға рұқсат бермей, әке-шешелері жібермей қойған соң, қыздардың ролін де өзімізге ойнауға тура келді.

Педтехникумды бітірген соң Қарқаралы уездік оқу бөлімінің, кейіннен аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болдым.

Бұрынғы өткен ұрпақтың өміріне ой жүгірте қарасак, қаншама күш-қуат, дарын-қабілет, жігер жұмсағанын көреміз. Жас ұрпақ қазіргі оқу-ағарту, мәдениет, молшылық қалай келгенін, аға ұрпақтың аянбай төккен терінің арқасы екендігін естерінен шығармасын, соны білсін деп ойлаймын. Сондықтан да аға ұрпақтың басынан кешкендері кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деген мақсатпен жазып отырмын.

### **Қызы Шәйзада Тұрғамбасва әнгімелейді:**

Біз, негізі, мұғалімдер әулетінебіз. Үлкен әкеміз Түрекең молла болып бала оқытса, ол кісінің үлкен ағалары Смағұл мен Ғабдолла да медресе ашып, дәріс берген адамдар екен. Көп жыл облыстың және Қарағанды қаласының оқу бөлімдерінің меңгерушісі болған Сләмия Саттаровты бірталай ел біледі. Ол кісі – әкемнің Саттар деген ағасының баласы. Яғни, біз немере туыс болып келеміз. Әкемнің қыздары-келіндері, қарындастарының бәрі мұғалім болды. Қазір әкемнің кенже қызы, менің сінілім Нұрзада – Қарағанды экономикалық университетінде оқытушы.

Әкем Қарағандыға 1938 жылы үш баласымен көшіп келген екен. Сол жылдары ашылған мұғалімдер институтында сабақ береді және Абай атындағы ҚазНП-ге педагогика және психология мамандығы бойынша сырттай оқуға түседі.

Әкем сол кезде Қ.Байтасов, А.Нәрешев, А.Аймағамбетов, Ф.Кенжебаева, Қ.Мұқышев, А.Жұманшиязов сияқты белгілі ұстаздармен қатар еңбек етті. Содан 1972 жылға дейін педагогика институтының педагогика-психология кафедрасында қарт ұстаз Сәлкен Балаубаевпен қатар қызмет істеп, құрметті демалысқа шықты.

Ол кісінің оқу-ағарту саласындағы еңбегі жоғары бағаланып, 1962 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі жоғары атағын берді. Халыққа білім беру саласындағы еңбегін 1924 жылы бастаған әкемінің алған наградалары мен марапаттарын, медальдарын, мактау қағаздарын Е.А.Бокетов атындағы мұражайға тапсырдым.

Осы Қарағанды қаласының өзінде 34 жыл ағарту саласында еңбек еткен әкем Әбдуәс Тұрғамбаевтың шәкірттері бұл күнде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Биыл ол кісіні Қарағанды қаласының 70 жылдығына және Қарқаралының 180 жылдығына орай еске ала кетуді орынды санап, ол кісінің жазып қалдырған естелігін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
23 қыркүйек, 2004 ж.)*



## ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

Жерлесіміз Әубәкір Ысмайылов Дөлішка кенті жаында, Иінар тотайлы сайындағы №6 шағын ауылда дүниеге келген және ол өзінің «Өзім туған Иінар», «Шерубай-Нұра», «Қарабае» және басқа да пейзаждарында оны сүйіспеншілікпен бейнелеп берген.



Суретшінің әкесі Ысмайылы Муени Шерубай-Нұра өзенінің жағасында мал баққан, ал қышпылық жылдары Қарағандыдағы ағылшын шахталарына және Спасск мыс балқыту зауытына жұмысқа кетеді. Ескі қаланың тас барактарында кінкештай Әубәкірдің сурет салуға деген адам сенгісіз талпынысы байқалады, ол бағнақты жерге шыбықпен, қоршаулар мен қабырғаларға ағаш көмірімен әр түрлі бейнелер сыза бастайды. Кінкештай суретші балшықтан әр түрлі жылқы, сиыр, салт атты сияқты айналасындағылардың қаралайым бейнесін жасап тастайды.

1926 жылы 13 жастағы Әубәкір сол кездегі Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына тап

болып, онда өзінің туысы, қоғам қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллинді тауып алады. Ол жасөспірімді «Еңбекші қазақ» газетінің баспаханасына жұмысқа және оның жанында бейнелеу өнері студиясына орналастырады. Қызылордадан соң тағдыр Әубәкірді Петропавловскіге, Омбыға әкеледі, бұл жерлерде де ол курстар мен студияларда бейнелеу өнеріне жалықпай үйренеді, ақырында ол Мәскеуден бір-ақ шығып, Жоғары көркем-техникалық институтқа және Мәскеу полиграфиялық институтының графика факультетіне оқуға түседі.

Мәскеуде оқып жүрген кезінде де жас суретші өзінің туған өлкесін ұмытпайды, болашақта белгілі суретші атанған Н.Крутильниковпен бірге Петропавлдан Қызылордаға аттанған Қызыл керуенге қатысады. Ал 1932 жылы Әубәкір панасыздықты жою жөніндегі қазақ студенттері бригадасының құрамында комсомолдық жолдамамен Қарағандыға келеді. Сонымен қоса ол шахтаға түсіп, көптеген суреттер салады және шахтер еңбегі мен туған қаласы туралы эюдтер жасайды.

Суретші екінші рет кеншілер өлкесіне Ұлы Отан соғысы жылдарында келген екен және содан бастап көмірлі Қарағанды, Сарыарқаны индустрияландыру және өзінің кіші Отаны, туған жері туралы тақырыптарға әрқашан оралып отырған. Ә.Нысмайыловтың жұмыстары соғыстан соңғы 25 жыл бойы біздің облысымыздың қалалары мен аудандарындағы көрмелерде 10-нан астам рет қойылды. Біздің өлкеміз үшін есте қаларлық бір сәт Ә.Нысмайыловтың 1975 жылы туған Жаңаарқа ауданына өзінің 75 жұмысын сыйға тартып, сонда картина галереясының ашылуы болды. Қазіргі кезде оның жұмыстары Жаңаарқа және Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайларында, сол сияқты Жезқазғанда сақтаулы.

Суретшіге деген Қарағанды аялы көзқарастың ең шегі 1993 жылы Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында шебердің 80 жылдық мерейтойына арналған жеке көрмесінің өтуі еді. Бұл көрмеге оның туған өлке тақырыбына арналған 35 жұмысы қйылды, мұның көпшілігі кейін мұражайға сыйға тартылды.

Өзінің 86 жыл жасаған өмірінде Әубәкір Ысмайылов 400-ден астам поэзия жазған екен. Бұлардың гандаулылары Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында суретшінің туғанына 100 жыл толуына арналып өткізілеп Мемориалдық көрмеге қойылды.

Ә.Ысмайыловтың жарқын таланты бейнелеу өнерінде кеңінен ашылды – ол ағашқылардың бірі болып Қазақстанның Халық суретшісі жоғары атағына ие болды. Оның живописьтік және акварельдік жұмыстары республиканың бай тарихи жылнамасы мен жетістігі айшықтай түсетін халықтың түбетейлі игілігіне айналды.

1913 жылы туған ол тарихтың және аяғынан тұрып келе жатқан Советтік Қазақстанның «жылнамашысы» да болды, ол оңтүстіктің дәстүрлі жайлауынан бастап, Орталық Қазақстанда салынып жатқан индустрия алыбына дейін бейнеледі. Оған жаңа туындаған барлық жаналықты көрсетін қана қоймай, сонымен қоса халықтың мындаған жылдар бойы жинаған баға жетпес байлығын сақтау да аса маңызды болды. Уақыт оның өзінің өне бойынан өгіп жатқандай, барлығын да жан-дүниесімен сезінді. Сарыарқаның ұланы – Әубәкір Ысмайылов уақатты абстракциялы санат ретінде қабылдаған жоқ, өзінің бойында көз жетпес жазира даланы, отардың жыл бойы ауысып отыруын, ата-бабаның өсиеті мен әлемдік заңдарын

жалғастыратын тірі субстанция ретінде қабылдайды. Өзгерістердің қажеттігін сезіне отырып, суретші сонымен қоса өткенді сақтауға, оны осы шақтың бөлімбес бөлшегі етуге тырысты, сондықтан да сақталып қалған байлықтың аса бағалы түйірлерін мұқият жинады – халықтың ұлттық киімін зерттеді, биілерін қайта қалпына келтірді.

Бүгінгі күні оның суретші ме, биші ме, режиссер ме, актер ме, ұйымдастырушы ма, кім болғанын нақты айту қиын. Соған карамастан өзінің акварельдерінде уақыт көшімен ерекше туыстығын тамаша айғақтай білді. Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайындағы шебердің барлық шығармашылығын қамтитын жиынтығы уақыт туралы түсініктің ол үшін қаншалықты маңызды екендігін түсінуге мүмкіндік береді, болмаса солар арқылы ол табиғаттың да, адамның да өмірінің мәнін ашуға тырысады. 1920 жылдардың аяғындағы «Шерубай-Нұра» (1928) және «Қарабас» (1929) эпюдтарында аласа төбешікті, жасыл бұта өскен жайылмасы онша жалпак емес өзенді Сарыарканың жер бедерін бейнелейді, ондағы адамдар, жануарлар, киіз үйлер бір қарағанда елеусіздеу сияқты, бірақ адамдар мен табиғаттың тұтасып кеткендігі сондай, олар бір-бірімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан сияқты. Бұйраттардың елеусіз сұлбасы мен өзендердің баяу бұрылысы табиғаттың кезеңді өмірімен келісімдегі ғасырлар бойы сан мәрте тексерілген адам өмірі туындатқан бірқалыпты және ақырын жүріп жатқан қозғалыспен астасады. Бұл жерде бәрі дағдылы, сондықтан адамдар бір кездегі өздерінің ата-бабалары сияқты бұлар да өздерін сенімді сезінеді, ештеңеге алаңдамайды.

Бұл композицияларға кереғар болатын 1930 жылдардағы Қарағандыға арналған парактар. Оның ең

біріншісі «Қарағанды шахтасы» (1930-1931) деп аталады. онда қазақша құлақшын, ұзын жеңде кіпен, белін орамалмен қаусыра байлан алып, қайламен көмір шауып жатқан қайратты жас жігіт бейнеленген. Тіреу бөренелердің кесінділері, жер бетіне шығатын қолбеу штрек, қайласын сілтеу үшін қолын арғына қарай қайыра ұстап, еңкейе түскен жігіттің мүсіні композициядағы жылы және салқын түстердің тоғысуын күшейте түседі де, жұмылған экспрессияны сезіндіретін қарсы қозғалыс туындатады. Уақыт өзгереді – сол 1930 жылдары Қазақстанда ескі дәуірдің қирауы басталды, халық бұрынғы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тұрмысымен қоштасып, күтпеген жерден келген жаңа болашаққа қарай ұмтылысты. Уақыт көз алдында өзгеріп, жеделдету көрінісін тұрды, бұл бейнелеу тіліне де ерекше әсер етті. Бұрынғы бірқалыпты өмірдің орнына («Шерубай-Нұра») жаңа «жарқын» болашақтың жедел қарқынды құрылысы ауысып келді. Бұл қоғамның жүйкесіне тиген жағдай Ысмайыловтың 1930-1940 жылдардағы жаңа еңбекке және жаңа тұрмысқа арналған барлық жұмыстарында азды-көпті дәрежеде сипатталады. Ол мұндай қатерлі өзгерісті ауыр сезінген сияқты, мүмкін бұған питей наразы да болған шығар. Міне, осы ішкі тайталас өзі мұқият жинақтаған, зерттеген және ыждаһатпен сақтаған халықтық мәдениетке оның барлық ой-санасын аударуы мүмкін.

*(«Взгляд на СОБЫТИЯ» газеті,  
2013 ж.)*

## «ОЗІМ СҮЙІП ҰНАТҚАН...»

Омарды сонау студенттік шағымнап жақсы білетін едім. Жуырда ол бір әңгіме бар екенін айтты. Әуелде күнделікті өмірде кездесе беретін күйбен тірлік жайлы дүние шығар деп ойлағанмын. Өлай бөлмай шықты.

- Мен Ақтобе облысының Ойыл ауданында туып-өстім. - деп бастады әңгімесін Омкен. - Туған жер деген қандай ыстық. Сол балалық бал дәуреннің қызық шақтары әлі күнге есіммен кетпейді. Оның барлығын айта берсең бір кітапқа сыймас еді.

Әкем соғыста қаза тауыпты. Шешемнің қолында өстім. Ол кісі бетімнен қаннай өсіргенімен, кейде әкенің орны ойсырап-ақ тұратын. Әсіресе, әкееі бар балаларды көргенде: «Әкем тірі болғанда мен де аналар сияқты алшаң басып жүрер едім-ау», - деген де ой келеді. Сондай ой көбіне көрші тұратын Алмагүлді (атын әдейі өзгеріп алдым. - С.Ж.) көргенде келетін. Оның әкесі прокурор, заң қызметкері болғандықтан, соғыстан броньмен қалған. Алмагүл бұла өскен бір үйдің еркекетотай қызы. Менен бір-екі жас кішілігі бар, бірақ өткірлігі айтуға келмейді, сондай



бетті қыз болды. Бетің бар, жүзің бар демей, ойына келгенің айға салып, қарап отырады.

Мен 1958 жылы Ақтобедегі мәдени-ағарту училищесінің музыка бөлімшесінде оқып жүргенімде Алмагүлге қайта жолықтым. Ол да осында келіп, медицина институтына түскен екен. Біріміз бірге жүрдік. Жастық шақтың қызығы көп көп. Киноға, театрға бірге баратынбыз. Сөйтін жүргенде қысқы семестрге жетпей Бибигүлді жоғалтып алдым. Бір күні ауылға аттанып еді, содан қайтып оралмады. Кейін естідім – Алматыға барып, бір институтқа оқуға түсіпті. Біз ол кезде бір-бірімізді жақсы көргенімізбен, түсініскен жоқ едік. Мен өзімнің ішкі ойымды Алмагүлге жеткізіп үлгермей қалдым. Бұлай аяқ астында жоқ болып кетеді деп кім ойлаған.

Училищедегі жылдар қас қакқанша ыр етін өте шықты. Оқуымды бітірген соң облыстық комсомол комитетінде істеп жүргем. Ол кезде комсомолдың мәдени-ағарту жұмыстарымен айналысатын кезі ғой. Бір күні бүкіл бригадамызбен Шалқар ауданының (Ленин атындағы колхозы болуы керек) бір шаруашылығына келдік. Ауыл адамдарын клубқа жинап, лекция оқымақ, концерт қоймақ ойымызда бар. Кешкілік, шынында да, клубқа көп адам жиналды. Бір кезде қарасам – бір таныс бейне, таныс жанар көзіме оттай басылды. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Өң мені түстің арасында бір халде қалдым. Осыдан бірнеше жыл бұрын өзім жоғалтып алған Алмагүл тұр. Иә, дәл соның өзі... Клубтың кең дәлізінде қабырғаға сүйеніп тұр екен. Жанында анасы бар. Бірден таныдым. Ол да мені танып, бағанадан көз алмай қарап тұрған сияқты. Бір орнынан қозғалмайды. Жүгіріп қастарына қалай келгенімді өзім де байқамай қалыппын.

- Сәлеметсің бе. Алмагүл, - деп қолымды ұсына бердім.

Ол да маған қарай ештеп қолын созды. Сол кезде мен құшағымға қысқым келіп кетсе керек, екі қолымды жая бергенімде:

- Байқа, балам, құшақтама, - деп анасы тоқтатып тастады.

Қанелімде не істерімді білмей, аңтарылып тұрып қалдым. Өз қылығыма өзім қысылып, ұяттан жерге кірер тесік ташпай қалдым. Менің қысылғанымды байқаған анасы:

- Алмагүл ауырады ғой. Аяғынан науқастанған, - деп жуып-шайып жатыр.

Шынында да екі аяқтан баса алмайды екен. Содан концерттімізді көрсетіп, келген жұмысымызды тындырған соң мен Алмагүлдің үйіне бардым. Екеуіміз таң атқанша әңгімелестік. Түнімен домбыраға қосылып, ән шырқадық. Ол Ақтөбеде оқып жүрген кезінде Шәмшінің «Бәрінен де сен сұлуын» тамылжыта айтушы еді. Сол әнді қайта-қайта айтқызым. Ара-арасында әңгіме-сыр шертісеміз. Қанша дегенмен училищенің әншілер класын бітірген адаммын ғой, мен де домбыраға қосылып шырқаймын. Мұндай сәтте ол төмен қарап, мұная қалып, менің әнімді беріле тыңдайды. Мен болсам ол ән салған кезде көкірегім қарсы айырылып, жүрегім тілім-тілім болады да, көзімнен жас саулай жөнеледі. Өзімнің мұндай қарақесіме өзім намыстанып, көзімнің жасын көрсетпей сүртіп, іштей қайраттанамын. Бірақ артынша көзімнен жас қайта парлайды.

Ұзақ таңды көз ілмей атырдық. Сөйтсем, Алмагүл медицина институтын тастап, Алматыға барады да, консерваторияға оқуға түседі. Сонда оқып жүргенде осы пәлеге жолығады ғой. Бір күні жатақханада жалғыз



отырғанда бірнеше мас жігіт кіріп келеді. Солардан қорыққан бұл жоғары кабаттың терезесінен ескіріп кетеді де, екі аяғынан мертігіп, бел омыртқасына зақым келеді. Бірнеше рет аяққа, белге ота жасатады. Айлар бойы тыбыр етпей, төсек тартып жатып калуға тура келеді.

Таң ата ғана желкем жастыққа тиді. Бірақ көз шырымыш алғамын жоқ. Мұндайда кірпік ілу қайда? Қайта ұйқым шайдай ашылды. Алмагүлдің осындай халге ұшырауына өзім кінәлі сияқты болдым да тұрдым. Сонау жылы ішкі сырымды ақтарып, Ақтобеле алып қалғанда мұндай оқиға болмайтын еді ғой. Өзімнің батылсыздығыма өзімді сөктім. Енді оның қалған өмірін өксітпейін деп, бір ойға бекем бел будым.

Сол күні түске қарай қайтатын болдық. Жолға шығар алдында Алмагүлмен көш айтысын тұрып, өзімнің ниетімді білдірдім.

- Алып кетің... Өзім емдетемін...

- Жоқ, болмайды. Мен сенің басыңа бейнет боламын ғой.

Ақыры Алмагүл менің қолқама көнбеді. Шешесі де қарсы болды. Жүретін уақыт таяп қалып, есік алдындағы машинамыз «бенілетін» тұрып алды. Мұндай сәтте берекен кетіп, аузыңа жонді сөз де түспей қояды ғой. Сонымен, жүрегіме найза қадағандай қақ айырылып, артыма қарай-қарай аттандым.

Осы оқиғадан кейін көпке дейін есімді жия алмай жүрдім. Отырсам да, тұрсам да ойымнан Алмагүл кетпей қойды. Шалқар ауданынан кезіккен адамнан оның қал-жағдайын сұраудан жалыққамын жоқ.

Содан келесі жылы әскер қатарына алынып, онда үш жыл жүріп келдім. Шіркін, жастық шақ-ай! Қызығың қандай көп еді! Құлашты қияға серметкен құлшынысыңы жігері мол, қиялшыл жылдар ғой. Оның

үстіне Сағтар Ерубаяевтың «Менің құрдастарым» атты романын қолдан түсірмей оқитынбыз. Ақыры сол кітаптың әсері ме, әлде жастық шақтың желігі ме, әйтеуір Қарағанды княлыма орала берді. Оны бір көрсем-ау деп армандадым. Бір күні ойланып отырдым да: «Осы мен несіне княлданам, бара көрейін», - деп киім-кешенімді, кітап қағазымды салып алып, жолға шықтым да кеттім.

Менің бір әдетім – нені ойласам, соны жүзеге асырмай қоймаймын. Сол әдетіме тағы да басқан едім. Айым оңымнан туып, Қарағанды политехникалық институтының кен факультетіне түсіп кеттім. Көмірлі қаладағы студенттік шақтар басталды. Бұрыннан арнаулы музыкалық білімім бөлгандықтан және өзімнің де өнер дегенде ішкен асымды жерге қоятындығымнан институттағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысына қатыспай тұра алмадым. Басқа да өзім сияқты өнерпаздармен бірге қаланың оқу орындарында өтетін ойын-сауықтың бел ортасында жүріп жаттым. Сондай кездерде «Бәрінен де сен сұлу» әні шырқалса болды, көз алдыма Алмагүл оралады. Жатақханаға келген соң да көз алдымнан кетпей тұрып алады. Төсегіме шалқадан түсіп жатып алып, төбеге қараймын да, ойлаймын да жатамын. Сонау аспан төрінде қос қанаты күнге шағылысып, Алмагүл періште болып самғап жүрген сияқты болады да тұрады. Біресе қабырғаға сүйеніп, біресе домбырасын қағып қойып:

«Өзгеден де ен сұлу.

Өмірлік дос, тең сұлу.

Өзім сүйіп ұнатқан,

Бәрінен де сен сұлу, сен сұлу», - деп шырқап отырған сәті көз алдыма келіп, құлағыма сыңғырлаған әсем үні жетеді.

Сөйтін жүргенде күз айының бірінде студенттер арасында «Алло, біз дарындарды іздейміз» деген республикалық конкурс өтті. Сонда мен «Бәрінен де сен сұду» және «Шанибай-ау» әндерін шырқан, екінші орынды жеңіп алдым. Жеңімпаздарға сол кездегі одақтың астанасы Мәскеуде өтетін конкурсқа жолдама берді.

Жолға шыықтық. Батысты бетке алған «отарба» жүйткіп келеді. Қиял шіркін одап да жүйірік. Поездан бұрын келіп, Мәскеуді аралап, Мовзолеевті Ленинді көріп, байқауға қатысып, бәрін жеңіп шығып, бірінші орынды алып, қайтып келе жатқан сияқты әсерлемін. Бара жатқан жігіттер мен қыздар жиналығ алып, ән шырқаймыз. Көңілдің көтеріңкілігінде шек жоқ. Осылай қызықпен келе жатып, вагонда бір-екі жігітпен таныстым. Олар сол Шалқар ауданынан болып шықты. Ақтөбе облысының кезіккен адамынан сұрап жүретін бұрынғы әдетіммен Алмагүлдің жайын білмек болдым ғой.

- Сол ауданда Алмагүл деген қызды білесіңдер ме?

- Біздің ауылда Алмагүл дегендер толып жатыр. Оның қайсысы?

- Әкесі Қали деген кісі прокурор болған. Елтілеуова Алмагүл. Кейіннен аяғынан жаракаттанып жүре алмай қалып еді...

- Е, ол анау ғой. Білеміз. Әкесі мүгедектер үйіне тапсырған екен, сонда жүргенде қайтыс болды деп естігенбіз...

Кенет біреу үстімнен мұздай су құя салғандай болды. Көзімнен жас шықты ма, шықпады ма – оны білмеймін, әйтеуір жүрегім қан жылап, орнымнан тұрып кеттім де, күнеден шығып, терезенің алдына келіп тұрдым. Артымда қалғандар бірдеңе деп жатқан. Олардың не айтқанын, не сөйлескенін естігемін жоқ.

Құлағым тас керен, көзім су қараңғы болып қалған сияқты, меніреу адамдай мелшип тұра бердім. Көз алдыма тағы да қабырғаға сүйеніп тұрған Алмагүл елестеді.

Кешеден бергі көтеріңкі көңіл күй су сепкендей басылды. Ақтобелік екі жігіт жолшыбай түсіп қалған. Жанымдағылар не болғанын түсіне алмай дал. Мен Мәскеуге жеткенше купеден шықпай, төсегімнен тұрмай, жатып алдым. Не ішін не қойғанымды да білмеймін. Астанаға келіп, орналасқан соң да бөлмемнен шыққамын жоқ. Тіпті, дайындықтың өзіне бармай жатып алдым да, концертке бірақ шықтым. Дайындықсыз айтылған әнде сән бола ма? Оның үстіне жүретін қап жыһап тұрса, Айтқан әнім ән сияқты болмағанын өзім де түсіндім. Бұдан соң сахнаға шықпауға іштей уәде бердім. Содан бері кейде той-томалақта ғана алқақотан отырғанда болмаса, сахнадан қайтып ән салған емеспін...

Уақыт деген емші. Өзі салған жараны өзі емдейді. Зымыран уақыт өткен сайын Алмагүлдің бейнесі ұмыт бола берді. Бірақ өзім дәл Алмагүлдей жар табуға серт берген едім, сол сөзімде тұрдым. Әсемдігі де, әншілігі де Алмагүлден бір кем емес жар таптым.

«Осының барлығын несіне айтып жатыр?» - деп ойлап отырған боларсың. Мұның себебі – Алмагүл тірі болып шықты. Оны жуырда ғана білдім. Осы тамыз айының ішінде Атырау қаласына іссапармен барған болатынмын. Содан қайтар жолда туган жерге соқтым ғой. Сонда менің Сара және Қатира деген екі апам тұрады. Екеуі де кезінде ұстаз болған, еңбек сіңірген мұғалімдер. Солар бір кітап туралы әңгімелесіп отырды.

«Жақсы жазған екен. Өз өмірін жазған ғой. Мүтедектік жанына батқан шығар...» деген сияқты сөздерді естіп, құлағым елең ете қалды.

- Сен Алмагүлді білесің ғой. - деді әнкелерім. - Баяғыда өздерің бірге ойнаған Алмагүл. Соның кітабы шығыпты. Біздің ауыл қолдан-қолға түгізбей сол кітапты оқып жатыр.

Мен тұрған орнымда қашынып қалдым. Өлден уақытта:

- Алмагүл қайтыс болды деп еді ғой... - деп тілге зорға келдім.

- Жок, бекер сөз. Ол тірі. Кітап жазыпты. Үлкен роман...

Түнімен сол кітапты іздеттім. Бірақ ешкімнен табылмады. Қызметтегі адам жаға ма? Ертеңіне поезға отырып, Қарагандыға қарай тартып келе жатырмын. Ұмыт болған Алмагүл көз алдыма келді. Өзім көрмеген сон сенер емеспін.

Сол күні түнде кітап іздеп жүріп әнкелерім «Қазақстан әйелдері» журналының әкеліні берген. Сонда Алмагүлмен сұхбат басылған екен. Жол бойы соны ашып, қайта-қайта оқимын. Суретіне қараймын. Аздап толысканы болмаса, онша өзгермеген сияқты.

Купедегі серіктесім бұрып Байғанин ауданында тұрған Мәрия есімді апай екен. Сол кісіден де Алмагүл жайлы сыр тартып көрсем, билетін болып шықты. Кітабын да көріпті.

- Айтпақшы, балам, - деді ол біраздан соң. - Осы жаңа ғана мына купеде бір қыз баланың сол кітапты ұстап отырғанын көрдім.

Апай мені сол купеге ертіп барды. Шынында да бір қыз бала Алмагүлдің кітабын оқып отыр екен. Алматыда басылған. Бізге көруге ғана берді. Өзі бір он-онбес минуттан соң түсіп қалды да, кітабын ала кетті.

Міне, сөйтін отыз жылға жуық өлді деп жүрген адамым тірі болып шықты. Тағдырдың жазуына не дауа?..

Омкен ойлаып отырып калды. Бірақ алғашқыдағыдай емес, ішке көптен бері құса болып жиналған сырды сыртқа шығарған соң бір жеңілдеп қалған сыңайы бар.

«Бұған сен қалай қарайсың?» деген түрмен бетіме барлай қарады. Менің ойым да сан-саққа жүгіріп, болашақ новелланың жоспары туындай бастады.

Ақыры осы оқиғаны саралап. Омкен мен Алмагүлдің жастық шағын көз алдыма келтіріп, терең ойға шома бердім. Мынадай оқиғаны жұртшылыққа жеткізбек мақсатпен қаназ бетіне түсіруге асықтым. Сол әңгіменің желісі еді бұл.

Оның қалай шыққанын оқырман өзі саралай жатар...

*(«Орталық Қазақстан» газеті).*

## ҚОҚЫСТАН ТҮСЕР КІРІС МӨЛІ

Қарағанды қаласының жеке аумағынан ғана жыл сайын 48-51 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылады екен. Бұл бейнелеп айтқанда үйіп тастаған 50 мың жеңіл автокөлікке тең. Осыған орай облыс басшылығы қаланың қоқысын өңдейтін, экологиялық жағынан қауіпсіз зауыт салудан үмітті.



Қаламыздағы санитарлық тазалық көп жылдан бері басты коммуналдық мәселе болып келе жатыр. Әр түрлі бағалаулар бойынша қала ішінде төтенше пайда болатын күлтоқпелердің саны да, олардың тоннажы да жыл сайын өсе түсуде. Мәселен, облыстық әкімдіктің деректеріне қарағанда облыста жыл сайын 2065,34 мың текше метр қатты тұрмыстық қалдық (КТҚ) шығарылады, сыртқа шығарылады, өтелденеді. Облысымызда КТҚ-ы өтелдеу жөніндегі 200-ге жуық полигон бар екен. Бірақ сол полигондардың ешқайсысы да санитарлық және экологиялық талаптарға жауап бере алмайды. Облыста жыл сайын 2,1 млн. текше метр КТҚ пайда болып, қоқыс төгетін полигондарына орналастырылатын болса,

мұның ішінде 50 пайыздан астамы Қарағанды мен Теміртау қалаларына келеді екен. Мамандардың айтуына қарағанда Қарағандыға қоқысты қайта өңдейтін зауыт керек, ал ҚТҚ көму бақылауда болуы қажет. Бұған қоса жаңа, осы заманғы полигондар болғаны дұрыс. Онда қажетті табиғат қорғау шаралары көзделуге тиіс.

Қоқыс, табиғи қалдықтар қашан да адамдардың тұрғылықты жерінде пайда болады. Бірақ бізде мұндай қалдықтарды еш жерде, ешқашан да және ешкім де өңдеген емес. Барлығын жаңбыр шайып, желмен шашылып, далаға тарап жағады. Соның салдарынан қоқыс төгетін жер қаңғыған нүктелердің жылы орнына айналып, сасық иістің ордасы болып шығады. Еуропа елдері бұл мәселеге баяғыда табысты шешім тапқанына қарамастан бізде бұл жай әлі сол орнынан қозғалар емес. Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу технологиясы әлемде баяғыда сынақтан өтіп болған. Алынатын өнімдердің түр-түрі құрылыс материалдарынан бастап маталарға, пластика мен қағаз бұйымдарына дейін бәрін қамтиды. Қоқысты қайта өңдейтін зауыттың құрылысы үшін жабдықтар кешеніш ұсынған батыс-еуропалық және американдық жүздеген фирма бар. Шетелдерде «қоқыс бизнесінің» тартымдылығы мен пайдалы екендігін баяғыда түсінген.

Мамандардың есебіне қарағанда жыл сайын бес мың тоннаға өсетін, елді мекендерде шашылып жатқан, былай қарағанда ешқандай пайдасы жоқ қоқыс тауларынан қандай түсім алуға болады? Ең бірінші кезекте бағасы әлемдік нарықта күн сайын өсіп жатқан түсті және қараметалдар қоқыста. Бұған қоса күнделікті тұрмыста пайдаланылатын полиэтилен пленка, шыны ыдыстар, қағаз, машинаның резенке доңғалақтары,



тағы басқа да пайдалы заттар шығаратын қайталама шикізат та осында.

Қоқыс өндейтін зауыттың құрылысын салу қатты тұрмыстық қалдықтарды өтелдеудің ауқымды мәселесін шешетін құрал ретінде біздің облыстың экологиялық мәселесінің тізбесіне енгізіліп қойғандығын атап өтуіміз керек.

Әзірше қоқыс өңдеу әлі пісіп-жетілмеген мәселе. Оны өңдеу кезінде қоқыстың тек бір пайызы ғана пайдаланылады. Оның өзінде тек жартылай қолмен, жекелеген цехтарда ғана атқарылады. Мұны әзірше зауыт деп атау қиын. Бізде қағаз қалдықтарынан дәреғхана қағаздары, сонымен қоса Қытайға экенортқа шығарылатын пластик қиыршықтары ғана өндіріледі, егер қайта өңдеу деп атауға тұратын болса, шөлмек жинауды да қосуға болады. Бірақ оның өзінде тек сынығы жоқ шөлмектер ғана жиналады. Оскеменде қоқыстан құрылыстық пластмасса өндіріледі. Биылғы жылдың басында тағы бір жаңалық қолға алынған. Екі ықшам ауданда тұрмыстық қатты қалдықтар жеке-жеке контейнерлерде жинастырылмақ болған. Бағтама жақсы, оны жүзеге асыруда да қиындық жоқ болғандығына қарамастан бұл тек жақсы идея түрінде ғана қалды. Мәселен, Пришахгинскінің 23 ықшам ауданында болдық. Мұндағы тұрғындардың контейнерлерге әрқайсысын бөліп салғанның орнына қағазды да, шыныны да, құрылыс материалдарын да, ас қалдықтарын да бірге төгіп жатқандарын көзімізбен көрдік.

- Біз Еуропаның тәжірибесін зерттедік. - дейді облыстық ЭкоМузейдің директоры Дмитрий Калмыков. - Голландияда бір қызық жайға тап болдық. Біздің республиканың аумағы туралы естіген соң олар тап қалды. Олардың ойынша мұндай үлкен аумақта

коқысты мүкпін үйіп тастайтын орын табылады. «Біз оны өңдейтін себебіміз – бізде оны жинайтын орын жоқ», дейді олар. Шын мәнінде көптеген еуропалық елдердің барлық аумағы не саябақ, не тамаша гүлзарлар, болмаса мал фермалары.

Бұған қоса оларда шикізат бағасы өте жоғары. Олардың пайымдауына шарбақтың сыртында өздерінің қағаздары шашылып жатқанда басқа елден қағаз жасайтын ағаш сатып алудың қажеті жоқ. Бізде қайта өңделген шикізаттан жасалған қағаз таппайсыз. Ал Еуропа елдерінде мұндай қағаздар ұйымдық техника дүкендерінде сатыла береді. Голландия мен Алманияда пластикалық құтылардың орнына шыны құтыларға көшкен. Өйткені, мемлекет пластикалық ыдыстарға деген экологиялық салықты арттырып жіберген. Өндірушілер болса бірден өндірісін қайта құрған. Қазіргі кезде пластикалық шөлмектегі «Кола» шыны шөлмектенімен қымбат тұрады. Сол немістеріңіз қазір дүкенге магадан тігілген қалтамен барады. Өйткені, оларға да салықты жоғарылатқан соң супермаркеттер мен дүкендерде бір реттік полиэтилен қалталарды беруді доғарған.

Қазір облыс әкімдігінің 2007 жылдағы басты міндеті ҚТҚ дер кезінде сыртқа тасып шығару болғанымен, ҚТҚ-ды бөлектеп жинастыруды, өтелдеуді басқарудың жана үлгісі жасалмаған. Енді қоқыстарды қайта өңдеу зауытын салу міндеті тұр. Оның ішінде Қарағанды қаласында қанаттас қалаларға да қызмет көрсететін осындай өндіріс салудың мәселесі тақылануда. Соған орай облыс әкімдігі оннан аса өнім шығарып, ҚТҚ қайта өңдейтін көпсалалы зауыттың құрылысын салуға арналған мәселені шешу жөніндегі жұмыстармен айналысуда. Оның құрылысын салуға 650 млн. теңге мөлшерінде қаражат қажет.

Өткен жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару және жинау жүйесін жасау, тасымалдау, сақтау және есепке алу бағдарламасы үшін облыстық бюджеттен 4,85 млн. теңге қаржы жұмсалған. Мұнымен қоса 2006 жылы облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасы қалалық әкімдікпен бірлесіп отырып қоқысты қайта өңдейтін зауыттың құрылысы жөнінде «Вайзер» компаниясымен, ЕуроОдақ елдерінің өңдеушілерінің осы технологиясының базасында қоқысты қайта өңдейтін кешеннің құрылысының жобасын жасау және жүзеге асыру туралы алматылық «Алтын-Тет» ЖШС-мен келіссөз жүргізді.

Зауыттың құрылысы үшін техника-экономикалық негіздемені (2008 жылы – 10 млн. теңге) және жобалау-құрылыс құжаттамаларын (2009 жылы – 53 млн. теңге) жасау үшін инвестициялық ұсынысты Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғаудың 2008-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасының жобасына енгізіп те қойды. Материалдары одан әрі қарау және шешім қабылдау үшін экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жолданған.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰК» АҚ-ның аппараты бойынша қазіргі күнге дейін жинақталған қатты тұрмыстық қалдықтардың көлеміне, морфологиялық құрамына байланысты ҚТҚ қайта өңдеу жөніндегі өндірісті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ресейлік және шетелдік технологиялар жетіп жатыр. Қазіргі кезде «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰК» АҚ-на «Ресайклинг» ЖШС, «Горкомтранс» ЖШС, «Ювента» АҚ (Алмания), «Студис» ЖШС (Ресей), «R.C.HSA» (Швейцария) компаниясы сияқты әлеуетті инвесторлардан қоқысты қайта өңдеу зауытын салуға ұсыныстар түскен. Дегенмен, мұқият талдау жұмыстарын жүргізбейінше

ұсынылын отырған технологиялардың қайсысы Қарағандыға жарамды болатынын анықтау мүмкін емес. Бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы (ӘКК) жаныпан жұмыс тобы құрылып, оның құрамына жергілікті билік органдарының қатты тұрмыстық қалдықтарды тасып-шығарушылар мен ықтимал инвесторлардың өкілдері кіргізілді. Осы күндері жұмыс тобы облыстың полигондарындағы ҚТҚ айлық жинақталуы мен морфологиялық құрамын анықтап шықты. Бұл деректер жинақталған мәліметті басшылыққа ала отырып қоқысты қайта өңдеу зауытын салуға инвестициялық ұсыныс даярлау үшін ықтимал инвесторларға берілді.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының деректеріне қарағанда жұмыс тобы барлық инвестициялық жобаны жинап алған соң оларды тыңдау басталады, оның нәтижесі бойынша ҚТҚ өңдейтін зауыттың құрылысын салу туралы түбегейлі шешім қабылданағын болады. Бұл кезде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация осы зауыттың құрылысын салуға белсене кіріседі. Оған жер телімі беріледі, қажетті коммуникация тартылады, тиісті жобалық құжаттамалары жасалады. Сонымен қоса, егер қажет болған жағдайда «Сарыарқа» ӘКК 49 пайызға дейін қаржы ресурсын салуға дайын.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
29 қыркүйек, 2007 ж.)*

## ҚАЙТА ЖАНҒЫРҒАН ҚУАТ КӨЗІ

Жаһандық экологиялық қордың қолдауымен «Қазақстанның алыс аудандары үшін қуатты қайта жаңғырту көзі» жобасы жасалды. Осы жоба бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде.



Оның ұйымдастырушылары – Жаңа экологиялық қауіпсіз технологияны енгізу жөніндегі орталықтың Қоғамдық қоры (Қарағанды), Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ (Қарағанды), Қайта жаңғырған энергетика жөніндегі агенттік (Киев), «Зеленая энергетика» журналы (Киев), облыстық Экологиялық мұражай (Қарағанды).

Қайта жаңғырған қуат (ҚЖҚ) көзін пайдаланудың маңыздылығы осы саладағы технологияның әлемдік нарығының дамуымен делелденеді. Қазақстан зор өнеркәсіптік және табиғи әлеуетке ие бола отырып қайта жаңғырған энергетика нарығын дамыту ісінен сырт қалмауға тиіс. Өкінішке қарай бүгінгі күні бұрынғы КСРО елдерінің экономикасында (Балтық жағалауы мен Украинадан басқасы) қайта жаңғыру технологиясын нақты енгізді деп айта қоюға әлі ертерек.

Қазақстандағы ҚЖҚ көзін дамытудың басты мәселесі қайта жаңғырған қуат жөніндегі нақты ақпараттың мүлде жоқтығы және бір ерекшелігі – одан әрі даму үшін қазіргі кездегі мүмкіндігі мен оның болашағының зорлығы. «Қазақстанның алыс аудандары үшін қуатты қайта жаңғырту көзі» жобасы қайта жаңғырған қуат жөніндегі ақпарат жетімсіздігі мәселесін шешуге және оны жүзеге асыру үшін жоба ауқымында семинарлар өткізуге бағытталған. Семинарларға қатысушылар ҚЖҚ көзін дамытудың әлемдік тенденциясы туралы және жаңа энергетикалық стратегия туралы ақпарат алып, биогаз технологиясы және ҚЖҚ көзін дамыту құрылымындағы биоэнергетиканың ролі туралы, ҚЖҚ көзін дамыту үшін ЕТІ жұмыстары туралы мағлұмат алады.

Жуырда өткен сондай бір семинарда осы заманғы ҚЖҚ көзінің технологиясын пайдалану саласындағы өзінің білімін тереңдеткісі келетін студенттер мен мамандар үшін INFORSE тепе-теңдік қуатты жөніндегі халықаралық желі даярлаған DIERET курсының тұсаукесері болып өтті. INFORSE – бұл орнықты қуатты жаңғырту жөніндегі халықаралық желі болып саналады. Күрсі жыл сайын жаңа деректермен толықтырылып отырады. Соңғы редакция 2006 жылы жасалған. DIERET – қоғамдық ұйымдар тәжірибесі негізінде және үкіметтің қолдауымен ҚЖҚ көзін дамыта бастаған елдер жинақтаған осы заманғы ең жаңа ақпараттар негізінде құрылған.

Сол сияқты әрбір қатысушы жоба ауқымында шығарылған «Жасыл энергетика» журналының арнайы басылымына ие болды. Онда әр түрлі елдердің, оның ішінде ТМД елдерінің ҚЖҚ көзін енгізу жөніндегі тәжірибелері жинақталған.

Энергетикалық тәуелсізлік – бұл кез келген ұлттың «өмір жолы» деп айтуға болады. Қайта жаңғырған қуатты дамыту – кері қайталанбайтын үрдіс. Бұл «жасыл» технологияның экологиялық тазалығымен, сенімділігімен және тиімділігімен шартталған. Бұл үрдіс бар әлемде өріс алуда, ол бірінші кезекте өзіне қауіпсіз қазба отынды пайдаланудан болашақта қуатқа тәуелсіз ел құру үшін шешім қабылдай алатын мемлекеттің ерік-жігеріне байланысты. Әлемнің көптеген елдері осындай тұжырым жасап отыр. Бүгінгі күні қайта жаңғырған қуатты әлемнің 50-ден астам елі заңнамалық деңгейде қолдануда.

Энергетикадағы мұндай бағыт Қазақстанмен көптеген шекаралас елдерде, Үндістан мен Қытайда басым бағыт болуда. Қазір олар ҚЖК үшін жабдықтар өндіретін өнеркәсіптік қуаттарды өрістетуде жарқын мысал болуда. Жапонияда 2050 жылға дейін атом қуатын одап әрі дамытпай, энергетикалық стратегияны жүзеге асыру мүмкіндігін талқылау үстінде. Бұл елде күн сәулесінің әсерінен жұмыс істеп келе жатқан қуат беру жүйесінің күнделікті әдетке айналғанына қарамастан, атом қуатын дамытуға әрқашан көңіл бөлініп келген еді. Сол сияқты Швеция да елдің 2020 жылға дейін экономикалық даму стратегиясын қабылдаған, онда тағы да атомның қолдауынсыз және мұнайды пайдаланудан мүлде бас тарту туралы бағыт жүзеге асырылмақ.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Еурокомиссия ҚЖК көзінің технологиясы жөнінде көшбасшы болуын сақтап қалу туралы пікірді негізге ала отырып, климаттың өзгерумен күреске, Еуропадағы қуат қауіпсіздігін және оның Еуропа үшін бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа Қуат саясатын құру жөніндегі шаралар пакетін ұсынды. Сол

сияқты Еурокомиссия 2020 жылы жалпы қуат өндіру көлемінің ішінде ҚЖҚ көзінің есебінен 20% деңгейге жету міндетіне мақсат қойып отыр. Мұндай шара «жасыл энергетика», «жасыл отын», «жасыл жылу» көлемін жандай ұлпайтуды талап етеді. Еуропалық сарапшылар климаттың өзгеруі, құрғақшылық, теңіз деңгейінің көтерілуі сияқты мүмкін болатын төтенше жағдайлардың салдарынан туындайтын ауқымды шығындарға қарағанда мұндай жедел кадам недәуір арзана түседі. Еурокомиссия 2020 жылға дейін автомобиль қозғалтқышы жағатын жалпы отын көлеміндегі биоотын үлесін 10%-ға жеткізуді ұсынады. Бұл ауыл тұрғындары арасында кем дегенде 300 адамға жұмыс орны болмақ.

Бұдан шығатын қорытынды – қазіргі жағдайдағы өзгерту және халықтың қайта жаңғырған қуатқа деген көзқарасын қайта бағдарлау қажет. Ол үшін бірінші кезекте кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізген дұрыс.

*(«Орталық Қазақстан» газеті,  
29 қыркүйек, 2007 ж.)*



## БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҮЛКЕНДЕР КОЛЫНДА

Балалардың жастай шегінеуіне жұқпалы және іш оту аурулары басты себепкер екен. Мәселен, Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) дерегіне қарағанда осындай аурулардан бес жасқа дейінгі 13 млн. бала көз жұматын болса, оның ішінде 5 пайызы дамушы елдердің үлесіне жатады. Ал жедел респираторлы инфекциядан (ОРИ) 4,3 млн., диарейдан (іш оту) 3,2 млн. бала өледі. Әсіресе, бір жасқа дейінгі бала жиі ауырады. Соған сәйкес олардың өлімі де жиі болады. Осыған байланысты ВОЗ науқастардан бала өлімін азайту мақсатында 1978 жылы ауқымды бағдарлама қабылдаған болатын.

Облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы жанындағы ОРИ және диарей (іш оту) ауруларымен күрес жөніндегі облыстық орталықтың Ұлттық бағдарламаны үйлестірушісі Наталья Ивановна ДҮЙСЕНБАЕВАДАН осы Ұлттық бағдарлама туралы сұраған едім.

Қазіргі ХХ ғасырдың аяқталар, жаңа ғасырдың басталар шағында осындай науқастардан балаларды сақтап қала алмай отырғанымыз өкінішті-ақ. Ойткені, біздің республикамызда балалар арасында бұл аурулар жетекші орын алуда. Бізде әрбір үшінші бала жедел респираторлы инфекциядан және тыныс жолдары ауруынан, әрбір төртінші бала диарейдан (іш отуден) немес ішек ауруларынан қайтыс болады.

Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағдарламасы 1980 жылдан бастап жедел респираторлы инфекциямен (ОРІ) және 1990 жылдан бастап диареямен (іш өтумен) күрес күшейтілді. Бұған дейін Қазақстан медицина қызметкерлерінің мұндай науқас түрімен күресуге және балаларды тиімді емдеуге, оны ертерек анықтауға бағытталған арнайы нұсқауы болған жоқ.

Осы Ұлттық бағдарламаның алғашқы кезеңі қазір бізде құрылып жатқан отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларға жүктеледі. Оның басты мақсаты – балаларды үйде дұрыс емдеу. Онда ауруханаға жатағындар саны да азая түсер еді. Ауруханада емдеу өте қымбатқа түседі. Үйде емдеудің шығыны әлдеқайда аз. Ескі әдіспен емдей беруге бізде қаржы тапшы. Мәселен, жедел респираторлы инфекция жер жүзінде өте кең тараған ауру. Ол басқа ауруларға караганда (іш өтуді қоса есептегенде) өте жиі кездеседі. Сондықтан да медицина қызметкерлеріне өте сак болуды ескертеді. Әрине, бұл ауру маусымдық та болады, әсіресе жазғы және күзгі уақыттарда жиі кездеседі. Оның асқынған түрі өкпе қабынуына (пневмония) ұрындырады. Ол, әрине, баланың шетінеуіне апарып соғады.

Толық жатқан науқастармен қоса дәрігерлер осы жедел респираторлы инфекция және вирусты науқастардың ай сайын жпырма шақтысын кезіктіріп отырады. Соның ішінде балада өкпе қабынуы ма, жоқ әлде жұқпалы ауру ма, соны айқындаудың маңызы зор. Өйткені, бұл аурулардың белгілері бір-бірімен өте ұқсас, екеуінде де жөтел бар. Міне, бұл бағдарлама осындайда керек. Ол осындай ауруларды снқандай лабораториясыз-ақ, тіпті өкпе қабынуының өзін кеудені тыңдамай-ақ анықтауға көмектеседі.

Ал, балалар осы аурудан неге жиі өледі? Өйткені, науқас бала дәрігерге өте кеш көрсетіледі. Бала жөтеліп ауырса, не іші өтсе, оған онша мән бермейді. «Жөтеледі де қояды ғой» немесе «іші тамақтан бұзылған болар» дей салады. Бұл дұрыс емес. Ондаймен ауырған балаға күтім жасап, сұйықты өте көп беру керек. Құсу немесе іші өту арқылы баланың бойындағы сұйық азайып, денесі құрғай бастайды. Сондықтан оған күре тамыры арқылы ертінді жіберіледі. Ол үшін ертінді, ширш, система, тағы басқа заттар қажет. Олар қымбат тұрады. Егер науқас ерте белгілі болғанда регидрон ішкізе берсе жетіп жатыр.

Регидрон дегеніміз – бернеше қосындыдан тұратын ұнтақ. Ол бір литр қайнаған суға езіледі де, баланың қанша сұйық жоғалтқанына байланысты мөлшермен ішкізіледі. Қалай және қанша ішкізу жолын баланың анасына медицина қызметкерлері үйретеді. Жас баланы емізе берудің де маңызы зор.

Бала түнде іші өтіп ауырды дейік. Оған дәрігер таңертең шақырылады. Дәрігер кешке қарай келеді. Осындайда көп уақыт жоғалады. Ал мұндайда, емдеудің тиімділігі алғашқы төрт және алты сағат ішінде болмақ. Осы кезеңде анасы баласына сұйықты көп ішкізуі қажет.

Баланың сұйық жоғалту мөлшерін дәрігерлер анықтайды. Егер сұйық аз кеткен болса, онда тек баланың іші өткен соң ғана сонша мөлшерде сұйық ішкізу қажет. Бірақ бұл баланың жасына да байланысты.

Ұлттық бағдарлама болғандықтан оны тек медицина қызметкерлері ғана емес, әрбір ана білуі қажет. Мәселен, диареяны (іші өту) емдеуді алайық. Оның басты-басты үш ережесі бар.

Оның біріншісі – сұйықты әдеттегіден көп беру. Екіншісі – баланы тамақтандыру. Кейбіреулер іші өткен

балаға тамақ бермеу керек деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Үшіншісі – әрқашанда дәрігерге көрсету. Егер бала күсса немесе іші өтсе, шөліркей берсе, дәрігерге көрсетіңіз. Кейде баланың асқа немесе сұйыққа зауқы сокпауы, ішіп не жеуге шамасы келмей қалуы да мүмкін. Дене қызуы жоғарылайды.

Осындай емдеуге болатын инфекциялы аурудан балаларды өлтіру өкінішті. Біздің Қарағанды облысында бұл бағдарлама 1993 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Содан бері ОРИ және диарейдан бала өлімі біршама азая түсті. Бұған қоса регидрон сияқты заттары бар қайырымдылық комектері көптеп келді. Қазір регидрон әрбір жас отбасында бар деп айтуға болады. Бұл ең алғашқы комектің бір түрі.

Ұлттық бағдарлама табыспен жүзеге асырылуы үшін біздің мынадай 3 ережені жақсы білуіміз қажет. Бірінші – медицина қызметкерлерін оқыту. Екінші – тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, аналарды оқыту. Үшінші – ОРИ және диарей ауруларын емдейтін мекемелерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

Балалы аналарды оқытудың маңызы зор екендігін мынадай мысалдан анық байқауға болады. Мәселен, бала жотелсе немесе тұмауратып ауырса антибиотиктер бере бастайды. Бұл дұрыс емес. Балаға күтім жасап, оның мұршып тазалуы керек. Емшек сүтімен жиі-жиі қоректендірген дұрыс. Ал өкпе қабынуының алғашқы белгілері: таныс алудың жиілеуі мен дене қызуының жоғарылауы болып табылады. Егер ол тамақ ішпей қойса, дереу дәрігер шақырыңыз.

Біздің орталықтың негізгі міндеті – оқу-әдістемелік шараны жүзеге асыру. Осы орталық құрылғаннан бері Ұлттық бағдарлама бойынша жұмыс істеп, ағарту саласымен айналысып келеміз. Көптеген

медицина қызметкерлерін оқытып шығардық. Бізде үш күндік семинарлар өткізілді. Оған барлық дәрежедегі медицина қызметкерлері шақырылды. Соңғы үш жыл ішінде, яғни 1996 жылы 98 адам, 1997 жылы 101 адам, 1998 жылы 306 адам оқытылды. Қарағанды медицина академиясымен байланысымыз тығыз. Медицина колледжінен де қызметкерлер шақырылды.

Медицина қызметкерлеріне жас аналарды үйрету мәселесін ерекше таңсырамыз. Өйткені, олар баланы қалай емдесуді біле бермейді. Іші өткен балаға левомецетин дәрісін ішкізеді. Негізгі антибиотиктерді ішкізуге болмайды. Бұл тек холера мен дизентерия ауруларына қолданылатын дәрі. Осыдан біраз бұрын Ақтас поселкесінде бір бала қайтыс болды. Ол жедел респираторлы инфекциямен ауырған екен. Дәрігерді үш күннен кейін ғана шақырған. Бұқар жырау ауданында да бір бала шетінеді. Олар баланы ауырған соң он күннен соң ғана дәрігерге көрсеткен. Оныкі өкпе қабынуы екен. Бұл отбасындағы екінші бала көрінеді. Тоғыз баламыз да жөтелген, ештеңе етпес деп ойлаған ғой. Бірден реанимацияға жатқызылғанымен, дәрігерлер оған араша бола алмады.

Егер өкпе қабынуы болса, ВОЗ пенициллин, амоксициллин, клотримоксозол және ампициллин сияқты дәрілерді ұсынады...

Бұдан соң осындай науқастарды емдейтін облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының бөлім меңгерушісі Тоғжан Даниярқызы ЕЛШИНАҒА жолығып, аурухананың жалпы жағдайы, кездесетін қиындықтар, медициналық жарақтану мәселелері туралы айтып беруін өтіндік.

- Біздің облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасында қазір негізінен жұқпалы ішек аурулары

емделуде. Вирусты ауа арқылы тарайтын жұқпалы аурулар да бар. Ондай ауруларға менингит, қырылдауық (дифтерия), скарлатина, қызылша, тағы басқалар жатады.

Үлкендер бөлімінде бруцеллез, токсоплазмоз, хламидиоз ауруларын емдейміз. Кейде безгек (малярия) аурулары да кездесіп қалады.

Өткен жылымен салыстырғанда биылғы жарты жылда ішек инфекциясымен ауырғандар саны өсе түскені байқалады. Былтыр осы уақыт ішінде 380 бала емделген болса, биыл 399 бала емдедік.

Аурудың құрылымы жағынан алып карағанда маусымға байланысты екендігі белгілі. Жұқпалы ауру маусым дегенді білмейді. Бірақ жазғы және күзгі уақыттарда жұқпалы ішек аурулары көбейе түседі. Өткен жылы, осы мерзіммен салыстырғанда, біршама көп болғандығы байқалады. Қазір, әрине, ауру сыймай жатыр деп айтуға болмас, дегенмен де науқасыз күндері болмайды. Қазір қолына түскенді талғамай ішіп-жейтін адамдар көбейіп кетті. Солар жұқпалы ауруларды көп таратады.

Ал ауруханада басқа мекемелердегі сияқты ортақ қиындықтар кездесіп тұрады. Медициналық қызметкерлеріміз толық. Барлық бөлімшелер жөндеуден өткен. Сырты да, іші де жақсы жағдайда.

Ал дәрі-дәрмекке келетін болсақ, барлық медицина мекемелеріндегі сияқты қат дәрілердің жетпей жатуы болып тұрады. Қолымызда барымен базарлап жатырмыз. Жедел көмек керек болған жағдайда реанимациялық бөлімде толық жағдай жасалған.

Медициналық жарактандыру жағы да жаман емес. Рентген кабинеті жұмыс істейді. Ультрадыбыстық зерттеу диагностикасын Диагностикалық орталықпен

жасалған шарт бойынша жүргіземіз. Лабораториямыз бар. Онда тиісті талдаулар жасалады. Жалпы алғанда, балаларды болсын, ересектерді болсын емдеуге жағдай жеткілікті. Ауруханамыз 250 адамдық. Оның тең жартысы балалар...

**Сөз соңында айтарымыз – халқымыздың «Құдай сақтансаң ғана сақтайды» деген сөзі бар. Соған орай сақтанудың басты жолы дәрігерлік шараларды дұрыс жүргізу екендігін есімізден шығармайық.**

Ескерту: Бұл мақала «Орталық Қазақстан» газетінде 1999 жылдың 25 тамызында жарық көрді. Кейін автор осы мақала үшін Республикалық «ЗдравРеформ» конкурсының бас жүлдесіне ие болды.

## БЕЙКҮНӘ СӘБИ КҮЛКІСІ

Адамның бойындағы ең аяулы сезімнің бірі ақ махаббатты ардақ тұтпайтын біреу бар десе, кім де болсын тап қалғаннан жағасын ұстары сөзсіз. Халқымыздың аңыз-дастандары мен эпостарында адамгершілік, шынайы махаббат мәселесі жыр болып келе жатқаны қашан. Бұл мәңгілік тақырып бүгінгі күні жанаша мазмұнға, жаңаша түрге ие болды. Дегенмен, кейде арамызда осындай қасиетті ақ махаббатқа кір келтіретіндер аз да болса кездесіп қалатындығы көңілге қаяу түсіреді.

Мысалы, Айнаш пен Қанатты алайық (кейіпкерлердің аттары өзгертілді). Екеуі де жас, екеуі де бір қалада тұрады. Екеуі де арман қуып, білім қуып келген. Бірақ оқуға түсе алмай қалған соң қалада калып, жұмысқа орналасқан. Қазақстанның әр облысынан келген үш жігіт, екі қыз дос болып, бір жатақханада тұрып, еңбек етіп, бос уақыттарында киноға, театрға бірге барып, жұптарын жазбай жүріп жатады. Сөйсіп жүргенде жігіттердің бірі әскер қатарына алынады, бірі еліне кетеді. Екі қыздың бірі де ауылына қайтып, қалада Айнаш пен Қанат қана қалады.

Үйреніскен достарынан ажырап, көңілдері құлазып анымен, бұл екеуі де бос уақыттарын бірге өткізіп жүреді. Кейіннен Айнаш басқа кәсіпорынға жұмысқа ауысады да, басқа жатақханаға кетеді. Енді бұлардың жиі кездесуге уақыттары болмайды да, сирек кездесіп жүреді. Содан 1986 жылдың 9 мамыры күні үш жылдан астам уақыттан соң көріспей жүріп кездесіп



калыпты. Міне, сол күн екеуінің өміріне үлкен өзгеріс әкелетіндігін олар білді ме екен?

Қолымда өкінішке ортене отырып жазылған Айнаштың хаты: «Амалым таусылған соң сіздерден үлкен үміт күтіп жазып отырмын. Жасым болса, біразға келіп қалды. Әр азамат өмірде өз орнын тапсам екен дейді, бақытты болсам дейді. Ал, мен болсам сәтсіздікке ұшырап, балалы болдым», - деп бастап, хаттың соңында редакциядан жеке үй алуына көмектесуін сұрапты.

Шынында да Айнаштың жағдайы қиын екен. Осы кәсіпорынның қыздар жатақханасында екі жылға жуық тұрады. Содан аяғы ауырлап қалған соң еріксіз кетуге тура келген.

«Сізге енді мұнда тұруға болмайды», - деп жатақхана бастығы шығарып жіберді. Содан өзім істейтін өндіріс басшыларына бардым. Олар да шешімді ештеңе айтпай: «Ойланбаған онык жер» деген осы» деп шығарып салды, - дейді Айнаш. - 1984 жылдан үй кезегінде тұрмын. Қазір үйсіз-күйсіз жүрмін. Бір күні туыскандарымның, бір күні құрбыларымның үйіне қонып, баламыз екеуміз бас сауғалап жүрміз. Жатақханадан шығарған соң паспортымды да тіркеуден шығарып жіберіп, алты ай бойы тіркеусіз жүрдім. Жұмыс орныма барып едім, олар «Жеңілдікпен үй алатындар тізіміне қосамыз, екі-үш жылда алып қаларсың. Басқа амал жоқ», - деп алақанын жаяды».

Мән-жайды өз аузынан естіп-білмек болып Айнаштың өзінің көрсеткен мекен-жайы бойынша іздеп келгенмін. Кішкене сәбиін көтеріп келіп, есікті Айнаштың өзі ашты. Оның қолындағы талпынған бейкүнә баланы көргенде: «Япыр-ай, мына бүлдіршінің келешегі не болар екен?» - деген сұрақ еріксіз көкейіме оралды.

Сәби болса, екі қолын ербедетіп, өзімен-өзі мәз, ештеңеден хабары жоқ.

- Жағдай осылай болды. - деп бастады сөзін Айнаш. - Бір алаяқтың сөзіне сеніп қалдым. Өз қағынан өзі жерді. Баласынан бас ғартып, екеуімізді далаға тастап кетті.

- Қанша уақыт бірге тұрдыңыздар?

- Үш айдай ғана.

- Неге дәм-тұздарыңыз жараспады?

- Бірнеше рет ұрып-соғып, таяққа жықты. Ең соңғы рет аяғым ауыр кезінде қатты таяқтады. Сол күні перзентханаға түстім. Мен дүниеге сәби әкеліп жатқанда перзентхананың маңынан да жүрген жоқ. Содан шыққан соң сәбимді көтеріп өзім келін едім, үйіне кіргізбей қойды. Тағы да таяққа жығып, сәбиммен бірге ауруханаға жатып, емделіп шықтым. Ақылын айтар, баласына басу болып, жөнге салар деген үмітпен әке-шешесін шақыртып едім. Олар келген соң тіпті құтырып кетті. Мені үйден үшеулеп қуды. Енді қайтып ол үйге бармастай болдым. Қазір осы бір бөлмені 30 сомға уақытша жалдап тұрып жатырмын. Ай сайын алатын 35 сом жәрдемімнен қызымыз екеуімізге бес-ақ сом қалады. Онымен қалай күн көретінімізді белмеймін, - деп көзіне жас іркіліп барып тоқтады.

Бұдан соң осы бір жыл ішінде көрген қиындығын жінке тізгендей етіп айтып берді. Жатақханадан шығарған соң паспортын да тіркеуден шығарып тастайды. Паспорты тіркеусіз болған соң бала туғанда алатын жәрдемақыны да уақытымен ала алмаған. Зорға дегейде паспортын тіркеуге тұрғызған екен, жәрдемақыдан табыс салығын ұстап қалады. Аяғынан таусылып жүріп ақшасын әрең дегенде түгендеп алады.

- Ең болмаса мамандығым да жоқ. Осы қалаға оқу іздеп келін едім, - дейді қамыға сөйлеп. - Құрылыс

техникумының екінші курсына оқып жүргенімде шешем қайтыс болды да, сорлы әкеме ауырлық түспесін деп жұмысқа тұрып едім. Енді қазір оған да қан жұтқызып қойдым...

Қандай алаяқ екенін өз көзіммен көрмек болып, Қанатты іздедім. Әуелі заводтың партком хатшысына жолығып, өзімнің кім екенімді айтқан соң цехқа келдік. Цех бастығы Қанатты пеге іздегенімді бірден түсінді. Жуырда осы мәселе жөнінде сөзге болғанын айтты. Ол кісінің сөзіне карағанда Қанат қылтып-сылтып мінезден ада, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтын, арақ-шарапка үйірлігі жоқ, біртоға жігіт сияқты.

- Бұрын кәсіпорын жатақханасында тұрған. Былтыр шағын отбасыларына арналған жалпы секциялы үйден бір бөлме бердік, - деді цех бастығы.

Осы кезде кабинетке орта бойлыдап төмен әдеміше келген жас жігіт келіп кірді. Сәлемдескен кезде сол қолын ұсынды. Оң қолын қалтасынан шығармайды. Соны байқаған соң Айнаштың: «Бір қолы кем. Қыме етсе «Мен мүгедекпін, маған ешкім ештеңе істей алмайды!» деп айкайға басады», - деген ойыма оралды.

Шын мәнінде Қанат көп сөйлемейтін, ұяң жігіт екен. Кабинетте ошапа қалғанда да ашылып ештеңе айтпай, қойған сұрағыма ғана жауап беріп отырды.

- 1986 жылдың мамыр айы болатын. Бір күні мереке қарсаңында айнаш үйге телефон соғып, ағасының үйіне шақырды. Барсам – жалғыз екен. Сол күні бірге болдық. Одан соң көпке дейін көрінбей кетті. Бір күні: «Менің аяғым ауыр», - деп үйге келіп тұр. Сөйтсем, жатақханадан шығарып жіберген соң барағын жері болмай келіпті. Содан үш айдай бірге тұрдық. Бірақ ерлі-зайыптылардай күн кешкеміз жоқ. Алғашқы күннен ұрыс-керіс басталып, екеуіміз бір бөлмелі пәтердің екі бұрышында тұрып, өз тамағымызды өзіміз

істеп ішін жүрдік. Бір күні сонау алыс облыста тұратын әке-шешем келді. Айнаштың оларға да айтпаған сөзі қалған жоқ. Ата-ананы сыйлау кімнің болсын азаматтық борышы ғой. Әке-шешемді жерге қараққан соң тіпті көңілім қалды. Бір күні жұмыстан оралсам Айнашты «Жедел жәрдем» алып кетті. Әке-шешем болса: «Балам, өзің біл. Өз тапдырыңды өзің шеш», - дегеннен басқа ешқандай артық сөз айтқан емес.

Үлкен адамдарды жазықсыз жәбірлеген адамнан қандай оңа шықпақ. Перезентханаға бармақ тұрсын, маңынан да жүрмегенім рас. Ойткені, бала менікі емес. Сондықтан да үйге кіргізем жоқ. Қыз бала гуды деп естідім, бірақ өзім көрген емесім, - деді Қанат. Бұл оған менің сұрақ қойып, суыртпақтап отырып алған жауабымның жалпы мазмұны.

- Жуырда болған сот қандай шешім қабылдады?

- Иә, сотқа да берінгі. Менің бір болмелі үйімді алып бер және алимент кесім бер деп талап қойыпты. Сот оның қойған талабының екеуін де қанағаттандырған жоқ. Мен оның адал жар бола алатынына күмәнім бар. Жеңіл жүрістің адамы деген сөзді сан жерде естідім.

- Алдағы уақыты не істемек ойың бар?

- «Алдағы уақытта» дейсіз бе? – деп қайталап сұрап, кішкене ойлап алды да сөзін қайта жалғастырды. – Алдағы уақытта осында сырттай оқып жүрген институтымды бітірген соң елге кетемін. Сонда мамандығым бойынша жұмыс істеймін. Ауылда қалыңдығым бар, соған үйленемін.

- Қалыңдығың бұл оқиғадан хабарсыз ғой?

- Әрине, хабарсыз.

Бұдан соң аудандық халық сотында болып, Айнаштың талап арызы бойынша азаматтық іс қараған судьяға жолықтым.

- Кінә екеуінде де бар. Қолымен істегенді мойнымен көтеріп, «бала менікі» деп отырған Қанат жок. Оның кінәсін бұлтартпайтын айғақ бізде жок. «Қызға қырық үйден тыйым» деген мақал тегін айтылмаған. Қыз бала әрқашан ар-ұяты аяққа бастырмауға тырысқаны жок ғой. - деп судья нали сөйлеп. - Өкінішке қарай мұндай жағдай біздің жұмысымыздың барысында кездесіп қалады. Біз барынша әділ болуға тырысамыз. Бірақ кейде Айнаш сияқты жеңілтектіктің салдарынан онык жетеп кейбір жандардың өтінішін қанағаттандыра алмаймыз...

Қаланың кең көшесімен аяңдан келе жатырмын. «Өз баласынан өзі жеріді» деп дап болған Айнаш. «Менің балам емес» деп монтиын отырған «кой аузынан шөп алмас» Қанат, ең соңында бір сәттік қана өткіші ләззаттың салдарынан дүниеге келген, тұмыры бұлдыр, өзімен-өзі мәз болып күліп, талпынып отырған сәби көз алдыма келді.

Осыдан біраз уақыт өткен соң Айнаштың жұмыс орнына хабарласқан едім, оның жалғыз басты ана ретінде жеңілдікпен берілетін пәтер кезігіне тіркелгендігін айтты. Иә, жеке үй де алар-ау, бірақ... Сол сәбидің бейкүнә бейнесі әлі күнге дейін ойымнан кетпейді...

1987 ж.

**Екінші бөлім**

**АЗАМАТЫМ –  
ДАСТАНЫМ**

## ӘКЕЛЕРІН АРДАК ТҮТАДЫ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы жақындап қалды. Егер тірі болғанда екінші жаһандық соғыстың ардагері Терлікбай Ақымжанов ақсақал да осы тойдың ортасында отырар еді.



Оған тағдыр жазбаған екен. Ол кісі өткен жылы шілде айында 92 жастан асын барып, дүние салды. Асарын асап, жасарын жасап, бала-шағасының қызығын көрген армансыз ақсақалдың осы бір ұлан тойды көре алмай кеткені ғана өкінішті.

Шег ауданының тумасы Терлікбай ақсақал Кәрітүлкі деген таудың баурайында дүниеге келінгі. Сонау ел басына күн туып, ел жаппай ашаршылыққа ұрынған 1932 жылы алты жастан асқан бала Ақбауыр аулындағы орталау мектептің есігін ашады. Ондағы жеті класты бітірген соң Қарағандыға келген екен. Ол кезде Қарағандыда С.М.Киров атындағы және Жамбыл атындағы екі ғана орта мектеп болыпты. Осы С.М.Киров атындағы мектепте оқып, онжылдықты 1941 жылы бітіріп шығады.

Орта білім алған бозбала сол жазда жұмысқа тұрмақ болып Шег ауданының орталығы Ақсу-Аюлыға

келгенде фашистік Германияның Кеңес Одағына басқыншылықпен соғыс ашқанын естиді. Оны митингіде аудаңдық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Ержанов хабарлайды. «Соғыс» деген суық сөздің қаншалықты қасырет әкелетіні санасына әлі жетпей жатса да, елдің зар еңіреген даусынан түсінгендей болды. Сол жерде жас жігітті елде күтп отырған ата-анасына да, туған аулына да аяқ бастырмай, майданға аттандырып жібереді.

Екі аптадай жол жүрді. Польша жерінен бір-ақ шығады. Ол жерде үш ай бойы кіші командирліктің арнайы оқу курсынан отпн, сержант атағын алады. Кейіннен гвардия сержанты атағымен болімше командирі болып, соғысқа кіреді. Сойтпн, үш жылдай Беларусь майданында неміс басқыншыларына қарсы қияп-кеекі соғыстың бел ортасында жүрген, бас көтертпейтпн, жаңбырша жауған оқтын астында соғысып, қарсы келген жауға қасқая қарсы тұра білген.

Қырғын соғыстың үшінші жылында бұларды Шығыс майданға аттандырады. Бұл жапон әскерінің кен байтақ Кеңестер Одағының шығыс шекарасына жақын келіп, бекіне бастаған шағы еді. Самурайлардың шығыстан майдан апаратын әрекеті белгілі болғандықтан, енді әскерді осы жаққа қарай аттандыра бастайды. Әскер жеткенше жапон самурайлары Кеңес Одағының Қиыр Шығыстағы бірталай жеріне дейін кіріп кеткен.

Бұл кісілер мінген эшолон жауынгерлерді Забайкал әскери округіне әкеліп төгеді. Осы жерде Даурия-Отнор стансасында бекінеді. Мұның да өз себебі бар. Өйткені, стансаның бір жағында Кеңес жауынгерлері болса, екінші жағына жапондар келіп бекініпті. Бұйрық осы жердегі жапон самурайларын талқандау болған екен. Бұл бұйрықты орындау гвардия



аға сержанты Терлікбай Ақымжанов басқаратын бөлімшеге тапсырылады.

Екі жақ бір-бірін қалт еткізбей аңдып отырады. Бұлардың бөлімшесі әуелі барлау жұмысын жүргізеді. Олардың қалай орналасқанын анықтап алады. Содан бір күні түн ішінде күннеген жерден шабуылға шығып, бейқам жатқан жапондық солдаттарды тас-талқан етеді. Олар кенеттен шабуылға шығады деп ойламаған екен. Қанша дегенмен де Батыс майданда шыныққан жігіттер жан қойсын ба, жауға автомат, пулеметпен оқ жаудырып, бастарын көтертпей, сол жерде жойып жіберген. Бұдан соң беті қайтқан жапон жауынгерлерін одан әрі қуып, ізіне түсіп отырады да, Мукден қаласына дейін тықсырады. Осы жерде аздап тынығын алған соң қайтадан шабуылға шығып, ол қаланы да басып алады. Қанша жанталасқанымен, жапондардың қаланы беруіне тура келеді. Мына қызықты қарашыз. Қаланы басып алу кезінде сақалы белуарына түскен орыс азаматын тұтқындайды. Кейін тексере келгенде бұл бұрын Кеңес Өкіметіне қарсы соғысқан ақ гвардияшы Колчактың атамандарының бірі Семенов болып шығыпты.

Соғыс бітін. Жапонияны тізе бүктірген соң Корея арқылы Қиыр Шығысқа келіп, осындағы шекарадағы Острая заставасында әскери қызметті одан әрі жалғастырады. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп халқымыз тегін айтпаған. Содан тек басынан бір рет қана жарақат алып, ол жазылған соң қайтадан қатарға тұрған жауынгер жеті жыл әскерде болып, 1949 жылдың 15 ақпаны күні босатылады да, елге оралады.

Терлікбай Ақымжанұлының енді бейбіт өмірдегі қайнаған қызу тірлігі басталады. Әуелде Шег аудандық мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің бастығы болады. Осында тоғыз жылдай қызмет еткен соң, «Ақбауыр» колхозына барады. Мұнда партия ұйымының хатшысы,

одан соң халықтық бақылау комитетінде еңбек етіп, ел құрметіне бөленеді. Сонда істеп жүрген кезінде С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің экономика факультетіне сырттай түседі де, бір жылдан соң Алматы Халық шаруашылығы институтына ауысып, осы оқу орнының есеп-экономика факультетін «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Кейін біліктілігін арттыру үшін Целиноград ауыл шаруашылығы институтында экономист мамандығына оқыған екен.

Шег ауданының «Галды» совхозына бас экономист болып ауысып келіп, осында зейнеткерлікке шыққанша жиырма жыл еңбек етеді. Зейнеткерлікке шыққан соң да екі жылдай қызмет атқарады.

Терлікбай ақсақал бәйбішесі Құлпаш екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірген екен. Қазір үлкендері Қарашаш зейнеткер, осы Қарағандыда тұрады. Одан соңғы Саят жасынан мүгедек болды. Ал Қарлығашы мен Манаты жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша еңбек етті. Қарлығаш қазір жоғары сапатты ұстаз, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі. №92 гимназияда ол кісі ұйымдастырған этнографиялық мұражай облысқа танымал. Зейнеткер болғанымен, әлі де жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, оқытушылық қызметін жалғастыруда.


Қарлығаш Терлікбайқызы бауыры Манаттың небәрі 44 жасында марқұм болып кеткенінс қынжылады.

- Келініміз дүниеден озған соң артынан бес жылдан кейін бауырым Манат та қайтыс болды, - деп еске алады бүгінде әпкесі. – Әкеміз осы Манаттың төрт баласымен бірге тұрып, сексеннен асқан шағында соларды өзі жеткізді. Қазір олардың алды

магистратурада. кіншілері ІІ сыныпта оқын жатыр. Кейінгі кезде құлан, аяғынан жүре алмай, мүгедек болып қалды. Сол таия жанымына қатты бағты. Қанша жасқа келсе де әкеміздің орны бөлек еді. Тағдыр ол кісіге Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көруге жазбаған екен...

Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызметі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен, Сталиннің «Аяғыс хатымен», Г.К.Жуков атындағы медальмен марапатталған Терлікбай Мақанұлы Ақымжанұлы Шег ауданының тұрғындары құрмет тұтады. Ол кісінің адамгершілік асыл қасиеттерін ауыздарынан тастамай, айтып отырады. Отан үшін от кешкен қарияның өмір жолы кейінгі жастарға үлгі боларлығы сөзсіз.

*2015 ж.*



## АРДАҚТЫ АРДАГЕР ЕДІ

Кейінгі жас ұрпақ болмаса, Қарағанды қаласының байырғы тұрғындары ардақты ардагер, Ұлы Отан соғысына қатысқан, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Тийішбек Ахановты өте жақсы біледі.

Ол кісі әрқашан қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін. Кейіннен республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атағымен демалысқа шыққан соң да әр түрлі кездесулерде болып, беделді мәжілістерде болып ардагерге әрқашан төрден орын берілетін.

Бүкіл өмірі осы қаламен байланысты болған Тийішбек Аханұлы



Қарағанды мен облысымыздың өркендеп өсуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Осы Қарағандыда туған ол еңбекке жастайынан араласады. Өйткені, әкесі Ахан жұмысшы болған, осы Қарағанды қаласының іргетасын қалауға белсене атсалысқан адам екен.

Егер ол кісінің өмір жолына көз жүгіртсеңіз – жетіншіні бітірер-бітірместен ФЗО-ға оқуға түсіп, одан соң 1941 жылы Киров ауданында еңбек жолын

бастайды. Оуелі «Кировуголь» трестіне қарасты №31-біе шахтасында электровоз машиншесінің көмекшісі, одан соң машинист болып жүргенде соғыс басталады да, 1942 жылдың қыркүйек айында, 18 жасында әскерге алынып, соғысқа аттанады. Орталық майданның 316-шы дивизиясының 953-ші атқыштар полкінің құрамында қырғынға кіріп, қап кешеді. Соңғын жүріп Калинин, Ржев, Торосец, Вилкие Луки, Холм, Новосokolьшики және басқа да қалаларды неміс басқыншыларынан азат етуге қатысады. Жап алысын, жап беріскен шайқастардың бірінде аяғынан қатты жарақат алып, елге оралады. Ауыр еңбекке жарамсыз болғандықтан, келісімен Қарағанды мұғалімдер институтына түсіп, оны бітірген 1945 жылы Қарағанды облыстық оқу бөлімінде инспектор, одан соң №2 орта мектепте директор болып қызмет атқарады. Осы жылдарда ол өзін еңбекқорлығымен және тиянақтылығымен көрсете біліп, қызметінде жоғарылауға жол ашады. Енді оның партия және кеңес органдарындағы қызмет жолдары басталады.

Тийшекен көп жыл бойы Қарағанды облысы комсомол комитетінде хатшы болады, одан соң Қарағанды қалалық партия комитетінде кадр бөлімі меңгерушісінің орынбасары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін абыройлы атқарады. Мұнда ол жастарды оқыту және тәрбиелеуде, жас жеткіншектерді өз бетімен өмір сүруге үйретуде ауқымды жұмыстар атқарады.

Бұдан кейінгі өмірінде Киров және Ленин аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, Қарағанды облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған кезінде қаланың және Қарағанды көмір бассейнінің дамуына ерекше үлес қосты. Қарқаралы ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы да болды.

Қырық жылға жуық уақыт бойы халық депутаттары Қарағанды қалалық және облыстық Кеңесіне депутат болып сайланған кездерінде де адамдардың мүддесін, олардың сауалдарын әрқашан жоғары қоя білгендіктен, облыста да, республикада да ұдайы беделге ие болған еді.

Тіңішекең қандай қызметте болса да өзінің ұйымдастырушылық жұмылдыра білушілік қабілетімен көрінді. Адамдарды көптеген міндеттерді, әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешуге жігерлендіріп отырды. Бесжылдық жоспарларды қарау және бюджеттік қаражат болу кезінде республикалық органдар алдында облыстың, Қарағанды мен Теміртау қалаларының даму мүдделерін белсенді түрде қорғай білген еді.

Тіңішбек Аханұлы кезінде облыс басшылары Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетовпен, Қалин Әлібекұлы Аманбаевпен, облыстық сауда басқармасының бастығы Мұқынш Әбішевпен, генерал-майор Бәрімбек Бейсеповпен, Қарағанды қаласының құрметті азаматы, қаланың іргетасын қалаушылар Жұма Серғазинмен және Әкім Серіковпен жақсы араласып, қатар жүрді. Мұқан Медеубаевпен сыплас құда болды.

Сұлтан Қапарұлы ағамыз Тіңішбек Аханұлының облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып он бір жыл бойы үзбей қызмет атқарған кезінде ұйымдастырушылық қабілет танытқандығын ерекше атап өтті. Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында көмір шахталарының және шахта құралысын салатын ұйымдардың дамуына және олардың қуаттарының арта түсуіне, көмір бассейнін дамытуға ерекше көңіл болгендігін, қызметтің қай саласын болмасын зор ынтамен атқарғандығын, оның еңбегінің қай жағынан болмасын кейінгі жастарға үлгі болғандығын әңгімелеп берді.

Ал, соғыс және бейбіт еңбек ардагері Камали Дүйсембеков пен облыс прокуратура саласының ардагері Қазкен Мүслімов ағаларымыз ол кісінің аңшылық, саятшылық қасиеттеріне тоқталды. Ол кісілер аңға шыққанда Тиішбек Аханұлының қасқырдың арланып жалғыз өкпен сұлатқанын, жабайы қазды ұшып бара жатқанда қағып түсіргенін, құралайды көзге атқан мергендігін, мұз астынан балық аулаудың ерекше шебері екендігін рахаттана суреттейді. Тиішекеңнің табиғатты қалай сүйетінін, орманды, таулы, өзенді алқаптардың өзіндік ерекшеліктерін өте жақсы білетіндігі өз алдына бөлек әңгіме екен. Отырған жерінде әзіл-қалжыңның тиетін ағытын, елдің қонақ болуына көп назар аударған. «Тиішекеңнің бір пәрсеге ренжігенін өмірі көрмеген екенбіз, - дейді ол кісілер. - Өзінің туғанындай сыйлады. Біз де ол кісіні қатты құрметтедік».

- Оның Ишан деген інісі болған еді. Сол үшеуміз 4 - 5 жасар кезімізде бірге ойнадық. Ол бізге әрқашан қамқор болып жүретін. Кейіннен мен Шет ауданында қызмет істеп жүргенімде ол кісі қатты көмек көрсетті. Ауданның қайтадан құрылған кезі еді. Облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары ретінде аудан басында 30-40 орындық қонақ үй, тойхана, тұтыну одағының кеңсесін, сауда орталығын салу сияқты құрылыстарға көп көмегін тигізді. Әттең жары Күлшан ерте қайтыс болып кетті. Ол кісінің қайғысы оңай болмады, көп қиындық көрді. - деп еске алады Камали Жұматайұлы.

Тағы бір айта кететін мәселе бар. Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған Бәйкен Әшімов Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысқан кезінде бұл кісіні облыстық атқару комитетінің төрағасы

қызметіне шақырған екен. Бірақ Тиішекең туған жерін қимайтындығын, өзінің Қарағандысын тастап ешқайда кеткісі келмейтінідігін айтып, ондай лауазымды қызметтен бас тартқан. Бұл да Тиішбек Аханов ағамыздың өзінің тамыр жайған туған жерін қалай қадірлейтінідігін, оны қалай жақсы көретінідігін, одан алысқа ұзағысы келмейтінідігін айғақтайтын бір дәлел болса керек.

Тиішбек Аханұлы өзінің Құдай қосқан қосағы Күшпан жетпей екеуі алты үл өсіріп тәрбиелеген. Олардың біреуі әскер қатарында борынын өтеу кезінде қызмет үстінде қаза тауыпты. Қалғандарының барлығы да аман-есен, жоғары білім алған, тәрбиелі азаматтар болып, адал қызмет атқаруда.

Өзінің туған қаласы мен Қарағанды облысын дамытуға, оның көркеюіне және қаланың қоғамдық өмірі мен жақсарту жұмыстарына қосқан үлесі үшін Тиішбек Аханұлы талай жоғары марапаттарға ие болды. Ол оннан астам Құрмет грамотасын алған болса, соның ішінде тоғызы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің екен. Қан майдандағы ерлігі үшін «Жеңіс» орденімен марапатталған болса, кейінгі жылдары бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін, бейбіт еңбектегі табыстары үшін «Құрмет белгісі» орденін омырауына қадаған. Қазақстанның Егемендігі жылдарында оған «Достық», «Парасат» ордендері қосылды. Сонымен бірге КСРО-ның 12 медалімен де марапатталған.

Қаламыз бен облысымызға осыншама еңбек еңірген қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының және бейбіт еңбектің ардагері Тиішбек Ахановтың есімі әрқашан есте сақталуға тиіс. Ол үшін өзі еңбек еткен, оның дамуына зор үлес қосқан Қарағанды қаласының бір көшесі Қарағандының Құрметті азаматы Тиішбек Аханов атымен аталса деген ойымыз бар. Ол келешек



ұрпақ үшін өзінің туған жерін сүйеге баулитын, патриоттық сезімін дамытатын ерекше бір оқиға және тәрбиелік мәні зор игі шара болар еді.

**2017 ж.**

Ескерту: Өткен жылы Қарағанды қалалық мәслихатының шешімімен бұрынғы Театральная көшесі енді Тийішбек Аханов есімімен аталатын болды.



## АУДИТ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Төлеген Айтанұлы Айтбаев Қарағанды жұртшылығы жақсы білетін, атын Соқыр өзені неменіп отырған Құлықұлы Жалаңтөс бағырдың ұрпағы болатын.

Мен Төкенді көп жылдардан бері білетінмін. Өйткені ол кісімен нағашым Алтынбек Досмағамбетов таныстырған еді. Одан соң Төлеуғазы деген нағашым біз Пришахтинскіде тұрғанда үйге өзімен бірге ертіп келген болатын.

Кейіннен қызмет бабымен де жиі араластық. Мен онда облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет істеймін.

«Қарағанды қақпаны» деген бөлімді көп жыл жүргіздім. Сол кезде Қарағанды қалалық қаржы бақылау-тексеру басқармасында бастық болып жүрген Төкеннен жемқорлар туралы материалдар алып, фельетон жазатынмын. Төкеннің атынан да мақала, фельетондар жариялап қоятынмын.

Төкеннің әкесі Айтан Балтабеков көп жыл ағарту саласында қызмет атқарған, елге сыйлы, ауызы дуалы, еңбек ардагері болды. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің озық қызметкері болды.



Тоқырауын өзенінің бойындағы Сарытерек ауылында тәрбиелі отбасында тұңғышы болған ол жасынан алғыр болып өсті. Мектепте математика сабағында есепті кластағы балалардың бәрінен бұрын шығаратын. Басқа пәндерге де жамап болған жоқ. Бірақ математиканы жақсы көрді. Сондықтан болар мамандық тандап, әркім өзі қалаған оқу орнына аттанып жатқанда Төлеген де Целиноград (қазіргі Астана) сауда-кооператив техникумына барып түседі. Оны 1962 жылы бітіріп келіп, Ақтоғайда аудандық тұтыну қоғамында бухгалтер болады.

Білімге ынтыққан жас мұнымен шектеліп қалмайды, оқуын әрі қарай жалғастыруды ойлайды. Сондай мақсатпен Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, оны үздік бітіріп шыққан соң Долинкадағы совхоз-техникумға жібереді. Сонда ұстаздық етіп жүрген кезінде оқу орнынан Мәскеудің Тимирязев атындағы академиясына жолдама береді. Оны екі жылда бітіріп, экономист-педагог мамандығын алып шығады.

Осындай мамандықтар Төкеңнің өмір бойғы қызметті жемісті атқаруына кең жол ашты. Облыстық қаржы басқармасында абыройлы қызмет атқарды. Өз ісін жетік білетін, әділ қызметі үшін оны Қарағанды қалалық қаржы бақылау-тексеру басқармасына бастық етіп жібереді. Осы қызметті ол жеті жыл бойы мүлтіксіз атқарды. Одан соң облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары, бірінші орынбасары болды.

Еліміз нарыққа қадам басқанда жаңа экономикалық мамандық – аудитор болып шыға келді. «Аудитстандарт» деген тәуелсіз жеке фирма ашып, сонда директор болды. Қазір ол 1999 жылдан бастап екінші бір аудит фирмасымен қосылып, «Аудит және

Консалтинг-АА» ЖШС болды. Төкең сонда вице-президент міндетін атқарып жүр.

Облысымыздың тұңғыш аудиторларымыздың бірі Төлеген Айтапұлы еңірген еңбегі үшін жуырда ҚР Аудиторлар палатасының Құрметті мүшесі белгісімен марапатталды.

Ол кісінің өзіне сөз берсеңіз:

- Аудит дегеніміз – қаржыны дұрыс және тиімді реттеп отыратын экономикалық тұтқаның бірі, - деп бастайды әңгімесін. – Тәуелсіз аудит өркендетті елдердің бәрінде бар экономикалық маңызды буын. Ол нарықтық қатынастарды реттейді, қаржы саясатын дұрыс жолға қояды. Сондықтан да тәуелсіз аудит дәл қазіргі біздің жағдайымызда ауадай қажет. Оны коммерциялық құрылымдар да, жеке тұлғалар да, мемлекеттік ұйымдар да жақсы түсініп келеді.

Шын мәнінде аудит және аудитор біздің республикамызда кейінгі кезде ғана тарала бастаған жаңа экономикалық ұғым. Соған байланысты көпшілік ел аудиторлық қызметтің маңызы мен мәнісін түсіне бермейді екен. Әсіресе ол өндіріс пен кәсіпорын басшыларына қатысты.

Осыған орай «Аудит және Консалтинг-АА» ЖШС немен айналысатындығын білмек болған сауалыма мынадай жауап алдым:

- Қысқаша ғана айтатын болсам – шағын, біріккен өндірістік кәсіпорындардың, мекемелердің, фирмалардың, акционерлік қоғамдардың, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, шаруа қожалықтарының қаржылық есен-қисаптарына бақылау жасаймыз. Тапсырыс берушінің тиеліге қарай бухгалтерлік ісіне де көмек көрсетіледі. Салық мәселесі жөнінде де ақыл-кеңес беріп отырамыз. Біз кез келген саланың сенімді көмекшісі бола аламыз. Ішкі құпияны, коммерциялық

жасырын сырды сыртқа пашшаймыз. Басқа тексеру-бақылау мекемелері сияқты жіберілген қателіктер бойынша айып салу деген бізде жоқ. Кеткен кемшілікті жоюға кеңес беріп, оны қалай түзетудің жолын көрсетіп береміз. Заң органдарына құжат жібермейміз.

Бұл жағынан алғанда біздің қызметіміз науқасты анықтап, сол бойынша ем жасайтын дәрігерге көбірек ұқсайды.

Бір сөзбен айтқанда, аудиторлық қызмет қымбатқа түсетін қателіктерден алдын-ала сақтандырады. Осындай жұмыстарға бірер мысал келтіруін сұрап едім, оған Төкең аудит қызметін жария етуге болмайтындығын алдыма қолденең тартты. Сонымен, бұл тілегім орындалмай қалды. Өйткені, шын мәнінде, аудиторлық қызмет заңы бойынша тексеру жүргізілген мекеменің ішкі жұмысының, есеі жұмыстарының қорытындысы туралы мәлімет жария болмауы қажет.

Қазір республикамыздың көптеген облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктері шаруашылық жүргізушілерден, шағын және орта бизнес иелерінен аудит мекемелерінің тексеру қорытындыларын мұқият алып тұруды талап етеді екен. Бұл сол мекемелердің өздерінің қателіктерге ұрынбауына жағдай жасайды. Кетіп бара жатқан қателіктері болса, дер кезінде түзетуіне көмектеседі.

- Осындай тәжірибені біздің облыста да енгізсе дұрыс болар еді, - деген тілегім де жасырған жоқ Төкең.

Өзінің қызметін жақсы білетін, бірақ өнмендеп алғы шығып, өзін көрсете бермейтін адамдар болады. Төлеген Айтбаев та сол сияқты сөзден гөрі өз ісіне мығым азамат.

Төкеңнің Ғалымжан және Ерлан атты екі баласы жоғары білім алып, Тәуелсіз Қазақстанның халық

шаруашылығы саласында лайықты қызмет атқарып жатыр. Қазір олар Астана қаласында тұрады.

Ескерту: Бұл мақала Төкеннің 60 жылдық мерейтойына орай жазылып, «Орталық Қазақстан» газетінің 2002 жылы 4 желтоқсан күнгі санында жарық көрген еді. Қазір ол кісінің бақилық болғанына да 5 жылдаан асып барады.



## ЕЛ АРДАҚТЫСЫ АТАНҒАН

Қарағанды қаласының ардагерлер қатары жыл сайын артын келеді. Өйткені, кейінде аудандарда тұрып, еңбек еткен ардагерлер жыл өткен сайын облыс орталығына көптеп жиналуда.



Оған қаладағы қолайлы жағдай, қарт адамдарға деген қамқорлықтың артуы себеп болып отырған сияқты. Қаланың Михайловка болегінде тұратын Мұрағ Ахметбековтің бәйбішесі Мәрия Тағатқызымен бірге осында қоныс аударғанына талай жылдың жүзі болыпты. Бұрын Егіндібұлақ селосында тұрған қарттар кейіннен қаланы қолайлы санаған.

- Мен өзіңнің әріптесің боламын, - деп бастады әңгімесін ардагер Мұрағ аға. - Осы Қарағандыдағы №2 орта мектепте (қазіргі Н.Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернат) оқып онының бітірген соң

Қарағанды редакциялық институтына түскен болатынмын. Бірақ жағдайдың келмегендігінен оқи алмай, сол кезде «Советтік Қарағанды» газетіне барып, сонда корректор болуыма тура келді. Кейін «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы қызметін атқарған Тілеухан Жүсінов сонда хат тасушы (курьер) екен. Екеуміз бір жылдай бірге істедік. Редакторымыз Бейсенали Тәйкіманов болатын. Түні ішінде редактордың үйіне барып, қол қойдырып әкелетінбіз. Содан кейін мен ауылға кетіп қалдым...

- Жездемнің өзі сонау ұлпат заманда, аштық жылдарында дүниеге келген болса, балалық шағы соғыс жылдарына дән келіпті. Жастай колхоз жұмысына жетіп, базд болып ойнаудың не екенін білмеді деуге болады. - деп толықтыра түсеті бұрын көп жыл ішкі істер органдарында басшы қызметтер атқарған, қазір запастағы мичиния полковнигі Рымбай Шимбаев деген ағымыз.

Иә, содан 1954 жылы тың көтеру басталады. Қызу күші бойындағы жалынды жігіт келе салып, тың көтерінілермен араласып кетеді. Қу ауданындағы Энгельс атындағы колхозда тракторшылар бригадирі, бригада есепшісі, трактор тіркеушісі сияқты жұмыстарды білек сыбана атқарады. Сол кезде ішкі Ресейден, Украинадан, Белорусиядан келіп, тың көтерген қыздар мен жігіттердің аты-жөніне дейін ұмытпай, сайратып отыр. Бұл еңбегі, әрине, зая кетпеген екен. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталады.

Шарықты ауылдық кеңесінің хатшысы болып істеп жүрген кезінде үй болып, шаңырақ көтереді. Одан соң аудандық комсомол комитетінде нұсқаушылық қызмет атқарады. Бұл қызметі үшін қарт әлі де риза. Өйткені, комсомолдың болашақ басшы кадрлар



даярлаудағы ролінің зор, партияның сенімді көмекшісі болғандығын баса айтады.

Тың науқаны аяқталған соң республикада мал шаруашылығын өркендетіп, қой басын 50 миллионға жеткізу ұраны көтерілді. Аудандық комсомол комитеті осы іске де жастарды жұмылдырумен, комсомол-жастар бригадаларын құрумен айналысып кетті. Мұрат ағамыз бұл істің де өзіндік жақсы жақтарының болғанын да жасырмайды. Сол кезде шошандар бригадасына жетекшілік еткен Сайлау Біләлов Социалистік Еңбек Ері атанса, Заманбек Бәкенов «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері болғанын, Іргебай Қожабаевтың, Қанағат Ахметжановтың, Ахат Несінхаповтың және басқалардың КСРО-ның ең жоғары наградасы Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталғанын, республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болғандығын алдымызға тартады.

Мұрат ағамыз тағы бір қызықты дерек айтты. Тың көтеруші жігіттер үй болғылары келетіндігін, бірақ ауылда өздерінің ұлттары жоқтығын айтып, шағымдана бастайды. Бұл әңгіме аудан, одан әрі облыс басшыларына жетеді. Облыс басшылары Орталық Комитетпен байланысады. Сөйтіп, енді Қазақстанға еуропалық ұлт өкілдерінің қыздарын жіберуді бастап, республикаға 25 мың қыз-келіншек келген екен. Сондай бір кезек келгенде Мүкең де облыстық комсомол комитетінің тапсырмасымен Ресейдің Псков облысынан 50 қызды Нұра ауданына әкеліп тапсырады.

Республика комсомолы орталық комитетінің кезекті бір пленумына облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы Нариман Төлеповпен бірге барып қатысады. Республика комсомолдарының жетекшісі Егізбаевтың сөзін әлі күнге дейін ұмытпаған. Оның қаз-үйрек, қоян шаруашылығын дамыту, жүгері өсіруді

қолға алу туралы жалынды сөздері әлі күнге дейін жүрегіне жапталып қалған.

Қарағанды облысының үш ауданына Молдавияны шептік қамқоршы етіп қойған екен. Соған орай облыстық комсомол комитетінің қызметкері Дина Абдрахимова бастаған төрт адамның бірі болып Молдаван КСР-іне аттанады. Бірінші хатшы Сердюктің қабылдауында болады. Ол болса, барған оқиғаштерінің көпшілігін орындауға уәде беріп шығарып салады. Бұдан соң екі ақсақал қайтып кетелі де, екі комсомол Молдавияны он күн аралайды. Көптеген шаруашылықтарда болып, күс өсіруді, қоян өсіруді, жүгері «аруды» өсіруді көріп, бірталай тәжірибе жинақтайды. Ол тәжірибенің жүзеге асқаны бар, аспағаны бар, әйтеуір кәрі Днестр жағасын аралап, ел көргендеріне, жер көргендеріне дән риза болып қайтады.

Келесі жылы Мұрат Ахметбекұлы аудандық Кеңес атқару комитетінің хатшысы болып сайланып, қызмет атқарса, көп ұзамай аудандық есеп-санақ басқармасының бастығы болады.

Мүкеннің өміріндегі бір айтулы кезең – 1962 жылы Н.С.Хрущевтің парменімен Қу ауданын Қарқаралы ауданына қосқан кез еді. Сонда бұл кісі «Бақты» совхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы болады. Осы қызметте жүргенде «Абыз» бөлімшесіндегі мектеп алдында тұрған В.И.Лениннің ескерткішіне бір-екі жыл бұрын жай түсіп, қирап қалғандығын көргенін, оны мектептің ішіне кіргіздіріп қойғанын еске алады.

Сол уақытта ауданда көркемөнерпаздар үйірмелерінің байқауы өтіп, оған «Абыз» бөлімшесінің мектеп мұғалімі Амантай Сүлейменовтің ұйымдастыруымен фестивальға апаруға «Қыз Жібек» спектаклін дайындайды.

- Амантайдың өзі – Төлеген, зайыбы Тыныштық – Жібек, жүргізуші Төлеу Ахмедиев – Шеге, мұғалім Қажыкен Әмірханов – Бекежан, мұғалім Әбуғали Нәзіров – Базарбай, оның зайыбы Бикеш – Камка болып ойнағаны есімде. Қарқаралы халық театрының режиссері Атығай Шаниннің алып келіп, Амантайдың үйіне жатқызып, он күн бойы дайындалды. Совхоздан қаражат алып, өнерпаздарға жібектен, барқыттан киім тіккіздік. Киімдерді қыз-кейіншектердің өздері тікті. Содан, қойылым ауданда жоғары бағаланып, Қарқаралы халық театрының филиалы атанды. Амантай екеуіміз жасты едік, жақсы жолдае бөзін кеттік. Кейін ол бөлімше меңгерушісі болып, көп жылдар еңбек етті. Тағымал азамат болды. Ордендермен, медальдармен марапатталды. - деп еске алады Мұрат Ахметбеков ақсақал.

Н.С.Хрушевтің орнынан кетуіне байланысты 1965 жылы бұрынғы қосылған аудандар бөлініп, қайтадан қалпына келтірілген кезде Мүкең де Егіндібулакқа оралып, аудандық партия комитетіне келеді. Екі-үш жылдың ішінде жүдеу тартып қалған ауданды қайтадан қалпына келтіруге білек сыбана араласады. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мыңжасар Әдкеновтің басшылығымен көптеген жұмыстар атқарылады. Аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен жұмысшылар комитетінің төрағасы болып сайланады. «Кәсіподақ – коммунизм мектебі» деп социалистік жарыс ұйымдастырады, ұжымдық шарттар жасау, оның орындалысын бақылау басты жұмысы болады. Сондай қызметі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

Кейіннен аудандық Кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Дайындау министрлігінің

ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен сатып алу жөніндегі бас инспекторы болып істейді. Аудандық мемлекеттік мұрағаттың директорлығы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Қай жерде қызмет атқармасын оның абыр-ығымен көзге түсіп, әрқашан ел құрметіне бөленіп жүреді.

Сауда саласында ұзақ жыл қызмет атқарып, құрметті демалысқа шыққан зайыбы Мәрия анай екеуі жарты ғасырдан астам тұмыр кешіп келеді. Ол кісі еңбек ардагері, Совет кооперациясының үздігі, «Құрмет Белгісі» орденімен, басқа да медальдармен марапатталған. Кезінде кооператорлардың Бүкіл-одақтық X съезіне делегат болып қатысқан. Съезд жүріп жатқан кезде оның мандат комиссиясына мүше болып сайланыпты. Бүгінде бір ұлы мен бір қызынан немерешөбере көріп отыр. Оған қоса тағдырдың жазуымен жастай қайтыс болып кеткен екі қарындасының балаларын да бауырына салып, өз балаларынан кем көрмей, өсіріп жеткізген.

Осындай өмір жолынан өткен және ол жолдары кейінгілерге үлкен өнеге боларлық тұмыр кешкен қос қарияның үйінде күнде той деуге болады. Немерелері мен шөберелері келіп, апыр-топыр болып жатады. Қарттықтың салдарынан және ештеген науқас араласып, денсаулығы аздап сыр бере бастағаны бөлмаса, сексеннің сенгіріне шыққалы отырған Мұрат Ахметбеков ақсақалдың әлі де айтар әңгімесі жетерлік. Қос қарияға жақсылық тілеп аттандық.

**СУРЕТТЕ: ерлі-зайыпты еңбек ардагерлері Мұрат Ахметбеков пен Мәрия Тағатқызы.**

## ҒИБРАТПЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

Міне, сол салтасының ардагері, белгілі заңгер Төкім Әлмусин ағамыздың өмірден оянғанына да бір жылдың жүзі болды. Орны төлме әуір қаза көшілік елдің қабырғасын қапыстырып кетті. Солықтан да олар тамаша еңбеккер жаңды, бүкіл ғұмырын заң салтасына арнаған ардагер ағаны еске алу парыз деп санайды.

Төкен Қарағанды облысының Мемлекеттік арбитражын отыз жылдан аса басқарған екен. Ол кісінің Отан алдындағы еңбегі зор. Соның ішінде ол кісі адал және өз ісіне берілген, кәсіби маман етіп шығарған өзінің шәкірттері мақтан етеді. Бір кезде сол хатшысы, прокуратура қызметкері болған, қазір судья болып қызмет атқарып жүрген заңгерлер құрметті ақсақалдың адамға деген ілтиматын, қарапайым қасиетін ерекше бір сезіммен еске алады.

Төкім Әлмусин Қарағанды облысы Тельман ауданының тумасы. Ол кісі өзінің туған жерін ешқаша есінен шығарып көрген емес. Қарағанды облыстық кооператорлар одағының «Жаңа жол» өнеркәсіптік артелінде жұмысшы болып еңбек жолын сонау 1944



жылы, соғыстың пағыз қызу жүріп жатқан шағында бастаған екен. Осында істеп жүрген кезінде 1951 жылы облыстық партия комитеті оны облыстық Әділет басқармасы арқылы Алматы заңгерлер мектебіне оқуға жібереді. Оны 1953 жылы бітіріп шығады. Сол кезде облыстық өнеркәсіп басқармасы басауын партия ұйымының хатшысы етіп сайлап, оқуын бітірген соң Қарағанды қаласы Ленин ауданы прокурорының, одан соң Октябрь ауданы прокурорының көмекшісі етіп тағайындайды. Бұдан соң 1954 жылдан 1962 жылға дейін жиһаз фабрикасын басқарады. Сонымен қоса С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетінің студенті болғандықтан, Қарағанды қаласы Киров аудандық сотының халық судьясы болып сайланады.

Үш жыл өткен соң халық депутаттары облыстық Кеңес атқару комитетінің шешімімен облыстық атқару комитеті жағындағы Мемлекеттік арбитраждың бас арбитражы болып тағайындалады. Осы қызметті Төкім ағамыз 1993 жылы құрметті демалысқа шыққанша атқарды.


Адамның өмір жолы оның ерік-жігерінің көрінісі, атқарған қызметінің нәтижесі мен қорытындысы. Сондықтан да қарап отырсақ, барлық тұмырының жартысынан астамын заң жолына арпаған Төкеңнің де өмірбаян жолдары оның табанды еңбегін, әділеттілік саласына беріле еңбек еткенін көрсетеді.

Соған орай талай жыл және жемісті қызметі үшін Төкім Әлімусин ағамыз көптеген үкімет марапаттарына ие болды. Солардың ішінен «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін», «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін», В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай, «Еңбек ардагері» және басқа да медальдарға ие болдыты. Соның ішіндегі ең ардақтысы

«Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері» атағы еді. Кейіннен Төкең «Үш би» төсбелгісінің иегері атанды.

Қазіргі кезде Төкім Әлмұстаи ағамыз арамызда жоқ болғанымен, оны білеліндер және достары мен әріптестері әрқашан естерінде сақтайды. Дегенмен де келер ұрпақ үшін тәрбиелік мәнін ескере келіп, белгілі заңгерді мәңгі есте қалдыру мақсатында ол тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатса құба-құп болар еді деген тілегіміз бар. Бұл бастама басқа да қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдау табады деп сенеміз.

Ескерту: Бұл мақала Төкеңнің жылдағана арналып жазылып, «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді.



## ТЕМІРДЕЙ СӨТ ТЕМІРЖАН

(Очерк)

### Жалғыз шеге

Мінездеме беттерінен: «Теміржан Әмірші 1940 жылы туған. Еңбек жолын 1957 жылы колхозда жұмысын бастап біастаған. Жоғары білімді. Жалты еңбек өткінің ішінде 35 жылын заң органдарындағы қызмет атады. Төрт жыл тергеуші, алты жыл аудан прокуроры, қалған жылдарда халық судьясы, оның ішінде он бес жыл бір орында Киров аудандық халық сотының судьясы болған».

Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін «қызыл» дипломмен бітірген Теміржанды Павлодар облысының Шарбақты аудандық прокуратурасына тергеуші етіп жібереді. Теміржан жасынан прокурор болуды арман етіп өскен еді. Баянауыл ауданының №4 ауылында (кейіннен



Октябрьдің 40 жылдығы атындағы совхоз) туып-өскен. Балалық шағы соғыстан соңғы жылдардағы ауыр жағдайға тап болған. Сол кезде ауылға ауданнан өкілдер жиі келеді. Әсіресе, елдің бәрі прокурор десе зәре-күты қалмайды. Содан прокурордан өткен билік несі жоқ деп түсінген ол қайткенде прокурор болуды ойлайды да, әскер қатарынаан оралған соң ҚазМУ-дың заң факультетіне түсіп кетеді.



Енді, міне, сол өзі арман еткен прокуратура есігін ашқанына бір апта тоlmай жатып мұны қылмыстық оқиға болған жерге жібереді. «Чернорецкий» совхозында бір қызды атып кетіпті. Алғашқы тергеу жұмысының немен аяқталарын білмей, жас жүрегі алабұрғады. Қым-қуып оқиғаларға толы көрген кинолары мен оқыған кітаптары еске түсіп, әртүрлі ойларға беріледі. Қиялдың пеше түрі басынан өтеді.

Оқиға болған жерге көліктің жоқтығынан өйтіп-бүйтіп жетеді ғой. Келсе, Павлодардың жұмысқа келіп, жатақханада тұрып жатқан бір студент қыз олған екен. Төртінші қабаттағы терезеден қарап тұрғанда сырттан атқан болуы керек. Басынан тиіпті де, ішке қарай құлап, алған жарақаттан сол жерде жан тапсырыпты.

Оқиға болған жерді қарау кезінде тиген оқ табылмады. Жарақаты оқ тиген сияқты емес, мылжалап кетіпті. Оқуда үздік болған алғыр тергеуші қарап жүріп, терезеге қарсы қабырғада қадалып қалған иегені байқап қалады. Онда қан дағы бар сияқты.

- Мұны арнайы маманға көрсету керек, - деп шешкен Теміржан дереу кісі жіберіп, совхоздың прорабын шақыртады.

Келген прораб көп ойланып тұрған жоқ:

- Бұл дюбель шеге. Оны бір мың атмосфералық қысымда бетон қабырғаға арнайы аспаппен атып кіргізеді. Мұндай пневмопистолет осы студенттердің өздері жұмыс істен жатқан құрылыс учаскесінде бар, - дегенді айтады.

Сол құралды іздесе – жоқ. Тергеу барысында бұл қызға (аты Наташа болуы керек) жергілікті бір жігіттің келгіштеп жүргені анықталды. Сол күні оның осы терезе алдында тұрғанын байқап қалғандар бар. Олар үстіне киген киіміне дейін айғып берді. Мылтық дауысы шыққан сәтте қаша жөнелгенін де көріпті.

- Күдікті адамды іздеп табу қиын болған жоқ, - деп еске алады бүгінде Темкен. - Оның фамилиясы Теплинский еді, әлі ұмытқамын жоқ. Үйінде мас болып жатқан жерінде таптық. Бірақ үстіндегі киімдері басқа болып шықты. Сөйтсек, оны бір туысының үйіне барып ауыстырып келіпті. Сол киімдер табылған соң мойындамасқа амалы қалмады. «Пистолет қайда» деп сұрасақ: «Лақтырын жібергенмін», - дейді. Қайда лақтырғанын өзі де білмейді. Өйтіуір Ерпістің жағасына лақтырыпты. Содан студенттердің көмегінің арқасында пневмопистолет табылды. Озеннің жарқабағынан лақтырғанымен суға жетпей, жиектегі құмның үстіне түсіпті. Ол пистолетті соның алдында құрылыс учаскесінеп ұрлап әкеткен.

- Сөйтіп, бір қылмысты ашқаным бар, - дейді Темкен риза кейіппен.

- Ал, қызды неге атты екен?

- Ол қызға қырындап жүріпті. Бірақ қыз оған ыңғай бере қоймаған ғой. Соған ыза болып істеп жүргені...

### Жазықсыз жазалылар

Мінездеме беттерінен: «1993 жылдың қаңтарынан 1995 жылдың желтоқсанына дейінгі аралықта оның торағалық етуімен 560 адамға қатысты 540 қылмыстық іс қаралған болса, оның ішінде 46 істі қарау мерзімі бұзылған. Осы уақытта 16 жеке ұяғарым шығарылып, әкімшілік 430 іс және 300 материал қаралған. Соның барлығы да сапалы шешілген».

Соттың алдына келген адамға: «айыпкер – саған да бес жыл, талапкер – саған да бес жыл» дегендей, қылмысының ауыр-жеңіліне қарай 5-10 жылдан арқалата бергеннен оңайы жоқ. Ал, егер айыпкер

орындығында жазықсыз, адал адам отырса не? Ондай да болмай тұрмайды. Бірақ оның жазықсыз екенін, немесе жазықты екенін бұлтартпас айпақпен дәлелдеу керек.

Темкеннің Киров аудандық сотында төраға болып істеп жүрген, заңның қыр-сырын әбден меңгерген, тәжірибесі толыққан шағында кездескен бір іс әлі есінде.

Бір күні облыстық соттың сол кездегі төрағасы Геральд Петрович Куур шақырып алып:

- Теміржан, мына істі саған әдейі тапсырып отырмыз. Бірнеше рет соттарда қаралғанымен, осы іс бұзыла беріп тұр. Ешкім шешімді ештеңе айта амайды. Мұндай істе тәжірибен жеткілікті. Бізгі жерге қарағна, - деп сенім арта сөйлеген соң Темкен бұл істен бас тартпай қалды.

Бас тартуына да болушы еді. Өйткені, оқиға «Тентек» шахтасында болған. Ол Шахтинск қаласына қарайды. Егер қалалық сот шешім айта алмаған жағдайда облыстық сотта қаралуы керек. Бұл болса ешқандай қатысы жоқ, басқа ауданның судьясы. Облыстың белгілі адамы, өзі қатты сыйлайтын, бір жағы бастығы Геральд Петрович тапсырма беріп отырған соң еріксіз көнді. Мұның Шахтинскіге аятануына тура келді.

Келіп танысса – іс 14 том. Ол кезде істің мұншама том болуы өте сирек. Бірнеше рет қалалық және облыстық сотта қаралып, ешкім дұрыс шешім шығара алмаған. «Тентек» шахтасының директоры бастаған бас инженер, бас технолог, бас механик сияқты үлгі жауапты сегіз басшы қылмысқа тартылды. Директоры Хан облыстық Кеңестің депутаты және обком мүшесі, тағы бір-екі адам қалалық Кеңестің депутаты екен. Оларды жаба алмаған, қалған 3-4 адам

камауда отыр. Істе миллион сомға жуық акшаның талан-таражға түскені көрсетілген.

Талайдан бері басталған бұл іс облыстық партия комитетінен бастап Қазақстан Орталық партия комитетіне дейін жеткен. Мұндай атышулы істі жылдам аяқтамау, жемқорларды жазаға тартпау деген ол кезде үлкен кемшілік болып табылады.

Теміржан қылмыстық істермен асықпай отырып, мұқият тапшығуға кіріседі. Әбір томды оқыған сайын жағдайдың мәніне қапыға түседі. Сөйтсе, шахта директоры және оның карамағындағылар кеншілерді басқа жұмысқа пайдаланған. Атап айтқанда кен жұмысшыларын Шахтинск және Қарағанды қалаларындағы көптеген үйлерді тұрғызуга, құрылыс салуға жібереді де, оларға сол атқарған жұмыс көлемінде емес, шахтада істелген жұмыс көлемі бойынша паряд жабады. Яғни, атқарған жұмыс көлемі мен алған жалақыларының арасында үлкен айырма бар. Бұл дегеніңіз қылмыстың ауыры болып саналады.

Содан Теміржан айыпкерді шақырып, сөйлесіп көрсе – шынғында да солай болған. Оны ешқайсысы жасырмайды. Мұндай әрекетке қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитетінің нұсқауымен барғандығын айтады. Бірақ ол нұсқаулар істен табылмады. Сөйтсе, оның барлығы ауызша берілген. Расында да обком мен облаткомның бірлескен қаулысы болған. Соны негізге ала отырып Шахтинск қалалық партия комитеті мен аткомы да қаулы шығарғаны белгілі болды. Олар қайда? Оны ешкім білмейді.

Шамамен оншақты күн өткенде обкомға шақырады. Келсе – өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы:

- Байқаңыз, олар жемқорлар. Олар жазалануға тиіс, - деп саусағын шошайтады.

- Соңдай қаулы болыпты той, соны көрсетіңізші, - десе:

- Обкомнан құжат талап ететін сен кім едің? - деп тіксінеді.

Енді құрылыс салуға қатысқан шахтерлерді шақырталы. Олар да шынықты айтып отыр. «Шахтинск қаласында бөлен үй салдық. Қарағандыда түген үй салдық» деп мекен-жайына дейін айтып береді. Аяған ақшаларына дейін дұрыс. Тек жер астындағы жұмыс көлемі бойынша төленген. Шахта директоры да, оның «сыбайластары» да өздері бір тиын пайдаланбаған. Теміржан жаңына екі халық заседателін ертіп алып, айтылған үйлерді әдейі барып көрді.

Енді не істеу керек? Теміржан еріксіз Орталық Комитетке хат жазып, обком мен қалалық партия комитетінен адам тағдырын шешуге қажет құжаттарды алуына көмек сұрайды. Бұл екі ортада обкомнан облыстық сотқа талай рет телефон соғылып:

- Бір айдан асып кетті, ана судьяларың не істеп жүр? Неге тездетпейді? - деген сияқты сөздер айтылады.

Көптен бері еңбек етіп келе жатқан судья Әміриннің өздерін жерге қаратпайтынын білетін облыстық соттың төрағасы Г.Куур:

- Асықпаңыздар, бәрі ретке келеді, - деп жаймашуак жауап береді оларға.

Бір күні Орталық Комитеттен жауап келеді де, қажетті қаулыны обкомның да, қалалық партия комитетінің де еріксіз тауып беруіне тура келеді. Қолына іздеген қағазы тиген соң Темкен сот процесін бастап кетеді. Бірнеше күнге созылған сот процесін аяқтаған соң жасырын мәжіліс бөлмесінде үкімді он күн жазады. Ақыры «кшәлі» адамдарға кеншілерді өз

еңбегіне пайдаланбағаны үшін әртүрлі жылдарға «қара жұмыс» кеседі.

Сөйтсе, шахта директоры обкомдағы біреулерге жақпай қалған да, әлсіз қытмыстық іс қозғалтқан ғой. Содан көп ұзамай, рақымшылық жарияланып, бәрі де босап шықты.

### «Желтоқсан желі ызғарлы»

Мінезіме беттерінен: *«Қызмет орнында ескерту алып көрген жоқ. Сот органдарында өзін тек сауапты және білікті маман ретінде көрсетіп келеді. Шешімі қиын, күрделі істерді санаты қарапды. Қоғамдық өмірге белсене араласады. Көп жыл облыстық соттың біліктілік атқасының мүшесі, әділет басқармасының алқа мүшесі, облыстық соттың тәртіптік атқасының мүшесі болды. Бірнеше рет қатарынан ауыртқом мүшесі болып, депутат болып сайланды».*

Әйгілі Желтоқсан оқиғасы болған 1986 жылы Темкен Киров аудандық сотының төрағасы еді. Ауданның прокуратура, сот, ішкі істер органдарының басшылары күнде кезекшілік өткізіп, ауданда ондай әрекеттерге жол бермеудің қамында болды. Дегенмен де СОКП Орталық Комитетінің атышулы Қаулысына деген іштей наразылық, бүкіл қаны бар қазақ сияқты Теміржанның да жүрек түбінде шемеп болып жатыр еді. Жігерін күм еткен, ішті қазандай қайнатқан күндер жылжып отір жатыр. Зайыбы Сәуле Анапиянова Киров тігін фабрикасында жұмыс істейтін. Сенбі күні қызметтен кейін біраз уақыт кезекшілікте болып, үйіне келсе – Сәуле жоқ. Балалар: «Қалаға кеткен, келіп қалар» деп отыр. Содан ертеңіне келіпті. Темкен

демалыс күні де жұмыста болып кеш келеді де, сөйлесуге уақыты болмайды.

Содан бес-алты күн өткен соң Киров аудандық ішкі істер бөлімінің сол кездегі бастығы, милиция полковнигі Файзолла Абдулиннің кабинетінде отырған. Біреу телефон шалып, «тез аупарткомге жетейін» дегенді айтады. Кімді шақырғанын түсінбегендіктен, «жағдайды сұрайтын шығар» деген оймен екеуі бірге келеді. Бірінші хатшы Атығай Ібіжанов жоқ екен. Алматыға кетіпті. Оның орнында қалған екінші хатшыға кіреді. Ол кезде бірінші хатшы қазақ болса, екінші міндетті түрде басқа ұлт өкілі болатын дәстүр бар.

Оның түсі суық, бұлармен салқын амандасады. Кішкенедең соң Әмірінге: «Тұр!» деп бұйырады. Капелімде сан түрлі ой келеді. «Мен солдат емеспін ғой», не болмаса «Мен мұның бағынышты адамы емеспін. Мұнысы несі?», «Қырсығып тұрмай қойсам не істейді?» деген сияқты ойлар қаумалайды да, ақырында ештеңе орнынан көтеріледі.

- Сіз білесіз бе?

- Нені білуге тиіспін?

- Әйеліңіздің қайда жүргенін.

- Жоқ, білмеймін.

- Білмесеңіз – мен айтайын. Сіздің әйеліңіз Сәуле Анапиянова барып тұрған ұлтшыл адам. Орыс халқына қарсы. Ол обкомның жанына барып, бүлікке қатысқан. Милицияға түскен. Сіз мұндай жерде жұмыс істеуге тиіс емессіз. Сізге бұл жұмыста қалуға болмайды, - деп аяққайға басады.

Жағдайды түсінген Теміржан оқиғаны одан әрі ушықтыруға болмайтынын біліп, сабасына түседі.

Сол беті үйге келсе, Сәуле үйде екен. Болған оқиғаның барлығын айтып береді. Ереуіл болып жатқан күні Ленин көшесіндегі бір дүкенге кіріп, сауда жасамақ

болады ғой. Сол кезде басқа ұлттың бір адамы: «Қазақтар ереуіл жасап, обкомның жанына жиналып жатыр», - деп сөз бастайды. Оны бір әйел қостайды. Содан ұрыс шығып, оған Сәуле араласады да, олар милицияға салып жібереді. Онда анарған соң бірі шашынан тартып, бірі нұқын, екіншісі итерін қалып, зуре-сарсаңға салды. Оған Сәуле қолымен ба, бұл да қарсылық көрсетеді. Соның бәрін қаттан, жұмыс орнына жібереді. Дүйсенбі күні фабрикаға келсе, бұл туралы қағаздар алдынан шығады. Дереву жиналыс ашып, қустаналай бастайды. Өзі ашумен келген адам, оған шыдасын ба, бірталай сөздер айтып тастады. Күйеуінің сол торапасы екенін білетін жұмыстағылар аупарткомға хабарлайды.

Сонымен, Теміржановты жарты жылдан астам зуреге салды. Біресе обкомға, біресе аупарткомға шақырады. Сондағы айтағындары:

«Жұмысыңнан өз еркіңмен кет».

«Менің кінәм болса – шығарындар, ал мен өз еркіммен ешқандай кетпеймін», - дейді бұл.

«Сендер аупарттиялық отбасысыңдар», - дейді олар.

«Жарайды, біз солай-ақ болайық, ал туғалы орыстардың арасында өскен, орысша оқыған, жөнді қазақша білмейтін балаларымның қандай кінәсі бар?» - деп бұл айтады.

«Өзі әйелінің қайда кетіп, қайда жүргенін білмейді», - деп кіналайды олар.

«Иә, өз әйелдерінің қайда барып, қайда тұратынын бағып отырған шығарсындар», - деп күледі бұл.

«Қазақтар қандай ұятсыз. Анау ҚазМУ-дың заң факультетінде оқитын 250 студенттің бәрі қазақ екен», - дегенді олар айтады.



«Онда тұрған не бар. МІУ-дың заң факультетінде бес мың адам оқиды, соның бәрі орыстар». - дегенді бұл айғады.

Сөйтіп жүргенде 20 маусым халық судьяларының сайлауы келеді. Аудандық соттың торағасы болуға обком ұсыныс хат бермей қояды. Еріксіз қағардағы судья болып сайланады. Бірақ көп ұзамай Киров аудандық сотының торағасы болған адам жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмай, өзі кетіп қалады да, оның орнына Теміржан Әмірін қайтадан тораға болып отырады. Сөйтіп, Темкен өзі жақсы білетін қызметін табыспен жалғастыра береді. Содан 1996 жылы біліктілігі бірінші сыныпты судья басқаратын Киров аудандық сотының жұмыс тәжірибесі жинақталып, басқаларға үлгі ретінде көрсетіледі.

\*\*\*

Міне, бұл судья Теміржан Әмірінің өміріндегі кезеңдерді еске түсірген үш сәт қапа. Ал, оның өмір жолында кездескен сан түрлі істер мен сан түрлі тағдырлар толып жатыр. Соның барлығын да әділ шешуге тырысты. Адам тағдыры оны бір сәтке де ойлантпай қалған жоқ. Сондықтан да оны әріптестері мен құрбы-құрдастары «Темірдей сот Теміржан» деп мақтан тұтады.

Жаңа ғасырдың басында ашықтың асқарына шығатын Темкене біз тек жақсылық ғана тілеп, әділет жолындағы қызметіне жеміс тілейміз.

P.S. Бұл мақала Темкеннің 60 жылдығына орай жазылып, 2000 жылы облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді. Бұл күнде ол бақилық болған.

## ТОҚСАНДАҒЫ ЖАУЫНГЕР

Қарт жауынгер, кезінде сот саласында еңбек еткен Әлихан Бәкішев ақсақал қазір 90 жасқа келіп отыр. Соған қарамастан, ол кісі шақырылған жерлерге барып, кездесулерге қатысып, майдан жайында естеліктер айтып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге өзінше үлес қосып жүр.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Әлекең Қарағандыдағы №7 орта мектепті (кейін Жамбыл атын берді) бітіріп, орталық электр стансасында турбина машинистінің көмекшісі болып істеп жүр екен. «Соғыс» деген суық хабарды естиді. Басында бұл сөзге онша мән бермейді. Өйткені, сол кезде ақ финдермен соғыс. Халкин-Голдегі. Хасан көліндегі соғыс жайлы жиі айтылатын. Бұл да сондай жылдам бітетін, шағын соғыс шығар деп ойлап қалады.

Байқап қараса, барлық елдің аузында «соғыс» деген үрейлі сөз. Содан радиодан әлсін-әлсін беріліп жатқан мәлімдемелерді, басқыншылардың бейбіт жатқан елімізге сұғына кіріп, жолындағыларды жаппай қырып-жойып бара жатқанын естіген соң ғана бұл сөздің мағынасына терең бойлады.



Көп ұзамай, тамыз айында, Киров аудандық әскери комиссариатынан бұл да әскерге алынып, Семей қаласына көшірілген, маршал Шапошиников атындағы Тамбов әскери-техникалық училищесіне жіберіледі. Мұнда алты айдай даярлықтан өткен соң майданға аттанады. Бұл Сталинград қоршаудан шыққан кез болғандықтан, атқыштар дивизиясының бір полкі резервте ұстайды. Осы полктің құрамында Әлекең де бар еді. Содан 157 атқыштар дивизиясы наурыз айында 3-ші Белорусь майданында соғысқа кіреді.

Немістер минометтен алда-санда атқылап тұрғандықтан, бұлар бекінген оқотан шықпай жатып алады.

- Бұл сәуір айының алтысы күні болатын, - деп еске алады майдангер ата Әлихан Бәкішев. – Оқотта отырмыз. Үстімде шпнель, басымда малақайдың сыртынан киген темір дулыға. Оқотан шығуға болмайды. Қызып өткен затты немістің мергендері қағып түсіреді. Түске қарай күн жылығандықтан, басымдағы дулығаны шешіп, жерге қойғанмын. Өтіп бара жатқан бір солдат әлгі каскаға сүрініп кетіп: «Мынау кімдікі?» деп сұрады. «Менікі» дедім. «Кереті жоқ болса, лақтырып жібер, әйтпесе киіп ал», деді анау.

- Дулығаны алып, басыма енді кне бергенім сол, немістің снарядтарының бірі дәл жанымызға келіп жарылғаны. Есенгіреп қалдым. Содан контузия алып, Калуга қаласындағы эвакогоспитальға жіберді де, онда бір жарым айдай емделіп жаттым. Одан шыққан соң 56-шы гвардиялық дивизияның құрамындағы емделіп қайтқандарды жинақтайтын қосалқы полкке жіберді.

Маусым айының ортасына таман біздің полк шабуылға дайындалды. Бір күні бір сағаттың артиллериялық дайындықтан соң шабуылға шықтық. Жарты сағаттай біресе жүгіріп, біресе еңбектеп, алға

жылжыдык. Сол уақытта аяғыма снарядтың жарықшағы тиді. Оны басында өзім білемін жоқ. Бір кезде жүре алмай, есімінен танып құладым. Біздің полк алға қарай кетіп қалыпты. Жараланғандар мен қаза тапқандардың арасында қалып қойыпты. Есімді жиган бір кезде қарасам, қаза тапқандарды және жараланғандарды санитарлық бөлімненің адамдары арбамен жинап келе жатыр екен. Соларды айқайлап шақырып алдым. Олар мені медицинабатқа жеткізін салды...

Әлекең ағамыз шамалы дем алып, ойына өткен шактың оқиғаларын түсірін алған соң:

- Бұл жерде жаракатымды жақсылап таңған соң, Орехово-Зуеводағы эвакуооспитальға жіберді. Онда 1944 жылға дейін емделіп жаттым. Жаракатым аяқтан болған соң «годен к не строевой службе» деп шығарды. Енді мені Смоленск облысындағы 142-ші құрылыс батальонына жіберді. Содан 1944 жылдың аяғына қарай Пруссия шекарасына келдік. Бұл уақытта мен ишарь болып қызмет атқаратын едім. Жеңіс күні Шығыс Пруссиядағы Алленштейн деген қалада қарсы алдық. Сол күнгі жауынгерлердің қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, - деп жалғастырды әңгімесін.


Елге 1946 жылдың наурыз айында оралған Әлекең әуелі Қарағанды облыстық сотында хатшы болып істейді. Екі айдан соң әділет басқармасына кадр және арнайы жұмыстар жөніндегі инспектор болып ауысады. Осы қызметте жүргенде Петропавл қаласындағы Заң мектебін сырттай оқып бітіреді. Одан соң тексеруші-сәттар ревизоры деген қызмет атқарады. 1955 жылы қайтадан әділет органдарына шақырады. Облыстық сотта судыы болады. Екі жылдай істеген соң 1957 жылы сот сайлауы болып, Нұра ауданына халық сотының төрағасы етіп сайлайды. Ол кезде сот сайлауы үш жылда бір отіп отыратын. Үш жылдан соң Шет

аудандық халық сотының төрағасы болып сайланып, онда 1960 жылдан 1976 жылға дейін отырады да, екі жыл Ақадыр ауданында халық сотының төрағасы болып, 1978 жылы Қарағандыға көшіп келеді. Мұнда облыстық адвокаттар алқасында қызмет атқарып, 1999 жылы зейнеткерлікке шығады.

Әлекеннің Бағаш Елубайқызымен шағырақ құрғандарына жарты ғасырдан асыпты. Ол кісілер бес бала тәрбиелеп өсірген. Соның ішінде Қайрат деген баласы әке жолын қуып, заңгер болған екен. Қазір ол ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында қызмет атқарады, заң ғылымдарының докторы.

Бұл күнде Қарағанды қаласында тұратын, қайтпас, қайсар, қарт майдангер алдағы уақытта тек бейбітшілік болса екен, халқымыз соғыс деген зұлматты көрмесе екен деп тілек айтады.

Ескерту: Бұл мақал Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында 2014 жылдың қаңтар айында жазылған болатын. Келер жылы атаулы мерекеден соң Әлекен дүниеден өтті.



## ҰЛАТАТТЫ УСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ

Артында өшпес із қалдырған, кейінгі ұрпаққа атқарған ісі ұлағат етіп ұсынуға тұрарлық азаматтардың бірі КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің (қазір ҚР ІІМ Қарағанды академиясы) бұрынғы бастығы Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов еді.



Ол кісі құқықтық реформаны жүзеге асыруға соңғы демі біткенше барынша мол үлесін қосып кетті.

Әділет генерал-майоры, құқық профессоры, Ұлы Отан соғысының ардагері, бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Халықтар достығы» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және басқа тоғыз медальмен марапатталған.

КСРО ИМ еңбек еңірген қызметкері атағына ие болды. Бәрімбек Сәрсенұлы қандай жоғары лауазымға да жоғары атакқа да лайықты адам болатын. Біз ол кісіні Қарағанды қаласындағы екі генералдың бірі екенін білетінбіз.

Жасынан қиын-қыстау кезеңдердің бәрін басынан кешкен, отыз екінші аштығын, отыз жетінші қуғынын көрген, екінші Дүниежүзілік соғысты өз басынан өткерген Бәрімбек Сәрсенұлы Жамбыл облысы Сарысу ауданы Байқалам аулының тумасы.

Өзінің естелігінде Бәрімбек Сәрсенұлының қарындасы, ҚазҰПУ-дың География және экология ғылыми әдістемелік лабораторияның меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі Әлия Сәрсенқызы Бейсенова: «Біздің аталарымыз ауқатты, ел билігін ұстаған адамдар болыпты. Бейсеннің әкесі Қойшыбай би болып, оның інісі Торжан болыстыққа сайланған. Қойшыбай халыққа жақын, болыстан зәбір көрген ел соның маңын паналаған екен. Замаң өзгеріп, кеңес өкіметі орнаған кезде Бейсен үлкен ұлы Сәрсенді орысшаға берген. Ол Ақмолада Сәкен Сейфуллинмен бірге оқыған. Революцияның алғашқы жылдары Қарағанды маңында сот болып істеген. Бірақ ауқатты тұқымның балаларын сыртқа тебе бастаған жаңа саясаттың ыркынан бір жерге тұрақтай алмай, жырақтап күн кешкен. Әкесін де келе жатқан тәркілеуден алып қашып, елден көшіріп әкеткен. Содан біраз жылдар Жаңарқа мен Жезқазғанның шекарасында, Кеңгір өзенінің Сарысуға құятын жерінен қыстау салып тұрақтаған. Содан тәркілеу, жер аудару шараларынан қағыс қалып, отызыншы жылдардың басында оңтүстікке қарай жылжыған. Жосалы арқылы Қызылорда жеріне кіріп, Қармақшы, Терекөзек, Шиелі, Жанакорған елдерін жағалап, уақытша қоныс тауып күн

көрген. 1932 жылдың аштығын осы жақта өткізген. Ақыры 1934 жылы Сөзак ауданына барып тоқтаған» - деп жазады.

1942 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін өз еркімен әскерге шақырылып, Гомель жаяу әскер училищесінде қысқартылған оқу курсынан өтеді. Содан 1943 жылдың қыркүйегінде Бірінші Украина майданының үшінші танк әскерінің құрамында соғысады. Соғысты 1945 жылы 9 мамырда Прага қаласында аяқтайды. Бір рет ауыр және бірнеше рет жеңіл жарақат алады. Соғыстан кейін, яғни, 1946-1952 жылдары Алматы заң институтында оқыған және оны бітірген соң Алматы қаласында тергеуші, аға тергеуші және прокурордың көмекшісі болып қызмет атқарады. 1957 жылдан бастап Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының аспиранты болады. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алған соң педагогикалық жұмысқа кірісіп, алдымен ҚазМУ-дың заң факультетінде қылмыстық құқық кафедрасының доценті болады, кейін проректоры болып жоғарылатылады. 1969 жылы оны КСРО ИМ Мәскеу жоғары мектебінің Алматы күндізгі-сырттай факультетіне бастық етіп тағайындайды. Оған арнайы – ішкі қызмет полковнигі иені беріледі. Сол жылы КСРО ИМ-нің келісімімен Қазақ КСР Үкіметінің шешімі бойынша осы факультет КСРО ИМ Қарағанды жоғары мектебі болып құрылады. Оған бастық болып полковник Бәрімбек Бейсенов тағайындалады. Сөйтіп, Бәкең Қазақстандағы алғашқы ИМ арнайы ЖОО – Қарағанды милиция жоғары мектебінің негізін қалаушылардың бірі және бірінші бастығы болды.

Сол жылдың желтоқсанындағы Арқаның аялды күндерінің бірінде полковник Бәрімбек Бейсенов бір топ қызметтестерімен бірге сол кездегі астанамыз



Алматыдан көміршілер қаласы Қарағандыға келіп түскен еді. Жоғары мектеп қазіргі Пришвагинск елді мекенінен 22 ықнам ауданда бір-екі тұрғын үй мен орта мектептің ғимаратына орналастырылды. Бұл кезде Бәрімбек Сәрсенұлы осы Қарағандыға генерал-майор, профессор болатындығын, 1980 жылы Мәскеу Олимпиадалық ойындарында қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға қатысатындығын, өткізілген соң «Халықтар достығы» орденімен марапатталғанын және жоғары мектептің үякен оқу-тәрбие ғимараттарын және Долинка кентінің жанында тамаша оқу-жаттығу спорттық кешенін салатындығын әлі білмейтін еді. Бұлардың барлығы алдағы уақтарда атқарылатын жұмыстар болатын.

Генерал Бейсенов Қарағанды қаласы мен облыстың қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласты. Ол Қарағанды қалалық және облыстық кеңесінің бірнеше мәрте депутаты болды, қалалық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Халық депутаттары қалалық кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін социалистік заңдылықты сақтау комиссиясының төрағасы болды.

Қарағанды жоғары мектебінде Бәрімбек Сәрсенұлы 1985 жылға дейін бастық болып қызмет атқарды.

Осы жылдары ол орасан ұйымдастырушылық дарысын, терең педагогикалық қасиеттерін тапты да және қысқа мерзім ішінде өзінің серіктестерімен бірге ұйымшыл, шығармашыл адам екендігін көрсете білді, белсенді профессорлық-оқытушылық ұжым және іргесі мықты оқу-материалдық база құрды.

Бұл жөнінде кезінде одақтық министрліктің оқу орындары басқармасын басқарған милиция генерал-майоры, заң ғылымдарының докторы, профессор М.И.Еропкинің «Таңдамалы ғылыми еңбектерінде»

(М. 2010) атап айтылған. Сол кітаптағы мақаласында Қарағанды жоғары мектебінің 1975 ж. түлегі, заң ғылымдарының докторы, профессор В.Г.Татарян: «Біздің жетекшіміз Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтың көрсеткендігі мен алысты болжағынғығы арқасында біздің бәріміз тәжірибеден өтін, кафедрадағы жұмысты меңгеріп, еліміздің астанасы Мәскеуге адъюнктураға жіберілдік. Кіншесіздікті жинап қойып айтақ, біздің дана ұстазымыздың таңдауы дәл кезінде жасалған және дұрыс ойластырылған шаруа еді. Оны КСРО ИМ оқу орындары басқармасының басшылығы, алдымен Михаил Иванович Ерошкиннің қолдауымен іске асырды. Сол арқылы Қазақ ССР ИМ жүйесінде жас кезінде атақ алған ғылыми-педагогикалық кадрлар қалыптасты», – деп жазды.

Бұған оның кадрлармен жұмыс жасап білуі және олардың бабын тауып, қарамағындағы әр қызметкерді бағалап білуі ықпал еткені сөзсіз.

Бәрімбек Сәрсенұлы 1985 жылдың маусымынан бастап Алматы факультетінің, кейін Алматы жоғары мектебінің профессоры болды. Ол педагогикалық жұмыспен қатар, көрнекті ғылыми жұмыстар жүргізді. Оның басшылығымен бірқатар ғылыми-тәжірибелік және теориялық конференциялар өткізілді. Ол ИМ ЖОО оқытушыларының педагогикалық шеберлігін жетілдіретін оқу-әдістемелік кабинет жобасының, «Қылымыпен күрес проблемалары», «Маскүнемдік: қылымыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелер», «Қылымыстық жауаптылықтың негіздемесі» монографияларының авторы. Олар ғылыми әлеуметтің жоғары бағасына ие болып, танылды және заңгерлік ЖОО оқу үдерісінде кеңінен қолданылды. Ол жүздеген баспа табақ ғылыми жұмысты баспаға дайындап, жарыққа шығарды. Бұл жұмыстар қазіргі кезде

Қазақстанның заңгерлер даярлайтын жоғары оқу орындарында кеңінен пайдаланылуда.

Генерал Бейсенов көптеген құқық институттарының: Жоғарғы соттың ғылыми-консультативтік кеңестерінің, Конституциялық соттың, Бас прокуратураының, ІІМ-нің ғылыми-әдістемелік үйлестіру кеңесінің, Жоғарғы Кеңестің қылмыстық кодексті әзірлеу жөніндегі комиссиясының мүшесі ретінде құқықтық мемлекеттің негізін қалыптастыруға белсенді атсалысқан адам. Құқықтаушы ғалым және білімі жан-жақты, аса білімдар адам ретінде Қазақстанға ғана емес, одан тыс жерлерге де аты мәлім болды. Ішкі істер органдары үшін білікті мамандар даярлаудағы жемісті еңбегі мен жеткен зор табыстары үшін Қазақстанның және Қырғызстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен нағардталған.

1997 жылдың басында Қазақстанның қоғамдық Заң ғылымы академиясының вице-президенті болып сайланды. Ол зейнеткерлікке шыққан соң Қазақстан заңгерлер қауымдастығының вице-президенті ретінде оның жұмысын қайта құру және жандандыру үшін көп күш-қуат пен еңбек сипірді. Алайда, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе алмай, қоғамда және замандастарының қызметтестері мен шәкірттерінің жалдында мәңгі із қалдырып, Б.С.Бейсенов 1997 жылың 26 қыркүйегінде кенеттен дүниеден озды.

Әділет генерал-майоры Бәрімбек Бейсенов заң ғылымының көптеген саласын зерттеудің мектебін қалыптастырды деуге болады. Қарағанды жоғары мектебінің көптеген түлектері кейіннен генерал, әр түрлі ғылым саласының кандидаттары мен докторлары болды. Бұл осы мектептің негізін салушының тікелей еңбегі екендігі сөзсіз. Сонымен қоса өзінің ұлағатты ұстаздары, риясыз адал, терең ғалым, жоғары оқу

орнының тамаша бастығы Бәрімбек Сәрсенұлының шәкірттерінің де еңбегі. Ол кісі бастық болып тұрғанда әр түрлі салада ғылым кандидаты атағын қорғап шыққандар ішінде Рахмет Мұқанов, Нұрлан Обдіров, Арыстан Ақпанов, Пейдор Борчанович, Газиз Мәуленов, Марат Қоғамов, Бақытжамал Төлеубекова және басқалары кейіннен заң ғылымының докторы, құқық профессоры атанды. Ал, Рахмет Желдібайұлы Мұқанов – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы, Нұрлан Мәжітұлы Обдіров – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі, Рауан Михаилұлы Шакин – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Аграрлық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі.

Осы оқу орнын Бәрімбек Сәрсенұлы басқарған кезде оқытушылық лауазымға келіп, кейін Қарағанды заң институтын 1996-2002 жылдары басқарған Үбайдолия Мырзағалшұлы Стамқұлов, қазір Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің мүшесі, ал милиция Жоғары мектебінің 1974 жылғы бірінші түлектері қатарында болған әділет генерал-майоры, ҚР Ішкі істер Министрінің бірінші орынбасары болған, кейін 2002-2004 жылдары Қарағанды заң институтын басқарған Молдияр Мольбайұлы Оразалшев, 1975 жылғы түлек, полиция генерал-майоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Серік Ежанұлы Еркенов және қазіргі уақытта Академияны басқарып отырған, осы мектептің 1978 жылғы түлегі, полиция генерал-майоры Жап Табылдыұлы Кенжетасов ұстазының еңбегін табығты жалғастыруда.

Қазіргі ҚР ІІМ Қарағанды академиясының негізін қалаушы және оның алғашқы бастығы, әділет генерал-майоры Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновті мәңгі есте

қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2001 жылғы 24 шілдеде осы оқу орнына оның есімі берілді. ҚР ІІМ Қарағанды академиясында генерал-майордың бюсті орнатылды, арнайы мұражай ашылды, оған алғашқы бастық, ұстаз, жетекші әрі ғалым, генерал Бейсеновке қатысты деректер мен оның қолданған заттары, киімдері, ғылыми жұмыстары қойылған. Бұл күнде мұражай академия ғындаушылары үшін оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу орталығына айналған.

Сөз соңында айтарымыз – Бәрімбек Сәрсенұлының атқарған жарқын істері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз. Асқар тау алыстаған сайын биіктей түсетін секілді күн өткен сайын генерал-майор Бейсеновтің жарқын бейнесі оны білетіндердің және ісін жалғастырушылардың, осы Академияда білім алушылардың жадында әрқашан жаңғыра бермек.

Ескерту: Бұл мақала 2013 жылы ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі, профессор Мирлан Қызыловпен бірігіп жазылып, «Взгляд на СОБЫТИЯ» газетінде жарық көрген еді. Мирлан Қызылов қазір ҚР ІІМ Қостанай Академиясының бастығы.

**Суретте: Н.Ә.Назарбаев пен Б.С.Бейсенов  
(1978 жылғы 1 мамыр)**



## ӘДІЛДІКТИ ТУ ЕТКЕН

*Көп жыл заң саласында, оның ішінде судья болып қызмет атқарған Дәмежан Қарабайқызы Діқанбаеваны өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері білетінімін.*



Ол кезде «Сот сайлауы» деген болып, судьяларды халық кәдімгідей дауыс беріп сайлап қоятын. Сондықтан да «Халық судьясы» деп аталатын. Мен газет қызметкері ретінде сол сот сайлауына кандидаттыққа ұсынылған Дәмежан Қарабайқызы туралы жазуыма тура келді. Сол уақыттың жағдайын көз алдымызға келтіру үшін,

міне, сол мақаланы түгелімен еш өзгеріссіз бергенді жөн көрдім.

«Қандай мамандықты болмасын адамның өзі сүйіп атқарса, қуанышы мол болары анық. Дәмежан Діқанбаева мектепте оқып жүрген кезінен-ақ заң қызметкері болуды арман етті. Ол өзі қатарлы құрбыларымен әңгімелескенде заң қызметкері болғысы келетіндігін айтып отыратын. Содан Семей қаласындағы №16 орта мектепті бітірген Дәмежан қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінің кешкі

бөліміне оқуға түсті. Әуелде машина-есептеу станциясында жұмыс істеді. Кейіннен нотариальдық кеңсеге ауысты. Міне, осы кезден бастап ол нағыз заң жұмысының қандай болатындығын түсіне бастаған еді.

Қарағандыға 1972 жылы келді. Совет ауданындағы адвокатурада қызмет атқарды. Адвокаттық еңбек оңай іс емес. Қылмысқа тартылған адамның әділ жазасын алуына, оның нақак жазаға тартылып кетпеуіне адвокаттың қосар үлесі зор. Сол жылдары ішінде ол қаншама адамның аяғынша болғанды. Оз ісін жетік меңгерген советтік әділ заңды түсініп көтерген Дәмежан Диканбаева 1982 жылы халық судьясы болып сайланды.

- Халық сотының жауапкершілігі тіпті үлкен, - дейлі Дәмежан Диканбаева өз әңгімесінде. - Барлық істі дұрыс карап, барынша әділ болу қажет. Қандай іс болмасын аса мұқият болуды талап етеді. Азаматтық іс болсын, қылмыстық іс болсын әділ шешіліп дұрыс...

Халық судьясының алдына күн сайын көптеген адамдар келеді. Олардың айтар тілектері де, қояр талаптары да сан алуан.

Біз халық судьясы Дәмежан Диканбаевамен әңгіме кзінде оның күн сайын қарайтын алуан істерінің мәңжайына біраз қапыққандай болдық. Ол соңғы кезде ерлізайыштылар арасындағы неке бұзу ісінің мүлде көбейіп кеткенін қынжыла отырып айтты. Соның басты себебі бір жағынан жастардың жар таңдаудағы асығыстығы болса, екінші жағынан ішімдікке салынудың салдары екендігін тілге тиек етті. Мұндай жағдайда арыз иелерінің ойланып-толғануына уақыт беріледі. Сол уақыт ішінде олардың қайтадан тіл табысып, дұрыс семья болып кеткендері де көптеп саналады екен. Мұндайда Дәмежанның қуанышында шек болмайды.

Әңгіме кезінде ата-ананың баласына деген хұқығынан айыру істерінің көп болатындығын да білдік.

Мұндай жағдай оның есінде көпке дейін сақталады екен.

- Осыдан үш-төрт жыл бұрын Светлана Боровик деген әйелдің аналық құқығынан айырдык. Ол адам әбден ішкілікке салынған. Ешқайда жұмыс істемейді. Екі баласына карамайды. - деп Дәмежан өткен істі күні кеше ғана қаралғандай әңгімелеп берді.

Сөз сияқты жасөспірімдер арасындағы қылмысты қарау ісі де жиі болып тұрады. Жуырда сондай бір іс қаралған. Онда Оңтүстік Шығыс аймақта бірнеше жасөспірім өзінен кінә балаларды ұрын-соғып, ақшасын, сағатын тартып алған. Ешқайда оқымайтын, ешқайда жұмыс істемейтін кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмысты ісін қарау кезінде тергеу ісінде шалшық болғаны анықталды. Мұндай істі қайтадан тергеуге жіберінгі. Міне, бұл да әділдікті қолына ақ ту етіп ұстаған абзал адамның қамқорлығының бір көрінісі. Ол өзі қараған істің дұрыс жүргізіліп, барлық ақиқат алақандағыдай көз алдына келгенде ғана әділ жаза беріледі.

Дәмежан халық ортасында да жиі болады. Әңгіме өткізіп, лекциялар оқиды. Мұндай жұмыстардың қылмыстық істердің алдын алуға, ел арасында праволық білімді насихаттауға тигізетін әсері мол. Ол өзінің кәсіптік шеберлігін арттырып, білімін жетілдірумен де үзбей айналысады. Осындай жұмыстары үшін облыстық Совет атқару комитеті юстиция бөлімінің сыйлықтарына да ие болды.


Халық судьясы болып еңбек еткен бес жыл ішінде ел құрметіне бөленген Дәмежан Қарабайқызы Дикамбаеваны «Шахтаспецстрой» шахта құрылыс басқармасының еңбек коллективі №4 сайлау округі бойынша халық судьясына кандидат етіп ұсынды. Мұның өзі үлкен құрмет екені сөзсіз. Ол бұл сенімді өз



дәрежесінде ақтан шығатын деген сенімдеміз», деп жазған екенмін. Бұл мақала облыстық «Орталық қазақстан» гәзетінде 1987 жылы жарық көрген болатын.

\*\*\*

Ол кісі талай марапаттарға ие болды. Соның ішінде «Үш би» белгісін ерекше атауға тұрарлық. Аудандық сотта қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтаған Дәмежан Қарабапқызы кейіннен облыстық сотта қызмет атқарды. Көптеген жас судьяларға өзі тәлімгер болды. Зейнеткерлікке шыққан соң біраз жылдан кейін дүниеден өтті.



## ҚАЙТАЛАНБАС ҚАРА НАР

Халқымыз өзінің ақылы асқан, білімі тасқан, еңбекқор, абзал азаматтарын «Қажымас қара нарым» деп мақтап етіп, оның есімін есінен тастамай, асқар биікке шығаруға тырысады. Халқының адал туған сондай ұлдарының бірі Тілеукев Ахметұлы Еңсебаев еді.

Жуырда «Қаракесек шежіресінің» екінші кітабы қолыма тиді. Осы екінші кітаптың таныстырылымы С.Сейфуллин атындағы облыстық драма театрында өткізілді. Сол таныстыру кезінде Тілеукевтің 2009 жылы дүниеден өткенін білдім. Кітаптың соңғы беттерінде Тілеукевтің суреті басылған қазанама берілгені. Онда ғалымның Қарағандыдан Павлодарға ауысып барған соң бел шеше еңбек еткенін, талай ғылыми дүниелер жазып тастағанын, әттең дүие, өмірден ерте өтіп кеткенін қынжыла жазады.



Тілеукев арғы атасы Қырғыздың Естекі атасынан тарайтын Еңсебайдың Ахметбегінің шаңырағында Қарағанды қаласында дүниеге келіп, осындағы №20 орыс орта мектебін үздік бітіреді. Бірақ ол өзінің алғыр болғанына қарамастан, жоғары оқу орнына түсіп кетуге

асықпайды. Отбасының тұңғышы болғандықтан, үй-шіне көмектесуді қажет деп табады да, артындағы іні-қарындастары Жарыққан, Жұмақан, Әділхан, Алтын мен Айманның аяғынан қаз тұруы үшін біраз уақыт жұмысқа кіргенді дұрыс көреді. Екі жыл «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің ағаш өңдеу комбинатында балғанын болып істеп, үшінші жылы ғана сол кезде Қазақстандағы белгілі жоғары оқу орнының бірінен саналатын Қарағанды мемлекеттік политехникалық институтының кен электромеханикалық факультетіне келіп түседі. Қызыққа толы студенттік жылдар көз ілеспей өте шықты. Мұнда да ойдағыдай оқыған және оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан жас жігіттің ғылымға деген бейімін байқаған болуы керек, факультет басшылығы институт қабырғасында кафедраға оқытушы етіп қалдырады. Осында қызметін атқара жүріп, 1980 жылы аспирантураны бітіріп, Ленинград қаласындағы Бүкілодақтық электро-машина жасау ғылыми-зерттеу институтында ғылым кандидаты атағын абыроймен қорғап шығады.

Оның өмірінде ғылыми жұмыстарындағы барлық жетістіктері көрші Павлодар облысындағы университетке барған соң жарқырап көрінді деп айтуға әбден болады. Ол ғылыми атағын алған соң Қарағандыда бес жыл қызмет атқарып, соң институтқа ауысқан болатын. Жаңа ғылыми ортадағы жұмысы күн сайын алға баса берді. Талантты ғалымды мұндағы әріптестері де лайықты дәрежеде бағалай биді.

Тілеукең Керекү жеріне келісімен де шежіре жинаумен айналысты. Сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы мен сексенінші жылдардың басында біз Пришахтинскідегі 23 ықшам ауданда көрші тұрып, сол кезден таныс едік. Сол

уақыттың өзінде шежіре жинаумен айналысып жүретін. Қаракесектің шежіресін «шемішкеше шағым» отыратын. Менің ол кезде шежірете онша ден қоймаған шағым еді. Тілекеңнің бәрін біліп, ақ-қараны айырып отырғандығына таң қалағынмын. Өзінің қырғыз руынан екендігін айтты, ата-бабасын таратып берген. Менің өзімнен талай нәрсе сұраған еді, бірақ оның кейбіріне жауап бере алмағанмын. Ойткені, шежіреші болу әркімнің қолынан келе беретін іс емес.

Тілеукеңнің Павлодардың индустриалды институтына не себептен ауысқанын өзі біледі, содан кейін қайтып кездескен емеспіз. Көне Кереку қаласындағы бұз оқу орны кейіннен С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне айналған. Осы оқу орнында өзінің қызметін абыроймен атқара жүріп, профессор атанды. Қазақстан Республикасы халыққа білім беру ісінің құрметті қызметкері болды, өзінің мамандығы инженер-энергетик бола тұра қазақ халқының тарихын жасауға, шежіресін жинауға барын салып еңбек етті. Сонымен қоса осы ПМУ және Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған тарихи-этнографиялық экспедицияларға үзбек қатысып оырады. Соның нәтижесінде «Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер» (Бірінші бөлім. Көне дәуірден XX ғасырға дейін) (2001 ж.), «Исторические прошлое кыпчаков Евразии: очерки истории средневековых кыпчаков» (2002 ж.), «Этапы военной колонизации Павлодарского Прииртышья царской Россией» (2002 ж.), «Военное искусство кыпчаков в эпоху средневековья» (2003 ж.) атты зерттеу кітаптары жарық көріп, кешегі кеңестік идеологияға негізделген тарихи әдебиеттерді жоққа шығаруға, жас ұрпақтың отаншылдық.

мемлекетшілдік сезімдерін қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Жалпы алғанда Тілеукең Ахметұлы 6 кітаптың, 20 оқу құралының, облыстық энциклопедиясы үшін тарих, этнография, өлкетану салалары бойынша жазылған 200-ден астам мақаланың авторы болды. 7 ғылыми мақалалар жинағына редакторлық етті. 20 ғылыми еңбектің редакция алқасының мүшесі болды. Түрлі жиындарда және баспасөз беттерінде кешегі коммунистік идеологияны жақтаушы тарихшылармен үнемі пікірталасқа түсіп, олардың қателіктерін бетіне басқан уақыттары аз болмады және облыста казак тілінің мәртебесін арттыруға барыпша үлес қосты. Сонымен қоса 2002 жылы бір топ ғалыммен бірлесе отырып энергетика жөнінен орысша-казакша түсіндірме сөздік жасап шығарды. Электртехника саласынан алғашқы болып казакша дәріс оқуды бастады.

Ол Павлодар өңіріне шежірені ретінде танылды. Оның жинаған бай материалдары негізінде «Павлодар уезі казактарының шежіресі», «Қапжығалы шежіресі», «Сүйіндік шежіресі» кітап болып жарық көрді. Арғынның Бәсентин руының және басқа да жинаған шежірелері әлі жеке кітап болып шыққан жоқ.

Тілеукең Ахметұлы жайлы айтқанда оның «Қаракесек шежіресін» жинаудағы, оны жеке кітап етіп жария етудегі еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Ол жинаған шежіренің бірінші кітабы 2009 жылы өзі дүниеден өткен соң ғана баснадан шығып, тұсаукесерін көре алмағаны өкінішті болды. Бұл жинақтың бірінші кітабына Арғынның Қаракесек руының Ақнасынан тарайтын Бесбошан ұрпақтары берілген еді. Енді екінші кітапта Қаракесектің Түйтесінен туатын Майқы мен Танастың бүгінгі күнге дейінгі ұрпақтарын таратып

берген. Сонымен қоса Қарқаралы мен Ақтоғай өңірінде тұратын қырғыздардың да шежіресі келтірілген.

Бұл кітаптың тағы бір ерекшелігі Қаракесектің батырларын, билерін, шешендері мен дымарларын, қайырымды мырзалары мен меценаттарын, мемлекет және қоғам қайраткерлерін, Кеңес Одағының батырларын, Социалистік еңбек ерлерін, палуандары мен спортшыларын, ақындары мен жазушыларын, ғалымдарын, мәдениет және өнер қайраткерлерін, әншілерін, сазгерлерін, қоғам қайраткерлерін және басқа да белгілі адамдарын тізіммен берген екен. Жалпы аяғанда бұл кітаптан талай мәліметтер алуға болатындығына көзіміз жетті.

Міне, осы және басқа да еңбектердің несі Тілеукең Ахметұлы мен жары Зеннат Қуантайқызы екеуі Шолпан және Айдын атты қыз бен ұл тәрбиелеп өсірді. Кейін дүниеге келген Самира және Алан атты немерелерін көре алмай кетті.

Сөз соңында айтарымыз – осындай қыруар жұмыс тындырған ұлтжанды азамат, шежіреші, ғалым, бүкіл Қаракесектің таралымын жинауға ұйытқы болған Тілеукең Ецсебаевтың есімі халықтың жадында ұзақ сақталады деп ойлаймын. Ауыр науқас арамыздан алып кетпей, ортамызда жүргенде 70 жасқа толар еді. Енді артындағы ұрпақтарына гүмыр тілей отырып, мәңгілік есте қалдыру мәселесін ойластырса дұрыс болар еді.

2017 ж.



## «СОЛ КҮНДЕР КӨЗ АЛДЫМНАН КЕТПЕЙДІ»

Сол күндердің шын мәнінде де аса ызғарлы, салқын болғаны рас еді. Басынап сан қиындық откерген көңтерімді хал-қымыз демократияның бастауы болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиға-сынап соң «ұлтшыл қазақ» атағаны да мәлім. Бүгінде 28 жыл болған осы көтеріліс қарсапында облыстық сотта судья болып істейтін, Желтоқсан көтерілісін көзімен көрген Тотаі Мамытұлы ЕРІМБЕТОВКЕ, көкейімде жүрген бір-екі сұрақты қойған едім.



- Тотаі Мамытұлы, әңгімені басынап бастайық. Желтоқсан оқиғасы қалай басталды? Сол күндер туралы не айтасыз?

- Не айтамын. Ол күндер есіме түссе кәдімгі кинолентадағыдай оқиғалар көз алдымда көлбеңдей жөнеледі. Бұл бір өмірі ошпейтін көрініс болды. Орта мектептеп соң сол кездегі С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетіне түскен болатынмын. Екінші курста оқып жүрген кезімде әскерге алып кетті. Міндетті борышымды Ресейдің Новокузнецк қаласында өткеріп, 1986 жылы күзде оқуымды қайтадан жалғастырдым.

Бір күні сабақта отырғанымызда ұстазымыздың бірі «Қонаев лауазымынан тайдырылды, оның орнына, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығына ешкім білмейтін біреуді әкеліп отырғызыншы» дегенді айтты. Бұл сөз бұрыннан іште қайнап жатқан жанартаудың атылуына себеп болғандай әсер етті. Сабақ жайына қалды, жағдайды талқылауға кірісіп кеттік.

Біраздан соң жатақханаға келгенде студенттердің мәжіліс залына жиналып жатқандығын көрдім. Мен де бардым. Кешке қарай номеріз қара «Волга» келіп тоқтады да, екі қазақ жігіті түсіп, біздің мәжілісімізге қатысты, сөз арасында олар қаладағы барлық студенттердің орталық алаңға шығатындығын ескертті. Олар қайтып кетті де, біз өзімізше ұрандар жазуға кірістік.

### **-Келесі күні бардыңыздар ма?**

- Келесі күні заң факультетінің студенттері ҚазМУ ректоратының алдындағы алаңға жиналды. Бізге журналистика, тарих, биология факультеттерінің студенттері қосылды. Барлығымыз ұйымдасқан түрде Тимирязев көшесіне шығып, алаңға қарай аяңдадық. Біз автобустар мен троллейбустарға мініп едік, өз бағыттарын өзгертін, бізді алаңға жақын әкеліп тастады. Алаңда: «Біз қазақтардың арын таптатпаймыз!», «Біздің де ар-намысымыз бар, ешкімнің оны қорлауға құқығы жоқ!» деген сияқты ащы айқай естіледі. Осы кезде машиналармен келген милиция алаңды қоршай бастады. Әлден уақытта жанымда тұрған бір қыз: «Бізді қуғыларың келе ме? Намыстарың қайда?» деп айқайлады оларға. Кейбір қыздар милиция кіншідегі қазақ жігіттерінің жағаларына жармасып, погондарын жұлып алды. Демонстранттар бір-бірінің қолынан ұстап, «Менің Қазақстаным» әнін шырқады. Шет жақтағы



жастар мен милиция арасында кактығыс басталды. Түнге карай тоңып және әбден шаршап, жатақханаға қайттық.

Ертеңіне, 18 желтоқсан күні жатақханаға оқытушылар келіп, алаңға бармаңдар деп тапсырды. Бірақ, ұстаздарымыз кетісімен, біріміз жаяу, біріміз автобуспен қайтадан алаңға бет алдық. Біз мінген автобустың алаң маңына тоқтауына рұқсат етпей, біраз жерге анарып тастады. Сөйтін, мен ол күні алаңға бара алмай қалдым. Бірақ қолында шокпары бар милиционерлердің жастарды қалай тоқнақтап жатқандығын көзім шарлды. Өргенген машиналарды, қанға боялған жігіттерді байқадым.

**- Өзіңіз таңитын студенттердің арасында мерт болғандар мен дене жаракатына ұрынғандар болды ма?**

- Мерт болғандарды білмеймін, дене жаракатын алғандар көп болды. Бөлмеде бірге жататын досым Өмірбектің денесінде сау тамтық жоқ, бөлмеге сүйемелдеп кіргізді. Көгала қойдай сабаған, жаракаттанған жерлерінен қан саулап жытыр. Оған жаракатын таңып, аузына су тамызып, көмек көрсеттік. Бұл біздің зығырданымызды одан сайын қайнатты. Есін жиған соң естісек, милиция қолға түскен көптеген қыздар мен жігіттерді қаланың сыртына апарып, қар үстіне жатқызып тастаған. Солай екі сағаттай жатқан соң Өмірбек ретін тауып, қашып кетіпті.

**- Басында «Желтоқсан оқиғасы» деп аталғанын білеміз. Қазір енді «Желтоқсан қотерілісі» деп жүр. Осы қотеріліске қатысқандар қалай жазаланды?**

- Жазалау бірден басталды. ҰҚК, милиция және прокуратура органдары 16-18 желтоқсан күндері лекцияда болмағандардың тізімін жасап, жауап алуға шақыра бастады. Жиналыстарға салынып, оқудан

қуылғандар қон болды. Хабарластыру ілінетін тақтаның беті ректордың студенттерді оқуынан шығарған «қара тізіміне» толып кетті. Тергеуге сан мәрте шақырылдым. Мен әскер қатарында жүргенде партияға өткен болатынмын. Әскери бөлімнің штаб бастығына хабарласып, партиялық есең картөчкамды кешеуілдете тұруын өтіңдім. Олар бір жылдан соң жіберді. Егер уақытымен келін қалғанда мен партиядан да, оқудан да шығып қалатын едім.

**- Төке, енді осы Желтоқсан көтерілісіне өзіңіз қазір қалай баға берер едіңіз?**

- Бұл мәселе талайды толғандырып жүр. Өйткені, өзіңіз айтқандай әлі де болса біреу оны «оқиға» десе, біреу оны «көтеріліс» деп атап жүр. Тек оны халық қана жоғары бағалап келеді, ал мемлекет әлі үнсіз. Сондықтан да Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар туралы арнайы заң шығаратын уақыт жетті. Олардың ішінде қаншама жапа шеккендер, түрмеге қамалғандар бар. Көпшілігі оқудан жазықсыз шығып қалды, талай жыл жұмыссыз бос саңдалып жүрді. Олардың әкешелеріне де салқыны тиіп, қызметтерінен қуылғандары да болды. Қаншама уайым-қайғыны бастарынан өткерді. Солардың мемлекет тарапынан өтемақы алуы, кейбір жеңілдіктерге ие болуы қажет. Көтеріліске қатысушыларды ақтап алауды толық аяқтау, оларды қолдау жеткіліксіз деп білемін.

**2014 ж.**



## АРМАНЫҢ АСҚАРЫНДА

Адам өзінің болашақта кім болатындығын жасынан-ақ армандай бастайды. Халыққа дұрыс қызмет атқарып, еңбектегі несібесін адал жолмен табуды ойлайды.



Сондай жаның бірі «Облыстық сот кеңесі» ММ-дегі персоналды басқару бөлімінің басшысы Гайнижан Жиембаева деп айтуға болады.

Қостанай облысының Арқалық қаласында туып-өскен Гайнижан кезінде оқуға ширақ, өз дегеніне қол жеткізуге ұмтылысы мол жастардың бірі болды. Әкесі Қайырдей Түресінбекұлы партия және кеңес органдарында қызмет атқарып,

үнемі «ат үстінде» болғандықтан, отбасындағы тәрбиеті анасы Селюда Кәрімқызы ерекше мән берген. Үйдегі төрт баланың тұңғышы Гайнижанға артар жүк те оңай болған жоқ. Анасының көмекшісі бола жүріп, орта мектепті бітірген соң сол Арқалықтағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түседі. Қызығы мен романтикасы мол студенттік шақта әуелі факультеттің, одан соң бүкіл оқу орнының қоғамдық жұмыстарына

араласын, комсомолдық тапсырмалардың барлығын тап-түйіпактай етіп орындайды. Кейінінен, соңғы курстарға барғанда өзі де комсомол жетекшісіне айналды.

Институтта қоғамдық жұмысқа белсене араласқандықтан, оқу бітірген соң оны Арқалық медицина училищесіне комсомол комитетінің хатшысы етіп жібереді. Жастармен жұмыс жүргізе жүріп, оқу орнының қыр-сырына қаныққан Ғайнижан екі жылдан соң Арқалық педагогикалық училищесіне орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып ауысты. Мұнда да келешек педагогтарға дәріс бере жүріп, оқу орнының қоғамдық жұмыстарынан қаймайды. Қайда жүрсе де өзінің ежелгі әдепмен белсенділігін жалғастыра берді. Осындай тыңшылықты қызметімен көзге түскен Ғайнижанды сол кездегі Торғай облыстық атқару комитетінің АХАЖ бөліміне қызметке шақырып, осында нұсқаушылық қызмет атқарады. Отбасылы болғысы келген жастардың некесін кып, үлкен өмірге аттандырудың, олардың қуанышты жүзін көрудің қандай ғанибет екендігін ол осы жерде бұрынғыдан да сезіне түскендей болды.

Содан 1986 жылы отбасының жағдайымен Қарағанды қаласына көшіп келуіне тура келеді. Ол мұнда әуелде қалалық Неке сарайында тіркеуші болып еңбек етті. Қашан да өзіне тапсырылған міндетті абыроймен жүзеге асыруға дағдыланған Ғайнижан алғашқы күннен-ақ өз ісінің білгірі ретінде танылды. Кейін осында бас маман болды, жетекші маман болды.

Одан соң Ғайнижан Қайырденқызы Қазыбек би атындағы ауданның №2 сотына кеңсе маманы болып ауысады. Бұл жерде сот жұмысының қыр-сырына қанығады. Бұрын атқармаған қызмет болғандықтан, мұндағы жұмысқа шын пейілімен кірісіп, оны да

шамалы уақыт ішінде меңгеріп алады. Енді оны Қарағанды облысының Соттар әкімшісінің кадрлар бөліміне бас маман етіп ауыстырады. Ойткені, бұл жанадан ашылған құрылым болатын. Енді сот орындаушылары (бұл қызмет кейін жеке бөлімді), сот хатшылары сияқты мемлекеттік қызметкерлер осы Соттар әкімшісінің қарамағына беріліп еді. Бұл кезде Ғайнижан болса, заң саласында қызмет атқарып жүргендіктен, осы саладың жетік маманы болуды ойлап, қызметтің қиындығына қарамастан, Қарағандының «Болашақ» университетіндегі заң факультетін сырттай оқып бітіріп алған болатын. Дипломды маман жаңа ашылған құрылымның барлық ауыртпалағын көтере жүріп, алға қойған мақсатын абыроймен жүзеге асыра білді. Екі жыл өткен соң осы бөлімнің басшысы болды.

Соттар әкімшісі уақыт талабына орай құрылымдық өзгерістерге түсеті. Осы жұмыстар кезінде бүкіл қиыншылықтарды Ғайнижан басқаратын кадр бөлімнің атқаруына тура келді. Ал, 2010 жылдан бастап ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің «Қарағанды облыстық сотының кеңсесі» мемлекеттік мекемесі деп аталатын болды. Енді облыстың және оған теңестірілген соттардың мемлекеттік қызметшілері облыстық сот кеңсесінің құзырына берілді. Содан бері осында персоналды басқару бөлімін абыроймен басқарып, кадр жұмысындағы барлық қызметті өз дәрежесінде атқарып келеді. Қызметінде кемшілік болып көрген емес. Сондықтан да ол талай марапаттарға ие болған. Соның ішінде «Сот жүйесінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен, одан соң ҚР Жоғарғы Сотының Құрмет грамотасымен марапатталғанын ағасак та жетіп жатыр.

Бұл күнде еүйін қосылған жары Нұржан Осиповпен бірге көзінң ағы мен қарасындай Дана мен Дархан атты екі бала тәрбиелеп өсірді. Олар жоғары білім алып, қазір мемлекеттік қызметтерде жүр.

Өз ісінің маманы, алға қойған міндеттерді абыроймен атқаратын Гайнижан Қайырденқызына ақдағы уақыт ғала сәттілік тілейміз.

Ескерту: Бұл мақала 2014 жылы жазылып, «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді. Сол жылы «Қазақстанның Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен марапатталды. 2014-2015 жылдары ҚР Жоғарғы сотының персоналды басқару бөлімінде бас кеңесші лауазымында қызмет атқарып, облысымызға қайтадан оралды.



## ӨМІРІН БЕКЕРГЕ ӨТКІЗБЕГЕН

Өткен жылдың соңын ала Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық – техникалық колледжінде айтулы оқиға болды.



Мұнда ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, Тәуелсіз Қазақстанның төл оқулықтарының негізін қалаушы, «Биология», «Зоология», «Дүниетану» оқулықтарының авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Күлжан Жүнісқызының туғанына 80 жыл толуына арналған «Қазіргі бастауыш білім берудің даму жағдайы мен келешегі»

деген тақырыпта аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сол күні осы оқу орнында ұлағатты ғалымға арналған Күлжан Жүнісқызы атындағы дәрісхана ашылды.

Қаламы қарымды ғалым: «Бастауына ізгі істің қалам тарттым, Төл оқулық жазудың жүгін арттым», - деп халық игілігіне қосқан үлесінің бірін өзінің өлең жолдарымен өрнектеген ұлағатты ғалым-ұстаздың өмір жолы өнегеге толы, сонысымен де қандай құрметке болса да лайықты екендігі сөзсіз.

Бүкіл тұмырын ғылым мен білім беру ісіне арнаған Күлжан Жүнісқызы 1935 жылы облысымыздың Ақтоғай ауданында, көп балалы отбасында дүниеге келген. Орта мектептен соң Қарағанды педагогикалық институтының химия, биология факультетін ойдағыдай бітіріп, еңбек жолын туған ауданындағы №1 мектепте мұғалім болып бастайды. Екі жылдан аудандық комсомол комитетінде, одан кейін аудандық мәдениет бөлімінде меңгеруші қызметтерін абыроймен аткарып, 1961 жылы Қарағанды педагогикалық институтына қайтадан оқытушылық қызметке келеді. Одан соң Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына түсіп, 1969 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Содан бастап 1993 жылға дейін Қазақстан Білім академиясында зертхана меңгерушісі, ғалым хатшы болып істеді.

Күлжан апайымыздың алдын көрген шәкірттерінің бірімін. Ол кісі бізге Ақтоғайдағы №1 орта мектепте тоғызыншы сынып оқып жүрген кезімізде биология пәнінен сабақ жүргізді. Біздің көбіміз ауылдағы сегізжылдықты бітіріп келген балалармыз. Бізге дейін «Дарвинизм негіздері» болып келген пән енді «Биология» деп аталатын болыпты. Сол кездегі «жеке басқа табынуды жоюға» байланысты солай істелген екен. Жаңа пәннің қазақшасы әлі шықпаған, тек Мәскеуде басылған орысшасы ғана бар. Біздер орысшаны онша түсіне бермейміз. Сондықтан ұстазымыз Күлжан апайымыз оны бізге әуелі орысша оқып, одан соң қазақшаға аударды. Кей жерін жантаңімен түсіндіреді, кей жерін біз конспект жасап, жазып отырамыз. Сол кезде біз ұстазымыздың білімпаздығына, ғылыми ойының тереңдігіне, өз ісіне берілгендігіне тәнті болатын едік.



Күлжан Жүнісқызы – өмірінен ғылыми идеяларымен, тың тұрпатты, жаңа мазмұнды оқу-әдістемелік кешендерімен жұртшылыққа ерте танылған ғалым. Шәкірттер даярлайтын өзіндік ғылыми мектебі бар. Қаламы қарымды, болжамы кең, ұнатты ғалым-ұстаздың жалпы саны 182 ғылыми және оқу-әдістемелік еңбегі жарық көрді. Олардың ішінде 5 монографияның, 14 бағдарламаның, 31 дидактикалық оқу-әдістемелік құралдың, ғылыми жинақтың және егеменді еліміздің жалпы орта мектептеріне арналған дүниетану, биология сынды 7 оқулықтың авторы.

Күлжан Жүнісқызы ғылыми-педагогикалық жұмыстарға белсепе араласты. Педагогика саласынан кандидаттық диссертация қорғайтын мамандандырылған ғылыми кеңестің, «Биология в школе», «Бастауыш мектеп» журналдары редакция аққасының мүшесі болды. Қазақстан мұғалімдерінің V-VI съездерінің, білім қызметкерлерінің II құрылтайының делегаты сайланды. III құрылтайының құрметті қоңағы болып қатысты. 1980-2000 жылдардағы ҚР Білім министрлігі жанындағы бастауыш мектеп білімі, биология, оқу-әдістемелік кеңестері төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Күлжан Жүнісқызы ғылыми кадрлар даярлау саласындағы еңбегі орасан. Ғалымның жетекшілігімен 6 аспирант, 5 ғылыми ізденуші диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары, Алматы қаласы мұғалімдерінің білімін жетілдіру институттарында, сонымен қатар Монғол Халық Республикасында 1997-2004 жылдар аралығында К.Жүнісқызы 2,5 мыңға тарта сағат дәріс оқып, 10 мыңнан астам мұғалімді бастауыш және биология орта білімінің мемлекеттік

стандарттарына сәйкес жасалған жаңа төл оқу-әдістемелік құралдарымен жұмыс істеуге даярлықтан өткізді.

Отандық ғылым саласындағы Күлжан Жүнісқызының ерен еңбегі жоғары бағаланып, оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді. Педагогика саласына сіңірген айырықша еңбегі үшін Б.А.Айтынсарин атындағы және басқа да медалдармен, екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Елбасының «Қазақстан жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты стратегиялық құжаты негізінде мәңгілік ел ұрпағына тұлғалық бағдарлы білім беруде болашақ бастауыш білім беру мамандарын кәсіби даярлау жағдайына үнемі пазар аударып отыратын Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры Владимир Закаможкиннің қолдауымен, қазақ бөлімінің меңгерушісі Акмарал Күнеділованың ұйымдастыруымен «Білімділікке бастайтын жол – біліктілік» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференция өткізілген еді. Ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым Күлжан Жүнісқызы сол жолы колледждің ұстаздарымен және білім алушыларымен кездесіп, тәуелсіздіктен кейінгі төл оқулықтардың авторы ретінде өзінің ұлан-асыр ойларымен бөліскен болатын. Бір өкініштісі сол жылы 79 жастағы үлкен ғалымның жүрегі мәңгілікке тоқтады.

Конференцияға құрметті қонақ ретінде шақырылған Күлжан Жүнісқызының туыстары, әріптестері мен шәкірттері ұлағатты ұстаз жайында естеліктер айтып, ғалымның ізгі істері мен ойларын жүзеге асыру жолында өткізіліп жатқан іс-шаралардың маңызылығына тоқталып, конференцияны ұйымдастырып отырған колледж ұжымына алғыстарын білдірді.

Откен өмірі зая кетпеген. Таусыз Қазақстанның педагогика саласына өлшеусіз үлес қосқан ғалымның есімі алдағы уақытта да ардақтала берсін деп ойлаймыз. Колледжде ашылған Күлжан Жүнісқызы атындағы дәрісханада Егеменді Еліміздің жастары білім парне сусындай беретіндігі сөзсіз.

**2016 ж.**



## ӨМІРІМЕН ӨНЕГЕ БӨЛДІ

Өзінің өлшеп берген тұмырында артына өшпес із қалдырын жатқандар қаншама. Солардың бірі Еркіндік ауылының тумасы Темір Иماشұлы ағамыз еді.

Темірмен Қарағанды мұғалімдер институтын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша 1948 жылы бітіріп шыққан соң жолдамамен барып, 1954 жылға дейін Ақмола облысына қарасты Мәлімов ауданының Амангелді ауылындағы Ленин атындағы жетіжылдық мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, кейін директоры болып қызмет атқарған екен. Одан соң



өзінің туған жеріне оралып, ұстаздық қызметті жалғастырады. Бір жыл Өспен кешкі мектебінде директор болып істеген соң Еркіндік жетіжылдық мектебіне директор болып келеді. Содан зейнеткерлікке шыққанынша осы орында болып, жас жеткіншектер жанына білім пәрін құйып, тәрбие беру ісіне өзіндік үлес қосты. Оқу ордасының кейін сегізжылдық, одан соң орталық мектеп болып қалыптасуына көп еңбек сіңіріпті.

Осы кісінің шәкірті, қон жыл судья болып қызмет атқарған, соң саласының ардагері, «Үш би» төсбелісінің иегері Мағауия Жұмажанов:

- Ол кезде Жанаарқа ауданының құрамында болған (кейін Ағалыр, қазір Шет ауданына қарайды) бұрынғы «Өспен» совхозының Еркіндік аулындағы сегізжылдық мектептің табалдырығын аттаған бала кезім әлі есімде. Шешем класқа ертіп әкеліп, отырғызып кетті. Мұғалім ағай болса, өте жұмсақ дауысымен партаға қалай отырып-тұруды, кітаптар мен дәптерді қайда қоюды, қаламды қалай ұстауды үйретті. Ол кісінің әрбір айтқан, аузынан шыққан сөзі біз үшін заң еді. Оны бұлжытпай орындауға тырысатынбыз. Кейін төртінші сыныпқа көшкен кезімізде бізге Темір Имашев ағай қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізді. Ол кісі мектебіміздің директоры да болды. Сабақты барлық ынта-жігерімен түсіндіруші еді. Әрбір сабағы бір-біріне ұқсамайтын, қызықты етіп өткізуге барын салатын. Біз – балалар сабақты барлық жан-тәнімізбен құлағымызға құйып алуға тырысатынбыз. Абайдың және басқа да ақындардың өлеңдерін жатқа білетін. Ағайдың сабағына жақсылап дайындалып, қашап болатынын күтіп жүретінбіз. Сабақ кезінде тыныштық болатындығы сондай, іныбынның ызыңы ғана естіледі десем артық емес, - деп еске алады ұстазы туралы толғана келіп.

Сабақ беріп тұрған кезінде мұғалім ретінде де, мектеп директоры ретінде де талабы әрқашан жоғары болыпты. Екі көзі жайнап шыға келеді екен. Бастаған істі орта жолда тастап кетпей, аяғына дейін жеткізуді қатты қадағалайтын адам болған. Соған қарап оқушы балалар «Біздің ағай деректір, жайнап тұрған электр» деп өлең де шығарыпты. Ол кісі келе жатқанда балалар коридордың екі жағына қаз-қатар тізіліп, солдаттар сияқты тік тұра қалады екен. Бірақ ұстаздарының

каталдыымен қоса жүрегінен нұр шуағы төгілген мейірімділігі де көрініп тұратындығын шәкірттері әлі күнге дейін ұмытпайды.

- Ағайымыздың өзі темекі тартты, бірақ мектеп оқушыларының жаман әдеттен аулақ жүруін, әсіресе, темекі тартпауын қатты қадағалайтын. «Біз сонау қиын кезде бйместіктің салдарынан тартып кеттік. Енді сендер шылым шекпендер. Темекі денсаулыққа өте зиян» деп үнемі айтып отыратын. Соның әсері болса керек. Біздің мектепте ешбір оқушы аузына темекі алған жоқ. Әрине, кейін мектеп бітірген соң ғана бірлі-жарым әуестенендер болды. - дейді олар.

Ұстаз Темір Иماشұлы ауылдың көнекөз шежірешілерінің бірі, ардақты ұстаз, мектеп басшысы болғандықтан, ол кісіні елдің барлығы құрмет тұтқан. Сондай еңбеккер жан өзінің білімділігімен, даналығымен, күнделікті отырыс-тұрысымен де көпшілікке үлгі болды. Сондықтан да шәкірттерінің барлығы да сол кісіге ұқсағысы келіп тұрады. Мектепте педагогикалық ұжымды шәкірттер тәрбиелеу ісіне жұмылдыра жүріп, ауылдағы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Жас жеткіншектер тәрбиелеу ісінде олардың жанына ізгілік нұрын құя отырып, бүгінгі балалардың ертеңгі күнгі азаматтар екендігін есінен бір сәтке де шығарған жоқ. Осы іске педагогтарды жұмылдыру кезінде өзінің білігі мен білімін қатар жұмсап, басшылық қызметінде бірде қаталдық мінезін танытса, енді бірде әзіл-қалжыңымен жеткізе білген. Соның нәтижесінде мектептің іші-сырты қысы-жазы тап-тұйнақтай таза болып тұрады. Мектеп ішінің, әрбір сыныптың әсем безендірілу ісі де ерекше назарда болады. Оқушылардың киім киісіне де бір мезгіл көңіл бөледі ұмытпайтын. Қалай дегенмен де Темкен заманына лайық басшы бола білген.

Қазір қарап отырсақ, ол кісінің шәкірттерінің еңбек етпейтін шаруашылық және әлеуметтік саласы жоқ екен. Бүгінгі күнде ол кісінің алдын көрген адамдар Егемен Қазақстанымыздың түкпір-түкпірінде кездесіп қалады. Олар Республикамыздың гүлдене дамуына үлес қосқан, қазір көпшілігі зейнеткерлікке жеткен адамдар. Кейбірі бүгінде бұл дүниеден өтпн кетсе де, аттарын атап кеткеніміз артық болмас. Солардың арасында Иман Тазабеков ғалым-ұстаз, Қасымхан Асанов композитор, актер, Сауық Жақанова Қазақ радиосының директоры, Қазақстанның халық әртісі атаанды. Ал Кәрібай Қосылбеков, Өкен Ахметбеков, Мұхамедия Садырбаев және басқалар медицина ғылымдарының кандидаты болды. Ол кісінің ала жіпті аттамай, атал жұрп, адал тұру ғуралы айтқан ұлағатын есінде мықтап ұстан, заң саласының қызметкері болуды арман еткен Мағауия Жұмажанов, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың заң факультетін бітірген соң сот саласында абыройлы қызмет атқарып, зейнеткерлікке шығып отыр. Ұстаз ағайына айтар алғысы шексіз.

Темір Имашұлы ағамыз басқа да ұстаздар сияқты алдын көрген шәкірттерінің алғысына бөленген жан. Сонымен қоса Қазақ КСР халыққа білім беру министрінің, облыстық халыққа білім беру бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған, «Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» белгісінің иегері.

Өмірінің 42 жылын ұстаздық қызметке арнаған Темкен ағамыз 12 бала тәрбиелеп өсіріпті. Олардың арасында өзінің жанын қуған білім саласының да, заң және құқық қорғау, денсаулық сақтау салаларының қызметкері де, жеке кәсіпкер де, темір жол бойының қызметкері де бар. Қазіргі кезде Еркіндік орта мектебінде қызмет атқарып жүргендердің кем дегенде 90 пайызы осы кісінің алдынан білім алып, тәрбиесін

көргендер. Бүгінде өмірден өткеніне 15 жылдан асып отырған байырғы ұстазды шәкірттері әрқашан есте сақтайды. Соған орай елге сыйлы, халыққа қадірлі ұстаздың еңбегін ескеріп, өзі өмір бойы қызмет атқарған Еркіндік орта мектебіне Темір Имашевтің есімін берсе деген тілегіміз де бар. Бұл жастарға үлгі-өнеге боларлық тағана бір ниілікті және сауапты іс болар еді.

**2017 ж.**





## ЕЛТАЙ АУЛЫНЫҢ ЕРЕН ҰЛЫ

Ұлы Отан соғысында жараланып қайтқан жауынгердің бірі Бажак Исайынов ақсақал еді. Ол кісі сол жақ қолы майдап даласында тастап келсе де, бейбіт өмірде өз еңбегін сипіріп, жеті бала тәрбиелеп, өмірден өткен.



Ақсақалдың артында балалары мен немерелері бар, енді шөберелері дүниеге келе бастады. Бірақ Бажкен ақсақал немерелерін болмаса, шөберелерін көре алмай кетті.

Нағыз қызыл топкерістің басталған жылында дүниеге келген Бажак небәрі төрт класс білім алады. Бұл сол кездің олшөмімен алып қарағанда қазіргі орта білім алғанмен бірдей. Хат танып, қағаз жаза білу үлкен жетістік саналатын уақыт қой. Қарағандының №18 шахтасында еңбек етіп жүрген кезінде комсомол қатарына қабылданады. Одан соң өз талабымен барып, Көкшеғаудағы педагогикалық техникумды аяқтайды. Бұл 1935 жыл болатын. Одан соң бір жыл Қарағандыда №11 орта мектепте сабақ беріп жүрген кезінде, қараша айында Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әуелде Ленинград әскери округіндегі (ол ақ финдермен соғыс жүріп жатқан кез ғой) 113-ші

қосалқы атқыштар полкінде қатардағы жауынгер болады. Бойында күш-қуаты мол, жігерлі, орта білімі бар азаматты киші командир етіп шығару мақсатында бұдан соң Приволжия әскери округінің Балашов жаяу әскер училищесіне оқуға жібереді. Ол оқуда жүргенде Ұлы Отан соғысы басталған еді. Соған байланысты оқуын тоқатып, майданға аттандырылады. Соғыс қызған шақта ол 167 атқыштар дивизиясының 520 атқыштар полкінің құрамында взвод командирінің орынбасары болып, аға сержант иенінде ақ финдермен айқасады. Одан соң неміс фашистеріне қарсы аттанады. Қан майдан қашан да қауіпті. Кезекті шайқас кезінде Бобруйск қаласының түбінде сол қолынан қатты жарақат алады. Жаудың жарылышы оғы сүйегін үгітіп кеткендіктен, жарасы жазылмай, асқын береді. Ақыры сол қолын кесіп тастауға тура келеді. Сөйтіп, сол жақ қолынан айырылған Бажак ақсақал 1943 жылы елге оралуына тура келеді.

Ол мұнда келген соң халықтың жасап жатқан еңбегінің қан майдандағыдан да кем емес екендігін өз көзімен көріп, үйде жата алмайды. Бейбіт еңбекке араласады. Колхоздың жұмысына қалмайды. Соғыс біткен соң Елтау ауылын көркейтуге, халық шаруашылығын қалпына келтіруге бағытталған еңбектің бел ортасында жүреді. Кейінде колхоздың одан соң «Победа» совхозының «Мұнай базасы» аталған жанар-жағар май станциясы кешенінде менеджерші болып 1960 жылға дейін абыройлы қызмет атқарады. Одан соң құрметті демалысқа шыққанынша шаруашылыққа халықтық бақылау тобының төрағасы қызметін жиырма жыл бойы жалғастырады.


Бажкең қызметін абыроймен атқара жүріп, қоғамдық өмірге де белсене араласты. Ол кісі Ақжарық селолық округінің депутаты болып та сайланып, халық

қалаулысы болды. Көп жыл бойы қаламын қолынан тастамай, ауылда көргендерін, жылт еткен жапалықты, ел тірлігін газет беттеріне жария етіп отырды. Аудандық «Знамя Ильича» және облыстық «Орталық Қазақстан» газеттерінің штаттан тыс тілшісі қызметтерін қоса атқарды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, майданнан мүгедек болып оралған Бажак Исайынов ақсақалдың Отан, халық алдындағы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол кісі көптеген марапаттарға ие. Соның ішінен бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін, «Германияны жеңгені үшін», «Ерен ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысындағы жанқиярлық ерлігі үшін» медальдарын және бұған қоса Ұлы Жеңістің әрбір мерейтойлық медальдарын атап айтуға болады.

Бұл күнде Бажактің ұрпақтары қанатын кенге жайып, облысымызда еңбек етіп жатыр. Алды зейнеткерлікке де шыға бастады. Олар бүгінде әкелерін мақтан етіп, оның өмір жолы мәңгілік мақтаныш болатындығын айтады.

Ескерту: Бұл мақала 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай жазылған еді.



## ӘДІЛДІК ДЕТЕН ӘДЕМІ СӨЗ

Көмірлі қаламызда заңгерлер қауымының өзі бірталай. Оның ішінде сот саласында баяғыдан қызмет істейтін заңгерлер де көптеп саналады.

Солардың ішінен облыстық соттың кассациялық сот алқасының мүшесі Бәтжан Қасенованы ерекше атауға болады. Ол кісінің заң саласында отыз бес жыл жұмыс өтті болса, соның ішінде жиырма жылы сот саласына ариған екен.

Бәтжан Жұмақанқызы Нұра ауданының Ынтымак аулында дүниеге келді. Әкесі Жұмақан Қарағанды қаласында кенші болыпты. Кейін зейнеткерлікке шыққан соң ауылға көшіп келген. Анасы Уәзипа үй шауасымен айналысқан. Отбасындағы екі баланың үлкені.

Сол Ынтымақтағы сегізжылдық мектепті бітірген соң Қарағанды қаласына келіп, №2 мектеп-интернатта оқиды. Жас көңілдің толқыны әр түрлі арналарға бұра беретіні болады ғой. Бірақ заңгер болуды қалап, мектепті ойдағыдай бітірген соң ҚарМУ-дың заң факультетіне 1973 жылы түседі де, оны 1978 жылы бітіріп шығады.



Алғашқы еңбек жолын заң кеңесшісі болып бастайды. Онда үш жылдай еңбек еткен соң Қарағанды облыстық адвокаттар коллегиясының мүшесі, сол кездегі Совет аудандық заң консультациясында адвокат болып, кейіннен сол бөлімнің меңгерушісі қызметін атқарады. Одан соң 1994 жылы Ленин аудандық сотына судья болып сайланды. 1997 жылдан бастап Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер алқасының судьясы міндетін атқарып келеді. Әуелде азаматтық істерді қадағалау жөніндегі сот алқасының мүшесі етіп сайланады. Одан соң 3-4 жыл болып қалды, облыстық соттың кассациялық сот алқасының судьясы. Қазір облыстық сотта істер әуелі апелляциялық алқада қаралады, оған қанағаттанбағандар шағымын кассациялық алқаға ұсынады. Бұл облыстық сот жүйесінің ең жоғарғы сатысы болып саналады.

Соттың қызметі азаматтардың бұзылған құқығын қалпына келтіру болып табылады. Сотқа талап арыз түскен кезден бастап талап арыздың мәнін дұрыс анықтап, келген адам оның әділ шешімін алатындай болуы керек. Бәтжан Жұмақанқызының өмірінің 35 жылы заңгерлікпен өткен болса, оның ішінде 20 жылы сот саласында өтіп жатыр. Сот саласы болса, заңгерліктің жоғарғы сатысында тұратын қызмет. Оның мәртебесі өте жоғары болғандықтан, атқаратын міндетіне соттар да өте жауапкершілікпен қарауы қажет, осы салада білікті, білгір, ісіне адал адамгершілігі мол азаматтар қызмет атқарса нұр үстіне нұр жауар еді. Ойткені судьяның мемлекет, қоғам алдындағы жауапкершілігі зор.

Осындай судья заңгер Қасенова Бәтжан Жұмақанқызы десек қате айтпаған болар едік.

Судья адамдардың тағдырын шешеді. Азаматтардың, заңды тұлғалар мен азаматтардың

арасында болып жататын дау-дамайларға заң тұрғысынан баға беріледі.

Қазіргі заманда экономикалық-әдеуметтік өзгерістердің қарқындылығына байланысты көптеген заңдар қабылдануда. Дегенмен де кейбір заңдар өмірден кешеуілдеп жататындығы кездеседі. Біз заңдарды қолдану үстінде жұмыс істейміз. Ол заңдардың өміршеңдігі қолданылатын аясына байланысты. Судьялар әрбір істі қараған кезде заңдарды қолдана отырып, әділ де, орынды шешім қабылдауы қажет. Негізінен екі тараптың да мүддесін бірдей қорғап шығу мүмкін емес. Егер қандай да болсын судьяның үстінен шағым түсіп жатса, ол мұны қасақана істеді деуге болмайды. Екі тараптың бірі «менің талабымды орындамады» деп шағымдануы әбден мүмкін. Біздің облыс өте үлкен, бізде қаралатын істердің саны да баршылық, сапасына да өте үлкен мән береміз. Осындай жауапты қызметті атқаратын, білікті де, білімді судьялар біздің облыста баршылық, - дейді судья Б.Қасенова.

Тәжірибелі судьяның қандай мәселеде болсын өзінің көзқарасы бар. Мәселен, ол кісі қазір талқылану үстіндегі Азаматтық іс жүргізу кодексі туралы да өз ойын ірікпей, ақтарып салды. Судьялар, прокурорлар, адвокаттар мен басқа да заңгерлер кодексті талқылап, соттың халыққа жақын болуын қамтамасыз етудің, сот процесстерінің, істі қарау мерзімдерінің созылып кетпеу жақтары қолға алын жатыр. Сонымен қоса бүгінгі күні тараптардың бітімгершілікке келу мәселесіне қатты көңіл бөлінуде. Бұл жөнінен Медиация туралы заң да қабылданған. Даулы мәселелерді шешуде тараптардың бітімгершілікке келтірудің маңызы зор. Ондай бітімгершілік бұрын да болатын. Онда тараптардың татуласуына байланысты істі қысқарту деп аталатын.

Істерді жүргізу кезінде кәсіби адвокаттың болғаны дұрыс, олар өздері араласқан істің барысын кәсіби заңгер ретінде түсіндіреді. Ал, кейбір танырмалар бойынша өкілеттік етушілер қандай да болмасын қисыныыз талаптар қоюы мүмкін. Және де жоғары сатыдағы соттарға шағымданған кезде бәл сабын қайтадан орынна келтіру қажет.

Есте қалған істер туралы сұрадым. Ол кісі нәтер дауы туралы тоқтады.

- Сонау жылдары Еліміздің экономикасы құлдыраған шақта жұртшылық нәтерлерін тастай қашты. Сол нәтерлерге жергілікті билік басындағылар үй сұрап келгендердің қоныстануына рұқсат еткен. Өйткені, көп қабақты үйлердегі нәтерлерді бос қалдыруға болмайды. Бос нәтердің кесірінен бүкіл үй бүлінуі мүмкін. Ондай нәтерлер Абай, Шахтүбек, Теміртау қалаларында, Қарағанды қаласының Октябрь ауданында көп болды. Кейін олардың иелері табылып, нәтерлерін сот арқылы қайтадан алып жатты. Соттың ондай нәтерлерді қайтармасқа шарасы жоқ. Заң жүзінде нәтер иесі меншік құқығынан айырылмаған. Осы мәселелерді шешу жолында дөңселек етолдар, мәжілістер өткізілді. Егер ол адам нәтерін өз еркімен тастап кетсе, ай сайынғы коммуналдық төлемін төлемесе, ондай адамды нәтерге деген меншік құқығынан айыру қажет деп білеміз. Кейінгі тұрғын онда талай жыл тұрып, тиісті төлемін жасап отырып, нәтерді сақтап қалды. Ондай тұрғындардың құқығын қорғағанымызда көзіне жас алып тұрып рахметін айтқандары да болды. Өйтпесе, кейбіреулер алаяқтық жолмен бұрынғы иесінен қолхат алады да, басқа біреулерге сатады. Біз олардың әрекетінен алаяқтықты сезсек, оның жолын кесеміз. Келіңіз көріністерге кейде орын беретін жергілікті билік органдары, уақытында

пәтерлерді сақтап қалу шараларын қолданбай, еш құжатсыз пәтерлерге басқа адамдарды кіргізіп, тұрғызған. Біз осыдан біраз жыл бұрын облыс әкімінің атына хат жаздық. «Бос қалған пәтерлердің тізімі бар ма, қанша пәтер бос қалды, қай жерде, оларда кімдер тұрып жатыр, ертеңгі күні олар алаяқтың жемі болмай ма?» деген сияқты сауалдар қойғанбыз. Бұл сұрақтарға әлі күнге дейін жауап келген жоқ. Егер бос пәтерлерге біреуді қоныстандырған соң бір жыл иіінде несі табылмаса, қажетті құжаттар дайындап, ол пәтерді иессіз деп танып, коммуналдық меншікке айналдыру қажет немесе несіні пәтерге меншік құқығынан айыруға болады. Одан соң пәтерді тастап кеткен қайтадан пәтерін танып ете алмайды – дейді, судья Бәтжан Кәсіпова.

Өзімен мектепте бірге оқыған Байжан Ернязов деген атаматқа тұрмысқа шығыпты. Бір ұл, бір қызы бар. Қыздары Динара тұрмыста, немересі екінші сыныпты бігірді. Динараның мамандығы заңгер. Қазір Қазақстандағы БҰҰ-ның өкілдігінде қызмет атқарады. Ал ұлы Ниязбек болса, дәрігер. Қарағанды медицина университетінің түлегі. Еңбек жолын дәрігер болып бастап, Мәскеудегі екі жылдық нейрохирургия клиникалық ординатурасында оқып қайтты. Жуырда тағы да немерелі болды.

– Мен өз ата-анамнан тамаша тәрбие алдым, - деп толғанады «Жылдың таңдаулы судьясы – 2011» атағының иегері. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен марапатталған Бәтжан Жұмақанқызы. - Ол кісілердің адалдығы, еңбекқорлығы, өмірге деген құштарлығы өз алдына бір мектеп деп айтуға болады. Адал еңбек ету, иман жүзді азамат болу, өз ісінің маманы болу осы қасиеттердің барлығы әкем мен шешемнен дарыған



және де судья атағына кір келтірмей мәртебесін қадірлеу қағидалары өзінің өмірдегі ұстанған принциптерім. Мені осындай тәрбие, судья болуыма жетелеп әкелді деп айтуыма болады. Заңгер болуды да өзім таңдадым.

Осы жерде ұстаздарым туралы да айта кетейін. Өйткені, осы №2 мектеп-интернатта оқыл жүрген кезімізде ұстаздарымыздың тәрбиесі зор болды. Бәріміз бірдей тіл маманы болмасак та, тіл мәдениетіне, дұрыс сойлеуге үйреткен қазақ тілі пәнінің ұстазы Ләззат Бәйішева апайымыздың орны ерекше. Ол кісінің жүріс-тұрысына қарап қызынатынбыз. Одан соң Айсабакиева апайымызды айтуға болады. Ол кісі математик еді. Сол сияқты Елжас Тайлақов ағамыздың бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Бұл кісілер бізге өмір жолын көрсетті, болашақ бағдарымызды айқындап берді...

Судья әдебінің кодексінде, судья атағына кір келтіретін жағдайларға тыйым салынып, шектеулер қойылған. Судья адал болып, заңды бұлжыпмай орындан, кәсіби қызметінде және басқа да қарым-қатынастарда, тек қана алдына келген кез келген адамға сабырлық танытып, әдептілік пен кишіпейілдік танытуы тиіс. Қандай шешім болмасын заңға сәйкес келуі керек. Әділдіктің өзі заңға бағынуға тиіс. Дегенмен де әділдік деген әдемі сөз ғой. Бәтжан Жұмақанқызы қашанда әділ болуға тырысады. Осындай жаны жайсаң, көкірегі ашық, сабырлы да байсалды, білімді, білгір жан, асыл жар, аяулы ана, қамқор әже Бәтжан Жұмақанқызы Қасенова әлі де арамызда.

2015 ж.

ЕСКЕРТУ: Қазір Бәтжан Жұмақанқызы құрметті демалыста, Қарағанды қаласында тұрып жатыр.

## БӘРІМІЗДІҢ БАЛТАШЫМЫЗ ЕДІ

Өмірден өткенімен, артына өшпес із қалдырған абзал азаматтардың бірі көмірлі Қарағандының көншілігіне танымал Балташ Қожахметов болатын. Бүгінгі күні оның жарық дүниемен қолтасқанына аттай он жыл толған екен.

Балташ Тіленбекұлының барлық тұмыры Қарағанды қаласында өтті. Ол осында туыс тапты, дое-жолдас тапты, жар тапты. Көрші Павлодар облысында туып-өскен жас жігіт орта мектептен соң нағыз өрімдей шағында Қарағандының политехникалық институтына келіп түседі. Осы оқу орнын ойдағыдай бітірген соң еңбек жолын 1970 жылы Орталық



Қазақстан аумақтық геология басқармасындағы геофизикалық партияда инженер-механик болып бастайды. Одан соң үш жыл бойы «Главцентрострой» тресінің автокомбинатында қызмет атқарады. Осыдан соң Балташ Тіленбекұлының партия-кеңес органдарындағы қызметі басталады.

Әуелде Қарағанды қаласының сол кездегі Совет аудандық партия комитетінде өнеркәсіп және транспорт бөлімінде нұсқаушы болады. Бұдан соң партия жұмыстарында шыңдалған жас жігітті Ленин аудандық

атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына сайлайды да, төрт жылдай қызмет атқарған соң Алматы Жоғары партия мектебіне жіберіліп, оны бітірген соң төраға болады.

Ол осы қызметті ұзақ уақыт атқарады. Өзі тек білгір, сауатты қызметкер ретінде ғана танытын қоймай, ұйымдастырушылық қызметімен де көрінеді. Адамгершіліктің асқак рух білігінен танытады. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері, қазір Қазақстан энергетика қауымдастығының төрағасы Шәймерден Оразалинов былай деп толғанады:

- Мен ол кезде қалалық атқару комитетінің төрағасы едім. Ол он жылдан астам Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Былайша айтқанда бірге қызмет атқардық. Ол кезде қалада бес аудан болатын. Ленин ауданы қаланың орталығында бойды. Сондықтан да ол қай жағынан болсын әрқашан алдыңғы қатарда еді.

Басшылық қызметтерде болған кезінде мен оның зиялы, тәрбиелі, байыпты, ізділікті адам екендігін көзіммен көрдім. Бреуге дауыс көтеріп, дорекілік танытқанын байқаған емеспін. Соған карамастан қызметіне өте жауапты болды. Ол бір қиын кездер еді ғой. Бұрынғы Кеңес Одағының құлауымен тұспа-тұс келген, өлара шақ еді. Экономикалық дағдарысқа байланысты көптеген мәселелерді шешуге тура келген. Бюджеттік қаражат өте тапшы болды. Халықтың жәрдемақысын, зейнетақысын ала алмаған кез болды. Ал, тұрғын үй-жайды найдалану, коммуналдық шаруашылық саласындағы қиындықты айтып тауыс алмайсың. Осындай мәселелердің барлығынан жол табуға талпыныс жасалды.

Ол кезде Ленин ауданының аумағында «Қарағандауголь» комбинаты, машина жасау

зауыттары, көптеген құрылыс трестері болды. Балташ Тілепбекұлы солардың басшыларымен тікелей қарым-қатынас жасап, ауданның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуді жүзеге асырып отыратын...

Иә, Оңтүстік-Шығыстың Ленин ауданына қарасты жағындағы ықнам аудандардың біразы сол кезде, Баташ Қожахметов аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып тұрған кезде салынған. Білікті басшы құрылыс жұмыстарын жобалау кезінде әрбір ықнам ауданда мектеп, балалар бақшасы, дүкендер мен басқа да әлеуметтік-тұрмыстық нысандардың болуына ерекше назар аударған еді. Бұл сол кездің басты бағыты болатын. Қазіргідей тек үй сала бермей, ондағы тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға басты көңіл бөлінетін.

Балтөкең кейінде көп жыл бойы Қарағанды облысының аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасында (бұрынғы облыстық экология басқармасы) басшы болды. Осы қызметте де ол өзін халқының адал перзенті ретінде көрсете білді. Жалпы республикамыздағы, оның ішінде облысымыздағы экологиялық ахуалға шын жапашыр алаң екендігін танытты. Экологиялық жағдайларға теріс әсер ететін факторлардың зардабын жойып, оны қалпына келтіру ісіне ерекше мұқият қарап, табиғатқа қол сұғушыларға ымырасыз болды. Олардың заң бойынша жазаланып, оларға тиісті шара қолданылуына ерекше назар аударды.

Жалпы алғанда Балташ Тілепбекұлы өзін тек ақшылдағы жұмысын ғана білетін қазыналық қызметкер ретінде емес, қарапайым адами болмысымен жұртшылықтың есінде қалған азамат. Сондықтан да ол туралы кім болса да тек жылы лебізбен еске алады.

- Біз отбасымызбен де араластық. Қаншама жұмыс ауыр, қолымыз тимей жатса да бір-біріміздің үйімізден дәм тағуды ұмытпайтынбыз. Ол тек қызметте ғана емес, күнделікті өмірде де аса қарапайым еді. Сондықтан да кеше қатар жүрген, бүгінде ортамызда жоқ азаматты ешқашан ұмытқан, еске алып отырамыз. Осындай тамаша жан сарайы ашық, көкірек көзі ояу жаңды арамыздан сұм ажал тым ерте алып кетті. Сонысы өте өкінішті. Оның артында Ермек пен Таяғат атты екі баласы қалды. Әкесінің көрмеген қызығын солардың жалнастыра беруіне, артындағы жары Баияның аман-есен болуына тілектеспін. - деп аяқтады сөзін халқы қадрлеген. Қарағанды халқының айтулы азаматтарының бірі Шәймерден Обілмәжінулы.

Кезінде Балташ Гілепбекулы Қожақметовпен қатар жүрген, дос болған азаматтың бірі полицияның запастағы полковнигі Ғалымбек Құдықенов еді.

- Мен Балтекен Ленин аудандық атқару Кеңесінің төрағасы болған кезде аудандық ішкі істер бөліміне қарасты авоинспекция бөлімшесін басқаратын едім. Үнемі араласып жүрдік. Біздің бөлімше аудандық милицияның аядай екі бөлмесінде болатын. Кейіннен 26 орамдағы бірнеше бөлмесі бар жеке орынға көшуге жағдай жасады. Одан соң Балтекен тікелей басшылық жасап, Терешкова көшесіндегі бос қалған, бір жақ бұрышы құлаған ескі жатақхана үйін жөндетіп, соған Ленин аудандық ішкі істер бөлімінің көшуіне жағдай жасады. Қазір онда Орталық полиция бөлімі отыр.

Біз бірде «Сарыағаш» шинажайына бірге барған болатынбыз. Жолшыбай талай әңгіме-сыр шерттік. Кейде жол шаршатқан кезде Балтекен әнге салады. Оның қоңыр даусы көңілді бірден-ақ көтеріп тастайтын. Жолдастыққа адал, ақкөңіл жан еді, - дейді ол да Балтекенді сағына еске ала келіп.

Сол сияқты Балташ Тілепбекұлы Қожахметов қаламыздағы көптеген азаматтармен қоян-қолтық араласқан еді. Оның жолдастары мен достары көп болатын. Солардың ішінен Рымбала Омарбекова, Мұбарак Ахмеров, Марат Райымбеков және басқа көптеген азаматтарды ерекше атауға тұрарлық.

Олардың барлығы да бүгінгі күні ет жүрегі езіліп, достарын сағыша еске алады. Балткеннің қаранайым қасиеті, оның отырған жердегі әзілдері, шырқата салған әндері әрқашан естерінде.

- Өмірден өткеніне он жыл толып отыра да Балташтың арамызда жоқтығына көңіліміз әлі де сенбейді. Алқылдаған ақ көңілімен есіктен кіріп келетін сияқты. Бірақ қашпа дегенімізбен тағдырдың жазуына көнуге тура келеді. Сұм ажал ортамыздан осындай азаматқа алып кетіп, жүрегімізде өшпес із қалдырды. Оның жарқын бейнесі санамыздан ешқашан өшпейді. Өткен өмірдегі онымен бірге жүрген кездеріміз сарғайған қағаз беттеріндегі жазудай болып сақталып қалмақ, - дейді бүгінде оның бірге жүрген достары.

Сөз соңында қаламызда басшылық қызмет атқарған, айықпас дерттің салдарынан өмірден ерте озған абзал азаматтардың бірі Балташ Тілепбекұлы Қожахметовты есте сақтау шаралары қолға алынса деген ойымыз бар. Оны жүзеге асыру алдағы уақыттың ісі деп ойлаймын.

2016 ж.



## АБАЙЫНЫҢ АЙБАТЫ, ТУЫСТЫҢ ТЕМІР ҚАЗЫҒЫ

Бұл шағын мақалада Қарағандыда кешілер отбасында туып-өскен, Н.Нұрмақов атындағы №2 казак мектеп-интернатының түлегі, КСРО ІІМ Шымкент арнайы орта мектебін, КСРО ІІМ Қарағанды милиция жоғары мектебін бітірген, өмірінің қырық жылға жуығын қызметтік атқару саласында қызметте өткізген, полиция полковнигі Сансызбай Бақтиярұлы ҚЫСТАФИН жайлы әңгімеленеді.



### Өмір жолындағы белестер

Сансызбай көмірлі Қарағандыда көп балалы Бақтияр Ысқақұлының отбасында дүниеге келген. Оның әкесі кеші болыпты. Шахтада істейтін әкесі жұмыстан аман-есен оралғанша анасының қалай алаңдан күтетінідігін есі кіріп қалған шағында үнемі байқап жүретін. Өйткені, жеті қаз жер астында көмір қазып, оны жер бетіне шығару оңай жұмыс емес. Қиындығы өз алдына, өте қауіпті болатын. Ол кез техниканың қазіргідей дамыған

шағы емес. Жұмыстың көшілігі қолмен атқарылады. Көмір қазып жатқанда құлаған жер қыртысы кешілерді бағын қалатын оқиғалар жиі болатын. Содан да болар Сансызбай оқуын бітірген соң өмірден ерте өткен әке жолын қуып, кешің, кеп инженері болуды мақсат еткен жоқ. Олай етуіне де болушы еді. Өйткені, анасының бауыры, техника ғылымдарының кандидаты (кейін докторы) Асылхан Данияров Қарағанды политехникалық институтының бірдей доценті болатын. Нағашысы өзі қызмет атқаратын оқу орнына шақырғанымен, ол бас тартты. Ол жолын таңдады. Таңдаған жолы басқа елді таң қалдырды. Бұрын заң орнында қызмет атқарған енікім жоқ еді. «Бұл милицияны қайдан тапты?» дегендер де болды. Дегенмен, алған бетінен қайтпайтын Қайсар жігіт орта мектептен соң КСРО ІІМ Шымкент ариапы милиция орта мектебіне барып түседі. Бұл мектептің негізгі бағыты түзеу мекемелеріне қызметкерлер даярлау болатын. Оны 1976 жылы ойдағыдай бітірген соң біздің облыстың түзеу саяханарында қызмет атқарды. Кейін №39 еңбекпен түзеу колониясында отряд бастығы, саяси жұмыстар жөніндегі нұсқаушы, колониядағы әдістемелік кабинеттің бастығы қызметтерін атқарды.

Осындай қызметтерді абыроймен атқарған Сансызбай басшылардың көзіне түспей қалған жоқ. Қызметіне тиісінше жетті басқарма басшылығы Қарағанды қаласындағы «№16 түрме» аталатын тергеу абақтысы бастығының тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Біраз уақыттан соң ол осы мекеменің бастығы болып тоғыз жылға жуық еңбек етеді. Осы жылдар ішінде ол қарапайым лейтенанттан полковник шешіме дейін көтеріледі, қарапайым қызметкерден қылмыстық атқару жүйесі облыстық департаментті бастығының



орынбасарына дейінгі, одан соң АК-159/11 мекемесінің бастығына дейінгі жолдан өтеді.

Тергеу абақтысында бастық болған кезінде ескі корпусқа қолайлы жағдай жоқ, бөлмелері өте тар, кісі тығыз болатын. Орын жетпейтініктен, бір төсекте бірнеше кісі кезектесіп ұйықтайтын. Ескі ғимараттағы кей камераларда жылы сулы былғай қойғанда суық судың өзі тамшылап қана ағады. Біраз камера анағты жағдайда болды. Сондықтан да басқарма басшысы алдына жаңа корпус салу мәселесін қояды. Бұл мәселе қолдау тауып, Сансызбай Қыстаффи бастық болып тұрған кезде 330 адамға арналған жаңа абақты салынады. Бірақ, бір өкініштісі, жаңа ғимарат пайдалануға берілгенде Сәкен басқа мекемеге бастық болып ауысып кеткен болатын.

### «Мені тағдыр туыс қылды»

Сансызбайды туыстары сый-құрметпен «Сәкен» деп атайды. Бұл өзін-өзі жағдай сыйлағанның белгісі. Сондай адамдардың бірі, балдызын құрмет тұтатын жездесі, қаламызға белгілі ұстаз Қабылқарим Ахметқаримов. Ол кісі:

- Мені Сансызбайға тағдыр туыс етті. №2 мектеп-интернатына 1992 жылы директор болып келдім. Аумалы-төкпелі заман басталып, егемендікке қол соғған кезіміз ғой. Мектептің іші-сырты әбден тозып кетіпті. Оқушылардың күнделікті тағамын тауып берудің өзіне бөлінген қаражат әрең жететін. Сондықтан мектепті ертелі-кеш бітірген түлектерді іздеуге, олардан көмек сұрауға мәжбүр болдым. Менің ұсынысыма көптеген түлектер үн қатып, қолдарынан келген көмектерін көрсетті. Оларға мың алғысымды білдіремін. Солардың бірі сол кезде №16 тергеу абақтысында бастық болып істейтін, милиция полковнигі Сансызбай Бақтиярұлы

еді. Ол азаматтығын көрсетті. Өзі оқыған білім ордасының мәжіліс залына, асханасын жөндеуден өткізіп, безендіріп, оқушылар асханасына кокошпен жеміе-жидек жеткізіп беріп, антоколікпен де көмектесіп, жұртшылықтың алаңына бөленді.

Бұдан соң тағыр мені Саңсызбаймен туыс етті. Сәкеннің әкесі, білім саласында еңбек ететін Бағдатпен отбасын құрдық. Қазір ағалы-інідей болып кеттік. Өмірде болатын әр түрлі жағдайларда ақылдасып, бір-бірімізге тірек болуға тырысамыз. Қазір өзі зейнеткерлікте жүрсе де маңайындағылардың құрметіне бөленуде. Олардың отбасына, жары Рымбала екеуіне бақы тілеймін, балаларының, немерелерінің қызық-қуанышын көріп, аман-есен таманға тұмыр кешсе екен деймін... - деп толғанады.

### Ананың ақ сүгімен дарыған

Барлық қызмет жолын қыямыстық атқару жүйесінде өткізіп келе жатқандығына қарамастан Саңсызбайдың мінезі жұмсақ. Ол елдің ағайын-туыстың көңілін тауып тұруға тырысатын ақкөңіл, абзал жан. Оның мұндай мінезін оны жақсы білетін жақындары анасы Мәрәш марқұмға тартқандығынан деп біледі. Ол кісі де көңілді, кімді де болсын жақын тартып тұратын бауырмал, қолында барды көпшілікпен бөлісуге дайын адал жан болған екен. Сәкен де сондай өзінің бауырларына, тіпті жай ғана таңитын адамдардың өзіне қол ұшын беріп жүруден жалықпайды екен.

Саңсызбай Бақтиярұлының өзімен тілдесе қалсаңыз:

- Менің өмір жолымда талай жақсы адамдар кездесті. Олармен ақылдасып, берлесіп қызмет атқардық. Алғашқы ұстазым, бүгінде зейнеткерлер, полковник Валентин Владимирович Климашевский,

марқұм Вячеслав Германович Волков, әділет майоры Вячеслав Александрович Филиппов сияқты және тағы басқа тамаша адамдармен араласып, біраз пәрселер үйрендім. Айта берсем ондай көпті көрген, жұмысына адал, маркасқа азаматтар жеткілікті. Бүгінде солардың алдында өзімді қарыздар санаймын. - деп толқи сөйлейді.

Алдыңғы ағаларынан өзі үйренген болса, кейінгілерге өзі де тәлімгер бола білді. Көптеген жастарды мамандыққа баулып шығарды. Олар да бүгін негізгі толқын, орта буын өкілдердің қатарында. Үлкендердің кейінгілерге сынай қарайтыны белгілі. Сондықтан да өзінен кейінгілердің аяқ алысып, жұмыс істеу қабілетін барлай жүру үлкенге тән парыз болғандықтан, Сәкеннің болашақ ізбасар әріптестерінің жүріс-тұрысына, еңбекке деген қозқарасына зер салуы заңдылық.

Бір кездері өзінің шәкірттері болған Ж.Қалмұратов, В.Горин, Е.Ысқақов және басқалары бүгінде өзімен тең дәрежедегі қызметтер атқаруда. Сансызбай Бақтиярұлы бір әулеттен талай адамды өз мамандығына тәрбиелеп шығарған. Соның ішінде Марат Қыстафин майор шенінде 39 жасында қайтыс болып кетті. Бүгінде Ерлан Қыстафин мен Нұржан Тұяқов ағаларына сыйлық жасап, жуырда подполковник шеніне ие болды. Осы әулеттің қыздары Айгүл мен күйеу баласы Ербол майор шенінде министрлікте қызмет атқаруда.

Қазір Сансызбай Қыстафин денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шыққан. Бірақ соған қарамастан керек болған жағдайда қылмыстық атқару жүйесінің қоғамдық жұмыстарынан да қалмайды. Қолынан келген көмегін жасап, ақыл-кеңес беруден бас тартып көрген емес. Сондықтан да бүгінгі күні

облыстық департамент басшылығының ардагер Сансызбайға деген алғысында шек жоқ.

Сансызбай Бақтиярұлы Қыстафиннің марапаттары толын жатыр. Соның ішінде «Конституцияға – 10 жыл» мерекелік медалін, «ҚР полициясына – 20 жыл» медалін, «Мүлтіксіз қызметі үшін» медалінің үш дәрежесін, бірінші дәрежелі «Қайсар» төсбелгісін, «ІІМ-дегі үздік қызметі үшін» төсбелгісін, ҚР Әділет министрлігінің Құрмет грамотасын және басқа да көптеген марапаттаулар алғандығын атасақ жетіп жатыр.

Ескерту: Сансызбай денсаулығына байланысты құрметті демалысқа шыққан. Қарағанды қаласында тұрып жатыр.



## МЕРЕЙ БИГІНДЕ

Жері көркем, елі жайсап киелі Қарқаралының тонырағында дүниеге келіп, сонда өсіп, сонда орта мектепті бітірген өрен жас Болат Мұздыбаев білім қуып Қарағандыға келеді.



Адам жанының арашашысы дәрігер болуды жасынан арман еткен ол құжатын Қарағанды мемлекеттік медицина институтына тапсырған еді. Мектепте жақсы оқыған-дықтан, жолы болып, қалаған оқуына түсіп кетті. Қиындығынан қызығы мол студенттік шақты арта тастап 1973 жылы дәрігерлік жоғары оқу орнын аяқтап шығады. Ол кезде түлектер қайда барам деген мәселе төңірегінде көп ойланып

жатпайтын. Оқу орны Министрлік бекіткен жолдаманы қолға ұстағын, түлегіне сәтті қадам тілеп, аттандырып салатын.

Оқуын үздік бітірген Болат Мұздыбаевқа да сол үрдіспен Павлодар облысындағы Екібастұз қалалық ауруханасында бір жылдық интератураны отуге жолдама берілген еді. Бұл жерде қалалық ауруханада

дәрігерлікке татайындылып. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Іскер басына Борис Менделеевич Овербухтың қарамағында болды. Білікті, тәжірибесі мол дәрігер-басыныцан мамандығына қажетті көптеген мағлұмат алып, кәсіби тәжірибе жинақтайды. Мұнда институт қабырғасында алған білімін күнделікті қызметінде кең көлемде жүзеге асыруына мүмкіндік мол болды. Интернаураны тамаша бітірген оған бас дәрігер осы ауруханада дәрігерлік қызметін жалғастыруға ұсыныс жасайды. Алайда, елге деген саяғын, ата-ана алдындағы перзенттік парызды өтеу сияқты жайлар оның туган жері Қарқаралыға жетелеп әкелген еді.

Аудандық денеаулық сақтау бөлімінің ұйғарымымен оны Бақты ауылдық ауруханасының меңгерушісі әрі дәрігері етіп қызметке жіберіледі. Бұл кезде «Бақты» кеншары Қарқаралы ауданындағы мал басы көп, ірі шаруашылықтардың бірі болатын. Кеншардың жер көлемі үлкен, оның төрт бөлімшесі, елге тарта қыстағы бар еді. Осынышама елді мекендегі малшы-механизаторлардың және олардың отбасы мүшелерінің денеаулығын қадағалап, дер кезінде дәрігерлік тексеруден өткізу, сырқаттарға тиісті ем жасау, керек кезде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ауыл дәрігеріне міндеттелген қызмет болатын. Міне, осыдан-ақ жас маманға қандай жауапты да үлкен міндет жүктелгенін көруге болады. Алған білімі, азды-көпті жинақтаған тәжірибесімен ауыл халқына дәрігерлік қызмет көрсетуге жауапкершілікпен және зор ынтамен кірісті.

Еңбегінің жемісі – сырқат жандардың ілтипаты мен ризашылығына бөленді. Сөйтіп, Бақты ауылында он жыл қызмет атқарған соң, туган жері – Томар ауылына бет бұрды. Осы кезде ауыл халқына көрсеткен абзал

кызметінің алғысы ретінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен. «КСРО денсаулық сақтау ісінді үздігі» белгісімен марапатталды. Денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шармановтың жеке құттықтау хатын алады.

Сексенінші жылдардың соңында Қарағайлы кен байыту комбинатына цех дәрігері қызметіне ауысты. Кен өндірісінің қызметкерлеріне, жұмысшыларына көрсеткен дәрігерлік қызметі жоғары бағаланып, комбинат басшылығы сол кездегі Тағды аудандық партия комитетінің бюро мүшесі лауазымына, Қарағайлы кен байыту комбинатының медициналық-санитарлық бөліміне бас дәрігерлікке тағайындауға ұсыныс жасады. Сол кездегі ұстаным бойынша лауазымға бірден тағайындай салмайтын. Басшы қызметкерлер сайлау жолымен тағайындалатын. Бұл жолы да балама дауысқа үш ұсыныс түсіп, медицина қызметкерлерінің басым көпшілік қолдауымен бас дәрігер лауазымына ие болды. Бірақ содан көп ұзамай бас дәрігерлік қызметі тоқсаныншы жылдардың тоқырауымен тұспа-тұс келді. Сол кезде қызметкерлердің уақытылы жалақы алмауы, дәрі-дәрмектің тапшылығы, ауруханаға жұпелі түрде жарық пен жылудың берілмеуі сияқты қиындықтар бас дәрігердің күнделікті түйінін шешетін «бас ауруына» айналған еді. Осындай ауыртпалықтар мен қиындықтарға қарамастан бас дәрігер Бөлат Мұздыбаевтың байыпты басшылығын арқасында аурухана қызметі бір күн де тоястаған жоқ.

Осындай іскерлігімен көзге түскен оны 2000 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығы халқының саны бойынша облыстағы ең үлкен аудан – Бұқар жырау аудандық ауруханасына бас дәрігерлік қызметке тағайындайды. Тоқыраудың тауқыметін тартқандықтан, аудандағы денсаулық сақтау

саласының деңгейі тым төмендеп кеткен шак еді. Маман-дәрігерлердің тапшылығы, медицина нысандарының материалдық-техникалық базасының қанағаттанғысыз жағдайы – жаңа қызметте үлкен шаруаны танытыру қажеттігін алға қойды. Жақтаушылардан тәрі бақылаушылардың көптігі де назардан тыс қалмады. Қажырлы еңбектің, табандылықтың алға қойған мақсатты шешу жолындағы қажірілі еңбек, ұйымдастыру жұмыстарының дұрыстығы өз нәтижесін бере бастады. Аз ғана уақыт ішінде аудан аймағындағы барлық елді мекен медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілді. Аудан орталығында жаңа емхана салынды, сегіз ауылға дәрігерлік амбулатория дұрыс ғимараттарға қоныстанды. Аткарылған жұпелі жұмыстар нәтижесінде аудан бойынша денсаулық көрсеткіштері ілгерілей бастады. 2001 жылдың сәуір айында Болат Мұздыбаевқа ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысына қатысып, село медицинасының жайы мен өзекті мәселелері жөнінде хабарлама жасау міндеті жүктеледі. Бұл туралы:

- Үсыныстарым оң бағаланып, есепке алынды. Аудандық аурухана үйінің төзімсіз жағдайы билік басындағыларға жетіп, «100 аурухана, 100 мектеп» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді. Соның нәтижесінде аудан халқы сәулетті ғимаратта емделуге қол жеткізді, - дейді ол өзінің әңгімесінде.

Содан бйлікті басшы, тамаша ұйымдастырушы Болат Мұздыбаев 2009 жылдың наурызында облыстық Апат медицинасы орталығы және санитарлық авиация бөліміне бас дәрігерлікке ауыстырылады. Бұл кезде алғайдағы ауыл, аудан тұрғындарына сырқаттарына сәйкес шұғыл түрде сапалы дәрігерлік көмек көрсету, санитарлық көлікті тиімді пайдалану қызметтері бас дәргердің басты назарында болды. Күнделікті қызметке




жарамды екі санитарлық көлікті шағайдағы Егіндібұлақ, Қарағайлы ауруханаларына беруге ұсыныс жасап, ол ұсынысы оң шешіммен де тапты. ҚР Үкіметінің шешімімен облыстық Анап медицинасы орталығы 2010 жылы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің құрамына беріліп, қайта құрылды. Жаңа қызметте де өз ерекшелігі мен өзіне тән өзекті мәселелері туындады. Шұғыл медициналық көмек көрсету бригадасын білікті мамандармен толықтыру, қажетті медициналық аппараттармен, тиісті санитарлық көлікпен қамтамасыз ету қажет болды. Сондай-ақ, ол кезде Орталықтың өзіне тиесілі ғимараты да болмаған еді. Көрсетілген мәселелер қажырлы еңбектің, ыдырастың, орынды сұраныстың арқасында жүйелі түрде шешілді. Уақыт жарасына айналған жол-көлік оқиғасынан мерт болуды азайту, жарақат алғандарға дер кезінде медициналық көмек көрсету үшін республикалық маңызды күре жол бойында медициналық құтқару пункттері құрылды. Бұл күнде олардың атқарып жатқан қызметтері орасан зор болып отыр. Осы мақсатта облыс көлемінде 7 күре жолдың бойында медициналық құтқару пунктін қызмет көрсетеді. Саны жағынан республика бойынша бірінші орында. Басты қызметі – жол апатына ұшырағандарға дер кезінде медициналық көмек көрсету, жарақат алғандарды өлім қаупінен, мүгедек болудан аман сақтау. Өткен 2014 жылы атапмап пункттердің шұғыл әрекет ету бригадасы 156 жол-көлік оқиғасына шығып, жарақат алған 298 адамға дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетіп, аман сақтап қалды. 670 жолаушыға сырқаттарына сәйкес шұғыл көмек жасалып, тиісті ем қолданылды.

Елбасының көліктік медицинаны дамыту, Республиканың маңызды күре жолдарының бойындағы қауіпті жерлерде медициналық құтқару пунктін салуды

атап көрсеткен өмірлік маңызды ташырмасына сәйкес Апат медицинасы орталығы бүгінгі күні өздеріне тапсырған міндеттерді абыройлы атқарып, халыққа лайықты қызмет көрсетуде. Біз осы қызметтің басшысы ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, Егеменді еліміздің көптеген марапаттары мен наградаларының иегері, алып жастың асқарына шығып отырған Болат Мұздыбаевқа жемісті еңбек ете беруіне тілектестік білдіреміз.

Ескерту: Бұл мақала 2013 жылы зейнет жасына толуына байланысты жазылған болатын. Бокен одан соң да үш жыл қызмет атқарды. Қазір құрметті демалыста.



## АБЫРОЙ БИИ ИДЕ

Адам жасында арманшыл болады. Сондай арманмен өскен Ескен Мусин де алысқа көз тігетін. Табиғаты эсем, қасиетті Қарқаралыда туын-өсіп, Егіндібулақтағы орта мектепті бітіреді.



Бірақ арман қуған бата жігіт алысқа бара алмайды. Қарқаралы ветеринарлық техникумына келіп түседі. Түсуін түскенімен оқу көңілінен шықпаса да үздік оқын, бітіріп шығады.

Бір іске екіншісінің себепші, қозғалушы күші болатыны бар ғой. Техникумды үздік бітірген оған мол үміт артын. Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына жоллама береді. Ал Ескеннің ой-арманы басқада болатын.

Алматыны бетке алғанымен, алыссынын келе жатқанда өзімен техникумда бірге оқыған досы Садық Икімжанов кездесе кетеді. Ол да білім іздеп жолға шыққан екен. Жөп сұрасқан соң Ескен өзінің Алматыны бетке алғанымен Қарағандыда қалып, политехникалық институтқа түскісі келетіндігін, инженер болмақтығын айтады. Сонда Садық тұрып:

- Мен податке барар едім, онда математикадан емтихан тапсыру керек. Менің ол сабаққа ойна мықты емес екеңді өзің білесің. Жүр одан да екеуміз медицина институтқа түсіп, бірге оқыық, - деп өтінеді.

Сол сөздің ықпалымен Екең де медицина институтқа құжаттарын тапсырады. Абыррай болғанда сол жылы институт ректоры Ш.Шоенелов ауылдан келген балалардың барлығын қабылдау туралы бұйрық берген екен. Ол екі балмен қаланың балалары түсе алмай жатқанда екі сабақтан жеті балл алған Екең студент болып шыға келеді. Содан астағы алты жыл оқып, бітіріп шыққан соң Теміртаудың жапындағы Ақтау поселкесіндегі емханаға жолдама береді. Мұнда көп істей алмайды, әскер қатарына алып кетеді. Украиннада авиа-инструкторлық полкының медициналық-санитарлық болмінде болып, ұшқыштарға медициналық қызмет көрсетеді. Бұл екі жылда Екең мол тәжірибе жинақтап, Ақтауға көп нәрсені үйреніп қайтады.

Алған тәжірибе текке кеткен жоқ, көптеген адамдарға сәтті операция жасап, ел аузына ілінді, еңбегімен танылды. Поселке емханасына бас дәрігер болды. Бұдан соң Екеңнің басшы ретіндегі буырқанған қызметі басталады. Оған бір жағынан ізденісті ұнататын, қарап отыра алмайтын еңбекқорлығы себепші болса, екінші жағынан заман ағымы соны талап етті.

Сол 1972 жылы бас дәрігер болысымен емхана 170 төсектік ауруханаға айналды. Бір жылдан соң Теміртау қаласына қарасты №5 аурухана болып өзгереді. Бұл кез Ақтаудағы «Қарағандыцемент» өндірістік бірлестігі мен асбонемент бұйымдары заводының атағы аспанға шығып тұрған уақыт болатын. Бұлардың өнімі бүкіл Одаққа тарайтын. Қазіргі тілмен айтқанда ақшасы аткөпір кәсіпорындар болатын.

Бас дәрігер Ескен Мусин қалмай жүріп, талмай еңбек етіп, Құрылыс министрлігіне әділетпен рет барып, сан мәрте хат жазып, өзінің көзқарасын дәлелдеп, ақыры табандылығының арқасында қарамағындағы мекемені «Қарағандыцемент» өндірістік бірлестігінің 200 орына арналған медициналық-санитарлық бөлімі етіп қайта ұйымдастырады. Ауыз толтырып айтарлықтай осы оқиға медициналық мекеменің өміріндегі ерекше кезеңі еді. Медициналық-санитарлық бөлім бес қорықтан тұрады. Керекті жабдықтардың бәрі бірлестік сағып әперді. Санитарлық-гигиеналық жағдайы ондай жақсы медициналық мекеме ол кезде бүкіл облыста болған жоқ десек, артық айтқандық емес. Тіпті, алыс-жақын шет елдерден, басқа облыстардан келген қонақтарды әдейі көрсету үшін осында әкеліп жүрген уақыттар да болды. Бір өкініштісі бұл қуаныш онша ұзаққа созыла қойған жоқ. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында медициналық мекеменің құлдырау кезеңі басталды. Оңтайландырудың оң жамбасына тап болған мекеме бұрынғы, әу бастағы қанына келіп, қайтадан поселкелік емхана болып қалды.

Бұл да замап талабы болатын. Ойткені, бұл кезде көптеген медициналық мекемелер қаржы-қаражаттың жоқтығынан мүлде жабылып, тарап кетіп жатқан. Емхана ұжымы бұған да шүкіршілік етті. Ол үшін де Ескеннің жүйкесін талай рет жұқартуына тура келді.

Енді үш жылдан соң алғашқы қарлыааштардың бірі болып отбасылық-дәрігерлік амбулатория ретінде құрылды. Осылардың барлығында да бас дәрігер Ескен Мусин ескі дәстүрді де, оған қоса қолда бар медициналық техниканы да, бұрынғы кадрларды да сақтап қалуға тіресіп бақты. Ол кайткен күнде де жағдайдың жақсарып, жақсылық таңы ататындығына сенімді еді.

Сол күн де жетті. Қазір, Құдайға шүкір, жағдайымыз жамаат емес қой. Етеменді еліміз қоштың басын дұрыс бағытқа қарай бұрып қана қоймай, әл-ауқат дәрежесін көтерумен де, әлеуметтік саланы жақсартумен де айналысын жатыр. Соның нәтижесінде саяси өңесі көтеріле бастады. Ал кешегі емхана болып қалған мекеменің қайтадан өңесіні тіктей, носелкейік аурухана болуы осы сойымизе дәлел.

Сойтін, тілімізге тек болып отырған Ескен Мусені тамыл осы Ақтауда табағы күректей отыр бір жыл бае дәрігер болған екен. Тек бае дәрігер ғана емес, бір жерде ұзақ уақыт қаратайым қызметкер болудың өзі өте ерек кездесетін оқиға ғой.

Екең осы жылдар ішінде өзі басшылық ете жүріп дәрігерлік жұмыстан да қол үзген жоқ. Хирург ретінде көптеген операцияларға қатысқан. Соның ішінде ұмытылмастай болып еете қалғандары да бар. Мәселен, 1976 жылы жүрегінен жаракат алған адамға хирург Кәрім Бейсенбаев екеуі операция жасайды. Көбіне жүрегі жаракаттанған адамның тірі қалуы мүмкін емес. Бағыл іеке кіріскен хирургтердің еңбегі жемісті болып, сол адам әлі күнге дейін аман-сау жүр.

Тағы бір оқиға осыдан жарты жыл өткен соң болады. Цемент заводында екі адам күткке ұшырайды. Оларды емдеп, күтін-бағып, Ескеннің өзі бае дәрігер болғанына қарамастан бірнеше күн бойы жандарында болады. Соның нәтижесінде күдер үзген екі адам қатарға қосылады.

Міне, осындай қажыр-қайрағымен танылған Ескен Ыбырайұлы Мусеннің еңбегі ескерусіз қалмайды. Бірнеше жыл бойы носелкейік Кеңестің депутаты болып сайланады. 1979 жылы денсаулық сақтау саласының бірінші сапатты дәрігері атағын береді. Кейіннен «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» аталады. Ең

соңғы рет Еліміздің егемендігінің 10 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталады.

Осындай абыройға да, атаққа да не Ескең өзі басқарған ұжымды қайта қатарға қосқан соң көп істеген жоқ. Жасының толуына байланысты зейнеткерлікке шықты, орнын келешегі бар жастарға босатты. Қазір еңбегінің зейнетін коруде. Қарағандына көшіп келіп, Құдай қосқан қосағы Нүрзия Сыздыққызымен екеуі балалары мен немерелерінің ортасында бақытты тұмыр кешіп жүріп жатыр.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала жазылған соң 2004 жылы 1 сәуірде «Орталық Қазақстан» гезетінде басылып шықты. Бірер жылдан соң отбасымен Астана қаласына қоныс аударған Ескең ауыр науқастың салдарынан бас қалада бақилық болды.



## Ы. ЛУМИНЦ САРА ЖОЛЫНДА

Сүйікті қаламыз Қарағандыда өмірін оқыту саласына арнап, жас жеткіншектерге білім беру ісімен айналысқан жандар көптен саналатын болса, соның бірі өзі де – Сара, ісі де – сара Сара Балқашқызы Мұқанова дер едік.

### Өмір жолындағы ұлағат



Бүкіл ұрім-бұтағы білім беру саласында еңбек еткен Сара Балқашқызы да осы жолдан тайған жоқ. Әкесі Балқаш Әбішев сияқты бұл да білім беру саласын таңдады. Сол жолда небір жақсы-жақсы жолдардан өтті. Бүгінгі күні Әбішевтер әулетінің педагогикалық отілін қосса бір ғасырдан асып кетеді екен.

Қарағанды қаласында туып-өскен Сара Балқашқызы орта мектеннен соң осындағы педагогикалық институттың филология факультетін таңдады. Ондағы орыс тілі бөліміне түсіп, ойдағыдай аяқтап шықты. Одан соң Қарағанды қаласындағы №2 мектеп-интернатта орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Бұл кезде аталмыш оқу орны Қарағандыда қазақ тілінде



білім беретін екі мектептің бірі (екіншісі №7 мектеп-интернат) болып қалған еді.

Жоғары оқу орнын үздік тәмамдаған ол үнемі оқушылар арасынан табылып, ауылдан келіп оқып жатқан балаларға тек орыс тілін үйретумен ғана шектеліп қалмай, оларға қала тәрбиесін беруге де білек сыбана араласты. Алғыр жастың іскерлігін байқаған мектеп басшылығы көп ұзамай оны директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (оқу ісінің меңгерушісі) етіп тағайындайды. Біраз жыл еңбек еткен соң жаңа ашылған Қарағанды Мемлекеттік университетінің орыс тілін оқыту әдістемесі кафедрасында аға оқытушы болады. Одан соң жаңа ашылған Қарағанды педагогикалық училищесіне директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары етіп жібереді.

Бір сөзбен айтқанда Кеңес Одағы кезінде коммунист болған Сара Балқашқызын партия қайда жұмсаса сонда барды. №81 және №86 мектептерде директор болды. Ленин аудандық оқу бөлімінде кәсіпшілік жөніндегі бас маман. ҚММА-да тілдер кафедрасының аға оқытушысы, облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында кабинет меңгерушісі, Қарағанды қалалық әкімдігінде тілдер жөніндегі бас маман қызметтерін абыроймен атқарады.

Ал ол кісінің негізгі қызметімен қоса атқарған қоғамдық жұмыстарын санауға саусағыңыз жетпейді.

Қарағандыны былай қойғанның өзінде, сонау бір жылдары отағасы, екі мәрте мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Дімкеш Мұқановты Минеральдык шикізатты кешенді ұқсату Республикалық Ұлттық орталығының директоры Әбдірәсіл Жарменов өзіне бірінші орынбасар етіп шақырып, Алматы қаласында жеті жыл (2000 жылдан 2007 жылға дейін) тұрғанда Сара Балқашқызы үйде

қарап отырмап. Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінде ардагер педагогтардың жастарға адамгершілік тәрбие беру жөніндегі комиссиясын басқарған екен.

Қазіргі кезде де Қарағанды ардагерлерінің облыстық кеңесінде жастармен жұмыс жөніндегі комиссияның төрайымы, «Нұр Отан» партиясы жанындағы Қоғамдық кеңестің, облыс мұғалімдері педагогикалық қоғамының, облыс кәсіподақтарының пленум мүшесі. Бұдан басқа да қоғамдық жұмыстары бір басына жетерлік.

### **Тағылымы мол жазбалар...**

*Сара Балқашқызы кейінде «Өмір тұраты, өзім тұраты жекелеген оңлар» деген тақырыптағы түпсіз оңларын қағаз бетін түсіріп жүр екен. Олары әзірше жүйеленбеген, көкейге келген орамды оңларды жеке парақтарға түсіре беріпті. Соған қарамастан ақ қағазға мұрағандан етіп қолмен жазылған осы оңлар тамызығын шым-шымдан шығаруды жөн санадым. Оқып көріңіздер...*

«Мен бақытты ер адамдармен ғана байланыстыратын әйелдер қатарынан емесін. Менің достарым, жұмысым көп, балаларым – тұрақты бақытым!

Дімкеш өмірден өткен соң қалыңка келуіме мешітке барғанымның көмегі тиді. Аллаға сендім! Мен қыңқылдауды, тағдырға оқиелеуді барынша азайтуға тырыстым, өйткені маңайымыздағылар ондайларды онша ұната бермейді. Ондай адамдар бақытсыз және қауқарсыз болып көрінеді. Мен қаншаға келсем де, өзімді ақжарқын күнімде, тартымды түрде ұстауға тырысамын. Менің табиғи табандылығым жұмыс істеуіме жағдай туғызады. Басқалар үшін жауапкершілік көтере білу жасымнан қалыптасқан дағды».

\* \* \*

«Өзім туғаннан бастап Қарағанды қаласында тұрғанымды мақтап өтемін. Мен бұл жерде С.Баймұрзин, Қ.Жуасов, Қ.Гүлшыңбаев, А.Нәрсешев, Ф.Кенжебаева, А.Спасибенко, Д.Шаймұханов, Г.Елиясова сияқты ұстаздардың арқасында талантты педагог және білім басшы болып қалыптастым».

\* \* \*

«Мектепте және студенттік жылдарда бірге оқығандармен әлі күнге доспын. Кіммен дос болсам, солармен достығымыз әлі күнге дейін жалғасқан. Өмірімде еш досыммен қайта көрместей болған емеспын. Мен оң козқарасты адаммын. Сондықтан менің сөздік қорымда «бұрынғы құрбым» деген тіркес жоқ. Қызметтес болған әріптестеріммен де әрқашан тамаша қарым-қатынастамын».

\* \* \*

«Мен өзімнің тағдырыма, Жаратқанға дәл ризамын. Біздің өміріміздің әр кезеңдерінде әр түрлі адамдармен қарым-қатынаста болып, Т.Обдирзақов, М.Имадиев, Т.Аханов, С.Досмағамбетов, Ж.Ақылбаев, Р.Омарбекова, М.Хамиев, М.Әкімбек, Д.Обдрахимова, Б.Бекішев, Қ.Медиев, Д.Бойко сияқты адамдармен отбасымызбен жақсы араластық. Бұл кісілер өз ісіне берілген, халық үшін еңбек еткен тамаша жандар».

\* \* \*

«Мен балалық шағымдағы армандарыма қол жеткіздім. Әкемнің ізімен, өзім қалаған мамандықты таңдадым, Дімкеш Мұқановтай тамаша адамға тұрмысқа шықтым. Дүниеге Сәулеш, Зәуреш, Дана атты тамаша үш қыз әкелдім, тамаша достар мен әріптестер таптым. Қазір мейірім қаңдыратын немерлер көріп отырмын, олардан шобере көре бастадым».

## Педагогтар әулеті

*Сара Балқашқызы педагогтар әулетінен екендігін айтып өттік. Енді сол әулетке тоқтала кетейік.*

Әкесі Балқаш Обиұлы (1904 – 1958) білім беру ісіне өмірін арнаған адам. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының алғашқы директорларының бірі. КСРО-да тұңғыш рет көмір өнеркәсібі туралы жарық көрген «Қарағанды бассейні» (1939 ж.) атты кітаптың авторы. Анасы Зина ақай тігінші болыпты.

Ері – Дымқеш Мұқанов (1936 – 2007) Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының екі мәрте иегері. Қазақстан өнеркәсібінің еңбек сіңірген қызметкері, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик. ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Минеральдық шикізаттарды кешенді ұқсағу жөніндегі Ұлттық орталық Іс-шаралар директорының бірінші орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезінде жол-көлік оқиғасынан қаза тапты.

Мұқановтар отбасының мақтанышы балалары мен немерелері. Мәселен, Сәулет Мұқанова (1960 ж.) – ҚарМУ-дың математика факультетін бітірген, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, кезінде Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім беру академиясын басқарған, қазір «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры қызметін абыроймен жалғастыруда.


Зәуреш Мұқанова (1960 ж.) – Алматының шетел тілдері институтын бітірген, ағылшын тілінің мұғалімі, қазіргі кезде Тұран университетінде оқытушы. Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі.

Кіші қыздары Дана (1964 ж.) – ҚарМУ-дың химия факультетін бітірген. Алматыда бейнелеу өнері

мектебінде қызмет атқарады. Биология ғылымдарының кандидаты. Қазақстан, Ресей, Армения Суретшілер одағының мүшесі.

Міне, бүгінде 75 жасқа келіп отырған, сүйікті ана, мейірімді әже Сара Балқашқызы өзінің еңбегімен де, ұрпағының ата жолын жалғастыратындығымен де мақтан етеді. Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үзінгі, көптеген марапаттардың иесі ардагер педагог әлі де болса талай іс тындыратындығына сенімі зор.

**2015 ж.**



## ІСКЕР ҮЙІМДАСТЫРУШЫ ЕДІ

Білім беру саласында жарты ғасырға жуық қызмет атқарған, оның ішінде бір ғана Ынтыалы ауданыдағы мектептің өзінде отыз бір жыл директорлық қызмет атқарған Марат Ныметжановты бүкіл Қарқаралы өңірі құрмет тұтушы еді.

Сонау жетпісінші жылдардың басында шаңырақ құрған кезіміз болатын. Жолдамамен Қарқаралы ауданының оқу бөліміне келдік. Сол кездегі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Нәгербек Спатаев бізге Ақтерек септжылдық мектебі мен Ынтыалы септжылдық мектебін ұсынды. Біз ақылдаса келе «Ынтыалы» совхозындағы мектепке барғанды мақұл қордік.



Мектеп директоры Марат Ныметжанұлы өмірден тергені де, өзінің бергені де мол зиялы азамат еді. Толымды тәжірибесі, қол жеткен нәтижесі бар. Келер ұрпаққа қалдырған ізі де, ауыз толтыра айтарлықтай сөзі де жетерлік болатын.

Балалық шақтары Ұлы Отан соғысы жылдарына дөп келгендер балалықтың бал дәмін татып та көрмегені белгілі. Қарқаралы ауданының Калинин атындағы

колхозында (қазіргі Токтар Оубәкіров саялық округінде) қарнайым шаруаның отбасында туған Марагтың да әкесі 1942 жылы соғысқа аттанып, анасы Шәкәрім Нұркеқызы бес баламен қалады. Соғыс басталғанда Мараг небәрі төрт жаста ғана екен. Ері сол кеткеннен оралмай, хабарсыз кетеді. Ақ жаулықты ана үш баласын жерге беріп, ұлы Мараг пен қызы Кәһня екеуін асырап-жеткізуге бар күш-жігерін жұмсайды. Колхозда еңбек ете жүріп балаларын оқытыпты. Мараг оқуын осы Калининдегі бастауыш мектепте бастайды. Одан соң 1956 жылы Қарағандыдағы Жамбыл атындағы №7 орта мектепті тамамдапты.

Басқа да ауыл балалары сияқты Мараг та жасынан тесік өкпе болып, анасына қолғабыс жасаған. Жаз бойы оқуына кеткенше ауылдағы жұмыстардың бәріне де араласқан. Кейіннен ол өзі еңбекке ерте баулып, адамгершіліктің алғашқы жолына салған аулына деген ризашылығын жасырмай айтып отыратын. Бірақ ешқашан да мен сөйтіп едім, мен қиындық көріп едім дегенің естіген кезіміз жоқ. Кең пейілі Сарыарқаның дарқан даласынан дарығандығын, ой-санасының анаың ақ сүгімен сініп, абыз ақсақалдардың ақылымен толысқандығын аңғару қиын емес еді.

Мараг орта мектептен соң Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, оны 1959 жылы химия, биология және ауыл шаруашылығының негіздері мамандығы бойынша бітіріп шығады. Сол жылы жолдамамен Қарқаралы ауданындағы Жамбыл атындағы совхоздың сегізжылдық мектебіне мұғалім болып келеді. Тағы сол жылы шаңырақ көтеріпті. Мұнда абыройлы және тынымсыз еңбегінің арқасында оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. Кейіннен (1966 ж.) «Ынтыалы» бөлімшесі совхоз болып ашылып,

ондағы бастауыш мектеп жаңа сегізжылдық мектепке айналғанда оны сол мектептің директоры етіп жібереді.

Осылардың барлығын «Ынтыалы» совхозында тұрып, мектепте мұғалім болып қызмет атқарған жылдары білім. Маркецтің үй-шімен үнемі араласып тұрдық. Жаңа отау болған біздің үлкен үйіміз сияқты болып еді. Жәзира тәтеміздің қолынан ас іштік. Ол кісінің директестің ұйытқан, бап татыған қатығының дәмі әлі күнге дейін таңдайымыздан кетпейді.

Ынтыалы мектебінде оқушы көп болды. 400-ге тарта бала оқыды. Мектеп жанында интернат болатын. Онда алыс қыстақтар мен бөлімшелердегі тұрғындардың балалары жатып оқитын. Мектептің өз кітапханасы болды.

Директорымыз Марат Нығметжанұлы оқу-педагогикалық жұмыстардың барлығы тиісті дәрежесінде жүруін барынша қатты қадағалайтын. Мектепшілік шаралардың барлығының да өз мәнінде және уақытымен өткізіліп тұруына ерекше мән беретін. Сол кездегі мектеп оқу ісінің меңгерушісі Құсайын Тұғанбаевқа тиісті тапсырмалар беріп, оның орындайсың қатаң талап ететін. Педагогикалық кеңестің отуіне тыңғылықты дайындалатын. Онда баяндама жасайтын мұғалімдердің даярлығын алдын ала тексеріп алатын. Сабағымызға үнемі кіріп, кеткен кемшілігімізді, сабақ үстінде қандай мәселеге назар аудару керектігін әрқашан айтып отыратын.

Сол кезде атақты педагог Сухомлинскийдің еңбегін оқу керектігі, әдістемелік жұмыстарды сол кісінің еңбектері бойынша жүргізу қажеттігі қатты қолға алынып жатқан еді. Сондықтан да бұл іске көңіл аудару қажеттігін әрқашан есімізге салуды ұмытпайтын.

Мектеп ішінің безендірілуін қарап отыратын. Мен сурет сабағының мұғалімі болғандықтан, безендіру



жұмыстары көбіне маған таныралатын. Әрбір мереке, Жаңа жыл кештерінде совхозда болатын шаралардан мұғалімдерді де қалдырмайтын. Біздің қандай істе болмасын алдыңғы қатардан көрінуімізді талап ететін.

Ол кісінің арнайы дәптері болушы еді. Онда өзіне қажетті жұмыстарды, күнделікті қандай мәселемен айналысу қажеттігі рет-ретімен түзді тұратын. Біз мұғалім болған кезде кейбір жұмыстарды қалай атқаруды, өз ісіне мұқият болуды, ұқыптылықты директорымыз Марағ Ныметжанұлынан үйрендік десем артық айтқандық емес. Маркешінің ақылы, ұстамды болу туралы кеңесі ешқандай есімізден шыққан емес.

Осы мектепті талай гүлек бітіріп шықты. Олардың ішінде сан алуан қызметтер атқарып жүргендері де аз емес. Солардың бірі де бірегейі Жәмила Кәрінова дер едім. Кейіннен №30 Ынталы сегізжылдық мектебі №3 орта мектенке айналды. Сол кезде онышы бітірген Жәмила бір жыл комсомол-жастар бригадасында еңбек еткен соң Жезқазған педагогикалық институтына барып түсіп, ұстазының жолымен биология және география пәнінің мұғалімі болып шықты.

- Мен өзім бітірген осы Ынталы аулындағы мектепке мұғалім болып келгенімде Марағ Ныметжанұлы әлі де директор болып қызмет атыратын. Мінезі жұмсақ болғанымен, қызметіне қатал еді. Жоғары талап қойып, оның орындалысын қатты қадағалайтын. Маған үлкен үміт артты. Құрметті демалысқа шығып, ұстаздықты жалғастырды. Орнына Құсайын Туғанбаев директор болған еді, ол кісі бір жылдан соң ауыр наукастан дүние салғанда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жүрген маған зор сенім білдірді. Ұстазымыздың ұсынысымен директорлықты мен жалғастырдым.

Әйтпесе, директор болу ойымда жоқ еді. Он жылдан соң «Білім беру ісінің үздігі» атандым. Марат Нығметжанұлының бастамашылығымен жаңа мектеп салына бастады, соған көштік. Мектебіміз жаман болған жоқ. Ауданда алдыңғы қатардан көрініп жүрдік. Екі шақырылым бойы Қарқаралы аудандық мәслихатының депутаты болдым. - деп еске алады бұл күнде Қарағандыда тұратын, Д.Қонаев атындағы колледждің оқытушысы Жәмилә Кәріпова.

Иә, бір ғана Ынтыалы мектебінде отыз жылдан астам директор болып қызмет атқарған. Қазақ КСР-нің халық апарту ісінің озық қызметкері, мұғалімдердің Бүкілодақтық Ү сьезінің делегаты, басқа да көптеген марапаттардың иесі Марат Нығметжановтың еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Бүкіл тұмырын бала тәрбиесіне арнаған, өзі де тоғыз бала өсіріп-тәрбиелеген Марат Нығметжановтың есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде бастамалар көтеріліп жүр. Әзірше ол кісінің атында Ынтыалы орта мектебінің ең үздік оқушысына берілетін стипендия ғана тағайындалған. Бұл өте орынды іс. Дегенмен де бұл аздық етеді. Келешекте өзі отыз жылдан астам директор болған, одан соң ұстаздық қызмет атқарған осы Ынтыалы орта мектебі Марат Нығметжановтың атымен аталса құба-құп болар еді. Бұл – ауыл тұрғындарының отініш-тілегі. Осы мәселені жергілікті билік органдары басшыларының құлағына салғым келеді. Мұндай игілікті іс осы мектептің, бүкіл Қарқаралы ауданының оқу ісінің дамуына зор үлес қосқан айтулы педагог, іскер ұйымдастырушының аруағына деген үлкен құрмет болар еді дер едім.

**2014 ж.**



## ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Өмірде сан қилы адамдар бар. Солардың ішінде өзінің алған бетінен қайтпайтын, адалдықты адына шырақ етіп берік ұстаған жандардың кейбір істері ешқашан есінен шықпайды.



Жалған дүниеден бақпаға аттанғанда қолынан қаламы түспеген қоғам қайраткері, журналист, жазушы Максым Омарбеков ағамыздың орны мен үнін бір бөлек еді.

Мақанды бұз өмірде білмейтін адам жоқ. Сонау Семейдің Абыралы өңірінде таламдық соғыс басталардың бір жыл бұрын дүниеге келін, сапалы тұмырын қара орманды Қарқаралыда өткізген

қаламгер ағамыз еңбек жолын Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген 1965 жылы бұрынғы Егіндібұлақ аудандық «Ильич туы» газетінде жауапты қызметкер болып бастаған екен. Сол кездің өзінде-ақ аудан өміріндегі проблемалық тақырыптарға үзбей қалам тербен отырған. Адалдықты ар туы ретінде жоғары ұстаған, шындық үшін шырылдаған азамат сол әдетінен өмірі айнып көрген емес.

Бала-нақ шағы соғыстың қиын жылдарына доп келген Мақан ес білгеннен бастап еңбекке араласады. Бірақ жастанан аурушаң болғандықтан жеңіл-желпі жұмыстар болмаса, ауыр еңбекке бел шешіп кірісе алмайды. Сондықтан да ол оқуға ынталы болып өседі. Тек сабақтан ғана емес, газет-журналдарды да, көркем әдебиетті де көп оқиды. Ауылдық кітапханадағы әдебиеттерді оқын тауысқан ол қатысқан адамдар арқылы ауданнан және облыс орталығынан алғызып оқитында шығарады. Газеттен жаңа шыққан кітап туралы хабар көрсе, соны тауып оқығанша тыным танымайды.

Сондай ізденімпаздығының, ықтиялғылығының арқасында орта мектепті үздік бітіріп, Қарағанды педагогикалық институтына түседі. Мұнда өзімен бірге оқыған Кәрім Саутабаевпен және басқалармен бірігіп жае әдебиетшілер үйірмесін құрып, оған белсене қатысады. Сол үйірменің ақыры олардың саяси «Жае казак» үйірмесін құруға итермелейді. Оған қатысқандар Қазақстандағы барлық жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы жастарға өкіметтің орыстандыру саясатына төзбеуге, халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауға, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында казак бөлімдерін ашуға, казакша мектептерді жаптырмауға шақырын, облысты және аудандарды казак басшылары басқаруы қажеттігін талап еткен үндеу хаттар тарата бастайды. Бір сөзбен айтқанда олардың аңсағаны халқымыздың бүгінгі күнгі егемендігі мен тәуелсіздігі еді. Мұндай көзқарас сол кездегі «КСРО-да бір ғана ұлт болады» деген солақай саясатқа томпақ келіп жатқандықтан, бұлардың соңына түскен салшаңқұлақтар ақыры оларды «әшкерелеп», оқу орнының жалпы жиналысына салып, оқудан шығартады, басшыларын түрмеге отырғызады. Ал,

Кәрім Сауғабасев пен Максым Омарбеков бір жылдан соң оқуына қайтадан қабылданып, ақыры институтты бітіріп шығады. Бірақ сонда да олар ұзақ жыл астартын бақылауды болыпты.

Мақал кейіннен «Қарқаралы» атанған Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» газетінде көп жыл қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты. Ол Коммунистік партияның қылышынан қаны тамып тұрған кезі болатын. Сол уақытта оқ бойы озық тұрғанына карамастан, Мақал ешқандай лауазымға таласпай, жай ғана қатардағы тілші қызметін атқарды.

Бірде оның себебін сұрағанымызда:

- Жоқ, маған осы қызметім де жетеді. Газеттің бөлім меңгерушісі аудандық партия комитетінің номенклатурасына жатады. Менің ондай лауазымға кіргім келмейді. Талай рет ұсынғанда бас тарттым. Өйткені, мен онда әділ материал жаза алмай қаламын. Қазірдің өзінде аупарткомге күнде шақырады. Сын мақала жазба дейді. Көрініп тұрған кемшіліктерге мен қалай көзімді жұма қараймын. Олай болмайды ғой, - деп ағынан жарылған еді.

Рас, сондай «солақай», аудан басшыларының қолайына жақпайтын мақалалары мен республикалық «Ара» журналына шыққан фельетондары үшін сан рет сотқа да тартылды, қызметінен шығарылып, біраз уақыт жұмыссыз жүрген уақыттары да болды. Бірақ соның барлығынан дұрыс жол тауып шыға білді, қызметіне қайта орналасты. Өйткені, қашан да әділдікті жақтайтын адамдар табылып отырды. Қарқаралы ауданының халқы Мақалды әділдігі үшін құрмет тұтты, кейбір жергілікті шенеуніктерден жапа көрген адамдардың Мақалға келіп шағым айтқанын өз көзіммен көрдім.

Мен ол кезде «Ара» журналының штаттан тыс тілшісі болатынымын. Бір күні Алматыдан журналдың

бөлім меңгерушісі Тольымбек Олімбеков келді де, обкомнан мақсат алып, екеуміз Мақсым Омарбековтың журналына жазған материалы бойынша тексеруге Қарқаралына аттандық. Қалалық кеңес атқару комитетінің дауазымды адамы сонда қызмет атқаратын бір әйелге бірнеше рет дорекілік көрсетіп, тіл тигізген екен. Ол әйел болған жайды Мақана айтып, қол ұшып беруді өтінеді. Фельетонда жазылған барлық деректердің шындығын тексеру кезінде анықтадық. Неге екенін білмедім, сол материал жарық көрген жоқ. Бірақ «Ара» журналының пәрменімен дауазымды адам партиялық жазаға тартылды.

Мақана тек сын мақала жазады десек сыңаржақ болып кетері сөзсіз. Ол кісі әдеби жанрдың барлық түріне қалам сілтеген, әмбебап адам деуге әбден лайықты. Оны көйіңірақты оқырман кезінде Мақаның өзі меншікті тілші болып қызмет атқарған «Орталық Қазақстан» газетінің беттерінен оқыған да болар. Сол жылдары облыстық мәслихаттың депутаты бола жүріп талай-талай проблемалық мақалаларды облыстық газетпен қоса республикалық «Егемен Қазақстанда» да жариялап үлгерді. Соның ішінде Семей полигонының зардабы, оны жабағын уақыттың кеелгендігі туралы сериялы мақаласын ерекше атауға тұрарлық. Онда полигонның қазақ халқына тигізіп жатқан зардабын жеріне жеткізе айтып берген еді. Бұған қоса Қарқаралы ауданы делегациясының құрамында «Семей – Невада» қозғалысының мүшесі ретінде сол кездегі астанамыз Алматыға барып, ауданды полигон зардабы тарайтын аумаққа жатқызуға үлкен үлес қосқан болатын. Сонымен бірге ауданның тарихына, мәдениеті мен өнеріне қатысты талай көлемді мақала жария етті. Еңбек адамдары мен Қарқаралының танымал тұлғалары жөнінде қаншама очерктер жазды, олармен тамаша

сұхбаттар жасады, көптеген публицистикалық эсселері мен деректі шығармалары дүниеге келді.

Қарап отырсаң Мақан талай-талай көркем дүние жазып тастаған екен. Облыс әкімінің қолдауымен 2014 жылы облысымыздағы қаламгерлердің шығармалары «Сарыарқа кітапханасы» сериясымен 100 том болып жарық көрген. Сондағы бір том Жанболат Башаров, Мақсым Омарбеков және маған беріліп, біздің жазған повестер мен әңгімелеріміз енгізді. Онда Мақанның «Мылтықсыз аяқас» повесі мен «Ол күндер қайтып келмейді» хикаятына, «Бақыт күсы», «Бір топ жусан» әңгімелеріне орын берілгені.

Журналистігімен қоса жазушы ретінде де танылған Мақан оқырманға ой тастайтын талай-талай тұшымды дүниелер беріп үлгерді. Солардың арасынан «Ақ жанбыр», «Адам ізі», «Махаббат пен князат», «Сағыныш ғұмыр, сағым жылдар», «Арналыс», «Өмір өткелдері», «Атыннан айпалайып, Қарқаралы» кітаптарын ерекше атап өтуге тұрарлық.

Қарымды қаламгерлігімен қоса «Семей – Невада» қозғалысының белсенді мүшесі болғандығын, облыстық мәслихаттың депутаты болғандығын айтып өттім. Ол кісі осындай қоғамдық қызметінде де ерекше танылып, өзінің алға қойған мақсатын жүзеге асыра білді. Депутат кезінде Қарқаралы өңірінің көптеген мәселелерін шешуге білек сыбана араласты. Сол үшін де ол Қазыбек би және Қарқаралы аудандарының Құрметті азаматы атанды.

Бүкіл өмірін баспасөз саласына арнаған Мақсым Омарбеков ағамыздың қаламынан туған қарымды еңбегінің нәтижесі де айтарлықтай болды. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері атанды. Облыс әкімінің «Алтын

сүңқар» сыйынына не болды. Баска да марапаттары толып жатыр. Бүгү каламгердің еңбегіне берілген лайықты баға болатын.

Білімбей сыртын өтпін жатқан уақытқа ешкім тоқтау жасай алмайды. Кеше ғана Мекен арамызда жүрген сияқты еді. Ол кісінің өмірден өткеніне де жыл толып қашпайты. «Аңдыған жау алмай қоймайды» дегендей, ертеден келе жатқан, ұзаққа созылған ескі ауруы ағамызды ақыры алып кетті. Талай жас журналистке каламды қалай ұстауды үйреткен тәлімгер ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз. Артындағы Хафиза жеңгеміз бен ұрпақтарына ұзақ тұмар тілейміз.

**2015 жыл.**





## ЖАҢАЛЫҚ ЖЕЛІН ЖЕТКІЗДІ



Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде талай белді-белді редакторлар қызмет атқарған. Оны жұршылық жақсы біледі. Солардың әрқайсысы өзіне тән із қалдырып, газеттің бағыт-бағдарында елеулі қолтаңба тастап кеткен болса, Нұрмахан Оразбековтың қолтаңбасы мүлде бөлек еді.

Бұрынғы редакторымыз ауысын, орнына келетін лайықты адам табылмай ма, ол жағын білмейміз, біраз уақыт редактордың орынбасары Есімбек Бәйтенев уақытша міндетін атқарушы болды. Ақыры «Редактор Алматыдан келеді екен» деген сөз шығып, сол сөз расқа айналды. Сол кездегі обкомның идеология жөніндегі хатшысы Қуаныш Сұлтанов «жаңа редакторды» ұжымға таныстырып, орындығына отырғызды. Бұл кісі бұрын ҚазТАГ директорының орынбасары болып қызмет атқарған Нұрмахан Оразбеков болып шықты. Тісінің арасынан шығарып, нығарлай сөйлейтін қараторы редактордың алғашқыда біразға дейін қабағы қатулы болды. Облыстық газетке редактор болғандығына көңілі толықырамайтын сынайын да байқадық.

Келген күннен бастап газеттегі мақалалардың тақырыбы мен айдарларын қайта қарастырып, өзгертуге

тырысты. көпшілік айдарлар жаңаша аталатын болды. Шып мәнінде бұрын біз байқап бермейтін мәселелерге назар аударды. Қандай мақала болмасын көргеніңді сол бетінде көшіре салмай, одан бір ой қорыту, жұртшылыққа оның не жақсы, не жамап екендігін жеткізу керектіңе көңіл бөлді. Газетке жазылатын мақала болса да немесе жап ақпарат болса да оның жұртшылыққа қаншалықты қажет екендігі ескерілетін болды. Сонымен қоса бұрын ондай ақпараттардың мазмұнына онша көп көңіл бөле бермейді екенбіз. Кейде бір мектептің бір сыныбында өткен кездесуден көлемді мақала жаза беретініміз. Мұндай ақпарат дәрежесінен аспайтын, шағын оқиғаны көшірте бермеу танырылды. Етті, облыстық газеттің деңгейіне жетпейтін болманы дүниелерді басуға тыным салынды. Сөйлем құру жағы да редактордың назарынан тыс қалған жоқ. Бұрыннан келе жатқан қазақ тіркестерді бұрмалауға жол берілмейтін болды. Айта берсем – толып жатыр. Олардың барлығын тізбелеу міндет те емес. Дегенмен, жаңа редактордың мұндай талаптары кейбіреулердің көңілінен шықпай жатқандары да болды. Нүрекең ондай қызметкерлерге тиянақты, дәлелді жауап беріп отырды және өз айтқанын орындатты да. Мысалға, біз бұрын «бақытына қарай» немесе «сорына орай» деп жаза беретін болсақ, енді «бақытына орай», «сорына қарай» деп жазатын болдық.

Тағы бір ерекше есімде қалғаны – Нүрекең обкоммен онша көп санаса бермейтін. Бұрынғы редакторларымыз обкомсыз қадам баспайтындықтан, бұл басында біз сияқты жастарға батыл әрекет болып таныла. қарт коммунистер үшін өрескелдеу болып көрінгені рас. Газеттің «Орталық Қазақстан» деген үлкеп фирмалық атауының үстінде тұратын Владимир Ильичтің «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!»

деген ұранын алып тастап, оның орнына «Бас кесек болса да, тіл кесек жоқ!» деп қасқайып, хан жарлығына қарсы шыққан қазақтың батыл мәтелін жазып қоятын болдық. Тек жазып қана қойған жоқпыз, енді газет бетінде жария етеіні материалдарымыздың осы ұранға лайық болуына тырыстық. Олдікті жақтаған, жамандықты даптаған мақалаларға батыл бетбұрыс жасадық. Бұрынғыдай «Партияның дара басшылығының арқасында» немесе «СӨКП съезінің шешімдерімен жігерленіп» деп басталатын сөйлемдер түгел сызылып қалатын болды.

Нүрекеңнің «Ия, бұл – төңкеріс!» деген мақаласы төңірегінде талай рет жазылып та, айтылып та жүр. Сондықтан, бүкіл қазақ баспасөзінің арасында бірінші болып, мемлекеттік төңкеріс жасаушыларды батыл айыптаған бұл мақалаға мен тоқталмай-ақ қояйын. Бірақ осы мақаланың біздің газет үшін зор абырой мен бедел әкелгенін атап оту орынды шығар. Осыдан сол оқырманның газетке деген көзқарасы да бұрынғыдан басқаша бола бастады. Газет сөзіне, жазылған жайға деген олардың сенімі арта түсті.

Тағы бір айта кететін мәселе – сол жылдары өткен бір сайлауда Нұра ауданында болған кеудемсоқтық пен жалған дауыс беру мәселесі батыл сынға алынып, бұл үшін газет редакторы обкомға шақырғылып, ақырында Нүрекеңнің қыспаққа қыңбауының арқасында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Навоенко қызметінен босатылып тынған болатын.

Сол жылдары ұжымдардың жалпы жиналыстарында басшыны өздерінің баламалы түрде сайлауы дәстүрге айналған еді. Осыған орай талай қызықты материалдар жарық көрді. Бұл мәселеге Нүрекеңнің өзі де үн қосып, редакциядағы бөлім меңгерушілері баламалы дауыспен сайланды.

Ія, редакциямызға жаңалық жетіп жеткізген басшымыз Нүрекеннің арқасында «газет обкомның органы, сондықтан обком не айта, соны ғана жазу қажет» деген түсініктен арылды. Енді «ұлкен үлге» қарап алаңдамай, бетімізді оқырман халыққа қарай бұрдық. Шын мәнінде газеттің халықтікі екендігін, оқырманның жүрегіне жақын, солардың мұң-мүддесін жоқтайтын, солардың қолымен шығатын дүниелер жазу керектігін ұғындық. Сонда ғана газет оқылатын болады, сонда ғана ол халық арасына кеңінен тарайды. Әйтпесе, газет жергілікті билік органдарының күшімен таратылса, ол оқырман болмайды, табақтың астына жаятын қағаз болып қала береді. Осы мәселелерді Нүрекен редакцияда болатын іздестірілгенде де, жай басқосуларда да үнемі айтып отырудан жалықпайтын. Осы бағамға әлі күнге дейін өзінің жалғасын тауып келеді. Одан соң болған редакторымыз Рымқұл Сүлейменов ағамыз да, Нүрекеннен көп нәрсеге қаныққан қазіргі редактор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мағауия Сембай да (тек арасында баспасөзден мүлде хабары жоқ біреулер қиліккен кездері болмаса) Нүрекеннің салып кеткен жолын лайықты жалғастырды, қазір де жалғастыруда және алдағы уақытта да жалғастыра береді деп ойлаймыз.

Біздің облыстық «Орталық Қазақстан» газетін демократиялық жолға салған, оның беттерінде күн мәселесіне арналған батыл дүниелердің жарық көруіне ықпал еткен редактор Нұрмахан Оразбековтың аты ешқашан ұмытылмақ емес.

Ескерту: Алматыда «Қазақстан» баспасының директоры болып қызмет атқарып жүрген Нүрекеннің дүниеден өткеніне де үш жылдың жүзі болып қалды.

2016 ж.

## КІНДІК ШЕШЕ

Талай уақыт өтсе де есімі халықтың жалында сақталып, бейнесі көпшіліктің түкпірінде мәні қалатын адамдар болады.



Егіндибулак өңірінің тұрғындары Кәкен анайды, ол кісінің жарқын жүзін ешқашан ұмытпайтын шығар. Өйткені Кәкен анай солардың көпшілігінің кіндігін кеекен жан еді.

- Осы маңайда мен кіндік шеше болмаған үй кемде-кем шығар. Кейбір үйде екі-үштен кіндік балам бар, - деп отырады екен марқұм.

Халқымыз «Бала кіндік шешеге тартады» дегенді

бекер айпаған болар. Ал сол балалардың өзі кейін үлкейіп, есейген шақта:

- Менің кіндік шешем осы кісі, - деп әлі де мақтана айтып жүреді.

Иә, ол кісі 1933 жылы «Қызыл Крест» қоғамы ашқан екі айлық курста оқып, медбике болып шыққаннан бастап үстіне ақ халат киіп, медбике болып, кейіннен әйел босандыруға кіріскен екен. Бұл туралы журналистер Габбас Смағұлов пен Марат Смақұлының «Балқантау баурайында» атты кітабындағы «Алғашқы

«кушерка немесе дәрігерлік қызмет» атты очеркте: «Айжан мерзімге күре өз жұмысын бастады. - дейді Кәкен анай соң жындарды еске алып. – Сабақ беретін дәрігер Петросяниның өзі. Медицина тарихы, дәрі-дәрмек жаңығы әңгімелейді. Көбінесе сырқаттарды қабылдап, өзі аурулардың түрлерімен таныстырады. Қандай ем жасау керектігін үйретеді. Екі ай деген немесе қалай өткенін де білмей қалдық. Ол кезде жаракатты тандудың өзі аз сарсаңға сазмайтын. Дәрі-дәрмектің де танығы тағы. Қазіргідей күрделі құрай-жабдықтардан бірі жоқ. Қажетті дәрі қиядағы Семей шаһарынан ат-арбамен жеткізіледі...», - деп жазған екен.

Кәкен анай 1917 жылы Қарқаралы уезінің Ақсары болысындағы №1 ауылда Гүлқбай ақсақалдың отбасында туған. Алғашында ауылдағы молдadan сауатын ашады, одан соң Қарқаралыдағы бірінші сатылы бастауыш мектепте оқиды. Содан Қу ауданындағы «Қоянды» колхозының «Бүркітті» болымшесінде есенін болып істеп жүрген кезінде медбикелер даярлайтын күре ашымақ екенін есітіп, сонда түсіп кеткен екен. Бүкіл тұмырын осы салаға арнаған Кәкен анай Отесбаева жасы толып, зейнеткерлікке шыққанша аудандық ауруханада талмай еңбек еткен. Одан соң да қарап отырмай, аудандық санитетацияда санитарлық қызмет атқарған.

Кәкен анайдың үлкені Мағия Бұқар жырау ауданындағы балалар бакшасында тәрбиеші болы еңбек етті. Ортаншысы Дарига шешесінің жолын қуып, Абай ауданында қырық жылдай фельдшер-акушер болды. Кішісі Шура Қарқаралы ауданының бұрынғы «Қаратау» совхозында балалар бакшасында меңгеруші болып қызмет атқарды. Қазір бұлардың барлығы да құрметті демалыста.

- Анамыз біздің қызығымызды корді. Бірақ, енді демаламын деп отырған шағында 1978 жылы 61 жасында жүрек талмасынан кенеттен қайтыс болды. - дейді кіші кызы Шура. - Қырық жылдан астам бір орында еңбек етіп, үлкен-кішінің сый-құрметіне бөленді.

Сонау отызыншы жылдардың басында ауруханада жалғыз қазақ медбикесі өзі болған екен. Ол кезде ауруханада А.Петросян, М.Кузенков, П.Герлецкий, Л.Григорьев, Н.Князев, А.Поповиченко, А.Рақымжанов сияқты білікті дәрігерлер қызмет атқарған. Бұлардың және ауылдық жерлерде қызмет атқарған фельдшер-акушерлердің көпшілігі жазықсыз жазаға ұшырап, жер аударылып келгендер екен. Кейін олар ақталып және кейбірінің жазалы уақытының мерзімі бітіп, елдеріне қайтады.

Алпысыншы жылдардың бас кезінде Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген, жоғары білімді жергілікті кадрлар келе бастайды. Олар өздері туған ауылының халқына дәрігерлік қызмет көрсетіп, жемісті еңбектерімен көрінеді. Солардың арасында шиналы емімен көпшілік құрметіне бөленген Сүпиял Талдыбаев пен оның зайыбы Бәну Мясарованы ерекше айтуға болады. Бәну анамыз қатардағы акушер-гинекологтан аудандық аурухананың басшысына, кейін аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысына дейін көтеріліп, құрметті демалысқа шықты.

Халық денсаулығының сақшысы болған талай адамның атын атауға болады әрине. Дегенмен де айтпағымыз сол ақ желенді абзал адамдардың ортасында Кәкен Өтесбаева бірге еңбек етіп, сол кездегі қиындықтарды бірге көтерісе білген екен. Күздің қара суығында егіс басында болады, қыстай шонандар ауылын аралап, жаздың аптабында да, көктемнің

лайсаңында да, бір сөзбен айтқанда жылдың төрт мезгілінде тыным таппайды. Басы ауырып, балтыры сыздаған тараптардың жапынан табылады.

- Анымыз адал өткен еңбегінің арқасында 1943 жылы партия қатарына өткен екен. Өз міндетін зор жауапкершілікпен атқарды. Елқанаан ескерту алып көрген емес. Қайта талай-талай марапаттарға ие болған еді. - дейді қызы Шура, анасын сағына еске ала отырып.

Шынында да ол кісі 1961 жылы Еңбек Қызыл Ту орденін омырауына жарқырата қадаған екен. Ауылдың қатардағы кінші медициналық қызметкерінің мұндай жоғары марапатқа иілуі өте сирек. Сондықтан да бұл марапат ол кісінің еңбегінің қаншалықты деңгейде болғандығын айтақтан тұрса керек. Бұдан соң әр жылдары бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталғанын ауыз толтыра айтуға болады.

Иә, өткенгеіз болашақ жоқ. Сондықтан да Қу-Балқаштау өңіріндегі көптеген баланың кіндігін кесіп, өмір сыйлаған осындай абзал адамдарды еске алып, ол кісілердің адал еңбегін айтып отырғанның артықтығы жоқ деп ойлаймын.

2017 ж.





## МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАҒЫШЫ

**Айгүл ұстаз болуды, жас ұрпаққа тәрбие беруді жан-тәнімен қалады. Өзінің жүрек қалауымен ұстаз болып, өмірдегі бақытын тапты.**



Бұл жай мақтау үшін айтылып отырған сөздер емес. Ойткені, Қарағанды қаласындағы №36 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Айгүл Рымбайқызы Рысбекова ұстаз болудың, жас жеткіншектердің үлкен өмірге қадам басуына, олардың білім көзінен нәр алуына баулитын, болашаққа жол сілтейтін мұғалім болудың

үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін жақсы түсінеді.

- Ұстаз болу жай ғана мамандық емес. Ол – адамға бағдар беруші. Егер менің тәрбиелеген шәкіртім терең білім алған, өмірде өз орнын тапқан, елінің қадесіне жарап жатқан айтулы азамат болып жатса – менің арманымның орындалғаны. Алға қойған мақсатымды жүзеге асыра отырып алға аттасам – бұл менің өмірімнің ең гажайып мәні дер едім. - дейді Айгүл Рымбайқызы. - Мен – ұстазбын. Мен өзімнің тағдырымды мектеппен, білім беру саласымен, ондағы

ұстаздар қауымымен, шәкірт болып жүрген балалармен ұшастырдым. Сондықтан да менің алға қойған мақсат жүгім ауыр, міндетім осал емес. Мен оны жүрегіммен, барлық болмысым арқылы сезінемін...

Айыудың ұстаздық еңбек өтілі он бір жыл болса, соның ішінде Қарағанды қаласының Октябрь ауданында орналасқан №36 орта білім беретін мектепте ұстаз бола бастағанына тоғыз жылдан асты. «Білім негізі – бастауышта» деп тегін айтыған. Бұл ұстаз жауапкершілігін одан сайын арттыра түседі. Өйткені, баланың қолына алғаш қалам ұстатып, ақ қағазға әрін салуды үйрету осы бастауышта басталатыны белгілі.

Ұстаз ретінде тек жалаң білім беріп қоюмен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Ұлы гұлама ұстаз Обу Насыр Ол-Фарабидің «Адамға бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзі ешқашан есінен шыққан емес. Соған орай біліммен қоса тәрбиеге де ерекше мән береді, оны кәсіби ұстанымы ретінде алтын қазыққа балап келеді.

Сабақты оқыта отырып ойданту, ойшата отырып оқыту сияқты әдістемелерді үнемі пайдалану өз жемісін береді. Оқу әрине басты орында. Дегенмен де оқушылардың шығармашылық қабілетін, өзіндік танымдық біліктілігін дамыта отырып, білім сапасын арттыруды ұйымдастырады.

Әй сабақ беретін 3 «в» сыныбында қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен арнаулы іс-жоспары бойынша жеке-жеке жұмыс жүргізеді. Оларды даралап та, саралап та оқытады. Еңбексүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеп, бар күш-жігерін сол арнаға арнайды.

Осындай жұмыстар өз нәтижесін беріп келеді. Сондай жұмыстардың арқасында қалалық және

облыстық жарыстарды былай қойғанда, Республикалық, Халықаралық байқауларда да жүлделі орындарды жеңіп алып жүргендігі мақтап етуге тұрарлық. Мәселен, сыныптағы шәкірттері Аяжан Ақеева II «Гүлша» Халықаралық байқау фестивалінде «Сәні үлгісі» аталымы бойынша бас жүлде «Iran-Prize» не болса, Нұртас Ғабдулманат «Көркем сөз» аталымы бойынша Абылайхан бейнесін жасап, бірінші дәрежелі Дипломмен марапатталды. Ал, Халықаралық «Ақ көгершін» балалар шығармашылығы фестиваль-байқауында 2014 жылдан бері алты рет жеңімпаз атанып, бір рет 2017 жылы «Iran-Prize» жеңіп алды. Өзі Омбы қаласында өткен Халықаралық «Зеленая математика» турниріне және басқа да шараларға балалар даярлағаны үшін 2014, 2015, 2016 жылдары бес рет сертификатқа ие болды. Одан үш жыл қатарынан «Үздік сынып жетекшісі» байқауында «Үздік ұстаз» аталымы бойынша жеңіске жетті. «Педагог» журналының 2016 жылғы №3 (33) санында «Білім беруде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі» атты мақаласы жарық көрді. Мектепте «Ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындарды тиімді пайдалану» тақырыбында баяндама оқып, өз тәжірибесін мұғалімдермен бөлісті. Әдебиеттік оқу пәнінен «Өз Наурыз» тақырыбындағы ашық сабағы, «Ойшайық та, ойлайық» атты интеллектуальдық ойышы мен «Ардақты ұстазым» атты сыныптан тыс шарасы мектепте «өте жақсы» деп бағаланды. «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбын үнемі сабақта қолданып отырады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде сыныбы «Үздік сынып» атағына ие болды.

Мектептің қоғамдық жұмыстарына да белсене араласып отырады. Уақытының жеткенінше педагогика салысындағы озық тәжірибелерді үйренуге, білімін

көтеруге, оларды өзінің жұмыс тәжірибесінде пайдалануға тырысады. Сол сияқты ұжым мүшелерімен тығыз байланыста қызмет атқара жүріп, жас ұстаздарға да білімін үйретуден қаншаңды.

Сөз соңында айтарым – білім мен тәрбиені берік ұштастыра отырып, табандылықпен атқарған еңбек әрқашан жемісін береді. Мұны Ангүлдің тәжірибесі көрсетіп отыр.

«Ұстаздық еткен жылқынас,

Үйретуден балаға,

Ақырын жүрші, анық бас,

Еңбегін кетпес далаға», - деп Абай атамыз тегін айтпаса керек.

*2018 ж.*



## ҒҰМЫРЫН ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНА АРНАҒАН

Облыстық соттың судьясы, апелляциялық сот алқасының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Әбдіәшім Салниді ұжым мүшелері білісті заңгер, әділетті судья ретінде жоғары бағалайды. Бүгінде алпыстың асқарына көтерілген заңгердің мұндай құрметке бөленуі өте орынды.



Әбдіәшім 1954 жылы 20 ақпанда Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылында тоғыз баланың алтыншысы болып дүниеге келеді. Сондағы орта мектепті басқа да балалар сияқты тәмамдайды. Бірақ әкесі Әлжаннар ерте қайтыс болып кетіп, шешетей бала қалғандықтан, ол бірден жоғары оқу орнына бара алмай, буыны енді ғана қатая бастаған жас

жеткіншек Жәйрем кең барлау экспедициясының құрылыс цехында еңбек жолын бастады. Қанша дегенмен де алысқа көз тіккен жас үйдегі өзінен кіші бауырларының мектепте қамсыз білім алуына жағдай жасай жүріп білім алуды арман етті. Сол арманы ақыры Қарағандыға жетелеп әкелген еді. Ол кезде жоғары оқу

орын-дарының дайындық курсы дегендер бар. Бұл курсты жақсы бітіргендердің жоғары оқу орнына түсіп кетуі мүмкін еңі зор болатын. Сондықтан да жайлы жатақханасы бар Қарағанды политехникалық институтының дайындық курсына таңдаған. Бірақ алға қойған мақсатына жете алмай қалады. Курсты аяқтатпай, 1972 жылдың мамыр айында әскерге алып кетеді. Ол кезде заң солай. Еріксіз аттанып жүре береді.

Әскер қатарында жігерін жанып, жігіт болып шығып аты. Отан алдындағы парызын Ленинград және Орал әскери округтерінде өтеген Әбдіәшім екі жылдан соң сүйікті Қарағандысына оралып, құжатын ҚарМУ-дың заң факультетіне тапсырады. Абырой болғанда, оқуына түсіп кеткен ол 1979 жылы бітіріп, қолында дипломы бар заңгер болып шыға келеді. Ол кездегі бір жақсынақ – оқу бітірген түлек қайда барамын деп уайымдамайтын. Жоғары білімді заңгерді сол кездегі Халық депутаттары Жезқазған облыстық атқару комитетінің Әділет бөліміне жібереді. Ондағы заң саласындағы алғашқы қызмет баспалдағы сот жүйесімен байланысты болды. Кейіннен Жаңаарқа ауданының Мемлекеттік нотариалдық кеңсесінде мемлекеттік нотариус болып қызмет атқарды.

Сот саласындағы қызметі Жаңаарқа аудандық халық сотында судьялыққа дайындықтан басталады. Сонда судья мамандығының қыр-сырын танып, үлкен асуға қалам жасады. Сөйтіп, алғаш рет 1982 жылы Балқаш қалалық халық сотының, одан соң 1987 жылы Жезқазған қалалық халық сотының судьясы болып сайланды. Осы қызметті 1992 жылы Қаражал қалалық сотында жалғастырды.

Өзінің өмірін сот саласына арнаған Әбдіәшім қай жерде қызмет атқармасын барынша әділ болуға тырысты. Соған орай марапаттарға да не бола бастады.

Мәселен, оған ҚР Әділет министрлігінің бұйрығымен І-ші біліктілік сыныбы берілген. Ал 2005 жылы Астана қаласында өткен Қазақстан судьяларының ІҮ съезіне делегат болып қағысты. Сол жылы «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медалімен марапатталды. Бұдан екі жыл өткен соң облыстық соттың судьясы болып тағайындалды.

Судья Әбдіәшім Әлжаншарұлы үшін сот жүйесінің қызметін жетілдіруге аянбай атсалысып, көп жылғы еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін ҚР Президентінің 2010 жылғы желтоқсан айындағы Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталуы еді. Заңгердің өзі бұл марапатын бәрінен де жоғары санайды, оның өз жөні де бар.

Әбекенмен әңгімелесе қалсаңыз бұрышпап-ақ араласып жүргендей, әңгімені әріден бастап кетеді. Қай салада әңгіме болмасын жетік білетін, жан-жақтылығы тағы бар. Ол кісімен қандай тақырыпта болмасын сөз таластыруға болады. Сол кезде оның тек судья ретінде ғана емес, азамат ретінде де өзінің көзқарасын анық айта білетіндігі өзінді баурап тұрады.

Заңгер ретінде, осы мәселенің «нұшпағын илеп жүрген» адам ретінде де айтары аза емес.

Бірде әңгіме үстінде заңдылықтың әделеттіліктен бұрын тұратындығына тоқталып, қанша дегенмен де анық қоз жеткен жағдайда әділетке қарай икемдейтіндігін де жасырмады. Қазір облыстық соттың апелляциялық алқасының мүшесі ретінде атқарып жүрген қызметі де қомақты. Алғашқы соттың шешіміне риза болмаған тараптың бірінін шағымын қарауға тура келеді. Мұнда да судья ретінде заңдылықтың салтанат құруына баса көңіл бөледі.

Облыстық соттың судьясы, кассациялық алқа мүшесі Өміртай Ыбыраев:

- Мен сол саласындағы қызметті 1982 жылы Балқаш қаласында бастадым. Әбекен сонда судья екен. Сол кездің өзінде бізге үлкен адам болып көрінетін. Тек жақсы жағынан ғана көріп, ол кісіден әлі күнге үлгі алып келеміз. Қазір біздің облыстық сотта Әбекенді бүкіл ұжым мүшелері құрмет тұтады. - деп әріптес ағасы жайлы ағынан жарылды.

Ол қазылықты алдына мақсат етіп қойған Әбекен ұлағаты отбасының ұйытқысы. Сүйікті жары Сәулетаймен бірге үш бала тәрбиелен отыр. Ұлкендері Шахназар әке жолын қуып, заңгерлік мамандықты таңдаған. Қазіргі кезде Қарағанды қаласында ішкі істер органдарында қызмет етеді. Шахнияз білім қуған студент болса, Шахмардан жоғары оқу орнынан соң әскер қатарынан оралды. Оның да негізгі мамандығы заңгер. Үлгілік «Ұлан» гвардиядасында әскерн борышын өтеген ол қызметке кіріспек ойда жүр.

- Сол саласында қызмет атқарған жылдарыңызда есте қалған бір ерекше оқиға болды ма? – деп сұраған едім.

- Болды. - деді Әбекен көп ойланбастан. – Осыдан біраз жыл бұрын бір жігіт келді. Көрмеген адамым сияқты. «Таныдыңыз ба?» деп сұрады. «Танымадым» деп шынымды айттым. Сонда ол: «Есіңізде ме, осыдан бес жыл бұрын мені бес жылға соттап жіберіп едіңіз ғой» дегені. Сол кезде ғана оқиға ойыма түсті. Бұл қылмысы дәлелденіп, мойнына қойылған бір оралман жігіт болатын. «Өзінің кінәсіздігін айтып, маған ренішін білдіруге келген шығар» деп ойлағам. Олай болмады. «Сіз дұрыс істедіңіз. Сол үшін сізге рахметімді айтайын деп келдім» деді. Мен не дерімді білмей қалдым. Ол шамалыдан соң тағы да рахметін айтып, шығып кетті. Міне, өмірде осындай да болады екен.



Сот саласында ұзақ жыл мұтсіз қызмет атқарып келе жатқан, қою кара мұртты, алпамсадай жігіт ағасының мол пішілген денесіндегі адамгершілік сезімінің де молдығына күмәнсіз пейілмен аттандым.

Ескерту: Бұл мақала 2014 жылы жазылып «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді. Қазір Әбекен құрметті демалыста.



## «ӨМІРІМДІ ӨНЕРІММЕН КӨМКЕРДІМ»

Сәкен Сейфуллин атындағы біздің облыстық каттак драма театрында өзінің өнерімен жұртшылық көңілінен шығып жүрген жайсаңдардың бірі артист, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Бауыржан Мұратұлы Сүлейменов. Ердің жасы елуден асқан опер шеберімен жүздесіп, сұхбаттасудың реті келіп қалып еді.

-- Бауыржан, әңгіме-мізді өмір жолдарышап бастасақ деймін. Әуелі өткен өмірге көз жүгіртсек...

- Менің өмірімде атап айтарлықтай еркіше бір кезеңдер болған жоқ. Балалық және жастық шағым ауылда өтті. Қарқаралы ауданының бұрынғы Қасым Аманжолов атындағы шаруашылығында 1963 жылы дүниеге келіппін. Әкем мал бақты. Мен үйдегі он екі баланың төртіншісімін. Жайлауда теледидар деген бола бермейді. Ол көрінген жерде ұстамайды ғой. Сондықтан да радиоқабылдағыштың жанынан шықпайтынбыз. Әкеміздің өзі жанына отырғызып қойып радио-



қойылымдарды үзбей талдатамын. Жасымнан қазақтың басқа да ауыл балалары сияқты домбыра тартып, олең айтып өстім. Спортқа да бейім болдым. Ақыры спортқа деген ынтам жеңіп, орта мектептен соң сол кездегі Қарағанды дене тәрбиесі-педагогикалық институтына оқуға түстім де, оны 1984 жылы бітіріп шықтым. Содан бір жылдай мектепте мұғалімдік қызмет атқардым. Негізі балалармен жұмыс маған ұнады. Таңертеңнен кешке дейін мектептен шықпай, оқушылардың ортасында жүретінмін. Содан Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты қойылымдар әзірлеу керек болды. Сондай бір сахналық көрініс жасап, әуелі ауылда көрсеттік. Одан соң аудан орталығы Қарқаралыға әкеліп қойдық. Көрермендердің барлығына ұнады. Ауданнан бірінші орын алған бізді астанамыз Алматыға жіберді. Бәрі сол қойылымнан басталды ғой. Мен Кәукен Кенжетәевтың, Майра Смағұлованың, Есім Сегізбаевтің және басқа да белгілі өнер майталмандарының назарына ілініп қалыппын. Өйткені, мен тек ролдерде ғана ойнаған жоқпын, көптеген әндер де шырқап ал едім.

- Бауке, мен де осы өнерге қалай келгеніңді сұрауға ыңғайланып отыр едім. Өзіңіз бастап кеттіңіз. Енді әрі қарай жалғастыра беріңіз...

- Сонымен, мені әлгі адамдар, соның ішінде Есім Сегізбаев ағамыз жеке шақырып алып, өмірімді өнер жолына арнауыма, Алматыда қалуға, Опер институтына түсуге үгіттеді. Сондай адамдар шақырып тұрған соң бас тартуға бола ма? Қуана келістім. Маған, әсіресе, Есім Жүкенұлының сіңірген еңбегі зор. Ол кісіні екінші әкем деп айтсам да артық емес қой деп ойлаймын. Төрт жыл бойы осы кісілердің және басқа да қазақ өнерінің қара шаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының, Ғабит Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының майталмандарының өнерін

таманадай жүріп, олардан ғабрат ала жүріп, опер профессорларының берген дәрісінен оқып, үйрене жүріп оқуымды бітіріп шықтым.

**- Сол опер оқу ордасын бітірген соң осы Қарағандың жол тарттыңыз ба?**

- Иә. Мен осында жол тарттым. Ая, менің курестастарымның көпшілігі сол кезде Павлодар қаласында жаңадан ашылған Жүсіпбек Аймауытов атындағы музыкалық театрға жол тартты. Сол жана отрудың шақырағын көтеруге сенігін тигізді. Мені де шақырған болатын. Ойткен, бұл орда музыкалық театр еді. Мен болсам, ән салатын да оперім бар. Халық әндерін. Үкіл Ыбырайдың әндерін шырқаймын, Қаптанғанның жырларын толғаймын. Сондықтан да осы театр сенің қолың деп үгіттегендер табылды. Дегенмен мен алған беттен қайтпадым.

Осыма қазір өкінбеймін де. Мені 1991 жылы өзімнің Қарағандым құшақ жая қарсы алды. Шығармашылық жұмыстарға жол ашу үшін келген жылы екі бөлмелі үй берді. 2007 жылы Қазақстанның Мәдениет қайраткері атандым. Осы уақытқа дейін 60-тан астам ірілі-уақты бейне сомдаған болсам, соның барлығында да ұжымның, театр басшылары мен режиссерлері тарапынан қолдау көрсетілді деп ойлаймын.

**- Ойнаған рольдеріңіздің ішінде қайсысын өзіңіз жапыңызға жақын санайсы?**

- Иттен шыққан шұбар жылан ғой. Сол рольдердің барлығы да жанымға жақын сияқты. Дегенмен де ұлы Мұхтар Әуезовтің «Айман – Шолпан» спектакліндегі Әлібектің бейнесін ерекше құлшыныспен жасадым. Бұл роль тек маған ғана емес, театр сыншыларының көпшілігінің көзіне жақсы жағынан түсті. Басқа да сомдаған бейнелерім көп.

- Ал, нашар шыққан, соның ойынаған рольдеріңіз болды ма?

- Әрине, болды. Мен ағым Перайып Сапарбайдың «Сыған серенадасы» спектаклінде Барон ролін ойнадым. Бұл роль әуелде оғым ойлағандай дәрежеде шықпай жүрді. Барон қанша дегенмен де қазақ емес қой. Оны көрерменге сенімді етіп жеткізе білу керек. Сондықтан да кейінгі ойындарда жаңа бір ерекшеліктер қосу керек болды. Оны тауһар тасты алтын баалақ деп түсіндім. Сол арқылы қызы Изольданы Шәмшіге бермейтіндігін сөзбен емес, сахналық тілмен жеткіздік. Сонда ғана ролім сәтті шықты ғой деп ойлаймын.

- Болашақ спектакльді сахнаға шығарар алдында роль бөлісетінің, яғни режиссер болашақ кейінкерлерді артистерге тапсыратынын білеміз. Сондай сәтте сіздің қалаған роліңіздің тімемі қалған сәті кездесті ме?

- Кездесті. Бұл Отелло ролі еді. Әйгілі Шекспирдің «Отеллосын» біздің театрдың сахнасында қазақ театр өнерінің хас шебері, атақты режиссер Маман Байсеркенов Алматыдан әдейі келіп қойды. Сол кезде мен Отеллоны сұрап едім, мен осы бейнені жасауға құлшынып едім және оны сомдауға іштей дайын едім. Бірақ басқаша болып шықты. Бермеді. Маған тиен Родриго ролін қосынған жоқпын, өз дәрежесінде ойнадым. Ол кісі «Отеллоны» қою үшін небәрі 45 күнге ғана келіпті. Негізі мұндай күрделі спектакльді МХАТ-тың өзі кем дегенде 2-3 ай дайындайды. Отеллоны театрымыздың майталман шебері Қайрекен – Қайрат Кемалов ағамыз сомдады. Әрине, ол кісінің талантына шәк келтіруге болмайды. Жұртшылықтың көңілінен шыққан бейне болды. Кейіннен Маман ағамыздың өзі кішкене ертерек келіп, артистердің басқа спектакльдердегі ойындарын көріп, амилуасымен алдың

да танысатанына өкініш білдірді. Дегенмен, қысқа ғана уақыттың ішінде дайындалғанымен, «Отелло» біздің театрдың тарихындағы еңгі қойылымдардың бірі ретінде қалды.

- Сіз өнер ордасының өкілі ретінде қазіргі қазақ өнері, оның ішінде театр өнері қандай дәрежеде болса екен деп ойлайсыз? Оның репертуарлары қалай?

- Бұл жерде айта кететін басты мәселе – театрдың болуына туралы. Бұл мәселе жайлы танай айтылып та, жазылып та жүр. Шыныш айтсам, театр өлара кезеңде тұр. Қазір қайта жұртшылық көңіл көтеру үшін, бір серітін қайту үшін келеді. Бір кезде «Қаңшама қаржыны босқа шығарып, осы театр дегеннің не керекті бар?» дегендер де болды. Шынында да көпшілік қауым, әсіресе жастар театрға сирек келеді. Олардың көретіні кино, қазір «Интернет» деген пайда болды. Онда не керектің бәрі табылады. Бұл енді жұртшылыққа айтып жатқан базынам ғой. Негізгі сұраққа келетін болсақ, қазіргі театрымыз Еуропаланып барады. Жасыратыны жоқ, кейінгі кездері басқа елдің шығармаларына әуес болып кеттік. Мен біздің театрды ғана айтып отырғамын жоқ. Жалпы үрдіс солай. Айтпақшы, 2011 жылы Қырымға барып, он төрт мемлекеттің театры қатысқан «Театр. Чехов. Ялта» атты халықаралық байқауға қатыстық. Өнеріміз жаман болған жоқ. Екінші орын алып қайттық. Сонда Мәскеуден келген бір режиссер: «Алтай халықтарының бір спектаклін тамашалағанда қазақ әндерін тыңдап, бір жасап қалғанмын. Осы жолы да бір рахаттанамын деп ойлаған едім. Ол ойым орындалмады» деген болатын. Осы сөз менің есімнен әете қалмайды. Репертуар сөз болған кезде халқымыздың дәстүрі мен салтын, ауыз әдебиетін, эпостық жанрларды ұмытпауымыз қажет. Негізінен

өзіміздің халықтың тол туындылары. оның ішінде «Қозы-Көрпеш – Баян сұтұ», «Елдік – Кебек», «Қарақышпақ Қобыланды», «Айман – Шолпан» және басқалары сахнадан түспеуге тиіс деп ойлаймын. Бұл ойымды әріптестеріме айтып та жүрмін.

- Мен сізге мынадай бір сұрақ қойғым келіп отыр. Мәселен, қапдай да болмасын опертің көрермені, тыңдарманы, әдебиеттің оқырманы болады. Кейде солардың арасында бір жақты ғана емес, екі жақты да байланыс жасалады. Оқырман өзінің пікірін айтады, баспасөзде пікірін білдіреді дегендей. Ал, театр өнері мен көрермен арасындағы байланыс (оны «кері байланыс» деп айтса да болатын шығар) қандай болуы керек деп ойлайсыз? Негізі театрда осы «кері байланыс» деген бар ма?

- Иә, иә... (біршама ойланып барып әңгімесін бастады) Ондай байланыс бар. Біздің өнеріміз туралы да баспасөз бетінде рецензиялар аз шықпайды. Дегенмен де... Біз Мұхтар Мағауиннің шығармасы бойынша Кеңес Жұмабековтің инсценировкасымен «Әйел махаббаты» спектаклін қойдық. Режиссері Рамазан Баймағанбетов марқұм болатын. Мен онда Арыстан ролін сомдадым. Осы қойылым өткен соң сахнаның сыртына екі жігіт келді. Екеуі де көз жасын көл етіпті. Әбден риза болғандары ғой. «Рахмет» деген сөзді қайталай береді. басқа ештеңе айтпайды. Міне, осы оқиғаны мен «кері байланысқа» жатқызар едім. Сол сияқты спектакль жұрт көңілінен шығып жатса, олар әлсін-әлсін ау қол шапалақтап отырады.

- Аузыңызға Алланы жпн алады екенсіз...

- Өйткені ол бар ғаламның жаратушысы. Менің сәждеге бас қойғанымда биыл он алты жыл болады. Бес уақыт намазымды қаза қылмауға тырысамын. Адам өзінің бойындағы бар байлығын үнемі өзімен бірге алып

жүре алмайды ғой. Сондықтан да оның барлығын жаратқанын бір өзіне тапсыру керек. Сонда ғана адам еркін жүре алады. Өзін жеңіл сезінеді. Бірде, біз әлгі айтқан «Өнел махаббатын» қоюға дайындалып жатқанбыз, жашыма Рамазан Баймағамбетов келді. «Жасымнан дин тәрбие алмағанымға өкінемін» деді. Сондықтан да бәріміз Аллаға ғана тапсыру керек. Мен де сойттім. Қандай жағдайда болмасын бір Аллаға сыйыбай ісімді бастамаймын.

- Ауылда туып-өскеніңізді айтып өттіңіз. Қазір ел жақпен байланыс үзіліп қалған жоқ па?

- Жоқ, үзілген жоқ. Ауылда тұтап-туыстар бар. Солармен үзбей араласып тұрамын. Айтпақшы, мен ауылда тұрамын ғой.

- Қалай?

- Кәдімгідей. Қазір мына қала іргесіндегі Үштөбе ауылында тұрып жатырмын. Қой ұстағам. Қазір уақ малды қойын, жылқы, сиыр еняқты ірі кара мал ұстауға коштім. Сиырдың сүтін ұқсатамыз. Жаз бойы бие сауып, қымыз ұстаймыз. Сары май, құрт, ірімшік дегендер өз үйімізде. Кейінгі жастарды да осындай іске шақырамын. Өркімнің өз азығы өз қолында болғанына не жетейі.

- Енді соңғы сұрақта отбасыңыз төңірегіне тоқталып, соңымен аяқтасақ деген ойым бар.

- Ол да дұрыс. Жұбайым Айнұр Төлеуғазықызы Қаймолла қаладағы №92 гимназияда бастауыш сыныптар мұғалімі. Кішкентай Шахризадамыз, одан ересек Бейбарыс, Мәдина және Толғанай деген балаларымыз бар.

- Сұхбатыңызға көп рахмет. Өнер жолындағы еңбегіңіз еселене берсін.

2014 ж.



## АҚЫЛЫ АСҚАН ДАРИЯ



Облысымызда тоқсаннан асқан талай қарт өмір сүріп, балалары мен немерелерінің, шөберелерінің мейірбанды мерейіне айналып отыр. Олар өткен ғасырда балалары мен немерлерін асырап, солардың адам қатарына қосылуына, үлкен өмірге қанат қағуына жағдай жасаған болса, бүгінгі күні өзі сол балалардың қолында, өзінің өмірген ағашының жемісін қоруде. Ойлап отырсаңыз осының барлығы тек айтуға ғана оңай. Біз сөз еткелі отырған тоқсанның екеуін бітіріп, үшіншісіне қадам басқан қарт әже, Ардақты ана Рабига Сыздықбаева да сондай жанлардың бірі.

Ол кісі қазір Топар кентінде кіші қызы Мәрияның қолында еш нәрсеге тарықпай, еш нәрсеге зарықпай, қуанышты көңілмен өмір сүріп жатыр. Ол кісінің әжім басқан жүзіне қарап отырып бақытты жанның кейінгі

аңғару қиын емес. Не айта да күлмедеген жүзбен, ашапсыз пейілмен ашық сөйлейді. Қатжың сөзді қосып қоюда да ұмытпайды. Оңтүстігінің арасып өзінің бақыты екендігі туралы кіріселермен тұздықтап отырады. Кешегі өткен дәуреннің әсем әндерін сызылғандығын қайтесін. Осылардың барлығы көрген адамның өзінің көңіліне қуаныш тұрып себелен, «осылай қартайсақ, арман жоқ қой» деген ойды да ұялатпай қоймайды. Дегенмен де тоқсаншың екеуі деген аты болмаса, ол кісі әлі де ширақ, ете сақтау қабілеті де жақсы, сөзі түсінікті, бір айтқанын екі қайталамайды. Тек Алланың осы бергеніне шүкіршілік етуден өмірі таңған емес.

Рәбиға анай үйде қаран отыра алмайды екен. Балаларына көмектесін, үй шаруасының бір шегінде жүреді. Күзгі кезде бақнадағы жеміс-жидектерді өзі жинайды екен. «Оны істейтін кісілер бар ғой, өзіміз жинаймыз» деген немерлеріне: «Жоқ, болмайды, қозғалмасам – денем құрысын қалады» деп білек сыбана кірісін кетеді.

Ол кісі Ақтобе облысының Темір ауданына қарасты шағын Шапқар аулында дүниеге келіпті. Өткен ғасырдың қиын-қыстау шақтары көп болды. Жастық шағы соғыс жылдарына доп келді. Мектептегі оқудан колхоздағы жұмыстың бағым болып кеткен шағы еді ол. Түске дейін сабақта, түстен кейін етіндегі масақта болды. Бір сөзбен айтқанда ауылдың барлық шаруашылық қияметінің бел ортасында жүріп ержетті. Ширақтығының арқасында ауылда сатушылық қызмет атқарады, сауаттылығы жақсы болған соң сотта хатшы да болып істейді. Халқымыздың еңсесін көтертпейтін сол заманның 1946 жылы апамыз ел арасында Бимат аталып кеткен Бимұхамбет Сыздықбаев деген қарағандылық жігітке тұрмысқа шығып, Топар кентіне

келін болып түседі. Өмір бойы машина жүргізуші болып еңбек еткен, ширек ғасыр бұрын бақилық болған отағасы екеуі оң баланы дүниеге әкеліп (кейін екеуі шетінен кетіпті), оларға тәрбие беріп, білім алуына жағдай жасаудан ешқашан тапбаған.

Жары қайтқан соң барлық тәрбие жұмысын өз мойнына қалған ана ештеңеге мойымайды. Ол кезде анайдың өз сөзімен айтсақ – «айналайын өкіметтің көмегі көп болды ғой». Анай солдан отбасылы болған үлкендерінің арқасында балаларына жетімдік көрсетпей, өзі жесірліктің ауыршалығын қормай, өзі жұмыс істеп, сегіз баласының барлығын өсіріп шығарады. Бүгінде Сәбила, Орал, Галия, Мәрия, Сәния, Серік, Марал, Әлия атты сегіз баласынан 26 немере, 42 шөбере, 3 шөпшек көріп отыр. Оларды қызықтаудан ешқашан жалықпайды. Енді кешірек көрсем деген арманы да жоқ емес. Қазір балаларының алды зейнеткерлікке шыққан. Олар Астана мен Қарағанды қаласында тұрып, тамаша еңбек етіп жатыр. Ал, немерелерінің алды сан түрлі мекемелерде лауазымды қызметтерде, шетелдерде жоғары білім алып жатқандары да бар. Шөберелері орта мектепте оқып жүр, шөпшектері балалар бақшасында.

Рәбиға апай сөзінің арасында осы жасқа жеткені ешкіммен сөзге келмегінің, ешқашан ала жіп аттамағанының, әрқашан халықпен сыйластықта болғандығының арқасы дегенді айтады. Ол да рас. Айналадағы көрші-қолаң, алыс-жақындағы туыс-жекжаттың барлығы да апайдың қал жағдайын сұрап жатады. Шын мәрінде мәуелі бәйтерекке айналған Рәбиға апай кеңпейіл, өмірі дауыс көтеріп, қатты ашуға беріліп көрген жан емес. Қандай істі болмасын ақылмен шешуге тырысады. Сол әдеті әлі де қалмаған. Оны көрген балалары мен немерелері де соны қайталауға

тырысады. Барлықтары ұжымшы. Келіндерін қызындай көреді. Тәрбие беру ісінде жан салмайтын қарт ананың келіндері де алдынап кесе қолденең отпейді. Әжелерінің ымаураатып қалғанын естісе, сол етінде жетуге тырысады. Ұлағат деген, сірә, осы болар! «Қазыналы қария – ақылы асқан дария» деп тегін айтаған той. Ана деген ардақты ат екенін балалары өте жақсы түсініп, күтетін болса, немерелері әжелерін ардақ тұтады.

Тонар кентіндегі бұл отбасында күнде той деп айтақ артық емес. Әр балаешның, әр немересінің келуінің өзі үлкен қуаныш. Оған қоса әрбір мереке де әкімшілік тарапынан атаусыз қалмайды. Токсан жасқа келгенде әкімнің құттықтауын алған болса, жыл сайын 8 наурыз күндері Абай ауданы әкімінің құттықтауып алып жатады. Осылай елен-ескерін жатқанына қадірменді қария дән риза. Келген қонақтарды ақ батасын жаудырын шығарын салады. Олар болса, өзін бақытты ана санайтын, балаларын байлығына балайтын қарт ананың әлі де жасай беруіне тілектестікпен аттанады.

**СУРЕТТЕ:** қарт әже Рәбиға Сыздықбаева немерелерінің ортасында.

*2014 ж.*

Ескерту: Токсаннан асқан қарт әже 2016 жылы дүниеден өтті.



## ҚАМҚӨҢІЛДІҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

Бүгінде алпыстың жалғыз қол салған айтулы азаматтардың бірі, қазір Қарағанды психикалық-неврологиялық интернат-үйінің директоры болып қызмет атқаратын Серік Сыздықұлы.



«Интернат-үйі» деп аталғанымен, онда кілең наукас, оның ішінде психикасы ауытқыған жарымжан жандар күн кешуде. Олар өздерінің ерік-жігерін өздері басқара алмайтын, қабілеті кемшін жандар. Сондықтан да оларға аса мұқият қарап, мүсіркеумен бірге, ересектер болғанымен жас баладай мәпелеуді қажет етеді. Күнделікті ғана емес, сағат сайын қадағалауды, тіпті

көзден таса етпеуді қажетсінетіндер де бар. Сондықтан да Секең басқаруға келген 1996 жылдан бастап интернат-үйінің жағдайы күрт жақсарды деп атап өтуге тұрарлық. Қашан да қиын істен қорықпайтын, алған ісін бітірмей тынбайтын басын келген жылдың өзінде талай жұмыс тындырды. Келе сала интернат-үйінің ішкі және сыртқы жылу жүйесін толығымен ауыстырып, жанадан іске қосты. Екі жылдан соң жекелей жылыту жүйесін салдырып алды. Соның нәтижесінде бұрын

бөлмелердегі жылу 15 градустан аспайтын болса, енді 22-23 градусқа дейін жететін болды. Қамкөңілді жан-дардың жаңа қамқоршысының арқсында туганнан табиғат кемшін еткен жан-дар үлкен қуанышқа бөленді. Ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізілді. Барлық корпус-тардың шатырлары жаңартылды. Қамқорлықтағы әрбірадам тұратын бөлме жөнделді. Әр түрлі қызмет көрсететін арнаулы орындарға, дәретханалар мен жуынатын жерлерге, асханаға, мошсаға қайтадан керамикалық тақтайшалар (кафельдер) жапсырылды. Барлық терезелер жаңартылды. Көпшілік залы күрделі жөндеуден өтіп, көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылды, керекті музыка аспаптары мен сахналық кімдер алынды. Сыртқы аумаққа түгелдей текше тастар төселді. Жаңа тағы бір ғимараттың құрылысы былтыр ғана аяқталып, іске қосылды. Енді тағы бір құрылыс – қойма салу жоспары бар. Оның жобалық құжаттамалары дайын. Қаражат қолға тиісімен бастап кетпек ойларында бар.

Интернат-үйінің айналасы толықтай көршалды. Әсіресе, жеке төменгі станция салып алуы өте пайдалы болды. Өйткені мұнда жеткен электр қуатының кернеуі төмен болғандықтан, шамның өзі сығырайып жанып, электр қуатымен жүретін машиналар тоқтап қалады. Сондықтан жаңа салынған төменгі станция кернеуді арттырып, электр қуатының өз деңгейінде болуына, сойтіп барлық аспаптардың, оның ішінде тамақ пісіретін пештің дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасады.

Қиын уақыттарда қосалқы шаруашылық ұсталып, интернат-үйін мүмкіндігінше азық-түлікпен қамтамасыз етуге қол жеткізілді. Қазіргі кезде қамқорлықтағы адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстары жақсартылған. Интернат-үйінің жөндеу жұмыстары толықтай өз күшімен атқарылады. Бүгінгі күнде тіс

емдеу кабинеті, физио кабинеттер жұмыс істеп тұр және олардың барлығы кәжегі жабдықтармен камтамасыз етілген. Кейінде интернат-үйі тағы да 30 адамға ұлғайтылды. Камқорлықтағы адамдардың спортпен шұғылдануына толық мүмкіндік жасалған. Спортшылар республикалық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделерге ие болып та жүр. Директор Серік Сыздықов тағдырдың онсыз да тауқыметін тартып жүрген кембағал жандарға қолдан келгенінше камқорлық жасаудап бас тартқан емес. Интернат-үйінің камқорлығындағы адамдар болсын, онда қызмет аатқаратындар болсын өздерінің осындан басшыларын мақтан егеді.

Иә, мұндайде еріксіз кешегі күнге көз жүгіртесін. Өйткені өткенсіз болашақ жоқ.

Өткен күнге көз салсақ – ол бала кезінде ақ таяқты ат қылып мініп шапқылаған, кейінде тұстастарымен кара жолдың бөйында асық ойнап ер жеткен ауылдың карасирақ балаларының бірі болатын. Дегенмен ата-анасы осы бір егі тірі балсынан көп үміт күтетін. Өйткені ол туып-өскен бұрынғы Егіндібұлақ ауданының «Қаратау» сөвхозындағы өзі қатарлы балалардың көпшілігінен қай жағынан болсын оқ бойы озық тұрды. Сабағына алғыр еді. Бұған коса коркем әдебиетті, әсіресе тарихи романдарды өте сүйіп оқытып. Мектептегі белсенді оқушылардың бірі болды. Сол кезде елдің бәрінде бірдей бола бермейтін радиоқабылдағыштан беріліп жатқан хабарларды да үзбей тыңдайтын. Соның бәрін құлағына құя берген Серік Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына өз күшімен барып түскен еді. Оны 1972 жылы зоотехника мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шықты.

Еңбек жолын Қарқаралының зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумында оқытушы болып бастаған еді. Жоғары оқу орнында алған білімін орта білімді зоотехникалық мамандық алуға талпынып жатқан жігіттердің зердесіне құя білді. Оқу орнының барлық қоғамдық өміріне белсене араласты. Осында бес жыл қызмет атқарған соң біраз уақыт тәжірибелік жұмыспен айналысуды да ойлаған. Сойтын, бір жылға толартолмас уақыт сол кездегі Егіндібұлақ ауданының «Комсомол» совхозында бас зоотехник болып қызмет атқарып жүрген кезінде зооветтехникумға бөлім меңгерушілігіне қайтадан қызметке шақырды. Осында келген соң төрт жылдан кейін техникум директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағы бес жыл қызмет атқарады. Еңбек ете жүріп Мәскеудің Скрыбин атындағы ветеринарлық академиясын ұстыздық мамандығы бойынша бітіріп алады. Сол жылдары бұл орта оқу орны республикадағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналды. Техникумда 1982 жылы ауыл шаруашылығы есептеріні жүргізетін мамандар даярлайтын жана факультет ашылды. Атқарған қызметі жоғары бағаланып, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен республика ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподақтары комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өзінің тиянақты ісінен көрінген азаматтарды партия жұмысына салатын сол кезде бір ерекше үрдіс болатын. Сол әдетпен Серік сыздықұлыын Қарқаралы ауданының «Ынтылы» совхозындағы партия комитетіше хатшы етіп жіберді. Осында болған бір жылдан астам уақыт ішінде де көптеген істер тындырып, бірталай жұмыстардың ұйытқысы болды. Партком хатшысы ретінде ұжымда тәрбие және саяси-идеологиялық жұмыстарды дамытып, партия комитеті жанынан



кабинет ашты. Оның жоспарлы түрде қызмет атқаруын қамтамасыз етті.

Осындай қажырлы жігітті ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы етін сайлады. Бұл кезде ол ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыру, олардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту жұмыстарына мән берді. Әр малшының үйінің талника сай болуын үнемі қадағалап, әр бөлімше орталығына монша салғызды. Тұрғын үйлердің дұрыс болуына, әсіресе соғыс және еңбек ардагерлерінің, көп балалы отбасыларының пәтер мәселесін шешуге көп ұшып беріп отырды. Тұрғын үй кезегінің жариялығын жүзеге асырды.

Токсаныншы жылдардың басында Секенді Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары етіп тағайындады. Бұл кез нағыз қиын, бұрынғы Одақ тараған, бүкіл республика бойынша қаржы мәселесін тапшы, жалпы халықтың әл-ауқаты төмендеген уақыт еді. Еңбек етушілердің еңбекакасы, зейнеткерлердің зейнетақылары айлап-жылдап төленбей жатқан кез болатын. Бюджетке түскен азғантай қаражатты әділетті бөлуге тікелей басшылық жасады.

Аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарып жүрген кезінде Қ.Қуанышбаевтың 100 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтілді. Кеңес Одағының Батыры М.Мамыраевтың туған ауылында мұражай ашылды. Х.Елебекованың 80 жылдық мерейтойы, Ж.Елебековтың туғанына 90 жыл, Бұқар жыраудың 325 жылдығы сияқты саси-тәрбиелік мәні бар шараларды өткізуге тікелей араласып, басшылық жасады. Дауылпаз акын Қ.Аманжоловтың 80 жылдығына орай арнайы стипендия тағайындалды.

Сол етпендияның бірінші иегері айтыскер ақын Аманжол Олтаев болған еді.

Абайдың 150 жылдығы қарсаңында Қарқаралы қаласында Құнанбай қажы мешіті. Потанин тоқтаған. Абай тоқтаған үйлер толық жөндеуден өткізіліп, бұрынғы қалпына келтірілді. Кейіннен Абай тоқтаған үйге музыка мектебі орналастырылды.

Міне, осы сияқты көптеген істер атқарылып, солардың барлығына да жігері мол азамат Серік Сыздықов дұрыс басшылық жасап білді.

Бұдан соң Секеңнің интернат-үйіне қалай басшылық жасап, қалай қамқоршы болып жүргенін айтып өттік. Ол кісі қайда қызмет атқарса да, өз ісіне өте жауапты қарайтын мол адамгершілік несі екендігін таныта білді. Өзі де жауапкершілікпен қарайтын болған соң қарамағындағылардан да соны талап етеді. Білгір маман, іскер ұйымдастырушы, қабілетті басшы. Жөк нәрсеге мойымай, қолда барды іскерлікпен пайдалана білетін жаңа заманға лайық жетекші екендігін көрсетіп жүр. Көптеген марапаттардың иегері.

Отбасында үш бала тәрбиелен өсірген, оларға жоғары білі әперген ұлағатты ұя несіне алдағы уақытта да мол табыстарға жете беруіне зор тілектестік білдіреміз.

Ескерту: Бұл мақала Секеңнің 60 жасқа толуына орай жазылып, «Орталық Қазақстан» газетінің 2008 жылы 22 мамыр күнгі санында жарық көрген еді. Тағдырдың жазуымен 2018 жылы 70-ке қараған шағында кенеттен дүние салды.



## АУЫЛДАСТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Қарқаралы ауданының Аппаз ауылында туып-өскен Балтабай Тілегенов жайлы осылай айтсақ, артық емес. Өмірден көргені, көргенінен түйгені мол ауыл ағасын сұм ажал жалған дүниемен жастай қолтастырды.



Иә, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы жарық көрген газеттерді парактан отырсаңыз Балтабай Тілегенов деп қол қойған ірілі-ұсақты мақалаларға жиі ұшырасасыз. «Бұл айтып тұрғаныңыз кім болды екен?» деген сұрақ қоюы мүмкін ғой оқырмап жұртшылықтың. «Бұл – Балтабай Тілегенов, Қарқаралы ауданының сол кездегі Жамбыл атындағы совхозында тұрған, сол ауылдағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген білікті ұстаз» деп жауап берер едім мен оған.

Жасынан алғыр болып өскен Балтабай Қарағанды педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген соң Қарқаралы ауданындағы бірталай мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Өзінің туған ауылы Жамбыл атындағы совхоздың орталығы

Ашпаз ауылына жетпісінің жылдардың басында ғана оранған екен.

Үстаз болып еңбек етіп жүрген кезінде елім деген ет жүреті елжіреткен жас айналадағы болып жатқан оқиғаларға марғау қарай алмайды. Оның жақсысына қуанып, жаманына жирене қарайды. Сондай ішкі толаныс тыныш жатқызып ба, еріксіз қолына қалам алығанды. Сөйтіп, ұстаздық қызметті бастаған сәттен жергілікті газеттерге өзінің еңбек етіп жатқан жеріндегі жыл еткен жаңалықты жазып тұруға машықтанады. Сол кездегі аудандық «Коммунизм таңы» газетінің әр санында ауылда болып жатқан заманға сай оқиға жарқ етіп көрініп тұратын. Ол мақала, әрине, ауылдың қарапайым адамдарының еңбектен жетістіктері жайлы болатын. Балтөкеннің қаламынан туған шағын суреттемелердің негізгі арқауы жолдастық, адамгершілік, сыйластық, қарапайымдылық, кішіпейілділік болатын. Ауылда адал еңбек етіп, өзінің маңдай терімен нәпақа тауып жүрген малшы, механизматорлардың озат тәжірибесін жұртшылыққа насихаттайтын. Мұны ол шын пейілімен жүзеге асырып, мектептің қарапайым мұғалімі болса да, совхоз экономикасының өркендеуіне үнемі зер салып отырды. Кейіннен облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне де мақалалары шыға бастады. Ақыры, осы басылымдардың жергілікті жердегі тілшісіне айналды.

Оған осылай істе деп ешкім тапсырмаса да, бұл өзінің жүрек қалауымен тандаған қоғамдық жұмысы еді. Бірақ, Балтабай Тілегенов тек біржақты ғана емес, жан-жақты адам еді. Домбыраның құлағында ойнайтын ол ән де салатын, күй де тартатын. Мектепте үйірмелер ұйымдастырып, соның дәл ортасында өзі жүруші еді. Айтпақшы, ол кісінің басты мамандығы мұғалімдік қой. Соған орай қарапайым мұғалімнің мектептегі еңбегі

туралы айтпай кетуге болмайды. Мұғалім – ауылдағы басты тұлға және мәдениеттің бастаушысы. Ол – бала тәрбиешісі. Ол – білім нәріне суеындатушы. Бір сөзбен айтқанда – бала жанының бағбаны. Мұны ұстаз Балтекен өте жақсы түсіне білген. Сондықтан да, ол оқушыларға тиянақты білім беру ісінде ешқашан жалығып көрген емес. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибелі ұстаздардың әдістемелерінен үйрене жүріп шыдалды. Алдыңғы қатарлы ұстаздардың қатарынан көріне білді. Жыл сайын тамыз айында өтетін аудан мұғалімдерінің конференциясында Балтабай Тілегеповтің мадақталмай қалған кездері жоқ шығар. «Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі» атануы сол сөзіміздің дәлелі.

Білікті ұстаз әрбір сабағына тыңғылықты әзірленеді, сабақтың тартымды өтуіне, оқушыға түсінікті болуына барлық мүмкіндікті жұмсайды. Көрнекі және техникалық құралдарды үнемі пайдаланып, сабақты барлық ыңғасымен өткізуді еді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан да халық ауыз әдебиетін жатқа білетін. Үзбей оқитындықтан кейінгі ақын-жазушылардың шығармалары туралы да дерегі мол еді. Соның барлығын өзі ғана біліп қоймай, өз білгенін алдында отырған оқушылардың көңіліне тоқытсам деген ниетпен қызмет етті. Балтекеннің алдынан талай шәкірт қанаттанып шыққандығы сөзсіз. Қазіргі кезде олардың ішінде жетістіктерге ие болғандары жеткілікті. Ауыл болған соң солардың көпшілігі туған жерінде қалып, еңбегімен ел құрметіне бөленді.

Бір өкініштісі, Балтекен өмірден ерте өтті. Жапа 1980 жылды көре алмай, жыл табалдырығын аттар шақта 47 жасында бақилық болған екен. Артында жары Гүлжамал үйелмелі-сүйелмелі жеті баламен қалады. Бұз

кезде балаларының үлкені Дәулен ғана студент болатын. Қалған бірнешеуі оқушы болса, ең кішісі әлі мектеп жасына жетпеген, бес жастағы бүлдіршін еді. Содан бері 35 жыл уақыт өтті. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?» деп халқымыз осындайда айтады ғой. Бүгінде Балтекеннің балаларының ішінде қалам ұстағаны жоқ болғанымен, өзіндей ұлағатты ұстаз болғаны да, басқа мамандықты меңгергені де бар. Барлығы да ақарлы-шакарлы, бір-бір отаудың иесі. Биыл 75 жасқа толған аналарын алақандарына салып аялап отырған жайлары бар.

Балаларының басы Дәулен банк қызметкері, Маратбек ауылда, жеке шаруашылық иесі. Жанатбек пен Дәурен байланыс қызметкері, Бақытгүл мен Сәуле медицина саласында. Айгүл мен Ардақ әке жолын қуған мамандық иелері – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері. Қазір Айгүл Астанада Ұлттық өнер академиясында оқытушы болып жүрсе, Ардақ Қарағандыдағы №6 орта мектепте жоғары санатты педагог.


– Бала болсақ та, барлығы әлі көз алдымызда, ештеңе ұмытқамыз жоқ. Жүректі езген, еңсені түсірген, айтуға ауыз бармайтын, қош деуге көңіл қимайтын, сондай ауыр да азалы сәттерді, бүкіл жан-дүниемізді паршалаған ғаламат қиналысты балалық жүрегімізден өткердік қой... Әкеміздің көзін көргендер оның қарапайым да қадірлі қасиетін, адамгершілік келбетін айтып отырады. Сол кезде маркайып қаламыз. – дейді кенже қызы Ардақ. – Бүгінде немерелерінің өзі өсіп-жетіліп қалды. Өнерге құштар әкеміздің домбырада ойнайтын күйлерін қазір жиені Бауыржан тартып, көпшіліктің құрметіне бөленіп жүр...

Әкесі ата мен ападан екеу екен. Бұл күнде Балтекеннің Зүһін атты әпкесі бар. «Балташым» деп,

бірге туған бауырын күн сайын еске алғанда бауыр еті  
езіледі.

Бойынан адалдықтың лебі ескен, өзгеге өнеге  
болған Балтекен қатарласқа қадірлі, ауылдасқа ардақты  
еді. Зымыран уақытта тоқтау жоқ. Бұл күнде  
Балтекеннің замандастары да сиреп барады.

**2015 ж.**



## ҰМЫТЫЛМАС ЖАН ЕДІ

Қарағанды қаласындағы Ленин ауданының халық соты құрылғанда оның алғашқы төрағасы болып, 1974 жылы өмірден өткенінше он жеті жыл бойы үзіліссіз қызмет атқарған Омар Түсіпбеков туралы оны білегіндер осылай дейді.



Омкең Нұра ауданында кедей шаруа отбасында 1914 жылы дүниеге келген. Әкесі Түсіпбек Айтжанов пен анасы Балқия алғашқы колхозшылар болған және алғашқы шаруашылықты құруға қатысқан адамдар екен. Омар болса 1929 жылы осындағы «Қызыл-шілік»

колхозының арте-линде алғашқы еңбек жолын бастайды. Бастауыш мектепте сауатын ашады,

одан соң білімін орта мектепте жалғастырады. Кейін орта біліммен Қарағандыға келіп, №1 көмір тресінің автоколлектор цехында хатшы-есепші болады. Одан соң осы трест төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Өзінің іскерлік қабілетімен көзге түскен жас жігітті



1935 жылы партия-комсомол ұйымы біржылдық кеңестік партия мектебіне оқуға жібереді. Оны бітіріп келіп, әр түрлі қызметтер атқарады.

Омкеннің сот органдарындағы қызметі 1938 жылы Қарағанды қалалық комсомол комитетінің жолдамасымен облыстық соттың бір бөлімінде меңгеруші-инспектор болуынан басталады.

Осы қызметте де іскерлігімен танылған оны судья етіп жіберіп, Ақмола қаласының бірінші сот учаскесінде 1942 жылға дейін төрт жыл қызмет атқарады. Бұл соғыстың пағыз қызған шағы болғандықтан ер азаматтың барлығын майданға аттандырып жатады. Омкенді қыркүйек айында Орлов жаяу әскер училищесіне оқуға жіберіп, бір жылдан соң оны бітіреді де қан майданға жол тартады. Сол жылдың шілдесінде Мценск ауданындағы Полянка елді мекені үшін болған қырғында жүректі және қайтпас қайсар командир екенін көрсетіп, екінші батальондағы оның атқышар бөлімшесі жаудың 15 солдатын жер жастандырады. Сол үшін ол бірінші рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Осыдан көп ұзамай ауыр жарақат алады да госпитальда емделеді. Бірақ жүйке жүйесі зақымданғандықтан, қайтадан қатарға тұруға жарамай, мүгедектігіне байланысты еліне қайтарылады.

Басында еңбекке жарамсыз болған соң шығар. Ташкент қаласындағы заңгерлік мектепті бітіріп алады. Кейіннен ҚазМУ-дың заң факультетінде жоғары білім алады. одан соң Бүкілодақтық құқық академиясын сырттай оқып бітіреді. Сөйтін, ол өз заманында заңгерлік біліммен жап-жақты қаруланған заң қызметкері болып шығады.

Егер Омкеннің өмір жолына қарап отырсақ, 1938 жылдан 1974 жылға дейінгі аралықта Шахтинск қаласының сот жүйесінде қызмет атқарған. Ақмола

облыстық адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы. Теміртау қаласындағы №1 учаскесінің халық судьясы болған деген сияқты жолдар кезедседі. Ол кісі осы ашық жылға төлар-толмас өмірінде тек халықтың ризашылығынан басқа реңінің естін көрмеді. Бірнеше рет халық депутаттары облыстық және аудандық кеңестерінің депутаты да болып сайланған. Осы уақыттарда да сайлаушылардың көңілінен шығып, талай аманатты жеріне жеткізе орындаған екен.

Омар аға өзінің барлық саналы ғұмырын халқына қызмет етуге, барлық күш-жігерін еліміздің дамуы мен гүлденуіне арнаған адам. Табанды, адал және қажырлы еңбегінің арқасында өз достарының, әріптестерінің, жақындары мен туыстарының арасында қадірлі де құрметті бола білген еді. Өзі көп балалы отбасында дүниеге келгендіктен, бауырмал болып өсіп, ағайын-туыстарға, әсіресе, өзінің үш әнікесі мен екі бауырына және басқа да туысқандарға қолынан келген көмегін аямаған. Өмірде мәдениетті, кіншпейіл және тәрбиелі адам ретінде кіншіліктің көңіліне ұялаған. Ешқашан өзінің кеудесін керіп, мен сондай едім деп жұлқынып көрген адам емес.

Бұл туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Нұра ауданының Құрметті азаматы Жарылғасын Бикенов өте жақсы әңгімелер айтады.

- Омкең аға менің зайыбым Әниаштың немере туысқаны болып келеді. Бұл кісілердің әкелері Жүсіпбек, Исабек, Түсіпбек бірге туған. Исабектен – Әниаш, Түсіпбектен – Омар. Мен ол кезде облыстық Тұтынушылар одағында бас бухгалтер болып істейтінмін. Мекемеміз қазіргі Коммунальная көшесіндегі 13-ші үйде орналасқан еді. Ол кісі Ленин аудандық сотының төрағасы. Кеңселері Жамбыл көшесіндегі №9 үйде. Омкең аға түскі асқа көбіне жаяу

барагын. Ол кезде Сәкен көшесіндегі №1 үйде тұрды. Кейде жолшыбай маған сөғады да, мені үйше түскі асқа шақырады. Мен осы жанымызда асхана бардығын, содан іше салуды ұсынамын. Ол кісі көнбейді. Содан мекеменің бір машинасы бізді жеткізіп салады. Біз сол кісінің үйінен тамақтанып, шайға қанып шығатынбыз. Мен жаспын. Омкең менен кемінде отыз жастай үлкен. Соған қарамастан менімен тең дәрежеде сөйлесетін. Көрінген нәрсені, көр-жерді сөз қыла бермейді. Көбіне маңызды мәселелер төңірегінде әңгіме қозғайды.

Омкеннің немере інісі, екі жас кіші Көпей 1949 жылы 20 желтоқсан күні қайтыс болыпты. Ол кезде Омкең Есентукиде дамалып жатқан екен. Жүріп-тұру, жол қатынасының қиын кезі еді ғой бұл. Соған қарамастан демалысын үзіп, ұшып келінті. «Мен сондай қиын уақытта келіп, топырақ салуға үлгердім. Ол өйткені Көпей ғой» деп отыратын. Мен ол кісінің туысқа деген ыстық ықыласын осындай сәттерімен байқайтынмын.

Менің 1972 жылы туған балам бір жастан асқанда ауырып, қайтыс болды. Ескі қаланың «Дальный парк» деп аталатын бөлегінде балалар ауруханасы болатын. Сонда Әнияз екеуі жатқан. Бір күні тацртең Әнияз өзі келіп тұр. Жылағаннан көзі бұлаудай болып ісіп кеткен. Сөйтсек, бала өгіп кетінті. Жанында ешкім болмаған, жаңғыз өзі. Түнімен баланы құшақтап отырыпты. Ол, әрине, басқа әңгіме. Енді мәйтті алуға барсақ, күн сенбі еді, тек кезекші дәрігер ғана, басқа ешкім жоқ. Ол: «Мен бас дәрігердің рұқсатынсыз бере алмаймын» деп без-без етеді. Сол екі арада Омкең мен кейінгі жеңгеміз Ғалия, тағы басқа да толып жатыр, ағайындар мен туыстар жиналып қалды. Омкең ауруханадағы телефоннан Қани Мұсылманбековке телефон шалды. Ол кісі онкологиялық ауруханада істейді, сол кезде меніңше

облыстың бас хирургы болды ғой деймін. Абырой болғанда үшінде екен. Ақыры не керек, бапаны алып, сол күні ауылға апарып жерледік қой. Бұл да ол кісінің ағайынға деген өзінң қолынан келген көмегін аямайтындығын көрсетсе керек.

Сол әлеміндегі газда адам еді. Сол 1974 жылы жазда Омкең алшыс жасын тойлауға дайындалып жағқан. Соған орай қалалық атқару комитетінің шешімімен «Жигули» машинасын беретін болыпты. Бір қызығы сол машинаны сатып алуға ағамызда қаражат болмай шықты. Ақыры ағайын-туыстап қарызға ақша жинап барып сатып алды. Бірақ ол машинаның қызығын көрген жоқ. Сол жылы жазда, шілденің екісі күні дүниеден өтті. Машина түгілі өзінң алшыс жылдығына да жете алмай қалғаны өкінішті болды. Омкең дүние-мүлік жинамайтын. Үйінде артық зат болмаушы еді. Қабырғасынан кілем көргем жоқ. Бәрі қарапайым ғана болатын.

Омкең көптеген заңгерлерге, сот саласының қызметкерлеріне тәлімгер болған адам. Мәселен, кейіннен Совет аудандық сотының төрайымы болған Зинаида Козик Ленин аудандық халық сотының төрағасы болып жүрген кезінде Омар Түсіпбековтің сот хатшысы болған. Ол кісінің шапағатын өмірі ұмытпай, айтып отыратын. Сол сияқты бір кезде облыстық сот төрағасының орынбасары қызметін атқарған Рысбала Тілемісова да ол кісінің адамгершілігін, басқалардан ерекшелігін есінен тастамайды.

- Омкең қызмет барысында өте қатал, талапшыл еді, сот қағаздарының сапалы жүргізілуін қатты қадағалайтын. Шешім шығарса да, үкім шығарса да оның әділетті және заңды болуын талап ететін. Өзінң де шығарған үкімі мен шешімдерінің бұзылғанын естігемін жоқ, - деп еске алады бүгінде Рысбала апай.

Омкен төрт қыз бен екі ұл тәрбиелеген ұлағатты отбасының ұйытқысы болған. Қызметте жүргенмен, балаларының тәрбиесіне және оқуына да бір мезгіл карауға уақыт табады екен.

- Егер біздің біреуіміз нашар баға алған болсақ, онда барлығымызды стол басына жағалай тізіп қоятын. - дейді бүгінде Финляндияда тұратын Люба Омарқызы Тулла-Түсіпбекова. – Біз Михайловкадағы Проектный мүйісінде тұрдық. Үйдің жанына ағаш егетінбіз, түл өсіретінбіз. Ауланы газға ұстауға барыпша қонса болуді тапсыратын. Анамыз Кипая ауырын, 1963 жылы сол үйде қайтыс болды. Отбасында да, туған-туыс пен әріптестерінің арасында да өзінің ашық-жарқын мінезімен көпшіліктің құрметіне бөленген жан еді...

Ең үлкендері Любовь 1939 жылы туған. Ленинграда оқу бітіріп, хормейстер болып қызмет аткарып жүрген кезінде фин жігітімен танысып, сол жаққа тұрмысқа шығып кетеді. Қазір жұбайы қайтыс болған екен. Кіші сіңлісі (1951 жылы туған), еркін судья болып істейтін Зура да Финляндияда. Оның жұбайы Зада Мақаев та сол жақта дүниеден өткен. Ұлдардан үлкені Темірболат (1946 жылы туған). Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Одан соңғы Қазыбек (1948 жылы туған) шахтер екен, ертерек қайтыс болып кеткен. Фарида (1954 жылы туған) неміс тілінің маманы. Алматыда тұрады. Кенжелері Әлия (1954 жылы туған) заңгер, адвокат болып істейді, қазір Астана қаласында. Олардың барлығының да немерелері бар, шобере де көріп отыр. Немерелерінің кейбіреуі Финляндияда, Англияда, Кипрде тұрып жатыр.

Міне, ұлағатты отбасының ұйтқысы болған, туғанына 100 жыл толып отырған Омар Түсіпбеков осылай артына өшпес із қалдырған адам. Қазір ұрпақтары мен туған-туыстары Омкеннің есімін

мәңгілік есте қалдыру жөнінде жұмыстар атқарып жатыр. Ол кісінің тұрған үйінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылса, қаланың бір көшесіне аты берілсе деген тілектері бар. Несі бар, бұл тілектер орындалады деп сенеміз.

Ескерту: Мақала 2014 жылы жазылып, «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді.



## МАЗМҰНЫ

### Бірінші бөлім

<b><u>Астанаға – 20 жыл</u></b> <b>«БӘЙТЕРЕК» пен «ПИРАМИДА» .....</b>	<b>5</b>
<b><u>Тұңғыш Президент қаласы</u></b> <b>МЕТАЛЛ ТАСҚЫНЫ .....</b>	<b>11</b>
<b><u>Талант. Талғам. Талап</u></b> <b>ЕСКЕРТКІШТЕР – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ .....</b>	<b>21</b>
<b><u>Семей ядролық сынақ полигонының</u></b> <b><u>жабылғанына – 20 жыл</u></b> <b>ТАЖАЛ ҚАЛАЙ ТҮНШЫҚТЫ? .....</b>	<b>29</b>
<b><u>Ұлы Жеңіске – 65 жыл</u></b> <b>СОҒЫС ӨРТІ ШАЛМАСЫН .....</b>	<b>43</b>
<b><u>Экология мен экономика</u></b> <b>НҰРЛЫ НҰРАНЫҢ ГАУСЫЛМАС «ЖЫРЫ» .....</b>	<b>48</b>
<b><u>Тіл тағдыры – ұлт тағдыры</u></b> <b>АРМАНЫМЫЗ АЛЫСТАП БАРА ЖАТҚАНДАЙ .....</b>	<b>58</b>
<b><u>Жол қауіпсіздігі</u></b> <b>АПАТТЫ АУЫЗДЫҚТАУ МҮМКІН БЕ? .....</b>	<b>66</b>
<b><u>Тың көтерудің 50 жылдығына</u></b> <b>САҒЫНДЫМ САРЫ ДАЛАМДЫ,</b> <b>САРЫАРҚАМДЫ .....</b>	<b>74</b>
<b><u>Жазықсыз жазаланғандар</u></b>	

ЖҮЛДЫЗЫ ЖОҒАРЫ ЖАН ..... 86

**Мура**

ЕСКІРМЕГЕН ЕСТЕЛІК ..... 103

**Суретші Әубәкір ЫСМАЙЫЛОВТЫҢ**

**туғанына - 100 жыл**

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ ..... 112

**Өмірдің өзі – повелка**

«ӨЗІМ СҮЙІНІ ҮПАТҚАН...» ..... 117

**Проблема. Шкір. Усыныс.**

КОҚЫСТАҢ ТҮСЕР КІРІС МОЛ ..... 126

**Мезгіл мәселесі**

ҚАЙТА ЖАҢАРҒАН ҚУАТ КӨЗІ ..... 132

**Деніңіз сау болсын!**

БАЛА ДЕНІСАУЛЫҒЫ – ҮЛКЕНДЕР ҚОЛЫНДА ...136

**Мораль тақырыбына**

БЕЙКҮНӨ СОБИ КҮЛКІСІ ..... 143

**Екінші бөлім**

**АЗАМАТЫМ – ДАСТАНЫМ**

Әкелерін ардақ тұтады ..... 150

Ардақты ардагер елі ..... 155

Аудит ауадай қажет ..... 161

Ел ардақтысы атанған ..... 166



Гибратпен өткен ғұмыр .....	172
Гемірдей сот Теміржан .....	175
Тоқсандағы жауынгер .....	185
Ұлағатты ұстаз, білікті басшы .....	189
Әділдікті ту еткен .....	197
Қайталанбас кара нар .....	201
«Сол күндер көз алдымнан кетпейді» .....	206
Арманның асқарында .....	210
Өмірін бекерге өткізбеген .....	214
Өмірімен өнеге болды .....	219
Елтай ауылының ерен ұлы .....	224
Әділдік деген әдемі сөз .....	227
Бәріміздің Балташымыз еді .....	233
Ағайынның айбаты, туыстың темір қазығы .....	238
Мерей биігінде .....	244
Абырой асқарында .....	250
Білімнің сара жолында .....	255
Іскер ұйымдастырушы еді .....	261
Шындықтың шырақшысы .....	266
Жаналық желін жеткізді .....	272
Кіндік шеше .....	276
Мамандығы – мақтанышы .....	280
Ғұмырын құқық саласына арнаған .....	284
«Өмірімді өнеріммен көмкердім» .....	289
Ақылы асқан дария .....	296
Қамкөңілдің қамқоршысы .....	300
Ауылдың ардақтысы .....	306
Ұмытылмас жан еді .....	311

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

ЕЛОРДА  
«БӘЙТЕРЕГІ»

Баеуга 12.09.2018 ж. қол қойылды  
Нішімі 60x84 1/16  
Қаріп түрі Times New Roman  
Кагазы офсеттік. Көлемі 18.8 баспа табақ.  
Тансырыс № 17065

Таралымы 400 дана.

«TENGGRI Ltd» ЖШС, баспаханасында басылды  
100022, Қарағанды қ., Бұқар жырау д-ы, 84  
Тел.: 8(7212)431954  
Үялы : 8 702 222 30 22, 8 700 222 30 22  
E-mail: [tootengri@mail.ru](mailto:tootengri@mail.ru)

*Тансырыс берушінің электрондық файлдарынан  
басылды.*

